



Халел
ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨМІРІ МЕН
ШҮГАРМАШЫЛЫҒЫ



К. Нұрпейісов, М. Құлкенов,
Б. Хабижанов, А. Мектепов

**Халел
ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ
және оның өмірі
мен
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚЫ**

ББК 83.3 ҚАЗ.
Н 86

Халел Досмұхамедұлы қоры

Жалпы редакциясын басқарған М. Құлкенов

Құрастырған Д. Әбдірақымова

Нұрпейісов К., Құлкенов М., Хабиженов Б., Мектепов А.
Н 86 Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен
шығармашылығы. Алматы, „Санат“, 1996.—176 бет.
ISBN 5-7090-0308-5

Кітапта аса көрнекті дәрігер ғалым, фольклорист, журналист, педагог, қоғам қайраткері, профессор, Ресей Фылым академиясы Өлкетану бюросының корреспондент мүшесі (1924) Халел Досмұхамедұлының қызы да қайғылы өмірі мен шығармашылық жолы жан-жақты баяндалған. Еңбекте Досмұхамедовтер әулетінің архивінен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік архивінен, Қазақстан Республикасы Медицина және Денсаулық сақтау тарихы мұражайынан, Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар қорынан, сондай-ақ Санкт-Петербург, Мәскеу, Ташкент архивтерінен алынған материалдар пайдаланылды, сонымен қатар Нұрғожа Жұбанов пен Олег Свидиннің фотолары берілді.


Кітап көпшілік оқыманға арналған.

Н **4603010000 – 009**
416(05) – 96 хабарландырусыз – 96

ББК 83.3 Қаз.

ISBN 5-7090-0308-5

© Нұрпейісов К. т. б., 1996



АЛФЫ СӨЗ

Тарихшы, жазушы, дәрігер және тіл маманынан тұратын авторлар ұжымының оқырмандарға ұсынып отырган бұл еңбегі халқымыздың біртуар перзенті, белгілі қоғам қайраткері, әмбебап (энциклопедист) ғалым, профессор Халел Досмұхамедұлының өмірі мен сан қырлы қызметіне арналған ғұмырнамалық шығарма.

Халел Досмұхамедұлы — XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақтың демократиялық интелигенциясының аса көрнекті өкілдерінің бірі, курделі де қасіретті тағдыры шесі.

Жан-жақты әрі терең білімді ғұлама, ғылымның, оқуағарту мен деңсаулық сақтау ісінің Қазақстан мен Туркістандағы талантты үйымдастырушысы, еліміздің белгілі мемлекет және саяси қайраткері болған оның есімі соңғы жылдарға дейін жекелеген мамандардан басқа көпшілік қауымға белгісіз болып келді.

Мұның басты себебі — Халел Досмұхамедұлының қоғамдық-саяси қызметінің ең алдымен „Алаш“ партиясы мен Алашорда үкіметінің тарихымен, жалпы алғанда соңғы 60 жылдай уақыт бойы жүрттап жасырып, құтиялап келген Алашорда қозғалысымен тығыз байланысты болғандығында.

Халел Досмұхамедұлы қазақтың басқа ұлтжанды демократ зияльдарының (Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтурсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жәһаншах Досмұхамедұлы, Мұстафа Шоқай т. б.) қатарында жалпы-ұлттық саяси қазақ партиясы — "Алашты" құруыштарының бірі және Алашорда үкіметінің мүшесі болды. Большевиктік үрандар мен социалистік идеяны қабылдамаған Алашорда қайраткерлері азамат соғысы жылдарында Кеңес өкіметіне қарсы күресүші күштердің жағына шыққан.

Ұзақ жылдар бойы, дәлірек айтсақ, 30-жылдардың басынан 80-жылдардың соңына дейін „Алаш“ партиясының және Алашорда үкіметінің тарихын зерттеуге мемле-

кеттік деңгейде ресми турде тыйым салынды. Алаш қозғалысына қатынасқан қайраткерлер 20-30-жылдары „контрреволюционерлер”, „ұлтшылдар”, „халық жаулаты” деп жалған жаламен айыпталып солталды, атылды, жер аударылды. Сондыктан да Алашорда жөнінде, қатарында Халел Досмұхамедұлы да болған оның жетекші қайраткерлері туралы шындық айтылмады да, бұл тақырып ұзақ жылдарға жабылды. 1917—1920 жылдары қоғамдық-саяси қызметі Алаш қозғалысымен тікелей байланысты болған Халел Досмұхамедұлы он жылдай уақыт қана (1920—1929 жылдар) белсендіғының және ғылыми-үйимдестерушілік қызметпен айналысты.

Отызынши жылдарда саяси құғынға ұшыраған Халел Досмұхамедұлы жеті жылдан астам Ресейдің Воронеж қаласында айдауда болды. 1938 жылы „халық жауы” деп жалған айыппен тұтқындалған ол 1939 жылы 23 сәуірде Ішкі Істер Халық Комиссариатының (НКВД) Әскери трибуналының үкімімен атылды.

Халел Досмұхамедұлы 1958 жылы толық ақталғанына қарамастан, оның есімі күні кешеге дейін әдейі аталаған келді. Тек кеңестік империя құлап, Қазақстан мемлекет ретінде тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінғанда оның ардақты есімін есте қалдыру мен бай ғылыми мұрасын зерттеп, халықта қайтару ісі қолға алынды.

Халекең кезінде дайындалған, басып шығарған „Исатай-Махамбет” және „Аламан” атты жинақтары 1991—1992 жылдары қайтадан жарияланды. 1993 жылы Алматыда, ал 1994 жылы Атырау қаласында Халел Досмұхамедұлының тұғанына 110 жыл толына арналған ғылыми-теориялық конференциялар өтті. Республика үкіметінің шешімімен Атырау аймақтық университеттіне, Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы бір кеңшарға, Миялы селосындағы мектеп пен көшеге оның есімі берілді. Алматы қаласындағы бұрынғы Мичурин көшесі Халел Досмұхамедұлының көшесі болып аталауды, өзі негізін қалаушыларының бірі болған және профессор ретінде дәріс оқыған Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеттің ғимаратында ескерткіш тақта орнатылды. Атырау аймақтық университетті мен С. Ж. Асфендиаров атындағы Алматы мемлекеттік медицина институтының үздік студенттері үшін Халел Досмұхамедұлы атындағы арнайы стипендиялар тағайындалды.

1909 жылы Санкт-Петербургтегі Императорлық Әскери-Медицина Академиясын алтын медальмен бітірген

Халел Досмұхамедұлы өзінің негізгі мамандығымен шектелмей, ғылымның басқа көптеген салалары бойынша маңызы осы күнге дейін жоғалмаған аса қымбатты мұра қалдырыды.

Табиғи дарын мен жан-жақты білім иесі Халел Досмұхамедұлы бірнеше тілді жетік меңгерді. Атап айтқанда, ол қазақ пен орыс тілін былай қойғанда, көне түрік тілі мен неміс тілінде еркін сөйлегі, латын мен француз тілін жақсы дәрежеде меңгерді. Ол қазақ тілінің үндесу заңын (сингармонизм) зерттеген алғашқы лингвист, тамаша фольклорист және этнограф, тарихи тақырыптарға да қалам тартқан зерделі зерттеуші болды.

Халқымыз ұлы ақындар Махамбет Өтемісұлы мен Мұрат Мөңкеұлының шығармаларының кейінгі үрпаққа аман-есен жеткені ушін Халекене қарыздар.

Халел Досмұхамедұлы қазақ тілінде ғылыми термиология жасау ісіне айтарлықтай улес қосты. Осы мәселе бойынша ол „Ақжол“ газеті мен „Сана“, „Шолпан“, „Қызыл Қазақстан“ журналдарында аса құнды ғылыми мақалалар тізбегін жариялады.

Әмбебап білім иесі болған Халел Досмұхамедұлы өзінің ғылыми мұрасы ретінде халқына медицина, биология, зоология, әдебиеттану, тіл білімі, фольклористика бойынша көптеген еңбектер қалдырыды. Қазақстан мен Туркістанның жоғары оқу орындары мен мектептері ушін Халекен жазып, жариялад үлгірген оқулықтар мен оқу құралдарын атап шығудың өзі оңай шаруа емес. Олардың қатарынан 1922—1928 жылдар аралығында бірнеше мәрте басылым көрген „Табиғаттану“, „Адамның тән тірлігі“ ("Анатомия"), „Жануарлар“ ("Зоология"), „Оқушылардың саулығын сақтау“ ("Гигиена") сияқты оқу құралдарын бірінші кезекте атап лазым, өйткені бұлар өз саласында ізашар, көш бастауышы еңбектер еді. Халекен сонымен қатар қазақ халқының ғылыми таным өрісін кеңейту мақсатымен Ю. Вагнердің „Рассказы о том, как устроено и работает наше тело“ ("Дене бітімі мен оның жұмысы туралы әңгімелер") және „Рассказы о том, как живут и устроены растения“ ("Өсімдіктегің жаратылысы мен тіршілігі туралы әңгімелер") атты кітаптарын қазақ тіліне тәржімелеп, бастырып шығарған.

Алаш қозғалысының белгілі жетекшілерінің бірі ретінде қоғамдық-саяси қызмет атқаруда біршама тәжірибе жинақтаған Халел Досмұхамедұлы Алашорда

тарих сақнасынан кеткеннен кейін алғашында Туркістан АКСР-нің, соңынан Қазақ АКСР-нің деңсаулық сақтау ісі мен халық ағарту салаларында басшылық, үйымдастыруышылық қызметтерді де табысты атқарды. Халекеңнің Туркістан мен Қазақстандағы баспа ісін қалыптастырыу мен дамытуына қосқан үлесі де айтарлықтай.

Халқымыздың сегіз қырлы, бір сырлы осындай арақты ұлының өмірі мен сан-салалы қызметіне арналған бұл еңбектің улken ғылыми-танымдық және айтарлықтай тәрбиелік мәні бар деп білемін.

Бұл шығарма Қазақстанның 30-жылдары саяси күгін-сургіннің құрбандары болған аса көрнекті ғалымдарының жарқын өкілі — Халел Досмұхамедұлына арналған тұңғыш ғұмырнамалық еңбек.

Мұндағы шығармалар саяси құгын-сургін құрбаны болған басқа да ғылым қайраткерлері туралы жазылса нұр үстіне нұр болмақ. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының басшылығы осы саладағы ізденістерге қолдау көрсетуге әзір.

Бұл еңбекке сәттілік тілей отырып, оны қалың оқырман қауымның ықыласпен қарсы алатынына сенемін.

*Кенжеғали САҒАДИЕВ,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылым академиясының академигі*



1-тапару

ТУФАН ЖЕР, БАЛАЛЫҚ ШАҚ, ӨСКЕН ОРТА

Елең-алаңда Қарабаудан шыққан қос салт атты Тай-сойған құмын бетке алып, сар желіп келеді. Көктемгі саф, таза ауа ат үстіндегі қос жолаушының көңілін сергітіп, рахат сезімге бөлейтін тәрізді.

Тайсойғанның биылғы ажары бөлек. Қөл мен көлдеулері, тіпті шағыл арасындағы ой-шүңқырларға дейін қар суына шүпілдей толып, құс біткенің базарына айналған ызы-шу. Кек майсалы тоғай көлдеулеріндегі қыр гүлдері — сарғалдақ, пен қызғалдақ, көздің жауын алады. Енді бірер күнде құм ішінде қазоты мен ажырық, алабота, қырықбуын, таспа жоңышқа сияқты малға құнарлы шөптер де дүр етіп қаулай жөнелгелі түр. Тайсойған құмын қақ жарып тоғыз бұралып ағатын Жарыпшыққанның сұы да арнасынан асып, құмға жайылып кетіпти.

Қос атты жолаушы Қазыбек бөгеті маңындағы Машақ ауылы аталатын Сорқуысқа беттеп келеді. Екеуі де Атырау өніріне белгілі адамдар. Жирен қасқа атты, ашаң жұзді, шоқша сақалды, етженді адам — Қаратоқай Беріштен шыққан атақты ақын Мұрат Мөңкеұлы. Екіншісі — торы төбел атты, қызыл шырайлы, қапсағай денелі дәүлескер күйші Есентемір Есбай. Екеуі Орынбордан оқуын бітіріп, елге оралған Дәулеттұмбетке әдейі ат сабылтып, сәлем бергелі келе жатқан беттері.

— Мұқа, мен өзі Машақ, ақсақалдың Жайық-Беріш екенін білемін де, одан аргысын біліңкіремеймін,— деп Есбай үнсіздікті бұзып, әңгіме бастады.

Мұрат ерге бір қырындаі отырып, қолындағы сегіз өрме қамшысымен тұлкі тымағын желкесіне қарай ысырып қойып, атының тізгінін іркіп, тамағын кенеп, тақпактай жөнследі:

Хандардың ең ақыры Нұралы еді,
Төренің Арқар деген ұраны еді.
Хан ұлын Сырым батыр шабарында
Ақылды Алдар биден сұрап еді, —

деген өлеңді естіген шығарсың, ал енді Беріштің шежіресін өзің де жақсы білесің. Жайық-Беріштен Дәulet, Бақалай, Наурыз, Тыныс тарайды. Дәuletтен Тумаш, Дүйсе, Қара болып тарайды. Тумаштан Ерназар, Жаубасар, Сейіт; Ерназардан Алдар, Абдан, Көшім, Мәнтай туады. Осы Ерназардың үлкен ұлы Алдардан өрбіген үрпақтар былай тарайды: Тілеке, Мендеke, Таймас, Есенбай, Тайтоқа. Алдардың үлкен ұлы Тілекеден Байнақ пен Көккөз; Байнақтан Машақ пен Сыйқыт туады. Сонда Машақ, Алдар бидің шөбересі болып шығады.

Алдар бидің немересі Байнақ, бидің халыққа істеген жақсылығы туралы ел ішінде әңгіме көп. Сонау 1837 жылғы желтоқсан айының қарлы боранында патша әскерінен көз тасалап Исатай, Махамбеттің 40 кісі сарба-зымен арнайы ат басын тіреп келгені Байнақ, бидің ауылы болуы да бекерден бекер деймісің. Байнақ, бидің ауылында ат сұтып, бел шешіп, ес жиган.

— Біздің ауылдың ақсақалдары: Исатай „қазақ ел болам десе, шай ішпесін, құстөсек төсенбесін, қималы етік кимесін“ деген екен деп отыруши еді,— деп Есбай өз тарапынан сөз қосты.

— Иә, Еске, небір қылыш заман өтті ғой, елім деп еңіреген ер Исатай батырдың соңынан түскен құғыншыларға теріс жол сілтеп, аман сақтап қалуға тырысқан Байнақ секілді бабаларымыз ғой,— деді Мұрат ақын терең күрсініп.— Байнақ бабамыз Исатайды қасындағы сарбаздарымен бірге ат-көлігін тұгендеп, азық-түлік беріп, осы Тайсойған құмына асырып жіберген екен.

— Иманды болсын, жарықтық,— деді Есбай риза кейіппен.

— Ал енді, Байнақ, бабамыздың ата қонысы Жайықтың күншығыс беті, Бұхар жағында, бабамыздың бейіті де сол жерде. Кейін елмен бірге Байнақтың баласы Машақ Тайсойған құмына қоныс аударған,— деді Мұрат әңгімесін жалғастырып.

— Мұқа, Машақтың үлкен ұлы Дәuletтің бұрын-соңды жүздесудің сәті түспеді, көп оқыған, зиялы азамат деп естідім.

— Несін айтасың, Есбай, бұл бір қазақтың маңдайына біткен жарық жүлдіз ғой. Халқымыз үшін сіңірген еңбегі де үшан-теңіз. Жақында Уйшіктен орысша-қазақша училище ашыпты деп естідім. Дәuletтің бұрын-соңды жүздесудің сәті түспеді, көп оқыған, зиялы азамат деп естідім.

қаламын, сағынып көрісеміз,— деп жүзі нұрлана сөйледі Мұрат ақын.

— Откенде бір жиында Теке жағынан келген бір қазақ сіздің Дәулетұмбетке арнаған өлеңіңізді оқыды, жақсы жыр екен. Бірақ жадымда сақтай алмадым, сол өлеңді өз аузыңыздан естісем деп едім,— деп Есбай ақын жолдасына қолқа салды.

Мұрат ақын тамағын кенеп алып, қоңыр даусымен өлеңді оқи жөнелді:

Дұға де інімізге Дәулетұмбет,
Сәлемді алу — парыз, беру — сүндег.
Қауысып, аман болсақ жолығармыз,
Әзірге жазып тұрмыз сәлем-құрмет.
Сәлемді алу — сізден, беру — бізден.
Шырағым, көргенім жоқ, былтыр күзден.
Болмаса қауыса алмай жүргеніміз,
Ойлама бар деп шүбә көнілімізде.
Шырағым, қайттың ба аман Орынбордан,
Әуелгі талап етіп кеткен жолдан.
Құдайым талабыңды серлі еткей,
Деп едім бәрімізге болар қорған.
Құдықтың жаңа шыққан көзі емессің,
Бұлақтай ата-бабаңда билік болған.
Законын екі жүрттың тегіс білсең,
Дәмем бар адаспас деп қысаң жолдан.
Ерназар беріш — құтпаны, атаң — Алдар,
Белгісі қас жақсының халқын қамдар.
Асылдың азбай жүрген тұқымысың,
Шырағым, адаспас деп үмітім бар.
Дос болған атаңменен Әбілхайыр,
Әуелде беріштен озған бір белгің бар.
Тілекеден қор көрген атаң Байнақ,
Жаманға жараспайды қылған қайрат.
Бір таңға үш шошыған ата-бабаң,
Астана қарындастың қамын ойлап.
Астана ата-бабаң жеген қамын,
Құдайым, қайырлы еткей берген бағын.
Осындаі ата-ағаның үлгісі бар,
Бұ сөзді білгіземіз сізге, жаным.
Жас күннен талибықты жолықтырдың,
Законын қабат оқып толықтырдың.
Законын екі жүрттың бірдей біліп,
Кеуденді әрбір жолға молықтырдың.

Құрбыңың көбі білмейді шаруасын,
Қатардан он бесінде озып тұрдың.
Құдайым дәреженде қайырлы еткей,
Бақытқа жас құніңен қонып тұрдың,
Көп білік кеуден толы, аузында — иман,
Ата-ағаң ақ, талаптан пәсіп жиган.
Қызығы дүниенің бермек үшін,
Құдайым дәреженің бәрін қиган.
Бар құдай өмірінді ұзақ, еткей,
Бала деп үмітті едім баққа туған.
Ата-ағаң адам еді билік айтқан.
Законын екі жүрттың тегіс білсең,
Ойладым, бір көзім деп іште жатқан.
Адасар көзсіз адам жүрген жолдан,
Адассам жетелерсің алып қолдан.
Халқымның адасқанын бастамасаң,
Біліктен не пайда бар кеуден толған?
Бала едің бақыттымызға сіз бір сұңқар,
Көре алмай көптен бері болдым інкәр,
Көп дұға қауышқанша ағаныздан,
Деп тұрған қауысарға үмітім бар.

Жазғытұрымғы жаймашуақ, құн тас тәбеле шығып,
көктемгі даала құлпыра түскен шақта Қарабаудан шыққан
қос жолаушы Сорқуыс деген жердегі шағын ауылдың
тұсына келіп ат басын ірікті.

— Машақтың ауылына да келіп жеттік,— деді Мұрат
ақын көңілденіп.

— Осы ауылда той болмагай, мынау жас сәбидің
жергегі ғой,— деді Есбай күйші таңдана дауыстал.

Сыртта ойнап жүрген балалар „қонақ, келді, қонақ,
келді“ деп айқайлап, қуана шуласып, үйге қарай жүтірісті.
Үйден асыға шыққан орта бойлы, қара торы жігіт
қонақтарды таныған сыңайлы ақсия күліп, қарсы жүрді.

— Ассалаумагалейкум, Мұқа, қош келдіңіздер!

— Ұағалейкумассалам, Досмұхамед, үй-іші аман ба?
Мақаңың көніңде сау ма?— деді Мұрат ақын аттан
түсіп жатып.

— Мұздай қаракөк, аманбыз. Экем үйде, аман-есен,
немересіне ат қоя алмай әуреленіп жатыр,— деді үй иесі
көтеріңкі көңілін жасыра алмай.

— Солай ма, бауы берік болсын, ат әкелер ме, шай
құяр ма?

— Ат әкелер, ағасы...

Қонақасы үстінде Машақ, қонақтарына қарап әңгіме бастады:

— Қарағым, Мұрат, аузыңа ел қараған үлкен ақынсың, қош келдің біздің шаңыраққа, алыстан Дәuletумбеттің келгенін естіп, арнайы сәлем бере келгендеріңе ризамыз. Біздің әuletке деген ниеттеріңің ақтығын көріп-бліп журмін. Ал бүтінгі Есбай екеулеріңің сапарларыңды жақсылыққа жорып, ырымдап отырмын. Жаңа сендердің келер алдарыңнан аз-ақ бұрын немерелі болып қуанышым қойныма сыймай отырған жайым бар. Ырымшыл халықтың гой, қазақтың екі дүлдүлінің осы қуанышымызға дәл келуін жақсылыққа жорып отырмын, шырақтарым. Кім біледі, дүниеге жаңа келген шарана дәл сендер сияқты атағы жер жарған ғұлама болар. Сондықтан дүниеге келген сәбидің атын қоюды сендерге бағыштадым,— деді қою қара сақалын сипап отырып.

Төрде отырған Мұрattyң қызылшырайлы жүзіне қан жүтіріп, отты көздері күлімдей қалды.

— Ниетіңізге көп рахмет, Мақа, сіз сенім білдірсеңіз, біз атын қойдық. Сәбиді әкелдіріңіз.

Машақтың бәйбішесі құндақтаулы сәбиді Мұрат ақынға ұмсына берді. „Иә, бісміллә“ деп сәбиді қолына алған Мұрат ақын:

— Сенің атың Халел, Халел, Халел,— деп үш қайтара дауыстап, қызылшақа шарананың жүзіне қарап отырып:— Халқы сүйген, елі сенген үл бол, айналайын,— деді.

Отырғандар „әумин“, „әумин“ десіп, дабырласып кетті. Манадан үнсіз отырған Есбай керегеге сүйеулі тұрған домбырасын қолына алғып, отырғандар бұрын-сонды естімеген жаңа күйді қүйқылжыта тарта жөнелді. Сәби ақынның қолында бәріне риза кейіппен ұйықтап жатты.

Бұл 1883 жылдың сәуір айының 24 жүлдізы еді.

* * *

Сегіз қанат киіз үйдің төрінде құс жастықты шынтақтап жатқаң Досмұхамед қасында малдасын құрып, судыратып кітап оқып отырған ұлы Халелдің басынан мейірлене сипады. Әке кішкене ұлының білімге құмарлығына іштей риза болса да, масаттанып кетер деп сыртына шығарған емес. Әке балаға сыншы деген, Досмұхамед бауырынан өрген төрт ұлы Хасен, Халел, Құлбайыс, Құлымжанның бір-бірінен артықшылығы, кемшілігі қандай екенін жақсы біледі. Алайда Халелдің білім құмарлығы ерекше, өзге үлдарына мұлде үқсамайды. Ал үйге әңгіме білетін,

жыр айтып, ән салатын, төгілтіп күй тартатын қонақтар келсе, солардың жанынан шықпай, әңгімеге құлақ түріп, ән мен күйді құмарта тыңдайды. Соңғы кезде кітаптан оқығандарын айттып, әңгімеге араласатын болып жур. Тыңдап қараса, айтқандары құлаққа қонымды, білікті адамның сөзі.

— Сені әжең кебежедегі Дәулетүмбеттің кітаптарын Халелжан тоздыратын болды деп жүр ғой,— деді Досмұхамед миығынан құліп.

— Эжем әдейі айтады, әйтпесе кітаптарды сол әжемнің өзіне қаптаттырып алғанмын, мынаңдай етіп,— деді Халел қабағын шытып, қасындағы ауқымды кітапты көрсетіп. Шынында да Досмұхамед байқамаған екен, кітапты қызыл мәүітімен қаптап қойыпты.

— Эжеңнің кебежесіндегі кітаптардан оқымағаның бар ма?

— Бәрін бірнеше қайтара оқып шыққанмын, кейбір ең қызық жерлерін жаттап та алғанмын. Дәулетүмбет ағам қашан келер екен?

— Кешікпей келіп қалар. Өзі басқарып отырған өшелишениң оқуы аяқталып жазғы демалысқа шықты деген хабар айтып келді ғой Үйшіктен оралған кірешілер.

— Тезірек келсе екен, қызық, кітаптар әкелсе екен.

— Бір мезгіл балалармен ойнап бой жазсаңшы, оқуға әлі үлгіресің. Әйтпесе әжең көзінің майын таусатын болды деп уайымдап жүр ғой, қарғам.

— Эке, оқыған кітаптарымның қызығынан шыға алмай жүрмін, оқыған сайын тереңіне тартып, еліктіріп барады. Ойын қайда қашар дейсің.

— Дұрыс айтасың, айналайын, оқымысты қайнағам да сендей бала кезінде кітаптан бас алмайтын болыпты ғой, енді көрдің бе, бүкіл Жайық өнірі сол кісінің аузына қарап отыр,— деп сырттан самаурын көтеріп кірген анасы Әйкен сөзге араласты.

Досмұхамед бәйбішесінің ақыл-парасатына, ескі әңгімелерді көп билетін шежіре-блімдарлығына іштей риза болып, мойындал отыратын. Бұл жолы да құптаған сыңаймен он қабағын көтеріңкіреп, қияқ мұртын сипады.

Дастарқан жайылып, шай ішуге жұмылғанда үнсіздікті Досмұамедтің өзі бұзды:

— Үйшіктен келген кірешілерден Дәулетүмбет сәлем айтып жіберіпті,— деді ол шай құйылған кесені қолына ала беріп.— Мына Халелді оқуға жіберсін деп жатыр.

— Қайран оқымысты қайнағам-ай,— деді Әйкен ризашылығын жасыра алмай.— Өткен жылы келгенде Халелжаннан талай нәрсе сұрап, жауабына риза болғандай әлсін-әлсін басын изеп отырып еді.

— Қалай ойлайсың, жібереміз бе, ауылдың оқуы белгілі, алып кете алар ме екен,— деді Досмұхамед, әлі де болса баласына күмәнмен қарап.

— Барсын, талабын қайтарма баланың,— деді Әйкен кесімді сөйлеп, орысша нан сұрап жей алатынын білген соң,— өткенде құм кезіп жүрген жұн сақал орыстар келгенде бүкіл ауылға тілмаш болған сенің балаң емес пе? Бірдеңе білмесе орыстармен сөйлесе алар ма еді?

Досекең ойланып қалды. Әйкенің айтып отырғаны рас. Жұырда Сорқуиста отырган шағын ауылдың ерек кіндігін аяғынан тік тұрғызып, зәрелерін ұшырған бір оқиға болған еді. Тұс әлетінде жапырақ сары атанға жеккен арбаны қаумалап, иықтарына асынған істік мылтықтары бар, төрт-бес орыс ауылға сау ете қалсын. Бәрінің сақалдары қауғадай болып, түстері қашып, арып-ашып келе жатқаны байқалады. Әлгілер ауылға кірер-кірместе арбаның үстінде сұлық, түсіп жатқан көзәйнекті еңгезердей орысты көрсетіп, өз тілдерінде қауқылдаса жөнелді. Ауылда орысша билетін қапелімде кім бола қойсын, мектептің мұғалімі Мәмбетжан Орынборға жолаушылап кеткен. Шарасыздықтан салт атты орыстар арба үстіндегі сұлық жатқан адамды көрсетіп ымдауга кірісті. Бірақ, ауыл адамдары жарытып ештеңе үға алмады. Бар түсінгендері арбада жатқан адамға бірдеңе істеу керектігі.

— Досмұхамедтің Халелі қайды, шақырыңдар,— деді ақсақалдардың бірі,— осылардың тілін бір білсе, сол қара білер.

Айтқаныңдай бейтаныс адамдардан именшектеніп келген Халел біраздан соң орыстармен олардың тілінде шүлдірлей жөнелді. Біраз шүлдірлеп алған соң, Халел әкесіне қарап:

— Бұлар жердің астын барлап жүрген бейбіт адамдар екен. Құмды кезгендеріне екі айдаң жүзі болыпты. Мына арбада жатқан басшылары екен, кешеден бері қатты сырқат дейді. Не істерге білмей, бізден көмек сұрап тұр,— деді.

— Е, байғұстар-ай,— деді жаңағы қария.— Тау-тасты кезіп, құм шарлап тұртінбесе бұл жұн сақалдардың ішкені ас болмайды, мына бейшараға күн өтіп кеткен фой, Халел-

жан, айтшы мыналарыңа, науқасты арбадан алып, үйге кіргісін.

Халел қайтадан шұлдірлей жөнеліп еді, орыстар бір-біrine қарап жымыңдасып, арбада жатқан адамға ұмтылды.

Ауру орыс екі күннен кейін басын қөтерді. Түсі жылы екен. Көзәйнегінің ар жағынан көк көздері мейірлене қарайды. Киіз үйдің ішінде өзін қаумалай отырган, өндери де, сөздері де бөтен адамдарға асыға-аптыға бірдеңе айтқан болады. Бірақ, өзіне таңырқай, таңдана қарап отыргандар, дәненеге түсінбей, бір-біріне қарап бастарын шайқайды. Сол сәт орыстың әр сөзін қалт жібермей тыңдаپ отырган Халел оған әлдебір түсініксіз тілде сөйлей жөнелді. Анау да жүзіне қан жүгіріп, күлмен қағып, қарсы алдында отырган қара домалақ баламен қауқылдастан да қалған.

Біраздан соң Халел ештеңеге түсінбей, айран-асыр қалып отырган ауыл адамдарына қонақты таныстыра бастады:

— Бұл кісінің есімі Николай, орыс жағырапия қоғамының мүшесі, ірі саяхатшы, оқымысты болып шықты,— деді ол қуанышын жасыра алмай.— Біздің Тайсойғанды картага түсіріп жүрген көрінеді.

Тағы бірер күн жатып, әбден айыққан соң Николай ба-стаган жолаушылар жолға жиналады. Аттанар алдында Николай Халелге иყқа асынатын былғары бауы бар Қоржын сыйлады. Қоржынның ішінде күміс сия сауыт пен қауырсын қалам, жуан-жуан екі кітап бар. Осының бәрін Халелдің қолына ұстаташ тұрып, тағы бірдеңелерді айтты.

— Мені Петерборға оқуға шақырып тұр,— деген сонда Халел көздері үшқын атып.

Орынбордан кадет училищесін бітірген, денсаулығына байланысты әскери жұмысқа жарамай ауылдың қабілетті балаларын жинап алып, ескіше оқумен бірге орысша хат танытып жүрген Дәuletкерейдің Сәлімі осы оқиғаны естіп: „Мен кісі танысадам Халелден бірдеңе шығады”,— деп мәз болған.

Содан бері ауылдың кәрі-жасы орыспен тілдескен Халелді ерекше дәріптеп, оқыған бала атап кеткен.

— Оқыса — оқысын,— деді Досмұхамед келісім берген кейіппен,— Дәuletтүмбет өзі бас-көз боладығой.

— Ертең Қекжар жәрмеңкесіне жүргелі отырсындар, Халелжанды да ала кетіндер. Үйшікте оқитын болса, үстібасын бүтінделсін,— деді Әйкен аққұманға шай салып жатып.

— Өзім де солай үйғарып отырмын, ала кетейін, Кекжарды көрген де — арманда, көрмеген де — арманда,— деді Досмұхамед миығынан құліп.

Халел қуаныштан айқайлап жіберді. Өйткені Кекжар жәрмеңкесі туралы кішкентайынан талай естіп, құлағының құрышы қанған. Жылда ауылдан аттанған көштің соңынан қарап қала беретін.

* * *

Халел жыптыраған көп үйлерді, сол үйлердің арасындағы аттылы-жаяу, ығы-жығы халықты көргенде жаңында келе жатқан әкесіне үрейлі көзбен жалт қарады. Баласының көңіл қүйін байқап қалған Досмұхамед:

— Бір көрсем деп арманда жүрген жәрмеңкең — осы,— деді көңілдене тіл қатып.

Халел алғашқы әсерінен айыға алмай, айналасына таңдана қарап келеді. Даңғаза айқай-шудың арасына кірген сайын құлағы шуылдап, мазасы кете бастап еді, бірте-бірте оған да үйренген секілді. Қатар-қатар тізіліп, сөрелеріне неше түрлі заттар мен бүйымдарды жайып тастаған саудагерлер сан алуан тілде сөйлеп, бірінен-бірі дауысын асыру үшін тамақтарын жырта айқайлайды. „Алымай, заттың да неше түрлі болады екен-ау, анау қызылды-жасылды мatalар, алтын мен күмістен соғылған зергерлік бүйымдар, теріден тігілген киімдердің неше атасы, қасқырдың, тұлкінің, бұлғынның терісінен тігілген ішік, тондар, былғары шоңқайма етіктер, тымақтар мен қалпақтар, телпектер мен тақиялар, мұның бәрін кім алады“ деп ойлады бала Халел.

Әкесі оған ертең қалага барғанда иығың бүтін болсын деп ногай саудагердің дүкенінен бешпент-шалбар, елтірі жағалы пальто, аяғына етік, басына дәңгелек құндыз берік алып берді. Әкесі әперген киім-кешекті қоржынға салып, иығына асып алған Халел әр нәрсені бір қызықтап, ұзак, бөгелді. Қаз-қатар тігілген қарағай, тас дүкендер енді біте ме десе, аргы жағында киіз үйлер, тақтай лапастар, кенеп балағандар қатарласа қалыпты. Онсыз да Досмұхамедтің „жүр-жүріне“ онша құлақ аса қоймай келе жатқан Халел кітаптың неше атасы жайылған сөренің алдына келгенде бәрін ұмытты. Ірілі-ұсақты, матамен, каленкормен тыс-талған, алтынмен апталып, күміспен күптелген неше алуан кітаптарға шүқшия қарап тұрып алды. Төбесінен шақырайған күннің қызының да елер емес.

Манаңдан қаладағы өздері түскен татардың үйіне тезірек жетіп, шай ішуді ойлап келе жатқан Досмұхамед баласының мына тұрысына іштей сүйсініп асықтырмауга бекінді. Қасындағы қымызхананың көлеңкесіне жайғасып тыныстап, баласы құмарынан шыққанша қымыздан дәм татып бейтаныс адамдармен әңгіме дүкен құрды.

Бәрін ұмытып, кітаптарды аударып-төңкеріп, қарап жатқан Халел бір сәт басын көтеріп:

— Эке,— деп қуана дауыстады.— Эке, мынаны көрдіңіз бе?

Досмұхамед баласына назар аударды. Халел әлдебір қалың кітапты алып келіп:

— Мынау өткенде біздің үйде ауырып жатқан орыс тамырдың жазған кітабы еken, міне мынау соның аты-жөні,— деді Халел қуанғаннан ентіге сөйлеп.— Н. С. Берг дегенің — дәл соның өзі.

Досмұхамед те көптен көрмей сағынып жүрген туысының атын естігендей қуанып қалды. Халелге кітап дүкенінен жаңағы кітаппен бірге өзі қалаған бірнеше кітапты қоса алып берді.

Олжаларына мәз болған әкелі-балалы екеуі сауда қатарларынан шыға бергенде, шырқалған әсем ән естілді. Әншінің дауысының зорлығы, еркіндігі тым ерекше еken, назарды бірден аударды.

— Оралдан келген Мерәлінің Мұхитты ғой,— деді Досмұхамед білетінін танытып.— Пән, шіркін, ән салсаң, осылай салсайшы!

Халел Қарабауда Мұхиттың әні деп салған талай әнді естіген, енді сол әншіні өз құлағымен естіп тұр. Шынында да мына бір әнді Мұхит деген кісі мұлдем басқаша, ерекше нақышпен айтады еken. Тұла бойды шымырлатып әкетіп барады.

— Эке, барып көрейікші,— деп Халел қолқа салды. Досмұхамед үйге асығып тұрса да, баласының көңлін жыға алмай, ән естіліп тұрган ақ, боз үйге қарай бастады.

Жеткенше асығып, алып-ұшып келген Халел есік алдына келгенде ұялашқатап, тартышишқатай берді. Бірақ, әкесі ән аяқтала бергенде, „Ассалаумагалейкүм“ деп емін-еркін кіріп барды. Халел де әкесінің істегенін істеп, сәлем бере кірді.

Отырғандар сәлемді алып, танығандары „Ә, Досеке, төрлет“ деп орын беріп, ығыса бастады.

Төрде отырған қызыл шырайлы, шоқша сақалды әнші Мұхит болса керек, қолындағы үкілі домбырасының

құлағын бұрап, сәл тыныстап қалыпты. Жанында отырған қара сүр кісіні бірден таныды — Мұрат ақын екен. Ол да Халелді танып, шақырып, қасына отыргызы. Төрде жайғасқандардың бірі, етженді дөңгелек жүзді кісі:

— Мұхаң сәл тыныстап алсын, кезекті күйге беремін,— деді. Отырғандар құптаған сыңай танытты.

— Рұқсат болса, күймен айттысып көрелік, мен бастайын,— деп егделеу арық қара кісі қолына домбырасын алды.

— Бәрекелді, Тоғызбай, әлімде сенен асқап күйші жоқ, көрсет өнерінді,— деді манағы етженді кісі. Тоғызбай күйші:

— Жоқ, қыз баласының жолы үлкен, кезекті Жетірудың күйшісі Алтынай қарындасты алсын,— деді.

Төменгі жақта отырған аққұба, талдырмаш әдемі қыз шолпысы сылдыр қағып, домбырасын қаға жөнелді. Күй майда қоңыр, кербез үнмен отырғандарды баурап алды. Қызыңдың сүйріктей саусақтары домбыра сағасында еркін қимылдан, күйшінің асқан шеберлілігінен хабар беріп тұрды.

— Бұл „Кербез-керік“ деген күйім,— деді ол күйді аяқтаған соң.

Қызыңдың күйін Тоғызбай іліп әкетіп, қара шанақты домбырасымен лекіте жөнелді. Шебер күйші күйді аяғына дейін босаңсытпай, жігермен, бөлекше екпінмен орындалап шықты.

— Күйдің аты „Лек-лек“,— деді Тоғызбай маңдайының терін сұртіп жатып.

— Ал Байұлының күйшісі Есбай, кезек сенікі,— деді манағы етженді адам.

Халел домбыраны өзі тартатындей, қол-аяғы дірілдеп, толқып кетті. Ауылдасты болған соң ба, Есбай үшін іштей уайым жеп, шала бүлінді де қалды.

Есбай күйші қашанғы байсалды қалпы домбырасын қолына алып, бұрын-соңды Халел естімеген жаңа күйді тарта жөнелді. Күй ойналған сайын барша жұрт демдерін ішіне алып, сілтідей тынды. Арқаланып алған дәүлескер күйшінің қолындағы домбырасы әсем әуенниң құдыретімен майыса солқылдан тұрғандай әсер берді. Есбайдың шеберлігіне ешкім таласа алмағандай, күй біткен соң да, отырғандар бір сәт үнсіз қалды. Халел де күй біткесін барап есін жиғандай, күйші ағасына қарап еді, ол да аққұба әдемі жүзі алабұртып, толқып отыр екен.

— Күйдің аты — "Бөгелек",— деді жаймен ғана.

Отырғандар бір ауыздан бірінші бәйгені Есбай күйшіге берді. Халел шын қуанып, орнынан қозғалақтап қойды.

Төрде отырған Мұрат ақын ақырын тамағын кенеді, отырғандар дуалы ауыздан салиқалы сөз күткендей тыныштала қалды. Халел Мұрат ақынның қолына домбыра ұстаганын көрген емес. Малдасын құрган күйі, оң қолын тізесіне таянып, сәл алға үмсина беріп, толғауларын төге жөнелді. Бұл жолы да сол әдетін өзгертупейді. Сәл қабағын түйіп, өткір жанарын алысқа қадап ағыза жөнелді:

Заманнан заман оралған,
Дүние шіркін соны алған.
Адыра қалғыр бұл қоныс
Қайырыз екен азалдан...

Жыр басталған бойда Халел елең ете қалды. Ақын қайнагамның өлеңі деп апасының айтып отырғанын талай естіген. Естіген-білгенін жазып жүрген қойын дәптеріне көшіріп те қойған. Енді көзі жетіп отыр, апасының айтып жүргені жырдың ширегі ғана екен. Көп тұстарын бүгін алғаш рет естіген Халел жадында сақтауға тырысын, сан қайталап отырды.

Мәжіліс ұзаққа созылды. Жырдан кейін әнге кезек келді. Арғы-бергі тарихтан әңгіме айтылды. Елге белгілі, ғұлама, өнерпаз адамдардың арасындағы осы бір сәт бала Халелдің жүргегінде ұзақ сақталды. Кейін есейіп ержеткенде де әкесіне еріп Көкжар жәрмеңкесіне барғанын жиі-жій еске алатын.

Елге оралған соң бірер күннен кейін Халел Темір уезіндегі орыс-қазақ бастауыш мектебіне оқуға аттанып кетті.



2-тапару

САНКТ-ПЕТЕРБУРГТЕГІ СТУДЕНТТІК КҮНДЕР. ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ

Ел арасындағы қисса мен әфсаналарды, ертегі мен шежірелерді майын тамыза, құлақ, құрышын қандыра әңгімелейтін шешендерді, жыршы, күйшілерді зер сала тыңдайтын Халел халық мұрасына ықыласы ерекше ауып өсті. Кезінде Мұрат ақын „асылдың азбай жүрген тұқымысың“ дег марапаттаған алдындағы үлгі тұтқан немере ағасы Дәулеттұмбеттің де оған тигізген иті әсері зор болды.

Темір уезіндегі орыс-қазақ мектебін үздік бітірген қыр баласы Теке (Орал) қаласындағы әскери реальдық, училищеде орыс тілінде емін-еркін сөйлеп үстаздарын да, құрбыларын да таң тамаша қалдырыды.

Бұл оқу орнының іргесі 1874 жылы қаланып, өзіндік дәстүрі қалыптасқан, өнегелі, маман үстаздар қауымы сабак беретін, жақсы жабдықталған бөлмелері мен жаратылыстану пәндерінен арнайы тәжірибелер жасауға лайықталған лабораториялары һәм түрлі саладағы үйрмелер жұмыс істейтін білім ошағы еді. Құм арасынан келген қара бала училище қабырғасындағы бос уақытын құр жібермей, үнемі ізденумен өткізді. Дүниенің кілті — өнер-білімде екенін ерте ұғынған талапкер қолына түсken кітап болсын, газет-журнал болсын, талғамай оқуды дағдысына айналдырады. Келе-келе жан серігіне айналған рухани азығынан алған-түйгенін ол жанындағы Нұргали Ипмағамбетұлы, Ғұбайдолла Бердіұлы, Шабазгерей Кесепалиұлыарымен бөлісіп, өзара пікір алысадың соңы қызу айтыс-тартысқа ұласып кететін. Бірде осындағы әңгіме-дүкен үстінде Халел Бақшасарайды шығатын Ысмагұлбек мырза Гөспірөлінің „Тәржіман“ газетін оқыған сайын көкейде жүрген талай жайдың сырына үңілдіріп, ішкі астарлы себебіне қанықтыра түсетінін ортаға салды. Ол Ысмагұлбек мырзаның „Орыс ішіндегі мұсылмандар“ атты ой-толғамдары мен пайымдауларынан мына жолдарды жолдастарына әдейі дауыстап оқыды:

„Қаншама үстамдылықпен және сыпайылықпен жүргізілсе де, ассимиляциялық саясаттың жүйесі бәрібір

қысым көрсетүсіз, бәз бір ұлыстың құқығын шектеусіз жүзеге аспайды, сондықтан да ол екінің біріне үнай қоймайды. Бірақ етек жая бастаған доктринадағы әсіре марапаттауды, тек пайдалы екендігін ғана жалау ететін ниетті аңғара отырып, біз бір ұлттың екіншісіне жұтылу саясатын, біздің қоғамымыздығы орыстандыру саясатын — егер “орыстандыру” деген сөзді орыстардың империядағы өзге ұлыстарды жұтуы мағынасында түсінетін болсақ — ақтап алудың еш ретін таппаймыз”.

Халелдің қоңыр әуенмен назар аударатын тұста сөзге екпін қойып оқуы, тыңдаушыларын бірден баурап алды. Отырғандар тым-тырыс, ой-қиялына еркін алдырып, біразға дейін ләм-мим деген ешкім болмады. Жүзінен сәбілік, пәктік сезімі байқалып тұратын, киіктің лағындаі талдырмаш Нұргали тосын бірдеңеден қорыққандай реңі сұрланып, үрейлі домалақ, көзі шарасынан шығардай, діріл арасасаң демін жұтып:

— Жә, енді ніс істемек керек? Ресейге қараған сонша жүрттың не ойлағаны бар?!— деді іштей толғантқан көп саудаңың нақты жауабын күткендей.

— „Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді“ деп дана халқымыз тегін айтпаған болар,— деді Халел.— Ыс-магұлбек мырзаның да мұсылман жастарына берген тілек-батасы сіздердің қаперлеріңізде жүргені абзal, құлақ, түріндер,— деп ол әрі қарай оқи жөнелді:

„Тұысқандар, халыққа білім беру ісіне бел шешіп кірісіңіздер; білімпаз орыстардың көмегі мен ықпалына сүйене отырып, осы істің озық тәсілдерін талқылайық. Өзің оқығаның — мәртебе, ал оқығаныңды өзгеге үйретіп, надандықтан құтқарып алуга талпыну — одан да мәртебелі, игілікті әрі қасиетті іс... Сонымен, сіз оқып-тоқып, білім мен ізгі тәрбиені игердіңіз, оларды тек өз бойыңызға іркіп қалмай, бар білгеніңізді қандастарыңызға, тайпаластарыңызға үйретуге тырысыңыздар; орыстың жақсы кітаптарын түрік тіліне тәржімалап, кедей, қараңғы халыққа арнап кітап жазыңыздар, мектептер ашып, өнер мен кәсіпті таратуға талпыныңыздар“. 1881 жылғы 1 маусым. Бақшасарай.

— Иә, жігіттер, ендігі жерде өнер-білім ауадай қажет. Бар жауапты міндет біздің буынға, жас жеткіншектерге түсіп отыр. Халқымызды біліммен ағартпай, езгіден қашып құтыла алмайтынымызға өткен ғасырлар куә. Олай болса, жаңа ғасырда ұлттымыздың азаттық таңына жетуіне

бәріміз бірдей үлес қосуға аnt етейік, сол жолда жантәнімізben күресейік,— деді сезін сабақтап Халел.

— Аnt етуге дайынбыз!— деп, бұл пікірді өзгeler де қостады. Жүрекке жауапкершілік жүк артқан осы әңгімен соң бозбалалық, кәдуілгі қылықтарын үмитып, өндерінде салауатты салмақтылықтың нышаны байқалса да, әрқайсының көңіл түкпіріндегі ауаны алысты кезіп, арман қуалап, тәтті үміттің құшағында жүрді. Содан бастап олар айнала қоршаған ортаға, үстаздарының қам-қарекеті, сез астарына осы көзбен қарауды әдетке айналдырыды.

Училище қабырғасында өткізген жылдар Халелдің көп нәрсеге көзін ашып, рухани марқайтты. Білімге деген құштарлығы артып, болашағын бағдарлауға мүмкіндік алды.

* * *

1903 жыл. Санкт-Петербург. Санкт-Петербургтің тұманды, жаңбырлы бір күнінде отарбадан жып-жинақы әскери киіммен өрімдей бозбала тусти. Ол — Орал әскери реальды училищесін үздік бітірген Халел Досмұхамедұлы еді. Таудай талаппен келген жампоз жігіт Императорлық Әскери-Медицина Академиясының сынағынан латын тілінен қосымша емтихан тапсырып, сүрінбей өтті. Екінің бірінің тісі бата бермейтін жоғары оқууды қыр баласы қиналмай игеріп, әріптес жолдастары мен атақтары жер жарған ғұлама оқытушыларын аузына қаратты. Санкт-Петербургтің мәдени-тарихи қасиетті орындары, адам қолынан туған сымбат өнерінің таңғажайып үлгілері, зиялы қауымы, бай кітапханасы, ірі-ірі ғұламалар оқыған дәріс да-рынды Халелдің қанаттануына жел берді. Оның саяси сана-сезімінің өсіп-жетілуіне астанадағы жоғары оқу орындары студенттерінің жаңаруды тілеген тәңкерісшіл көңіл күйі түрткі салып, бодандықтың азабын тартқан халқына пана болсам деген ізгі ниет те ерте ояңды. Өмірінің осы кезеңі туралы 1931 жылы 14 қыркүйекте Біріккен саяси Бас басқарманың тергеушісіне өз қолымен жазып берген түсініктемесінде: „Мен,— деп жазады Халекен,— Петербургке бірінші орыс тәңкерісінің қарсаңында келдім. Бұл кезде демократиялық құштер, оның ішінде студенттер қауымы да жиі-жіңі наразылық білдіріп жататын. Қым-қиғаш студенттік өмірге араласумен қатар мен саяси білімімді жетілдіруге кірістім. Эр түрлі саяси партиялардың бағдарламаларымен, олардың талап-тілектерімен таныстым... Мені және басқа да қазақ студенттерін ешбір саяси партиялардың бағдарламалары қанағаттандырмады. Соци-

ал-демократтар тек қана жұмысшылар туралы айтса, социалист-революционерлер шаруалар жөнінде сөйлем жататын... Кадеттер орыс халқының ұлылығы жөнінде сайрап, басқа халықтар туралы жұмған ауыздарын ашпайтын, ал оңшылдар болса, орыс емес халықтарды жамандап, оларды құдалаумен болатын. Әлі есімде мен және жаңымда басқалар да бар кездейсоқ П. Н. Милюковтың жасаған баяндамасына тап болғанымыз бар. Сонда ол өзінің сөйлеген сөзінде былай деген: "Патша өкіметі орыс емес халықтарды аса дәрекілікпен және шектен шыққан арсызы-дықпен қанап отыр" (КР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің (ҰҚҚ) архиві, 06610-ic, 3-том, 52-бет). Ол осы жылдары саясатқа дең қойып, Санкт-Петербург жоғары оқу орындарында оқып жүрген қазақ жастарымен қоян-қолтық араласып, күрес майданына шығады. Шын мәніндес өнер-білімге сусағаш, ғылым құған қазақ студенттерінің сол шақтағы дәстүрлі ерекше қасиеттерінің бірі — өз мамандығымен шектеліп қалмай әр саладан жан-жақты, терең мағлұмат алуды көздел астананың оқу орындарындағы білімпаз ғұламалардың дәрісін іздең жүріп тыңдауды әдетке айналдыруы еді. Халел аты әлемге мәшінүр шығыстанушы ғалым, Санкт-Петербург Фылым Академиясының академигі В. В. Радловпен, Қазан лингвистика мектебінің негізін салушы, орыс фонологиясының атасы, профессор Бодуэн де Куртенэм, Шығыс тарихының білгірі, академик В. В. Бартольдтпен жиі араласып, олардың ақыл-кеңестерін алыш, теориялық білімін жетілдіре түсті. Оның кейін тұған халқының әдебиеті мен тіліне һәм тарихи өміріне қатысты іргелі еңбектер жазуына осы жылдардағы ізденісінің себі тигені шүбесіз. 1905 жылы Бодуэн де Куртенэмпен пікір-көзқарасы жарасқан Халел Санкт-Петербургтегі I Александр атындағы Жол қатынасы инженерлерін даярлайтын институтта оқып жүрген Мұхамеджан Тынышбайұлымен, украин А. А. Кусовпен, жебірей В. Жаботинскиймен және басқалармен бірге автономист-федералистер одағын құруға ат салысады. Поляк халқының ұлы перзенті, Санкт-Петербург Фылым Академиясының мүшес-корреспонденті Бодуэн де Куртенэ болашақ, әскери дәрігердің иіні келгенде тұған тілінің ғылыми жөндігүйне ем-дом жасап, өзге тілдерден жұғатын сөз сырқатының алдын алу шараларына септесуіне ақыл-кеңесін береді. Күрескер жанның жылдар өтіп саясаттан мойыны босаған соң қолына қалам алыш шығармашылық жұмыспен шұғылдануы, лингвистиканың әліпби, емле, тер-

минология, лексика, фонетика, тіл тарихы салаларынан ғылыми тұжырымды рецепт беріп, „Қазақ-қыргыз тіліндегі сингармонизм заңы“ сияқты бірегей еңбек жазуына дәрігерлік мамандығының тиғізген пайдасы аз болмады.

Дүниені дүр сілкіндірген 1905 жылғы 9 қаңтардағы „Қанды жексенбі“ оқиғасы патша өкіметінің жауыздығына қарсы буырқанған халық наразылығын теңіздей тасытты. Астанадағы оқиғалардың күесі болған Халел саяси халахуалды түсіндіріп, үгіт-насихат жұмысын жүргізу үшін елеңге оралады. Ол Орал қаласындағы татар, орыс тілдерінде шығатын „Фікір“, „Уральский листок“ газеттерінің беттеріне мақалалар жарияладап, қоғам өмірінде болып жатқан саяси-әлеуметтік дағдарыстың қарулы қан төгіске ұласқанын баяндай келіп, бұл төңкеріс шет аймақтағы қазақ даласын да қамтуы әбден ықтималдығын, соңдықтан кез келген күтпеген жағдайға алдын ала дайын болуға баса назар аударады. Осы жолы ол қырдағы ауылдарды аралап, Ресейде етек алған саяси құштердің бағыт-бағдарын, қазақ үшін қаншалықты пайда-залалы барлығының ара жігін ашып беруге тырысады. Ауқымы кең мұндай қоғамдық қатынастардың тоқырау кезінде ең бастысы өсек-аяңға, алып-қашпа сөзге ермей, босқа күюден сақ болудың шарттарын әлеуметке егжей-тегжейлі үқтыруға бар білігін салады. Көп ұзамай шет аймақтағы өлкелерде де бақылау қүшнейеді. Бейсаут жүрген, сезікті көрінген жандардың іс-әрекетіне полиция тарапынан сырттай қатаң аңду жасалады. Халел осы бір тарихи кезеңді кейін есіне алып: „1906 жылы қырдағы ауылдарды аралап жүргенімде полицияның көзіне іліктім де, саяси жұмыс жүргізуіме тыйым салынды“ дейді.

Қорғансыз елінің қамын ойлап бастарын қауіп-қатерге тігіп, бес облыстан жиылған қазақтың зиялышары Элихан Бекейханов, Жаһаншах Сейдалин, Бақытжан Қаратаев, жетісулық Барлыбек Сырттанұлы, торғайлық Міржақып Дулатұлы 1905 жылдың желтоқсан айында Теке (Орал) қаласында Ресейдегі кадеттер партиясының үлгісімен ұлттық, саяси үйім құруға әрекет жасағанда араларында студент Халел де бар еді. Кешікпей патша өкіметіне қарсы бас көтерген Ресей жұмысшыларының әрекетінен түк шықпай, аяусыз басып-жаншылып, елде құғын-сүргін басталды. Полицияның қatal бақылауына алынған Халел де басқа жолдастары сияқты ізін жасырып, астыртын қимылға кіріспеске амалы қалмайды.

Академия қабырғасындағы алты жылды өнер-білімге құштар жан бас алмай, күні-түні көз майын тауысып ізденумен өткізеді. Оның бағына академияда бүкіл әлемге беделді ғалымдар ұстаздақ ететін. Olsen көрнекті физиолог Иван Петрович Павловтың шәкірті болу бақытына ие болды. Нобель сыйлығының лауреаты, академик ұстаздың лекциясын зейін қойып тыңдайтын Халел теориялық білімін оқу-тәжірибе жұмысымен өте жақсы ұштастыра біліп, тәжірибелі ғалымның ыстық ілтипатына бөлөніп жүрді. Дәрігерлікке тікелей қатысты пәндермен қатар Халел латын, неміс тілдерін жетік менгеруге бар ынта-жігерін салды.

Демалыс сәтінде Халел қаланың көрікті тарихи орындарын аралап, театрларға баруды ұнататын. Olsen студенттік өмірдің алғашқы күнінен бастап естелікке суретке түсіп, алыстағы ата-анасы мен бауырларына жолдауды ұмытпаған.

Оқтайдырып студенттік жылдар да аяқталуға таңған. Соңғы курста міндетті түрде өтілуге тиісті практикалық жұмысты Халелдің Пермь губерниясы Чердынь уезінде атқаруына тұра келеді. Оның оқыған-түйгенін қызындығы қат-қабат дәрігерлік еңбек жолымен ұштастыруының алғашқы қадамы осылай басталды. Пермь губерниясындағы Чердынь уездік Земство басқармасы 1909 жылғы 31 тамызда берген №4381 куәлігі осының айғағы.

“Осыны көрсетуші, Императорлық Әскери-Медицина Академиясының толық курсын тәмәмдаган Халел Досмұхамедұлы Чердынь Уездік Земствосында уақытша қызмет атқарып, 1909 жылғы 8 мамырдан 31 тамызға дейін Морчан участекінің дәрігері лауазымында болды. Морчан участекі қабылдау бөлімімен бірге енді ғана үйимдасып жатқандықтан, тап осы мезгілде дәрігерден таза медициналық қызметі сыртында көп қажыр-қайрат пен іскерлік қабілет талап етілген-ді, міне, осы сәтте Досмұхамедұлы мырза өзіне жүктелген міндетті табыспен орындал, участекілік дәрігер лауазымын дербес алып жүргуте қабілетті екенін дәлелдеді. Әскери ведомства қызмет етуге міндетті болғандықтан Досмұхамедұлы мырзаның уездік Земствода қалып жұмыс істеу мүмкіндігі жоқтығына уездік Басқарма өте қатты өкінеді”. Күәлікке Басқарма тәрағасы, Басқарма мүшелері және хатшысы қол қойып, Земствоның мөрі басылған. Olsen Санкт-Петербургке келісімен мемлекеттік сынақтарды ойдағыдай тапсырып, академияны бітіріп шығады.

Енді оның осы жоғары білім ордасын үздік аяқтағандығын қуәландағыратын құжаттың мазмұнымен танысады:

„Диплом. Осыны көрсетуші Халел Досмұхамедұлы-Машақов, 1883 жылғы 24-сәуірде туған, мұсылман дініндегі қазақтың ұлы, Императорлық Әскери-Медицина академиясында 1906 жылы жартылай курстық сынадан қанағаттанарлықпен өтіп, Академиядағы ғылымдардың то-лық курсын тыңдаған соң, осы Академияның Сынақ комиссиясында 1909 жылғы сәуір, мамыр, қыркүйек, қазан және қараша айларында сынға салынды һәм бұл ретте төмендегі үлгерім көрсетті:

Гистология және эмбриология бойынша —
қанағаттанарлық

Физиология бойынша — өте қанағаттанарлық

Жалпы және эксперименттік патология бойынша —
қанағаттанарлық

Гигиена және эксперименттік патология бойынша —
қанағаттанарлық

Гигиена және медициналық жәрдем бойынша — өте
қанағаттанарлық

Балынеотерапия мен гидротерапия қосылған фармако-
логия және дәрі-дәрмек түрлері мен оны қабылдау
жөніндегі ілім бойынша — өте қанағаттанарлық

Жеке патология және ішкі сырқаттар терапиясы бой-
ынша — өте қанағаттанарлық

Жүйке және жан аурулары туралы ілім бойынша — өте
қанағаттанарлық

Хирургиялық аурулар патологиясы мен терапиясы бой-
ынша — өте қанағаттанарлық

Офтальмология бойынша — өте қанағаттанарлық

Деомургия және механургия бойынша —
қанағаттанарлық

Балалар аурулары жөніндегі ілім бойынша — өте
қанағаттанарлық

Токсикологиямен қоса сот медицинасы бойынша — өте
қанағаттанарлық

Эпизоотия және ветеринарлық полиция жайындағы
ілім бойынша — өте қанағаттанарлық

Қалыпты (физиологиялық) анатомия бойынша — өте
қанағаттанарлық

Патологиялық гистологиямен қоса патологиялық, ана-
томия бойынша — қанағаттанарлық

Топографиялық анатомиямен қоса оперативті хиургия бойынша — өте қанағаттанарлық Соттық-медициналық ағза ашу және сот-медицина актін жасау бойынша — өте қанағаттанарлық Жалпы терапиямен қоса диагностика бойынша — қанағаттанарлық Жан және жүйке ауруларының клиникасы бойынша — қанағаттанарлық Тері, венерологиялық және мерез ауруларының клиникасы (осы аурулар туралы іліммен қоса) бойынша — өте қанағаттанарлық Құлақ, тамақ, және мұрын ауруларының клиникасы (осы аурулар жөніндегі іліммен қоса) бойынша — қанағаттанарлық Гинекологиямен қоса теориялық акушерлік (академиялық акушерлік клиника) бойынша — өте қанағаттанарлық Көз клиникасы бойынша — өте қанағаттанарлық Терапевтік клиника бойынша — өте қанағаттанарлық Хирургиялық клиника бойынша — өте қанағаттанарлық Акушерлік және әйел аурулары клиникасы бойынша — өте қанағаттанарлық Осыларға орай және Императорлық Эскери-Медицина Академиясы жайында Жоғары дәрежеде 1890 жылғы 29 мамырда бекітілген ереже негізінде Халел Досмұхамедұлы-Машақов мырза 1909 жылғы 17 қарашада үздік дәрежелі емши (лекарь с отличием) атағына, осы атаққа чиндер жағдайы мен чинге бекіту, сондай-ақ, әскери қызметке қатысты (Зандар жинағы, III, IV және IX том) берілетін құқықтар мен артықшылықтарға қосымша ие болды. Куәландыру үшін осы диплом Халел Досмұхамедұлы-Машақов мырзага тиісті қолдар қойылып, академиялық мөр басылып берілді. Академияда болған кезінде Халел Досмұхамедұлы-Машақов мырза 1907 жылғы 1 қаңтардан 1908 жылғы 1 қыркүйекке дейін статский советник Адиунгтың, 1908 жылғы 1 қыркүйектен бастап төңіз ведомствосының стипендияларын алып тұрды, осы үшін ол заңмен белгіленген мерзім бойы әскери немесе төңіз ведомстволарында басшылықтың тағайындаудына сай қызмет етуге міндетті. Санкт-Петербург қаласы, 1910 жылғы 12 қаңтар.

Императорлық Эскери-Медицина Академиясының бастығы, еңбек сіңірген профессор, академик, құпия кеңесші А. Данилевский.


Сынақ комиссиясының төрағасы, еңбек сіңірген профессор, құпия кеңесші Н. Круглевский.

Академия кеңесінің басқарушысы, статский советник В. Худяков".

Осылайша Халел Досмұхамедұлы Императорлық Эскери-Медицина Академиясын қеудесіне алтын медаль тағып, бітіріп шығады. Осы жылы Санкт-Петербург қаласындағы баспадан Абай Құнанбайұлының түңғыш өлеңдер жинағы жарық көреді. Абай поэзиясынан Халел рухани күш алады. Кесек ойлайтын „жұмбақ, жанның“ „мыңмен жалғыз алысқан“ қасіреті ақын жүргегінің түбіне терең бойлаған Халелдің көңіл санасына қонады.

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық, ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге.
Военный қызмет іздеме
Оқалы киім киүгө,
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге...

Инемен құдық, қазғандай азабы мен мекнаты, қызығы мен қуанышы қым-қуыт студенттік жылдарды артқа тастаған Халелдің алдында бел-белесі, бұралаң-бұлтарысы, ой-шұңқыры көп маң дағаның қара жолында — еңбек жолы, қоғам өміріндегі саяси күрес тауқыметі тосып тұрды.



3-тaraу

ДӘРІГЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ. ЕЛ ІШІНДЕГІ ЖҮҚПАЛЫ АУРУЛАРМЕН КҮРЕС

Күәлік... осы дәрігер Халел Досмұхамедұлына (ол Досмұхамедұлы Машақов та) берілді... Қазақ ұлы, Орал облысы, Гурьев уезінің тұрғыны, 1883 жылы сәуірде туған, Эскери-Медицина Академиясының (бұрынғы Петербургте) курсын 1909 жылы 17 қарашада үздік дәрежелі емші атағымен бітірді".

Қолындағы куәлікті қайта-қайта оқып тұрып, инешіптен жаңа шыққан сырттай әскери формасы өзіне құйып қойғандай сымбатты қара торы жігіт 6 жыл дәріс алған сүйікті академиясының зәулім үйіне көз тастады. Бала кезден аңсаған арманы бүтін орындалғандай, бүтін ғана қолы жеткендей тұла бойын қуаныш кернеді. Сонау қыыр шеттегі Тайсойған құмының ішіндегі ата құлдігі туған ауылы көз алдына елестеді. Откен жылғы ауыр індеттен әкесі мен ағасынан қатар айырылып, тіке келген ауруға қарсылық, көрсете алмағанына әлі өкінетін сыңайлы, жанары кіреуекеленіп, қабағын шытты.

Академияның соңғы курсында жүріп туған жеріндегі жүқпалы аурулармен күресуді өзіне қасиетті борыш санаған болашақ, дәрігер жазғы каникуулға барған сайын ел ішінде санитарлық-гигиеналық, уағыздарды көп айтатын. Қептеген аурулардың індеңткес айналуышың басты себебі — тазалықта жатқандығын халқына толық жеткізе алмай шыр-пыр болатын. Әкесіне, бауырларына, туған-туыстарына қоймай айтып жүріп Сорқуыстан дәрігерлік бекет салдырган. Үлкен төрт бөлмеден тұратын үйдің ішін дәрігерлерге тазалатып жасақтады. Шағындау бір бөлмені науқас қабылдайтын әрі кітапхана есебінде пайдаланды. Бұл хабарды естіген бүкіл Атырау өнірі Досмұхамедтің доғдыр ұлына емделуге ағылып келуді шығарды. Халық, бұл медициналық, бекетті Халелдің ставкасы (ордасы) деп атап кетті.

Петербургтің күзгі тұманды күні академияның алдында ойланып тұрған жас офицерді жолдастары қоршап алып, құттықтап жатты.

Академияны бітірген жылы Пермь губерниясында, онан кейін 2-Түркістан, 2-Орал казак-орыс атқыштар ба-

тальонында әскери кіші дәрігер жұмысын атқарады. Осы қызметінде жүргенде Халекең Орал қалалық ауруханасында бір жылдық мамандандыру курсынан өтеді, оба эпидемиясын басуға қатысады, Морчан участкесіндегі земство ауруханасының жұқпалы аурулармен күрес жұмысына көмектеседі.

Әскери қызметте жүргенде оның жұқпалы аурулармен күрес жұмысына көп көңіл бөлгенін және өзіне тиісті жұмысынан әлдеқайда көп еңбек сіңіргенін сол кездегі құжаттардан көрүте болады. Ол қолынан келген бар мүмкіндігін пайдаланып, тутан халқына медициналық жәрдем көрсетуді жақсартудың жолдарын іздеді.

Шынында да, қазақ халқының сол кездегі деңсаулық сақтау мәселесіндегі хал-жағдайы өте нашар болатын.

„Қазақстан 1913 жылы дәрігерлік участкелер мен дәрігерлер саны жағынан әлеуметтік дамуда ең артта қалған Қыыр Шығыс губерниялары мен Ораз Азия республикаларының қатарында тұрды. Медициналық торабтар саны: ауруханалар — 98, орындары саны — 1666; дәрігерлік бөлімшелер — 96; медициналық дәрігерлер қалаларда — 119, ауылдық жерлерде — 77. Патшалы Ресей кезіндегі Қазақ елінің медицинасының жай-қүйі осы ғана. Революция, азамат соғысы және ашаршылық жылдары жағдай бұрынғыдан да нашарлап кетті. 1923-24 жылдары жергілікті бюджет бойынша Қазақ АКСР-ы Одақ республикаларының ең соңында тұрды. Қазақтар бірыңғай орналасқан аудандарда медицинаға пайдалануга жарайтын үй жоқ, елдің шашырап, сирек орналасуы, ауылдық жерде дәрігерлердің жетіспеушілігі, әсіресе жергілікті халықтың өзінен шыққан мамандардың болмауы... медицинаны үйимдастыру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік бермей тұр”, — деп сол кездегі деңсаулық сақтау жұмыстарын үйимдастырушылардың бірі М. М. Виленский жазған екен.

Егерде революцияға дейінгі Қазақстанда емдік медицина дүниеге жаңа келген сәби күйінде болса, санитарлық жұмыс мүлдем дамымады. Жоғарыда айтылған, бүкіл Қазақстанда 1913 жылы 196 дәрігер (оның 77-і ауылда) болса, солардың ішінде жұқпалы аурулармен күресетін санитар-эпидемиология жөніндегі мамандар 3-4, балалар дәрігерлері 7-8, ал тазалық, қатерлі инфекцияларға қарсы күресетін мамандар мүлдем болмаған. Және сол 196 дәрігердің арасында халықтың жағдайын жете білетін, ауылдан шыққан жоғары білімді қазақ дәрігерлері Халекеңмен қосып есептегендеге саусақпен санарлық еді.

Ауыл-селолық жерлерде әрбір дәрігерге: Орал облысында 40,9 мың, Ақтөбе облысында 62,7 мың, Қарақалпақстанда — 96,4 мың, Сырдария облысында 72,7 мың, Адай округінде — 122,2 мың, ал Жетісу облысында 237,5 мың адамнан келеді еken! Білім дәрежесі, тәжірибесі қандай деңгейде еkenін есептемегеннің өзінде, ондаған мың адамға бір дәрігердің ешқандай емдік-профилактикалық жәрдем көрсете алмайтындығы өзінен-өзі түсінікті.

Ел ішіндегі ауыр жағдайды көрген Халел, әскери қызметтөн арызданып жүріп босанады да, 1913 жылы Темір уезіне бөлімшелік дәрігер болып орналасады. Халелдің жұмыс ауыстыру себебі туралы академик F. Тащенов пен F. Энесов былай деп жазады: „Осы орайда әскери борышын өтеп жүрген Халелдің жеке бас тұрмыс-тіршілігі ешкімнен кем емес, қайта көптен озық болғанын айта кету жөн. Оған мына бір архивтік құжат дәлел бола алады. Мәселен, оның штаб қызметкерлері мүқият толтырып отырған әскери кітапшасының 8-тармағында алатын қаражаты санамалап берілген. Олар: „Жалақы — 720 сом. Қосымша — 264 сом. Тамақтануға — 96 сом. Пәтерге 72 сом. Қызметші жалдауға — 50 сом. Отын мен шыраққа — 25 сом“. Ал ол кезде жылқы бәсі 5-ақ сом еkenін ескерсек, Халекеңнің тұрмыс халі жаман болмағаны өз-өзінен түсінікті. Оның үстіне ол әскер қатарында Романовтар үйінің Патшалық құруының 300 жылдық естелігіне орай Императорлық қола медальмен наградталды. Ал оба індегінің таралуына қарсы шара қолданудағы әрбір күні Заңға сәйкес 12 күнге есептеледі. Осы еңбектерін алға тарта жүріп, ол 1913 жылы Орал облысы вице-губернаторы берген №6618 күәлікпен әскери борыштан түгел босанады. Мұның бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғанымыз — киімі көк, тамағы тоқ, X. Досмұхамедұлы елі үшін еңбек етсем деп, әскери қызметтөн өз еркімен босантанын, тұрмыстың қытымыр жағына мойын ұсынғанын көпшілік білуі керек” (“Халел тағылымы”, Алматы, 1994, 8-бет). Сол 1913 жылдан Халекең медициналық-санитарлық тақырыпқа мақалалар жазып, баспасөз бетіне жариялай бастайды. Сол жылы „Қазақ“ газетінде сахараның түкпір-түкпірінен сырқат адамдардан келіп түсken, емделудің жолын сұраған хаттарға орай Ахмет Байтұрсынұлы „Ауру жайынан“ деп бас мақала жазып, қазақ дәрігерлеріне ой таставиды. Ахаң бас мақаласында. „Қазақтың дәрігер ғылымын оқыған адамдары аурудан күтіну жайынан һәм

жеңіл-желпі емдер жайынан жазып, елге ұсақ кітапшалар таратса екен. Қебіне қазақ ішінде жеңіл-желпі аурулар зор ауруға ұласып кетеді" дейді ("Қазақ", 1913 ж.). Аханың үндеуіне бірінші болып үн қосқан Халел болды. Осы 1913—1914 жылдары ол медициналық ағарту мәселеінен мәнді де мазмұнды мақалаларды көп жазды. "Қазақ" газетінің 1913 жылғы 13, 14-сандарында Халекеңің „Тамыр дәрі хақында" деген мақаласы шықты. Оқып көрелікші: „Біздің қазақ ішінде ауруларды тамыр дәрімен емдеу берігіректе ғана жайылуы. Ауруға пайда ма, залал ма, онысина қарамай, қай ауру болса мейлі, бұ заманда қазақ тамыр дәрімен емдейді. Халық надан, халықты емдеуші дәрігерлер, аурұханалар қазақ ішінде жоқ деп айтса да болғандай... Бұлай болған соң халық ауруларын өзінің білген, есіткен дәрілерімен емдейді. Бұл күнде қазақ халқын көбінесе емдеуші бақсылар, әр түрлі қожамолдамын деген алдаушылар... Қайтерсің, надан халыққа арамза молда... Кейбіреулері нағыз шын көңілімен пайда келтірейін деп-ақ ем жасайды, бірақ дәрігер ғылымынан ешнәрсе білмеген соң, пайда орнына залал келтіреді.

Бірқатар емдеушілер темір жалап құркіреп, құмалақ, салып, бал ашып емдейді; бұ заманда әулиелік, пайғамбарлық, болмайтының бұлардың өздері де, халық, та біледі. Ушінші біреулері өзін-өзі дәрігерміз деп атайды, халық оларды кітап ашуышылар дейді. Бұлар кітапқа қараған болып ем етеді. Бұлардың кітабы көбінесе Әбугали ибн Синаның „Канон" деген кітабы...

Бақсылардың ем етулері хақында сөз айтып болмайды. Бұл заманда бақсы құрысын деген қазақ, көп.

Үшкіріп, түшкіріп, темір жалап, ауруды сабап, сарнап, айқайладап, жын шақырган кісілерді дені дұрыс деп айтуга болмайды. Бұлар мұсәпір науқас адамдар, оларды ел ішінен қуып, ауру бақтыру емес, өздерін аурұханага салып бағу керек. Бұлардың ішінде саулары — нағыз алдаушы залымдар. Бұларды хакімдерге көрсетіп, закон бойынша тексеріске де обал жоқ. Орыс халқында бақсыларды осылай етеді.

Дәрігерміз дегендер бұ күнде халыққа көп залал келтіріп жүр. Бұлардың есіл-дерті мал алу... Малды құмалақ, салып алады, кітап ашып алады, сідке деп алады, ауруды бағамын деп алады. Бұлар науқасты жеті түрлі, он үш түрлі дәрімен емдейді. Қайдагы жоқ дәрілердің атын атап, соны тап, деп, ол дәрісіз жазылмайды деп қазақтың басын қатырады. Бұл не деген залымдық?!

Екіншілері ауру болса, тамыр дәрі іш, тамыр дәрі киелі зат. Оны біліп, шартпен ішу керек, білмеген кісі ішкізсе, дәрі шамданады деп өзі бағып, тамыр дәрі ішкізеді... Қымбатын ал, десін дәрі іздетеді де, оны қырық, күн ішкізеді... Қырық, күн тамыр дәрі ішуге менің есебімше, қазақ, жұз теңгеден артық, расход қылады. Көбіне бұл ақша суға тастаған ақша болып шығады.

Тамыр дәріні киелі зат деп біздің қазақ, бек қадірлейді. Тамыр дәрі пайдалы дәрі, онысы рас. Ол ем болады „теңге қотыр“ ауруына (латынша — сифилис) және әр түрлі көкірек ауруларға... Енді менің қазақ, халқына айтатыным: босқа, далаға ақшаларыңызды шашпаңыз, тамыр дәрінің жуандығында, ұзындығында пайда жоқ. Оны саудагерлерден алмаңыз, дәріханадан алыңыз. Тамыр дәрінің жақсысы кесулі болады... Кескен тамыр дәрі „хундурас“ алыңыз. Бұл нағыз тамыр дәрі, бір қадағы төрт сомнан аспайды.

Орысша тамыр дәрінің аты жоқ, латынша „Радикс сар сапарила“. Алтекадан жақсы кесулі тамыр дәрі сұрағанда былай сұрау керек: „Радикс сар сапарила, хундурас, конциза“ деп”.

Сәл ықшамдалип беріліп отырған осы мақаланы оқығанда, кез келген адамға біраз мәселе түсінкті болып шығады. Жас дәрігердің осынау шағын мақаласынан халқының болашағына, денсаулығына деген алаңдаушылықтың өзінен үлкен жүректі адамның жан айқайы сезіледі. Халекең көтеріп отырған түбегейлі мәселелер бүтін зәрулігін жойды ма? Биотогым бар, әулиемін деп халықтың сезімінде ойнайтын алаяқтар әлі көбеймесе азайған жоқ қой.

Халел Досмұхамедұлы сол заманда қазақ, елін жайлап алған жүқпалы аурулармен дәрігерлік білімімен де, қаламгерлік қарымымен де жан аямай күресті. Соның үлкен бір дәлелі „Қазақ“ газетінде жарияланған „Жүқпалы аурулар“ деген көлемді мақаласы. Бұл мақаласында ол әр түрлі жүқпалы ауруларға анықтама бере келіп, әсіресе ел ішіне көп тарағандарына баса назар аударып, жеке-жеке тоқталады. Халел сынды дәрігер-қаламгердің медициналық түрғыдан сатылап келтірілетін ақпарат беру жолын шебер пайдаланғанына қайран қаласыз. Сөйтіп, медицина тілінде аурудың этиологиясын, патогенезін, инкубациялық кезеңін, алғашқы және кейінгі симптомдарын, ауырған, не жүқпалы ауруды жүқтырған адамның денсаулығы, иммунитетіне байланысты аурудың прогнозын, инфекциямен күресте тазалықтың бірінші орында болу керектігін көпке

түсінікті тілмен шебер түсіндіріп береді. Қазақтың „сынықтан өзгенің бәрі жұғады“ деген мақалын эпиграф етіп, әрі қарай: „Алла тағаланың жер жиһанға жіберген аурулары бар. Бұл аурулардың бірқатары жұқпайды, бірқатары жұғады. Жұқпалы аурулардың көбі құрт аурулар. Бір адамның ішіне, яғни қанына бір аурудың құрты кіре қалса ھәм өсіп-өнетін жұғымды орын тапса бір құрт бірнеше минутта бірнеше мың, яғни миллион болып өсіп-өніп кетеді. Бұл құрттардың көбі уын шашады, уы қанға таралып адамды ауру қылады. Әр түрлі құрт тек өзіне тиісті ауру береді. Кезіктің құрты кезік қылып ауыртады, обаның құрты оба қылып ауыртады. Обаның құрты кезік қылып ауыртпайды. Құрт аурулар жұқпалы дедік, ауырған кісінің қаны құртпен яки құрттың заһарымен толып кетеді. ھәм ондай кісінің ішінен шыққан заттың бәрі құртты болады. Ауыздан аққан сілекей, түкірік, құсық, мұрыннан аққан су, арттан шыққан нәжіс, сідік, қан жұқпалы. Аурудың түріне қарай осы аталған нәрселердің бірінен бірінің жұқпалылығы күштірек болады. Өкпеден алған шуманың, көкірек аурудың, нағыз жұқпалы заты адамның демінде, қақырығында. Сары кезіктің, тырысқақтың нәжісінде, то-палаң, яки күйдіргінің, безгектің, сифилистің құрты көбінесе қанда. Қызылшаның, қырмызы аурудың, қызылшалы кезіктің, шешектің жұқпалы заты сыртқа шыққан қызылдарда, түскен терілерде.

Жұқпалы аурулардың құрттары адамға жұққан соң бірқатар уақытқа дейін ауырта қоймайды. Бұл құрттарға өсіп-өнуге уақыт керек. Шуманың құрты жұққан соң үшбес күнге дейін ауыртпасқа мүмкін. Шешек жұққан соң бір жұма яки он күн білінбей жүреді. Бұл уақыттарда ауру жасырын болып тұрады, аурудың заһары тұла бойға жайылып бітпегенің белгісі. Бұл уақыттарда құрттар ішінде өсіп-өнеді, бұлардың өскін болуына, жұқпалы аурудың жылдамынан жұғуына әр түрлі себеп бар”.

Сексен жыл бұрын жазылған осынау жолдар әлі де маңызын жойған жоқ. Дәл бүгін де құрт ауруларынан сақтаңдыру мәселеі әлі де күн тәртібінен түспегенін ес-керсек ғұламағалымның бұл айтқандарына қазір да құлақ асу керек.

Жалпы Халекеңнің медицинадағы еңбектерін оқу қазіргі заманың дәрігеріне де, ойшыл оқырманына да керек екені сөзсіз. „Қазақ“ газетінің бірнеше санында жарияланған осынау мақалада бүтінгі адамдарға да пайдасы мол санитарлық-гигиеналық кеңестер бар: „Адамның ішкі са-

райы сау болса, дені таза болса, тамағы тоқ болса, ауру жүқпасқа, жүқса да ауырмасқа себеп болады. Науқас адамдарға, нашар адамдарға, аш адамдарға аурулар да жүққыш келеді. Киімі бүтін, сұықта жылы киім киген, үстібасын таза ұстаған, моншаға түсіп жуынған, қолын, бетін жиірек сабындаған жуған адамға ауру жүқпайды. Көп кісімен қатынасқан, әр үйге қыдырып тамақ ішкен, көп адаммен бір табақтан тағам жескен — әр түрлі аурулардың жүғуына себеп болады. Ілбішін уезінде болған шумада кісі ауырып өлген үйге бата оқимыз деп барып ет жеген көп кісі қырылды... "Ауру астан" деген мақал дұрыс айттылған".

Халекең ендігі бір мақаласында: „Тұратын үйдің айналасы таза болуы шарт. Мал қорасы һәм пішен үйден аулақ болсын. Терезенің алдында орналасып жарықты тасаламасын, үйдің айналасына, сенекке дәрет алуға жарамайды, дәретхана алыста болу керек.

Ішетін судың таза болуы шарт. Су құдықтан алынса, қарағайлап, шегендеп айналасын орлап, ауызын жауып қою керек. Сырттан аққан сұ құдыққа ешбір құйылмасын... Жүқпалы аурулардың көбінің құрттары суда жақсы өсіп-өнеді. Кезік, холера деген ауруларды көбіне судан жүғады деп есеп стеді. Аққан өзен суды, көл суын таза ұстау керек. Суға құл, өлімтік секілді лас нәрселерді тастамасқа керек. Ауыз суды мал ішетін суаттан жоғары алу шарт. Өткен жылдарда Жайықтың сұы оба құртымен құрттап кетіп Жайық бойындағы елдер обадан көп өлді.

Бір жерден су ішкен елде оба-кезік аурулар көбейсе, ол уақытта суды қайнатып ішу керек. Қайнаған құрт өліп қалады. Қайнаған су залалсыз".

Медицина институтында гигиена ғылымын оқытады, оның практикадағы тармақтарынан сабак бергенде, тұрғын үй, мектеп, ая-су, өндіріс, ауылшарыашылық, т. б. гигиенасы деп әр тарауды бөлек оқытады және осы айттылғандай нақты ережелермен бекітіледі. Халекенің бұл айтқандарының ғылыми тұрғыдан да, басқа практикалық жағынан да дәл, нақты екенін айта отырып, жүқпалы ауру болдырмай жолындағы нұсқауларын қазақ ауылшының гигиенасы деп айттуға болар еді.

Соған сай бұл мақаланың жалғасында мағынасы терең, осы кезде де өте керекті гигиеналық-санитарлық, кеңестер көп: „Бұл заманда белгілі болды: жүқпалы аурудың бірқатары адамға хайуаннан жүгітілген. Ауырып өлген мәлдің етін жемсекке керек, ондай еттен ауру жабысуы мүмкін. Ауырып өлген мәлдің өлімтігін жерді терең қазып

көміп тастау керек, не өртеп жіберіледі. Қойдың топалаңы, жылқының жамандаты адамға күйдіргі (түйнeme) болып жұғатыны қазақтың өзіне белгілі. Шума деген аурудың саршұнақтан, қарабауырдан, қосаяқтан һәм сол секілді хайуанаттардан жұғатындырын докторлар тапты. Сиырдың сүтін пісірмей ішсе аусыл болады, өкпе құрт болған сиырдың сүтінен көкірек ауру (чахотка) болуға мүмкін. Бит, бүрге, қандала, маса, шыбын секілді хайуандар ауру кісінің қанын сорып, сау кісіні келіп шақса, бұл сау кісі бастапқы кісінің ауруымен ауырады. Бұлай болған соң ауру кісінің киімін тазартпайынша киоге жарамайды. Қазақта өлген кісінің киімін таратып беретін әдет бар, бұл әдettі тастаған мақұл. Өлген кісінің киімін аламын деп ауруын аласындар. Орал облысында болған шумаларда да шумадан өлген кісінің киімін алып талай адам шумадан қырылды.

Жұқпалы аурудың құрты көзге көрінбейді, мұндай аурумен науқас кісінің қасында толып тұрган құрт болады. Іштен шыққан нәрсенің бәрі жұқпалы дедік. Солай болған соң, ауру кісінің қасында болу, бірге жату, тамақтану қауіп. Жұқпалы аурумен ауырған кісіні сау кісіден бөлу керек. Ауруды бөлу дегеннің мағынасы мынау: ауру кісіні таза, оңаша бір бөлмеге салып, ауруды бағатын бір-екі кісіден басқалар қатынаспауға тиіс. Ауруды баққан адамдар ауру жатқан бөлмеге кіргенде сыртынан бір киім киіп келеді, ол киімді шығарда сол бөлмеге тастап кетеді. Аурудан шыққанда қолды, бетті сабындал жуу керек. Ауру жатқан үйде тамақ ішуге, темекі-шылым тартуға болмайды. Ауруға берген аспаптарды, аяқ-табақтарды ыссы сумен жуып тұру шарт. Аурудың саулын — нәжісті, қақырығын, құсығын, темірден яки тастан жасалған ыдысқа жинап, шашпай, жерді қазып көміп тастайды. Ауру жазылса яки өлсе артында қалған құнсыз киім, ескі заттар өртеледі. Қайнағаннан бұзылатын, бүлінетін заттарды, жібек киімдерді, киіз-кілем секілді заттарды сыртқа шығарып үштөрт құндей жел қақтырып, құн көзіне жайып қою шарт. Жақын жерде доктор яки фельдшер болса мына заттарды бұхырлап бер деп айту керек.

Қазақта науқастың көңілін сұрайтын әдет бар. Аурулы болған кісінің көңілін аулаған жақсы десек те, жұқпалы аурулардың көңілін сұраймын деп, ауырған кісінің қасына бару жарамайды. Көңіл сұраушыларды науқасқа қатынастырмау аурудың жақындарына міндет, ауырған кісіге тыныштық жылдам жазылуға себеп болады. Көңіл

сұраушылар науқастың мазасын алады, оның үстіне өздеріне өздері ауру жүқтірып алуға себеп болады. Жүқпалы ауру жатқан үйді тазалатып-бұхырлатып алу керек. Бұхырлап алу докторсыз қазақтың қолынан келмейді. Қазақ, қолынан келетін нәрсе үйдің терезесін алып, есігін ашып, бір жұмадай бос қою, сонда жел һәм таза ауа кіріп, үйді тазартады. Енді осыдан былай қарай жүқпалы аурулардың бір-бірлеп, шама келгенше түрін көрсетіп, қандай болатынын айтпақпын".

Дәрігерлік түрғыдан қосып-алатыны жоқ, үйдің, судың, хайуанаттың, киімнің, ауру адамды құтуудің гигиенасын Халекең өте дәл берген.

Мақалада дезинфекция деген сөзді бұхырлау деп алу Халекеңнің қазақ, ғылыми медициналық терминологиясына қосқан жаңалығы. Белгілі жүйемен жазылған осы үлкен мақаласында автордың, „енди осыдан былай қарай жүқпалы аурулардың бір-бірлеп, шама келгенше түрін көрсетіп, қандай болатынын айтпақпын"—дегені автордың жүқпалы аурулардың көп тараған түрлерін, олардың шығу себептерін, болдырмау жолдарын түсіндірген соң, жүқпалы аурулардың түрлерін жеке-жеке әңгімеледі.

Сол жылдарда Қазақстанда; әсіресе батыс губернияларда жүқпалы аурулар өте көп тараған болатын. Халекең: „Шымкент, Орал, Қызылорда қалаларында скарлатина (қызамық), Петропавл қаласында шешек ауруы шығып, эпидемия тарауда. Маляриямен (безгекпен) мыңмындаған адамдар ауырады... Урейлі жаулары түйнеме (сибирская язва), оба және алапес. Түйнеме жараның Қазақстанда эпидемиялық ошағы бар. Жүқпалы аурулар: сүзек, сары кезік, туберкулез өте көп. Санитарлық ағарту жұмысы өте нашар қойылған"—деп жазған екен.

Ал Орал обысы санитарлық-эпидемиологиялық бөлімінің меңгерушісі К. Станкевич 1923 жылы Орынборда болған бүкілқырғыздық Денсаулық сақтаудың З-слетінде „Орал және Бекей губернияларындағы обаның таралуы" деген баяндамасында:

1904 жыл — Гурьев уезінің Сарайшық ауданының Глининская деген станциясында 416 адам обадан өлді.

1905 жыл — Бекей губерниясында обадан 621 адам өлді, өлім көрсеткіші 94 процент болды. 1621 адам обаны өздеріне жүқтірді.

1909 жыл — Орал губерниясында оба екі рет таралды, 605 адам өлді.

1911 жыл — Орал губерниясының бір қыстағында обадан 14 адам өлді.

1913-20 жылдар — оба болып жатты, бірақ қанша емір қылған жөнінде деректер шамалы.

1922-23 жылдар (25.XI.-23.II.) — Орал губерниясында 122 адам обамен ауырып, 119-ы өлген" деп келтіріпті.

Бұл оқиғалар жөнінде Халекең: „Жұқпалы аурулар қазақ арасына бір кірсе жуық, арада шыға қоймас. Бұрын естімеген-білмеген оба жиырма жылдай Бекейлік пен Орал облысының қазақтарынан кетуді қойды. Жыл сайын жүз-жүзден садақа алып тұр. Тегіс қала болып отыру қазаққа әзір ерте деген алаштың азаматтарын кейбіреулер мысқылдан келемеж қылады. Қала болып алған соң, көп кешікпей көрерсің, қазақ, жұқпалы аурудың араларында қандай бол қыдырганы! „Қарағым, бауырым, қазағым, қала болсаң, құрт бәлесін ала боларсың” — деген азаматтың зары сонда есіне түсер” ("Қазақ" газеті, 1914 ж.). Ашынып жазылған бұл жолдар канализациясы жоқ, тасымал су ішіп, үйлер арасы жиі орналасып, қала болып отырғанда жұқпалы аурулардың, әсіресе обаның тез тарап, елді қыргынға ұшыратқанын Халекеңнің өз көзімен көріп жасаған тұжырымы. „1913 жылғы оба ауруның көрінісі” деген қолжазба өлеңде мынадай жолдар бар:

Қуады жалған дүние адамзатты,
Тірліктің қызығы да балдан тәтті.
Көмуге жер қазушы болмаған соң
Өлікті 150-ден отқа жақты.
Аспанға түтін шықты будақ-будақ,
Томарды карболкамен салған турал,
Иесі өліп, төрт түлік мал босқа қалды
Ақкөлдің бақасындаі улап-шулап.
Қап-қара түтін шалған зілмәңкелер
Адыра қыр басында қалды қурап...

Бұл қайғылы өлең кіріспесінде: „1913 жылы Калмыков (Кінәз) қаласына жалғас Есім төбесі деген жерде оба ауруы шығып, соны тоқтатуға барған бір азаматтың шығарған өлеңі” делінген. Ел ішінде бұл өлеңді Халел шығарған деген әңгіме бар ("Егеменді Қазақстан", 02.11.1991).

Кейінгі бір мақаласын Халекең „Аурудың жауы тазалық, қазақ-қырғыз секілді басынан ауырлық, кетпейтін елеғе оның себебін ойлау керек. Арамыздағы аурудың себебі лас, нас тұрмысымыздан”, — деп аяқтайды.

Халекеңнің оба туралы жазған еңбектері бірнеше. Халық үшін санитарлық-агарту мақсатымен жазғандар бір бөлек. Оба туралы елге жалпы түсінік беру үшін жазған еңбегінде басты-басты тарау ретінде „Оба қандай ауру”, онан кейін „Оба құрты не?”, „Оба қалай жұғады?”, „Обаның түрлері”, „Обаның орындары”, „Қазіргі оба қайдан келген?”, „Обадан қалай сақтану керек?”, „Оба таралмас үшін қандай шара қылу керек?” деген 9 бөліммен жарияланған. Басынан аяғына дейін жүйемен, қысқаша, бірақ толық түсінік беру арқылы өте қауіпті де қатерлі инфекциямен құресу, онан сақтану, оны таратпау шараларын мейлінше терең жеткізіп бере білу үшін білім мен қаламгерлік қабілеттен басқа тұған халқын шексіз сүйе білу керек сияқты. Сонымен бірге Халекең жазған мақалалардыңғылыми жағынан дәлдігі мен терсіндігіне на-зар аудармақпаз.

„Оба жұқпалы аурудың ішіндегі ең жұқпалысы. Оба ауруы тез жұғып, тез өлтіреді. Обаға ем жоқ, дегендей. Қойға топалаң тиген қандай болса, адамға да оба соңдай.

Оба ертеден бар ауру. Айсадан 435 жыл бұрын гректің Фокидет деген адамы елінде болған бір індеттің белгілерін жазып кеткен. Тексергенде бұл оба болып шығады. Бұл індет Абиссиниядан (Хабалустаннан) басталып, Мысырға, Парсыға жайылып, грек жеріне келіп, ел ішін қызырып, көп қырғын тапқызған. Сол заманнан бері он-жыырма жылда бір рет жер жүзінде оба ауруы біліне беретін болған, жүрген жерінде елді қырып кете берген. Он төртінші ғасырда оба Аурупаның ішіне жайылған. 1346 жылы басталған оба Аурупаны 36 жыл кезген. Обадан Аурупа елінің төрттен бірі қырылған. Италияның жалғыз Флоренсия деген қаласынан 1348 жылы тоқсан алты мың, 1359 жылы жұз мың адам өлген... (әрі қарай да деректер мен статистикалар келтірілген — Б. X.). Обаның құрты көзге көрінбейтін, түркы бір микромиллиметрдей нәрсе. Өте өскелең келеді. Қараңғы, дымқыл орында көпке дейін өлмейді. Жел мен шуақтан тез қырылып қалады. Обаның құрты суыр, сарышұнақ, тышқан, атжалман секілді кемірушілерге өте өш болады. Адамға да оба көбіне осы тышқандардан жұғады. Шыбын, қандала, бүрге, бит, құмырсқа секілді жануарлар обаның құртын кемірушілерден адамға жүқтүруга себепкер болады. Білгіштердің тәжірибесіне қарағанда, кептер, торғай, жылқы, сиыр, қой, ешкі, шошқа, мысық, ит секілді жануар.

арларға оба жүқпайды. Түйе туралы талас бар... (қазірде түйенің обамен ауыратыны дәлелденді — Б. Х.).

Адамнан адамға оба қақырықтың, нәжістің, қанның тиоінен, биттің, қандаланың, басқалардың шағуынан жұғады".

Бұл берілген деректер осы күнге дейін өзгеріссіз, осы қалпында қалуда. Фалым-дәрігердің келелі еңбегінен қазіргі оқырмандар мен оқушылар жеткілікті және толық мағыналы білім алатынына күмән жоқ.

Енді обаның түрлерін, клиникалық симптомдарын суреттеуін, қалай жайылатынын т. б. жақтарын, бұл жолы бейнелемей, бірақ обаның эпидемиялық, эпизоотиялық орындарын Ю. Высоцкийдің жіктеуіне сүйене отырып, Қазақстан ішінде де ошақ барын өзі дәлелдеп, кеңіте қосқанын келтірейік: „Высоцкий деген профессордың айтуынша, осы күнде жер жүзінде обаның өнебойы болып тұратын орындары бар: 1. Африкада Ніл басында. Бұл оба Ніл бойына, Мысырға, бүкіл Африкаға жайылып тұрады. 2. Арабстан түбегінің күнбатыс жағасында, Мекке қаласының түстік батыс жағында. Бұл орын 12-ғасырдан бері белгілі. Осы жерде 19-ғасырда он бір рет оба болды. Бұл орыннан оба бүтін Арабстанға жайылады. 3. Фрат-суннің басында, Кавказ, Анатолы, Иран арасында. Бұл орыннан Түркиеге, Кавказға, Персиеге, Фратджеле бойла-рына тарайды. 4. Үнді, Фаныф, Брамапутр деген сулардың басында Аңдықта (Үндістанда), бұл орыннан оба бүтін Аң-дыққа жайылады. 5. Қытайдың Ионан деген аймағында, Куйнлен тауында. Осы орыннан күнгей Қытайға (Кантон, Гангкок) тарайды. 6. Күншығыс Монголияда Сылаңғы суының бойында. Бұл орыннан Манжурияға, терістік Қытайға жайылады. 7. Байқал көлінің күнгей жағында Монголияның шөлінде. Бұл орыннан терістік Қытайға тара-са керек. 8. Һіндкөш тауында. Бұл орыннан Ауганға, Түркістанға, Беніш, Абқа, Арабстанға жайылады. 9. Тянь-Шань тауларының ішіндегі Алатауда обаның үясы бар. Осы үядан шыққан обадан 1898 жылы Атабындағы (Нарын уезіндегі) қырғыздар арасында ауру өлді. Самарқанд облы-сындағы Анызоб деген жерде болған оба да осы үяда пайда болған деп жорылады. 10. Обаның онынши үясы Еділ-Жайық бойындағы қазақтардың арасында. Бұл орында оба өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бері қаратада үзілмей келеді. Бүтін Бекейлік, Орал, Ілбішін, Гурьев (Аты-рау) уезі обаның орын алған жерлері. Жыл сайын бұл

орындарда білінбей қалмайды. Обадан қырылып, жоқ болған ауылдар бар...

Бұл індегітің жайлайтын шамасы Әмудария бойы, Арап теңізі, Қызылқұм, Хауа жерлері. Соңдықтан, Әмудің жағасындағы елдер, Қазалы, Ақ мешіт, Қызылқұм елдері өте сақ болуы керек".

Оба жөнінен Халекеңнің орыс тілінде жазған „Как бороться с чумой киргизского народа" деген кітабы эпидемия басталған кездегі жұмыстардың көлемін ең тез және түрдем қамтитын практикалық нұсқау, сонымен қатар ол терең де, жан-жақты жазылған ғылыми еңбек. Бұл еңбек 1915—1916 жылдары дайындалып, 1918 жылы баспадан шыққан. Кейін 1924 жылы Ташкент қаласынан екінші басылымы жарық қөрді. Кітаптың сол кездегі екі рет басылышы себебі, оның сапасының жоғарылығы, оба эпидемиясында жұмыс істеушілерге өте керектігі. Тап осы жылы, яғни 24.05.1924 Денсаулық Сақтау Халық Комиссариатының №145 Бұйрығында — "Денсаулық Сақтау Комиссиариаты Коллегиясының мүшесі X. Досмұхамедұлы эпидемиялармен (обамен) күрестің Орталық Комиссиясының Төрағасы болып тағайындалсын" делінген. Осының өзі оның оба ауруымен күресті жете білетін бірінші маман дәрігер екендігін дәлелдеп еді.

Халекең кітабының ерекше мағынасын мына бір Мәскеуден келген хаттан да білуге болады: г. Ташкент, Казпредставительство. Д-ру Досмұхамедову X.28.01.1925 г. В целях использования Вашей „Инструкции по борьбе с чумой, просьба не отказать, выслать по 2 экземпляра. Сан.— эпид. управления НКЗ (Москва. М. Черкасский, дом 8).

Осы орайда кітаптың 1-басылымына алғы сөзben таныстыра кеткіміз келеді: „Халел Досмұхамедұлының ғылыми еңбегі обамен күреске арналған қазіргі кездегі бірден-бір толық анықтама кітап. Ал осындағы құрал, әсіресе обамен алғашқы рет көздескен дәрігерлер үшін өте керек еді.

Қазақ даласында обамен күрес жүргізген басқа адамдар да өздеріне оба болғанда не істеу керектігі жөнінен нақты нұсқаулар таба алады.

Халекеңнің оба жөнінде бұрын-соңды жазылған ғылыми әңебиетті жете білетіндігімен қоса жеке өз басының бірнеше қайта обамен күреске қатынасуы кітаптың бағасын ерекше арттырады.

Кітапты жарыққа шығару алдында Орал облыстық земство басшылығы арнайы комиссия құрып, еңбекті тексеру-

ге тапсырма берген еді, ол комиссияға Халық Денсаулығын Сақтау бөлімінің бастығы А. В. Генке, оның көмекшісі И. Т. Қашқынбаев, обаға қарсы жұмыс бөлімінің меңгерушісі И. А. Калинин және бактериологтар Г. И. Кольцов, И. И. Богословский, ветеринарлық дәрігер Ш. Ю. Кусябашев пен В. С. Юркевич кірді.

Комиссия редакцилық тұрғыдан ешқандай өзгеріс енгізбей, үш отырыста Халел Досмұхамедұлының еңбегін жете тексеріп және оның кейбір жерлеріне аздаған өзгерісті басылымға тек ескерту ретінде кіргізді.

Еңбектің өзін Комиссия мәселені жан-жақты түтел қамтыған және Орал облысындағы обамен құреске нағыз пайдалы кітап деп тапты".

Комиссия төрағасы А. Генке.

Енді еңбегінің орыс тілінде 2-басылымына Халекеңнің өзі жазған алғы сөзбен танысып көрелік:

„Предисловие к 2-му изданию.

Настоящий труд был мною написан в 1915-16 гг. Причина его появление было следующее:

Чумная эпидемия обыкновенно появляется внезапно и большей частью в заколустных уголках. Среди населения данного района начинается паника, которая как-то незаметно охватывает и лиц, долженствующих руководить борьбой с эпидемиями.

Несмотря на эпидемичность чумы в Киргизской степи всякая вспышка заставала власть врасплох. Большинство административных лиц не знало в точности, что им делать и, боясь „упустить“, обыкновенно перебарщивало в принятии „мер“. „Для борьбы с чумой врачей не нужно“ — заявил один опытный царский исправник (уездный начальник).

Медико-санитарный персонал, впервые борющийся с чумой, часто встречал затруднение, не зная, как начать работу, так как обстановка и условия мест появления чумных вспышек зачастую бывали резко отличны от привычных.

Неполное знание своих прав и обязанностей каждым из участников в борьбе с чумой лиц очень часто приводило к различным трениям и недоразумениям, пагубно отравлявшимся на самой борьбе с чумой.

Всякая вспышка чумы — тяжелое время для Государства и страшное бедствие для местного населения, а потому она должна быть ликвидирована в самый короткий срок.

Всякий участвующий в борьбе с чумой также, как и участники войны, точно должны знать свои права и обязан-

ности. Между тем, в русской литературе до сих пор нет по этому поводу исчерпывающего сборника — руководства. Имеющиеся материалы разбросаны, участнику нет возможности познакомиться с ними.

Настоящий труд является попыткой хотя немного устранить этот пробел. Эта книга не есть сборник официальных распоряжений и постановлений правительства, а является выработанным на основании опыта перечнем прав и обязанностей каждого участника в борьбе с чумой, не противоречащий существующим узаконениям, перечнем, согласованным с современными требованиями медико-санитарного дела и более или менее подходящим к бытовым условиям киргизской жизни...

Хотя это руководство предназначено для борющихся с чумой среди киргизского населения (оседлого и кочевого), но оно, думаем, не будет бесполезной и при борьбе с чумой, вспыхнувшей в настоящее время в Туркестане.

Халел Досмухамедов. 29.IV.24 г."

Бұл алғы сөзде бәрі де анық және түсінікті айтылған, осының алдында Халекенің қазақша жазғандарына қалай сүйсінсек, орыс тілінде жазғаны да өте жатық, көркем, әрбір ой оқушыға бірден-ақ еркін жетіп жатыр.

Кітапша 48 тараудан құралады, әрбір тарауда бірнеше тармақпен нұсқау беріліп, міндеттер айтылады, құқықтар көрсетіледі. Артық болмас деген оймен тараулардың тізімін бере кеткенді жөн көрдік. 1-тарауды үлгі үшін түтел көрсетпекпіз.

„1-тарау. Участкелік дәрігердің міндеттері: 1) Ауру шыққан жерге тез арада жетіп, науқастың сипатын анықтайды. 2) Ол өзімен фельдшерді алып барады, гидропульт, шумаға киетін костюмдер, бұхырлайтын дәрмектерді, 1-2 санитарды 20 адамды эвакуация жасау үшін алып барады. 3) Дәрігер келген бойда аурудың қандай екенін анықтайды және оның пайда болу хикаясын біліп алуға қызмет жасайды. 4) Оба ауруы барына күдік пайда болса, дәрігер тез арада сау адамдарды және дені сау сияқты адамдарды ауырган кісілерден бөліп, мүмкіндік болса, оларды түгелдей, не алдын ала эвакуация жасап, ал ауруларға медициналық жәрдем береді. 5) Дәрігер аурухана ашу үшін түрғын бір үй-жайды белгілейді, болмаса бақылау пунктін ашып, онан әрі сыртқы және ішкі қоршауды қай жерге қою туралы әкімшілік нұсқау береді. 6) Сонан соң дәрігер фельдшерге, санитарларға және

жұмысшыларға эвакуациямен апаратын жерге керекті заттарды апарып жеткізуге тапсырма береді. 7) Аурудың сипатын анықтаған соң, дәрігер Денсаулық Сақтау басқармасы мен Облыстық Денсаулық Сақтау бөліміне эпидемия шығу тарихын баяндайды, өлгендер, аурулар, ауру сияқтылар санын және сау адамдар санын айтып, істелген жұмыстарын баян етеді. 8) Сол баяндамада ауру шыққан жерге іс сапармен қанша дәрігер, фельдшер және санитарлар келуі керегін көрсетуі тиіс. 9) Алда, ерекше тапсырмалар келгенше, учаскелік дәрігер енді ошақтағы дәрігердің жұмысын атқара береді".

Осылай нықтап жазылған міндеттемелер, құқықтар, жұмыс тәртіппері басқа тарауларда да өте дәл турде келтірілген. Айта кететін жай, осы құндерде де оба шықты деген хабар, құдік болса, сол жердің дәрігерінің амалдары осылай басталуға тиіс.

Оба болғанда басқа мамандықтар мен қызметтердің бірлесіп істейтін жұмыстар да қазіргі заманда өзгеріп жарайған жоқ, сондықтан кітаптағы өзге тараулардың тек атын ғана келтіре отырып, бұл жұмыстың қашшама күрделі екенине назар аудармақпыз.

2-тарау. Ошақтағы дәрігердің міндеті мен құқықтары

3-тарау. Фельдшердің міндеттері

4-тарау. Санитарлардың міндеттері

5-тарау. Өз басын аман сақтау шаралары

6-тарау. Обаға қарсы арнаулы заттар қоймасы

7-тарау. Оба ошағы

Оба ошағы деп ауру шыққан әрбір үй, бірнеше үйлер, қыстақтардың айтады. Онда медицина қызметкерлерінің орны, обалық аурухана, бақылау үйлері т. б. болуға тиіс. Оба ошағы сырттай қоршаулы болу керек (көбінесе бұл қоршауға армия шақырылады).

8-тарау. Эвакуация, изоляция, бақылау

9-тарау. Изоляциялық үйлер

10-тарау. Обалық аурухана

11-тарау. Өлгендерді жерлеу

Өлгендерді 24 сағат ішінде жерлеп бітіру керек... Мұсылман дінінде жаназа шығару, құран оқуды өліктен алысырақ тұрып өткізуге рұқсат бар, шарты — тек өлік көзге көрініп жатуы керек. Сондықтан да дауыстал оқуды өлікті көрге салардың алдында жасау керек, бірақ, молда мен оның қасындағы адамдар алыста, жұқпалы аурудың жұғуы мүмкін емес жерде түрулары тиіс.

12-тарау. Обалық бейіт

Басқа бейіттерден бөлек болуы керек. Ол түрғын үйлерге бір шақырымнан жақын болмасын. Көрдің тереңдігі З аршын болсын. Бейіттің жоғарғы жағында бір аршынға тең қорған болуы керек...

13-тарау. Өліктерді өртеу

Тек ерекше жағдайда, туыстары мен ауылдастарының рұқсатымен...

14-тарау. Аурулардың, оқшауландырылғаны мен бақылау астындағылардың тамақтары. Тамақтану тәртібі

15-тарау. Обамен қүресте жүрген медицина және әкімшілік қызметкерлері, жұмысшылардың тамақтары

16-тарау. Өртеген заттардың құнын төлеу тәртібі

17-тарау. Отпен бұхырлау, болмаса заттар мен үйлерді өртеу

18-тарау. Киіз үйлер мен жер үйлерді бұхырлау

19-тарау. Мал мен басқа үй жануарларын бұхырлау

Егерде мал мен үй жануарларының үстіне ауру адамның бойынан шыққан заттар тимеген болса, олар бұхырлауға жатпайды. Егер бұхырлау керек болса, онда гидропультиен дезинфекциялық ерітіндіні олардың үстіне құйып-шашу керек...

20-тарау. Ақшаларды бұхырлау

21-тарау. Почта корреспонденциясын, қымбат қағаздарды және кредит билеттерін бұхырлау

22-тарау. Астық, тары және басқа тағамдарды бұхырлау

Егер атжалман, тышқан тиғен болса, астық, бидай — бәрін жоқ, қылу керек, ал иесіне олардың тек құны төле nedі.

23-тарау. Малдардың терісін, етін, сүтін т. б. бұхырлау

24-тарау. Құтуші жұмыскерлер

25-тарау. Обаға қарсы топтардың, обамен ауыратындардың, оқшауландырылғандар мен бақылау астындағылардың тұратын үйлері

26-тарау. Оба эпидемиясын басудағы шығындар... бәрі... Денсаулық Сақтау Комиссариатынан, оған қаржыны Орталық Үкімет береді...

27-тарау. Тәуліктік және жүріп-тұруға тиесілі ақша, жалақы және жол ақысы

28-тарау. Қоршау мен қарауыл

29-тарау. Еңбек ету, зат тасу міндеттері

30-тарау. Қарым-қатынас және жүріс тәртіпптері

31-тарау. Шаруашылық меңгерушісінің міндеттері

32-тaraу. Уезд милициясы бастығының міндеттері мен құқықтары

33-тaraу. Аудандық участекелік милиция бастығының міндеттері

34-тaraу. Облыстық милиционерлердің міндеттері

35-тaraу. Ауыл атқару комитетінің міндеттері

36-тaraу. Ауыл және облыс қоғамдарының міндеттері

37-тaraу. Болыстық атқару комитеті міндеттері

38-тaraу. Уезд атқару комитетінің міндеттері мен құқықтары

39-тaraу. Облыстық атқару комитетінің міндеттері мен құқықтары

40-тaraу. Уезд Денсаулық Сақтау бөлімінің міндеттері мен құқықтары

41-тaraу. Облыс денсаулық сақтау бөлімінің міндеттері мен құқықтары

42-тaraу. Эпидемиялармен құресуші уездік, облыстық орталық комиссиялар

43-тaraу. Денсаулық Сақтау Халық Комиссариатының обамен күрестегі үәкілінің міндеті мен құқықтары

44-тaraу. Бактериологтардың міндеті

45-тaraу. Обалық-санитарлық жиналыс

46-тaraу. Обаның тез басылуы және оның шығуының алдын алуға жәрдем беретін жалпы жағдайлар

47-тaraу. Обаға қарсы оның алдын алу шараларының жалпы жоспары

48-тaraу. Бұхырлау жөніндегі әдебиеттер (Сысин мен Перуанский бойынша)

Әрбір тараудың атына қарап отырып-ақ, оба эпидемиясы шыққанда қаншама әрқылы жұмыстар істелуі керек екенине көз жеткізуге болады. Жасы отыздан жаңа асқан дәрігердің осындей келелі еңбек жазғаны, ғылыми-практикалық, түрғыдан қарағанда, бұл еңбектің кейінгі ондаған жылдарда да өз мағынасын жоғалтпауды оның ерекше құндылығын дәлелдейді.

1967 жылы Қызылорда облысы, Арас ауданында болған чума оқиғасы кезінде істелінген шаралардың бәрі де осы Халел Досмұхамедұлы кітабындағы жазылған нұсқаулар бойынша жасалды. Бір ғана айырмашылығы: көлік жұмысының алға дамығаны — атарба, мінбес көліктің орнына автомашиналар, вертолеттер жүріп тұрды. Бұл обаның әңгімесі тез басылды, себебі ауруға диагноз бірден қойылып, тез арада дабыл қағылды, өлген адам біреу ғана болды. Мәдениеті мен экономикасы дамыған елде белгілі

тәртіппен жүйелі жұмыстар істеліп өте жүқпалы аурудың таралуына жол берілмеді. Әрине, оның үстіне ондаған жылдар бойы оба эпидемиясы бар облыстарда обаға қарсы станциялар келелі жұмыс істеуде және Алматы қаласында обаға қарсы Ортаазиялық ғылыми-зерттеу институты орынды профилактикалық шаралар қолдануда еді. Қалай болғанда да, 30-жылдардан бері Қазақстанда обаның айтарлықтай үлкен эпидемиясы бола қойған жоқ. Оның себебі обамен куресте үкімет пен жергілікті органдардың, медицина мекемелерінің ойдағыдай жұмыс жүргізгені, елдің қоғамдық дамуы мен экономикасының ілгері басқаны, сонымен қатар Халелдің оба туралы жазғандары тиісті нәтижелер берді дей аламыз. Терең мағыналы, келелі еңбек өз авторының сонынан көптеген жылдар өмір сүре береді.

„Енді осыдан былай қарай аурулардың... түрін көрсетіп, қалай болатынын айтпақтыз“,— деген Халекеңнің қазақ арасында сол кезде және бір жиі тараған жүқпалы ауру — "сары кезік" туралы ойы екен. Сары кезік — сүзек (орынша брюшной тиф), осы кезде оны „іш сүзегі“ деп те атайды. Бұл ауру туралы жазғандарында да ғалым дерптің атын айтып, түсін түстеген, аурудың белгілерін дәл бейнелеп суреттеген. Автордың өз жазғанының қысқаша ғана бөлігін оқып көрелік:

„Сары кезік ұзақ ауру. Бұл аурумен ауырған кісі бір ай, ай жарым тәсек тартып жатады. Науқас болған кісінің басы ауырады, әлі кетеді, тамақ ішкісі келмейді, тұла бойы қыза бастайды. Үш-төрт күннен соң жатып қалады. Аз-кем сандырақтай бастайды. Тұла бойының қызыу күндізгіден кешке, тұнде көбірек болады. Тілі ағарып, не қоңырайып, ерні жарылып кетеді. Алғашқы уақытта көбіне іші жүрмейді. Іші қолмен басқанда оң жақ шаптың үстінен ауырсынады. Іші қорылдайды. Ауруы күннен күнге қатаяды. Өстіп бір жеті өтеді. Ауыра бастағаннан санағанда бірінші жетінің аяғында, екінші жетінің басында байқаған кісіге кіндік айналасында қызығылт дақтар білінеді, қолмен басқанда бұл қызылдар батып кетеді, қолды алса қайта шығады. Үш-төрт күннен соң, бұл қызылдар жоғалады. Екінші жетіде ауру салмақтанады, сандырақтауы көбейеді, есі ауады. іші өте бастайды, артынан жүргені сары түсті болады“.

Шамасы, іш сүзегінің „сары кезік“ деген бұрынғы аты осы іші өте бастаған кездегі нәжісінің түсіне қарап қойылған болса керек. Мақаланың тілі жатықтығын,

қысқа түрде дәл баяндау шеберлігін пайдаланып, қазірде-ақ лекция оқыған ғалымның осыны өзгертпей айтып беруіне болар еді.

„Кезіктің ұзақтығы да, қаттылығы да түрлі-түрлі, кейбір уақытта кезік жеңіл болып, бір-екі жетіде жазылады, мұны келте кезік дейміз. Кейбір уақытта кезік қатты болып, өлім көбейеді, мұны қатаł кезік дейміз. Кезік жеңіл болсын, қатты болсын, жүқпалылығы бірдей. Кезіктен сақтану керек. Кезіктің нағыз емі ауырған кісіні жақсы бағып-күту. Мұны естен шығармау керек. Сары кезіктің бір ғаламаты, үш-төрт жеті ауырып тәуір болған соң, бір жеті — он күн тәуір болып тұрып, ауырған кісі енді жазылды дегенде қайталап ауыра бастайды. Қайталған аурудың ұзақтығы 10-15 күнге созылады. Төсектен ерте тұрған, шайнама та-мақты көп жеген қайталап қалуға себеп болады”.

Қазір де дәл осылай, аурудың клиникалық белгілерінің де, оның асқынуларының да 70-80 жыл ішінде өзгергені шамалы. Эрине, ғылым мен техниканың дамуына байланысты, осы күндеңі диагноз, ерте диагноз қоюдың мүмкіншіліктері көбейді. Ауруды емдеу жөнінде де науқас адамды төсскте күтумен қатар, әр түрлі антибиотиктер, басқа да жақсы әсер беретін дәрі-дәрмектер көбейді. Алдын алу жолында да өзгерістер мен мүмкіншіліктер артты. Сары кезік сол кездегідей үлкен эпидемиямен тарамайтын болды, оның себебі де мәдениет, тұрмыс, экономиканың сол кездегі заманмен салыстырғанда әлдеқайда тәуірленгеніне байланысты.

Алайда алдын ала егу жұмысы жолға қойылмаса жүқпалы аурулардың бірден көбейіп кететін қаупі әзір тұрады. Соңғы жылдарда көптен болмаған тырысқақтың (холера), дифтерияның бас көтере бастағаны мәлім. Бұл тұрғыдан алғанда Халекең көрсеткендей, іш сүзегі, оба, тағы басқа жүқпалы аурулардың барын біле отырып, „аурудың жауы тазалық“ деген оның аталы сөзінің мәніне қайта бір үңілудің артықтығы жоқ.

„Отырықшы болған елге жұртын таза ұстау керек. Біздің қазақтың жер үйі құрттың үясы деп айтса да болады. Мұнда жүқпалы аурудың құрты бір кірсе, қайтадан оны жоқ, қылу аса қыын һәм оған көп уақыт керек. Ілбішін уезінде болған обада жер үйлерді өртеуге тұра келді... Денсаулығына, аурудың, әсіресе жүқпалы аурудың аз болуына, киіз үйде отырған, көшіп жүрген жақсы... Қазақ, қала болып, қәшуді тастап, осы күнгідей жер үйлерде тұратын болса, жүқпалы аурудың құртымен айрылмastaй достаса-

ды... Көшуді тастап қалада отырған қазақтардың жайы бізге мағлұм, бұлардың түрмисын құдай басқа бермесін,— деп есік-терезесі кең ашылмайтын, іші ақтап-сылауға келмейтін, дымқыл, жарығы аз, канализациясы жоқ, жер үйлерді айтқан ғой.

Жұқпалы аурулардың түрін көрсету үшін Халел „теңгे қотыр” (сифилис) ауруына арнап мақала жазған. „Қолында теңгे қотырдың жарасы бар бір қонақ, түскен ауылының табақтасы болған, ет асаған, сарқытын жеген, орамалына қолын сұрткен тағы талай адамдарға өзі білмей отырып сыйлап кетеді”,— деп аяқтайды автор қазақ арасында бұрын кездескен, түрмис-аралас жолымен тарайтын сифилистің түрін.

Темір уезінде участекелік, кейін Ойыл селолық дәрігерлік участекеде дәрігер қызметін атқарып жүріп, оның жоғарыда айтылғандай бірнеше санитарлық-гигиеналық тақырыптарға арнап, халқының түрмисы, әдет-ғұрпы, қоғамдық құрылышына бейімдеп жазған үш-төрт жыл ішіндегі танымдық-насихаттық сан-салалы еңбектері ел үшін өте қажет болды.

Осы еңбектердің және бір ерекше маңызы — осыған дейін қазақ арасында таралатын басылымдар бетінде санитарлық үтіт-насихат жұмысы жүргізілмеген еді, ал оны ең бірінші жүргізген, сөйтіп осы тараптан едің сауатын алғаш рет ашқан дәрігер — Халел Досмұхамедұлы.

Медициналық қызмет пен ғылыми-ұстаздық жұмысқа Халел осыдан кейін біраз үзілістен соң қайта оралады... Ол 1920 жылдың аяғында Ташкентке келіп Қазақ Халық Ағарту институтына оқытушы болып жұмысқа орналасады. Осымен қатар, ол әуелі Ташкенттің табиғи тәсілдермен емдеу институтында, онан кейін Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетінің хирургиялық ауруханасында ординатор болып қоса жұмыс істейді.

„Алайда Х. Досмұхамедұлы халықтың түгелдей сауатсыздығына, гигиена-санитарияның елде ешқандай нұсқасы жоқтығына шыдай алмайды. Сөйтіп ол ординаторлық жұмыстан “өзімді қазақ, елін сауаттандыру үшін ғылыми-педагогикалық іске арнағым келеді” деген арызбен босанады да, Қазақ ғылыми комиссиясы төрағасының әуелі орынбасары, кейін төрағасы болып нақты жұмыс істейді. Осы комиссияда оның басшылығымен мектептердің құрылымы мен бағдарламаларының жобасы, ғылыми терминологиялар жасалады” (А. Мамаев. Қазақстан деңсаулық сақтау журналы, 1958, №10.).

Ташкентте болған жылдар (1920-29) Халекеңнің үйымдастырушылық, шығармашылық талантының жарқырап көрінген, сүбелі еңбектер жазған кезеңі болды. Осы жылдарда ол қазақ мектебі үшін ең алғашқы биология мен медицина негіздерін оқытуға арналған оқулықтар жазады. Тек 1922 жылдың өзінде оның „Табиғат тану“ (I-II сатыдағы қазақ мектептері үшін оқулық); „Жануарлар“ ("Зоология"). I бөлім, Омыртқалылар. Қазақтың II сатыдағы мектептері үшін оқулық. Бұл оқулық кейін 1927 жылды 2-басылыммен және шықты. „Жануарлар“ (Зоология). II бөлім, Омыртқасыздар (бұнақаяқтылардан өзгесі). Қазақтың II сатыдағы мектептері үшін оқулық. Бұл оқулық та кейін 1927 жылды қайта басылып шыққан. „Жануарлар“ (Зоология). III бөлім (бұнақаяқтылар). Бұл I және II дәрежелі қазақ мектептеріне арналған оқулық, сол жазылған жылды шықпағанымен, 1926 және 1927 жылдары екі рет басылып, үлкен оқулықты оның соңғы бөлімі ретінде толықтырды. „Оқушының саулығын сақтау“ деп аталатын кітапша 1923 және 1925 жылдары екі рет жарық, көрді. I сатыдағы мектеп оқушыларының гигиенасын түсінікті тілмен тартымды әңгімелейтін осы аударма кітапшаны дәрігер Халел Досмұхамедұлының өзі қосымша кеңейтіп, елінің жас өспірімдері деңсаулығын сақтау үшін жасаған үлкен еңбегі деп бағалау қажет. Кітапшаны оқып қарайық.

Бірінші басылымына алғы сөзде Халекең былай депті:

„Оқушының саулығын сақтау“ деген осы кітапшаны Голландия үкіметінің тапсыруы бойынша, нағыз білгір деген дәрігерлер жазған еken. Кітапшада мектепте саулық сақтау шарттары насиҳат ретінде жазылған. „Мынау зиян, мынау пайдалы“ деп ұстаздары шәкірттеріне айтып отырған. Кітапша Еуропа көлемінде жүлде алған, шет тілдерге тәржімеленген, оны Голландия халық ағарту министрлігі барлық мектептерде қолдануға міндеттепті. Біз қазақшага аудардық, өзіміздің тұрмысымызға сәйкестендірдік, біраз қосымшалар кіргіздік.

„Оқушының саулығын сақтау“ жөніндегі ақыл-кеңестерді деңсаулықты сақтауға үйрететін толық құрал ретінде қарауға болмайды. Эйткенмен, осында айттылған шарттарды орындаپ тұрсақ, жас буынның тазалықты сақтап, бойларын күттеге едәуір себеп болар еді деген ойдамыз.

Қазақ-қырғыз мектептерінде саулық сақтау жұмыстарының нашар екеніне күйініп ана тілімізде ол жөнінде

ешбір құралдың жоқтығын ескере келіп, осы кітапшаны басып шығаруды жөн көрдік.

Мұғалімдерге де, шәкірттерге де пайдасы болар деген үмітіміз бар.

Досмұхамедұлы Халел".

Кітапшаның мазмұны „Құлағың сау болсын десең”, „Мұрның сау болсын десең”, „Тынысың сау болсын десең”, „Көзің сау болсын десең” деп аталатын бағытта жазылған ақылнамадан тұрады. Бұл айтылған оқушы гигиенасының ережелері осы кез үшін біршама таныс, жүртқа белгілі тәртіппер сияқты көрінуі мүмкін. Алайда бастауыш кластың балаларына тәрбиешінің, мұғалімнің, атананың осы нұсқау ережелерді орындатуы қын болмаса да, олар ұқыптылықты, тәртіпті керек ететін жұмыс. „Гулеңен желден сақтан, әсіресе бойың жылып, терлеп отырганда ауа терезеден, есіктен кіріп, қарсы есіктен, не терезеден шықса үйдің ішін жел гулеп кетеді. Осы желді гулеме дейді”. „Арақ, боза секілді есірткі ішімдікке жолама, наша шекпе, көкнәр жеме, диуана боласың”. „Темекінің өте зиянды екенін ұмытпа”. Насихат ретінде жазылған осындай кеңестер кітапшада өте көп. Бұлардың бәрі қазақ мектебі үшін ең алғаш жазылған, өте орынды гигиеналық шарттар. Тіпті қазіргі кездің өзінде оқушы гигиенасын сақтаудың осы шарттары толық орындалып жүр ме?

„Жұмыс уақытында көзің талса, жұмысынды қой да, көзің демалғанша (талғаны басылғанша) терезеге қара, терезеден ашық аспанға қара”. „Ертс жат, ерте тұр, оянған соң еріншектеніп жатып алма”. „Тұнде ұзак, отырып істеген ми жұмысы адамның үйқысын бұзады, адамды ұмытшақ, етеді”. „Өзінде, тамағынды таза ұста, ішкен-жеген сайын және ертеңінде, кешінде аузынды тазалап шайып отыр. Аузынды таза ұстасаң, тіс ауруының көбінен құтыласың”. Кейбір осындай айтылған ережелер бала үшін жаңа тәртіп, ал кейбіреуін тіпті ұлken кісі білмеуі, не ұмытуы мүмкін. Көз талғанда терезеге, онан аспанға қарау көзді тез демалдырады, оны бәрі біле ме, білсе солай істей ме? Болмаса адамның ұмытшақ бола бастауы тұнде үйқытамағанынан, ми жұмысымен тұнде айналысқанынан екенін ойлаймыз ба?

„Тұла бойынды, ең болмағанда мойнынды, көкірегінди, арқанды күнде салқын сумен жуып тұр. Көнбісті боласың”. Осы ережені оқушыға Халел бірінші айтқан, оны орындау-

шылар көп пе? Ал осы күнгі Порфирий Ивановтың мұздай сүмен шынықтыру әдісі жоғарыда Халел айтқаннан мұлдем ерекше ме? „Шомылуға қолайлы уақыт сәске мен намаздығер (екінді) мезгілі. Тал түсте, күн қызып түрғанда суға түспе“. Ал осы күндері: „суға сағат 11⁰⁰-ге дейін, не сағат 17⁰⁰-ден соң түсініз. Талтүсте күн сәулесінің радиациясы өте жоғары болады. Байқаңыз!“ деген жазулар көлдердің жағасында, жағажайларда жазулы тұратынын аңғарамыз. Бұл ереже де Халел заманында белгілі болған, соның өзін ол „Оқушының саулығын сақтау“ кітабына кіргізген екен. Бір сөзben тұжырымдасақ, қазірдің өзінде осы кітапшаны әр ата-ана үйіне алып қойып, сол бойынша баласын гигиеналық әдет пен тәртіпке үйде үйрету үшін пайдалануына болады.

Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетінде Х. Досмұхамедұлы адам анатомиясы мен физиологиясы пәндерінен сабак берді. Осы кезде ол Ю. Вагнердің „Денеміздің түзілуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелер“ (1924) және „Өсімдіктердің тіршілігі мен түзілуі туралы әңгімелер“ (1924) атты кітаптарын қазақшаға аударып, баспадан шығарды. Бұған қоса 9 кітаптан тұратын „Жаратылыстану бойынша алғашқы білімдер“ (1924) деген өзінің үлкен еңбегін жазып, жариялады.

Қазақ тілінде II сатыдағы мектептер мен техникумдар үшін Халелдің өзі жазған „Адамның тән тірлігі“ (орысшасы „Анатомия и физиология человека“) оқулығы 303 бетпен 1927 жылы (Қызылорда-Мәскеу, 1927) жарыққа шықты. Осы кітаптың алғы сөзінде автор: „Адам денесінің қалай түзілгенін тексеріп, анықтайтын білімді “анатомия, не тән жүйесін тану“ деп атайды. „Анатомия“ грек деген халықтың тілінде „сою“ деген сөз. Бұл кітапта адамның дenesі туралы қысқаша ғана мағлұмат беріледі. Дененің неден, қалай болып жаралғандығын білумен дene тану бітпейді. Денедегі мүшелердің не үшін жаратылғандығын, мүшенің не үшін қызмет қылатынын білу керек. Адамның тірлігі дегеніміз — дененің тірлігі. Дененің тірлігі мүшелердің тірлігінен құралады. Денедегі мүшелердің жұмысын тексеретін, қымылдарын таныту білімін „тән тірлігін таныту“ не „физиология“ деп атایмыз. Дененің түзілісі мен тірлігін таныған соң, дene қайткенде дұрыс күйде болып, адам тірлігі қолайлы болады деген ой туады. Дененің саулығы мен мүшелерінің жұмыс жағдайын айтатын білімді

„саулықты сақтау білімі“ не „мектеп гигиенасы“ деп атайды”.

Халекеңнің анатомми, физиология және гигиенаға аса көніл аударуының, қазақ арасында бұрын болмаған ұғымдар мен түсініктерді жүйелеуінің негізгі себебі осындаи оқулық шығару еді. Соған желеу болған басқа себептер де бар сияқты. Сол кездерде Ресейде, өзі оқыған Петербургтегі Эскери-Медицина Академиясында медицинадан жоғары білім беру дегеннің өзі адам анатомиясын өте жақсы білдірумен тығыз байланысты жүргізілетін. Анатомияны білу медициналық ғылым мен дәрігерлік жұмыстың негізі саналатын.

Екінші жағынан, тап осы кезде бұрынғы анатомиядағы қалыптасқан бағыт — денені, мүшелерді „сойып“, оның қалай түзілгенін жазу, тану әбден тәмамдалып аяқталған кез еді. Бұрынғы анатомиядан гистология, эмбриология ғылымдары бөлініп шықты. Ал адам анатомиясы бұл кезде жаңа бағыт алып — функциялық анатомияға ауыса бастады, яғни дene тану, оның мүшелерінің қалай қызмет қылатынын, әр түрлі мүшелердің өзара байланысты қимылын, жұмысын зерттеу жолымен дами бастады. Мұның өзі анатомияның физиологиямен байланысын нығайтты. Осындаи бір-біріне тығыз байланысты және медицина дәрігері білімінің іргетасы болған, әрі өзі жете білген ғылымдарды Халекең қазақ оқушысына және болашақ дәрігерлерге толық жеткізуге тырысты. Х. Досмұхамедұлы жазған оқулықтың адам денесінің „Сүйек жүйесі“, „Сүйектердің байланысы“, „Ет жүйесі“, „Қимыл-зандылықтары“, „Қан жүйесі“, „Сөл-лимфа жүйесі“, „Тыныс, ас қорыту“ „Шагылыш-тұқым жүйелері“, „Жүйке жүйесі“ және „Сезім мүшелері“ деген салалары бар. Кітап 167 суретпен бейнеленген. Кітап сонында анатомиялық аталымдардың (терминдердің) қазақ тіліндегі алғашқы 466 баламасы берілген, осының өзі Халелдің жаңа бір ғылымның — қазақ тілі терминологиясының негізін қаласып, халықаралық атау сөздерді (терминдерді) ана тіліміздің өз мүмкіншілігін пайдалана отырып жазудың үлгісін көрсеткен ғалым екендігін білдіреді.

„Егер бұл кітап иесімен бірге ұзақ жылдар “абақтыда” болмағанда биология-медицина ғылымындағы төл анатомия мен физиология аталымдарының осы кезге дейін бір жүйеге түсуіне үлкен септігін тигізген болар еді“, деп жазады Халел қосқан үлестің молдығын айта келіп, профес-

сор Ә. Р. Шокин мен доцент Е. Б. Керімбеков ("Халел тағымы", Алматы, 1994, 18-бет).

Әрине, қазақтың ғылыми тілі көп жағынан дамымай қалғаны рас. Медицинада ғылыми сөздер соңғы жылдарға дейін негізінен орыс, латын тілдерінде болып келді. Ал ендігі жерде медицина институтының қазақ, бөлімінде оқу жүргізіле бастағалы ұлттық ғылым тілін байытуда ізденістер жасалып жатыр. Осыған дәлел, Ұлттық Ғылым Академиясының мүшесі-корреспонденті, профессор Алшынбай Рақышевтің „Адам анатомиясы“ (Алматы, 1994) деген оқулығы жарыққа шықты. Оның кіріспесінде Халел Досмұхамедұлының „Адамның тән тірлігі“ кітабы жөнінде автор: „Бұл еңбекте өте пайдалы, әрі құнды атаулар кездеседі. Әрине, Халел сияқты қазақтың атақты ұлдарының артқа қалдырыған еңбек, ой, пікірлерін дұрыс тексеріп, тарихи мән беру келешектің ісі“ деп жазады. Оқулықтың өзін автор „Халқымыздың тұңғыш оқымысты-медиктері, әрі мемлекет қайраткерлері Асфендияров Санжар Жапарұлы Мен Халел Досмұхамедұлының рухына арнаймын!“ деп бастайды.

Қазақ тілінде ғылыми аталымдарды Халекең табиғат тану мен зоологиядан оқулық жазғанда біраз қалыптастырыды. Ол: „Қазақ тілінде бұған дейін Ахметтің (Ахмет Байтұрсынұлы — red.) "Тіл құралынан" басқа ешбір ғылым жайында жазылған кітап болмады. Алдымызда үлгі болмаған соң, ғылым кітабын жазу өте қын соқты. Қазақ, тіл ғылым жолына шалынбаған, сөздері ғылым ретіне қарай жөндікпеген тіл. Сондықтан қазақ тілін ғылыммен таныстырып, ғылым жолына салатын заман келді. Ғылымды өз тілімізге аударғанда, ең керекті ғылым тіліндегі атауларды (термин) дұрыстап, түсінікті қылып аудару. Бұл өте қын жұмыс. Ғылым атауларына келісті ат тағу деген алғашқы уақытта көп қинаса да, өте қажет іс. Сөздің жүйесін келтіріп көркем қылып жазу да керекті нәрсе. Ғылым атауларына лайықты ат қою алғашқы уақытта тым қын болса да, бүтін ілгері болашаққа жол салмақ. Сондықтан алғашқы жазылған кітаптарда әсем қылып, сөздің жүйесін келтіріп жазудан гөрі ғылым атауларына лайықты атақ тағу жағын қарастыру керек дейміз“ — деп жазған екен (Жануарлар, 1927). Өмірінің соңғы жылдарында Халекең табиғат танудың орынша қазақша терминологиялық сөздігін баспаға дайындаиды.

1922—1924 жылдарда жазған еңбектері үшін X. Досмұхамедұлы бірауыздан Ресей Ғылым Академиясының

мүшесінен болып сайланады. Осы жылы ол Халел Досмұхамедұлының алқа мүшесі болып бекітіледі, онымен қатар осы Комиссариаттың ұйымдастыру-жоспарлау басқармасын басқарады. 1926—1928 жылдары Халел Досмұхамедұлы Жоғары педагогикалық институт (Казпедвуз) ректорының орынбасары болып қызмет істейді, доценттік курсы басқарады; осы қызметте жүріп мектептер жөніндегі санитарлық, дәрігер қызметін қоса атқарады және Қазақтың тәжірибе-улгілік тоғызы жылдық мектебінде (Ташкент қаласы) гигиена мен рефлексологиядан сабак береді.

Мемлекеттік ғылыми баспаның шығыс бөлімшесінің менгерушісі ретінде де Халекең ғылым мен мәдениет саласы бойынша қазақ тілінде басылымдар шығарылуының кең дамуына көмек жасайды. Осы жұмысы туралы оның жеке басының құжаттары тізімі арасында : „Орта Азия мемлекеттік баспасы осы баспаның коллегия мүшесі Халел Досмұхамедұлы жолдас өзінің екі жыл ішіндегі қызметімен қазақ тілінде оқулықтар және ғылыми оқу құралдарын Орта Азия Мемлекеттік баспасынан шығару жолында ерекше шығармашылық жұмыстар жасағанын куәландырады“ деген анықтама бар. (Орта Азия мемлекеттік баспасы, 07.06.24. № 2116 анықтама).

„Х. Досмұхамедұлының өмірі оның жоғары білім беру мен денсаулық сақтау жөніндегі жасаған екпінді ұйымдастырыш жұмыстарынан басқа, әрқылы ғылыми істерді атқару жөнінен де өнеге бола алады. Ол көптеген медицина... этнография, тіл білімі т. б. жөніндегі съездер мен ғылыми конференцияларға белсененді турде қатынасты. Х. Досмұхамедұлының артында қалған ғылыми жұмыстары биологияның, медицина, тарих, этнографияның, лингвистиканың әр түрлі мәселелеріне арналған. Осы жұмыстардың өте үлкен мағынасы бар, олар қазақ тілінде жазылып шыққан бірінші ғылыми деректер“ (А. Мамаев, „Қазақстандағы денсаулық сақтау жұмысы“, 1958, № 10, 64-бет).

Халел Досмұхамедұлы жазған көптеген еңбектер өзінің ғылыми құндылығын осы кезге дейін жоғалтқан жоқ. Өмірінің соңғы кезінде, 1930—1938 жылдары қуғын көріп, қудалауга түскенде, сөйтіп Воронеж қаласына жер аударылғаның өзінде ол биология, медицина, гигиенаға арналған ғылыми еңбектер жазды, медицинамен айналысты. Оның „Қазақ оқушыларының өсіп-дамуы“ (1930), „Жаратылыс тану терминологиясының орынша-

қазақша сөздігі" (1931), „Жас пионерлер мен оқушылардың жазғы лагері" (1933) т. б. еңбектері сол жақта жүргенінде жарияланған еді.

Воронеж қаласында Халекең Қоғамдық дәнсаулық сақтау және гигиена институтында бала және жас өспірімдер дәнсаулығын қорғау бөлімін басқарады, сонымен қатар осы қаланың Ворошилов атындағы ауданында аудандық дәнсаулық сақтау бөлімінде инспектор-мектеп дәрігері қызметін атқарады. Осы жылдардағы оның қызметіне Воронеждің қалалық дәнсаулық сақтау органдарының разы болып берілген құжаттары бар. Соның біреуі: „Профессор Досмұхамедов Х. Д. работает в 1-школе 10-летке с 1-го апреля 1933 г. За этот период он оказал большую помощь в школе в вопросах оздоровления детей" (Справка №0-5 7-XII-33 г.).

Атқарған қызметтері мен жазған шығармаларына қарап отырып Халекеңнің бұл бағыттағы еңбектерін бірнеше салаға бөлуге болады. Балалар дәнсаулығын сақтау, оларды аурулардан аман алыш қалу, балалардың жетіліп-өсуін қадағалау, балалар үшін оқу құралдарын жазу, сапасы жақсы оқулықтарды қазақ тіліне аудару, мектеп үшін оқу бағдарламаларын құрастыру бағытында жасаған істері бір төбе болса, оның мектептер ашу, қазақ педагогика институтын, оナン соң мемлекеттік университеттін ашқанда елеулі еңбек сіңіргені бір бөлек. Сонымен қатар оның өзі де өсіп, доцент, профессор, Ресей Фылым Академиясының мүшіе-корреспонденті деген өте жоғары ғылыми атаққа жетіп, халқының мәртебесін көтеруі тағы бар. Мұның бәрі Халел Досмұхамедұлының халқын сүйген патриот, елі сенген азамат болғанын көрсетеді. Сонымен қатар ол кісінің жазған хаттарынан өзінің отбасына, өз балаларына деген ілтиратының ерекше болғанын байқаймыз. Алайда дәрігер, ғалым, қайраткер ретінде елінің қамын ойлап, орасан зор істерге араласқан Халекеңнің өз дәнсаулығының онша жақсы болмағаны белгілі. Мұны біз оның Воронежден жазған хатынан ғана емес, ескіден сақталған құжаттардан, жас кезінде-ақ емделу орындарына алған жолдамаларынан, кейбір анықтама куәліктерінен байқаймыз. Сөйті тұра оның құғын-сүргіннің неше жыл ызығарын көріп жүріп, тек дәрігер, ғалым емес, елеулі тарихшы, табиғат зерттеуші, тіл танушы, әдебиетші, шебер аудармашы, үлкен қоғамдық саяси қайраткер дәрежесіне шығуының өзі осы кісінің бойында сырғы ашылмаган және бір қасиеттің қайнар көзі болғанын көрсетеді.

Халел Досмұхамедұлының биология мен медицина саласындағы еңбектерінің маңызы тек ізашарлығымен, болмаса сол өз кезінде пайдалы болғанымен ғана шектелмейді. Олардың бірқатары күні бүгін де маңызын жоғалтпаған қажет ғылыми еңбектер. Оқырман оның шығармаларынан керекті мағлұмат, білім алса, мектеп оқушылары, оқытушылар, дәрігерлер, ғалымдар оның еңбектерінен жинаған білімді мида қорытып, онан әрі өмірге, практикаға қалай енгізу жолдарын үйренеді, баламасын жеткізуі қызын ғылыми ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіріп бере білудің сырына қанығады. Біртуар азамат, ғалым, қайраткер Халел Досмұхамедұлы таланттының сырын түсіне білу, онан өз бойындағы қабілетке қозғау салатын әсер табу, болмаса үлгі алып, сүйсіну, еліктеудің өзі ғылым жолына түскен, адамгершілікті мұрат тұтқан жандардың бәріне қажет қасиет. Халекеңнің өзі жазған бір мақаласында: „Бұл дүниеде тұрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақтың арасында да аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылып, еңбегі сіңген адамдарды қадірлеу — елдіктің белгісі” — деп жазған екен. Біз де тұңғыш дәрігер-ғалымды — жастарға мазмұны терең оқулықтар сыйлаған, жүқпалы аурулармен құрестің негізін салған, қазақ тілінде медицина ұғымдарының терминологиясын жасауды бірінші болып қолға алған, толып жатқан терең мағыналы еңбектер жазып, халқына орасан зор пайда келтірген адамды қадірлеу, қастерлеу бүгінгі замандастарымыздың, болашақ ұрпақтың қасиетті борышы деп түсінеміз.



ҚАЗАҚ ҚОДАСТЫРЫЛЫМДЫРЫЛЫПТАНУ

4-тапару

САЯСИ КӨЗҚАРАС, ХАЛЫҚ АЗАТТЫҒЫ УШИН КҮРЕС, АЛАШОРДА ҮКІМЕТИ

Ақпан төңкерісі жеңіске жетісімен Қазақтың үлттық қозғалысы басшыларының халық қысынған саяси бағдарламасы жалпы алғанда Уақытша үкіметтің және оның саяси тірегі болып отырған кадеттер партиясының ел басқарудағы бағытына қайшы келген жоқ. Ал Әлихан Бекейхановтың осы партияның орталық комитетіне мүше болуы оған және оның кейбір әріптестеріне Қазақстандағы өкімет билігі жүйесінде ресми басқару комитеттеріне қол жеткізуге мүмкіндіктер берді.

1917 жылғы наурыздың 8-інде Әлихан Бекейханов Минскіден Семейге, Қарқаралыға, Оралға, Петропавловка және басқа да бірнеше қалаға жеделхат жолдап, елде болып жатқан өзгерістерге баға берді және облыстар мен уезд орталықтарында қазақ комитеттерін құру қажеттігін көрсетti.

Үлттық жетекшінің бұл саяси тапсырмалары аса қысқа мерзімде жүзеге асырылды. 1917 жылғы наурыз айының сонына дейін қазақ комитеттері Қазақстанның барлық облыс орталықтарында және жекелеген уездік қалаларда құрылып, іске кірісті. Олардың кейбір өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамдарына енгізілді. Мәселен, Халел мен Жаһаншаш Досмұхамедұлдары Орал облыстық атқару комитетіне, Халел Фаббасов семей облыстық, Жақып Ақбаев Қарқаралы уездік атқару комитеттеріне мүше болды.

Қазақ зияллыларының (үлттық интелигенция өкілдерінің) жаңа өмір құру ісіне белсенді түрде араласа бастауы елдің жоғарғы басшылығы тарарапынан қолдау тапты. Уақытша үкімет жаңадан құрылып жатқан қазақ комитеттерін өлкедегі өзінің аса маңызды тіректерінің бірі деп есептеді. Уақытша үкімет құрыла салысымен Әлихан Бекейханов 1917 жылдың 3 наурызында оның Торғай облысындағы комиссары болып тағайындалды. Сонымен қатар ол жетінші сәуірде Уақытша үкіметтің Түркістан Ко-

митетінің мүшесі болып белгіленді. Мұхамеджан Тынышбайұлы да үлкен қызметке тағайындалып, Түркістан Комитетінің құрамына енді.

Патшаның тақтан құлауын, елде республикалық тәртіптің орнауын Қазақстан еңбекшілері зор қуанышпен қарсы алды. Өйткені ақпан төңкерісінің жеңісі халыққа бұрын болмаған көптеген демократиялық бостандықтар берді: саяси партиялар құру, сөз бостандығы, баспасөз бостандығы, түрлі митингтер үйымдастыру мен манифестациялар бостандығы. Орталық, езгінің символы болған патша өкіметінің құлауынан Ресей империясының шет аймақтағы халықтары, оның ішінде қазақ, халқы да, ұлттық-саяси бостандыққа жетуге жол ашылды деп сенді. Екінің бірінің аузынан „бостандық“ деген сөз естілді. Халықтың барлық топтары жаппай саясатпен айналыса бастады.

Бірақ, бұл жағдай ұзаққа созылған жоқ. Көп кешікпей жер-жерлерде буржуазияшыл Ұақытша үкіметтің органдары құрыла бастады. Бұлармен қатар ақпан төңкерісінің барысында жұмысшылар мен солдаттар өздерінің тікелей революциялық өкімет органдары болып табылған Кеңестер жүйесін үйымдастырды.

Бүкіл халық, болып сайланған Мемлекеттік Думаның шешімімен құрылған Ұақытша үкімет, сөз жоқ, өзінің жергілікті органдарын үйымдастыруға занды құқыққа ие еді. Ал халықтың басым көшілігінің (жұмысшылар мен шаруалардың) қолдауына сүйенген Петроград Кеңесінің бүкіл ел көлемінде Кеңестер жүйесін құрып, Ұақытша үкіметтің, дәлірек айтқанда буржуазияның үстемдігін шектеуге ұмтылысы да демократиялық саяси курес логикасынан туындаған құбылыс болды.

Жаңа жағдайда — елде қосөкіметтілік орнаған соң қазақтың ұлттық қозғалысының көсемдері кадеттермен идеологиялық жағынан жақын болуларының үстіне енді олардың саяси бағытын жүзеге асыру ісіне тікелей араласа бастады. Сонымен қатар олар өлкенің барлық аудандарында дерлік өздерінің жеке ықпалын қалың бұқара арасында нығайтуға күш салды.

Ұақытша үкіметтің өлкедегі ұлттық тірегі 1917 жылдың наурыз айының ортасынан құрыла бастаған қазақ және мұсылман комитеттері болды. Олар қазақтың ұлттық интелигенциясының көшілік таныған жетекшісі Әлихан Бекейхановтың тікелей ұсыныс-нұсқауымен құрылды. Мемлекеттік Думаның, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің белгілі қайраткерлерімен тығыз байланыста болған

Әлихан Бекейханов 1917 жылғы ақпан төңкерісі жеңіске жеткен кезде Қазақстаннан тыс жерде — Белоруссияның Минск қаласында жүрген еді. Ол жаққа Әлекең майданың тыл жұмысына алынған қазақ, жігіттерінің жағдайын білу және оларға көмек көрсету мақсатымен бір топ қазақ зиялышарын бастап барған болатын.

Ақпан төңкерісі жеңіске жетісімен Ә. Бекейханов бастаған қазақ зиялышарының 15 өкілі „Қазақтарға, жаңаған Ресейдің ерікті азаматтарына“ арналған Үндеу мәлімдеме жариялады. Онда, атап айтқанда, былай дедінді: „Ресейдің барлық халықтары үшін бостандықтың, тенденциялық және туысқандықтың күні туды. Жаңа қоғам мен жаңа үкіметті қолдау үшін қазақтар үйымдасуы керек. Жаңа қоғамды қолдайтын барлық ұлттармен байланыса жұмыс істеу қажет.

Қазақтар Құрылтай жиналысына дайындалып, лайықты кандидаттарды белгілеулері керек. Біз сіздерді ескі қазақшыл айтыстар мен отбасының ұрыс-керісін тастауға шақырамыз, халықтың ұраны — бірлік пен әділеттілік.

Жер мәселесін тез арада талқылаңыздар. Біздің ұранымыз: демократиялық республика және жерді одан мал шаруашылығы мен егіншілік арқылы табыс алатындарға беру. Құдайдан басқадан қорықпаңыздар... Әділет жолымен журіп, жаңа өкіметті қолданыздар. Министрліктің азық-түлік ісі жөніндегі өкілдері мен майдандағы өзіміздің жұмысшыларға көмек көрсетіңіздер. Халықтың пікірін жеткізіңіздер” (орысшадан аударған автор).

Мәскеуде шығып тұрған „Речь“ газетінде 1917 жылы 19 наурызда орысша басылған бұл мәлімдеменің негізгі мазмұны сол жылғы „Қазақ“ газетінің 223-санында былай берілген: „Россиядағы барша халыққа ағайындық, тенденци, бостандық күні туды. Жаңа құрылған үкімет дүкенін сүйеу үшін қазаққа үйымдасу керек. Жаңа құрылған ел бағу дүкенін нығайту үшін тегі басқа барша халықтармен үйір боларға керек. Учредительное Собрание сайлауларына қазақ болып қамдану керек. Жарамды жақсы адамдарын ауызға ала беру керек. Енді араздық, өштік, дау, жанжал, талас, партиялық сыйыспауларды тастау керек... Жер мәселесін де тез қозғап, тезірек қолға ала беріңдер... Құдайдан басқа ешкімнен қорықпаңдар. Тұзулікпен іс істендер, жаңа үкіметті сүйендер”.

Үндеу авторларының алдағы атқарылар қызметтің негізгі үш саласы бойынша басты мақсат-міндеттерінің айқындығын аңғару қыын емес. Олар:

1. Саяси әрекетте бірінші орында жалпыrossиялық проблемалар, әсіресе өкімет туралы және мемлекеттік құрылыш мәселелері түру керек ("жана үкіметті қолдау" және „демократиялық республика“ ұраны).

2. Көшпелі және отырықшы халықтардың мұddeлерін есепке ала отырып, аграрлы мәселелердің жиынтығын ешбір кешіктірмей саяси курестің күн тәртібіне қою.

3. Құрылтай жиналышына тиянақты дайындықтар жүргізу, бұрынғы қорғалақтық пен бас июшілікten құтылу жолында халықтың біrlігін нығайту қажеттілігі (бұрынғы айтыстарды ұмыту, „Құдайдан басқадан қорықпау“).

Жер-жерлерде қазақ және мұсылман комитеттерін құру жөнінде қызу жұмыстар жүргізіле бастады. 1917 жылғы сәуір-мамыр айының бірінші жартысында бұл жұмыстар Қазақстан аумағын түгелге дерлік қамтыды. Облыстар мен уездер орталықтарында қазақ халқы өкілдерінің жиналыштары мен съездері шақырылып, оларда жоғарыда айтылған 15-тің „Үндеу-мәлімдемесінде“ көтерілген мәселелер кеңейтілген түрде жан-жақты талқылануға тиіс болды.

Жаңа жағдайда қазақтың ұлттық қозғалысының көсемдері қадеттермен идеологиялық жағынан жақын болуларының үстіне енді олардың саяси бағытын іс жүзінде асыру ісіне тікелей араласа бастады. Соңдықтан да қозғалыс басшылары Ұақытша үкіметке оппозицияда болған, қадеттер партиясының идеялық-саяси бағытына үйлесе бермейтін (ал көп жағдайда қарсы келетін) жолды ұстаған кеңестерге әуел бастан-ақ оң көзқараста болмады, олардан өз іргесін қашығырақ салды, ал кейінрек кеңестер жаппай құрылып, олардың төңірегіне революцияды-демократиялық құштер көптеп топтасқан кезде бұл көзқарас қазақтың ұлттық-либералдық қозғалысын аса құрделі жағдайға душар етті.

Ақпан төңкерісі жеңіске жеткеннен кейінгі өлкедегі саяси-қоғамдық өмірдің жағдайы қысқаша айтқанда осындаі болды. Өкімет билігіне үмтүлған әр түрлі саяси құштердің жіктелу мен топтасу процестері қатар жүрді. Бұдан қазақ қауымы да тыс қалған жоқ. 1917 жылғы көктем-жаз айлары қазақ қауымының қоғамдық-саяси өмірінің барынша жаңданған кезеңі болды. Ол бірнеше бағыттарда: халық өкілдерінің ақпан төңкерісінен кейін мемлекеттік құрылышқа қатынасу, ұлттық саяси үйымдар құру, әлеуметтік-экономикалық реформалар

бағдарламаларын жасау және елдің саяси өміріне араласу бағыттарында көрініс тапты.

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін басталған қазақ, қауымына тән қоғамдық-саяси белсенділіктің жарқын айғағының бірі 1917 жылғы көктем айларында қалыптаса бастаған облыстық және уездік дәрежедегі ұлттық, немесе қазақ, комитеттері жүйесі болды. Олар 1917 жылы негізінен сәуір-мамыр айларында өткен облыстық және уездік қазақ съездері. Атап айтқанда, мұндай съездер сәуір айында Орынборда (Торғай облыстық), Оралға (Орал облыстық), Семей (Семей облысы), 27 сәуір — 7 мамыр аралығында Омбыда (Ақмола облыстық) т. б. қалаларда болды.

Қатынасқан өкілдердің саны жағынан, талқыланған мәселелердің маңыздылығы түрғысынан әр түрлі деңгейде өткен бұл съездерде жалпы алғанда ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанда қалыптасқан өзгерістерге баға беруге және бүкілхалықтық талқылауға ұсынуға тиісті қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелердің ауқымын анықтауға деген талпыныс айқын көрінді.

Мәселен, Оралда, Орынборда, Ақтөбеде, Ташкентте өткен қазақ съездерінде аграрлық және ұлттық мәселелерге баса назар аударылса, Айдархан Тұрлыбайұлы, Ережеп Итбайұлы және Міржақып Дулатұлының басшылығымен Омбыда өткен қазақ ұйымдарының облыстық съезінде оқу-ағарту, қаражат (финанс), дін, әйелдер теңдігі мен земство қызметі жөніндені мәселелер кеңінен талқыланды. Жақып Ақбайұлы, Әлімхан Ермекұлы, Халел Фаббасұлы жетекшілік өткен Семей облыстық қазақ съезінде әлеуметтік-саяси мәселелер сөзге тиек етілді. Осы съездегі Н. Құлжанованың қазақ қауымындағы әйелдер тағдыры жөніндеңі ой-толғамдары тыңдаушыларға күшті әсер етті. Аталған съездер қабылдаған қарарлардың барлығында дерлік Уақытша үкіметке сенім білдіріліп, оның „соғысты толық женіске жеткенше“ жүргізу жөніндеңі саясаты қолдау тапты.

Осы съездердің ішінде 1917 жылғы сәуірдің 12—22-інде өткен және оның барысында Халел Досмұхамедұлы ерекше белсенділік көрсеткен Орал облыстық қазақ съезі айтарлықтай орын алды. Орал қаласында болған бұл съезге 800-ден астам делегат қатынасты. Делегаттар саны жағынан сол жылғы көктемде өткен қазақ съездерінің одан асқаны жоқ. Съезді шақырушулыар оған мұқият дайындалды. Делегаттар арасында, Орал облысының уездерін

айтпағанда, барлық болыстардың өкілдері болды. Съезді шақыру жөніндеңі ұйымдастыру бюросы өз жұмысын бастаудан көп бұрын Фабдолла Әлібеков тәрағалық еткен, құрамында Халел Досмұхамедұлы бар Уақытша облыстық қазақ, комитеттің құрған болатын. Съезді кіріспе сөзben ашып, оның тәрағасын, екі орынбасарын және үш хатшысын сайлау жөнінде ұсыныс жасаған осы F. Әлібеков. Тәрағалық, Ж. Досмұхамедұлы, оның орынбасарлары болып F. Әлібеков пен А. Қалменов, хатшылары болып F. Жетпісбаев, X. Ахметшин және Н. Арғыншиев сайланды. Жаһаншаш Досмұхамедұлы, съезд хаттамасындағы дерекке қарағанда, сол кезде Том округтік прокурорының орынбасары қызметтін атқарған және съезд өтіп жатқан күндері Оралда демалыста жүрген.

Уақытша үкімет атынан съезді Орал облысының комиссары жұзбасы (сотник) Григорий Визянов құттықтады. Жиналғандарға қоғамдық ұйымдардың өкілдері де өз құрметтерін білдірді. Делегаттар өз кезегінде премьер-министр Г. Е. Львовқа, мемлекеттік Думаның тәрағасы М. В. Родзянкоға, Петроград кеңесіне және әділет министрі А. Ф. Керенскийге құттықтау жеделхаттар жолдады. Съезд жұмысын өзінің күн тәртібіндегі алғашқы үш мәселені: мемлекеттік басқару формасы туралы, Уақытша үкіметке көзқарас жөніндегі және соғысқа қатынас хақындағы мәселелерді талқылаудан бастады. Делегаттар монархияны түпкілікті жою қажеттігін мәлімдеп, „демократиялық республика идеясын қолдады“, ал „Ұлттық-территориялық федерация мәселесін әзірше ашық қалдырыды“.

Съезд Уақытша үкіметті „оның қызметі, уәде етілгендей... демократия мүддесін қорғауға бағыттала беретін болса“, қолдайтындығын білдірді. Соғысқа байланысты делегаттардың пікірі оның герман милитаризмі жеңіліс тапқанға дейін жүргізе беру керек дегенге тоқтады, ал бітім Петроград кеңесі ұсынған аннексиясыз және контрибуциясыз принциптері негізінде жасалуға тиісті делінді ("Уральские ведомости", 1917, 17 маусым).

Съезд қабылдаған осы үш мәселе жөніндегі қарарларды талдау оның Уақытша үкімет қызметінің басты бағыттарын қолданымен, сонымен қатар өз іргесін одан аулағырақ, салғанын көрсетеді. Осыған дейінгі өткен Торғай және Жетісу съезінен Орал съезінің айырмашылығы оның бірінші күні құрамында 20 адам бар Жаһаншаш Досмұхамедұлы басқарған облыстық қазақ, комитеттің сайлау болды.



Халепдін ставкасы. Тайсойған.

Халепдің атасы Машактың бейіті




Халелдің Орал учи-
лищесін бітірген
жылғы суреті.



Халелдің студент
кезіндегі суреті.



Халеп Санкт-Петербургте студент жолдастарының ортасында. 1-катарада сол жактағы Санжар Асфендияровтың кәрінідасы Гүлсім.



Халел студент жолдастарымен.

Халел және оның екі жондасы ел зиялтыларның ортасында (1905—1906 жылдары)





Халел 1914 жылы.



Халелдің зайды
Сагираның 26 жастагы
кезі.



Халепдің зайыбы балаларымен. Мамыр, 1921 жыл.



Батыс Казакстан және Торғай Алашордасының басшылары. Солдан онға қарай: Мырзагазы Есболұлы, Халеп Досмұхамедұлы, Жаннаншан Досмұхамедұлы, Міржакып Дулматұлы. Басқапары осы кітептердің көмекшілері

Сөзделген. Дәкім да ғарыш: 1) Мұрзазар үшін месөлдік; 2) Қадағалда месөлдік; 3) Жиһаншана месөлдік; 4) Маржанаб мөлдірдік; 5) Балқаншылар мөлдірдік; 6) Нұрғар борзы мөлдірдік.

Личный листок работника, взятого на учет по

جیوب مکمل

گه چه حسابہ تساں اعجمیں داشتیں دو رہنمیں

(назование учреждения).

مودودی اسی

دو ایکھاں سے تو کائیں

فامیلی، імя и отчество

1. Записьем должность, с какого времени *عمریں نی اعلیٰ درجات کی تھیں ۱۹۲۵*

نور اور عارف حمزہ نقی، فاسی و مدنیان پیری

ریاضی

اجتماعی، تھوڑا نی

4. Состоит ли членом (состоит ли) политической партии (какой, сколько времени, № партбилета) —

مسماں فراہم دہ اعزامی (اعزا بولگانہ) ڈنڈای، فالبہ وفات، پرہ بیلت فوری *نہیں*

5. Состоит ли членом профсоюза, сколько времени, какого, если нет, то почему *توڑا جاستے* —

نوركىتنۇ فاراق بىلەم كەممىجىيە سېپنىڭ ئىلى

Kaz 1-56
16

ئەكى ئىدا ئۇر حىفب تۇرانقۇن ئىتارىسىا، بىلەم، آدابى

داۋالاalar جىناغى

—
—
—
—
~~3~~
~~135~~

سانا

نويدىر + 1924 نىچى جى 32 سان.

تاجىكىدر.

جاز بىلۇ بىلاقارى.

پاسقۇرما آدرسى:

1- جىلھا. (1)اسوم

Р Ташкент

2- آيف. اسوم

Киргизский Институт Народного

3- آيفا. ئاسوم (15)تىن

Проживенія ім „Сана“.

نۇمراب آلغىدا اسوم (15)تىن

Көзім.

Р.С.Ф.С.Р.
ЦЕНТРАЛЬНОЕ
БЮРО КРАЕВЕДЕНИЯ
В РОССИЙСКОЙ АКАДЕМИИ НАУК

РОССИЙСКОЙ АКАДЕМИИ НАУК
МОСКОВСКОГО ОТДЕЛЕНИЯ
6/XI-1924г.

Б.Б.С.
Адресат: Москва

ДОСМОХАМЕДОВУ

Президиум Центрального Бюро Краеведения при Российской Академии наук настоящим извещает Вас, что постановлением 5-й сессии Ц.В.К., состоявшейся в Петрограде с 15-18 января с.г. Вы единогласно избраны членом-корреспондентом Бюро.

Доведя об изложении до Вашего сведения, Президиум Бюро ставит Вас в известность, что все переписку и посылки в адрес Петроградского / Ленинград, б. Петроград, Университетская набережная , Российской Академии наук , Центральное Бюро Краеведения / и Мусатова / Москва, Китайский проезд, 3 , Политехнический Музей, Центральное Бюро Краеведения / Отделение Ц.В.К., на основании донесения Секретаря от 26 декабря 1922 года, надлежит отправлять бесплатно, с соответствующим указанием об этом на конверте или посылке.

ПОЧЕТНЫЙ ПРЕДСЕДАТЕЛЬ БЮРО
АКАДЕМИК А.ПАВЛОВ

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ БЮРО /Подпись/

ЗАМ.ПРЕДСЕДАТЕЛЯ Вл.БОГДАНОВ.

ЧЛЕНЫ БЮРО: /Подпись./

Проф. Подпись.
Проф. Подпись.

Ученый Секретарь: Подпись.

Халелдің Ресей Фылым Академиясының корреспондент-мүшесі болып сыйланғаны жөніндегі құжат. 1924 жыл.



Жаһаншаш Досмұхамедұлы зайдыбымен

СОГЛАШЕНИЕ.

1928 г. Июня.... 16...дня гор. Ташкент.

Народный Комиссар Просвещения КССР тов. ДЖАНДОСОВ ОРАЗ и
Зам. Ректора КАЗПЕДВУЗ"а ДОСМУХАМЕДОВ Х.Д. заключили настоящее соглашение в том :

1/ Народный Комиссариат Просвещения КССР приглашает ДОСМУХАМЕДОВА Х.Д., по ликвидации ПЕДВУЗ"а, на службу вновь открывавшийся в г. АЛМА-АТЫ Казгосуниверситет на привилегии доцента /самостоятельного преподавателя/ по ведению курса педагогики и Заведование кафедрой Педагогики КАЗГУ.

2/ Наркомпросу КССР предоставляется право по его усмотрению привлечь ДОСМУХАМЕДОВА Х.Д., наряду с его академической службой, к ведению административной работы по организации Казгосуниверситета, при чем уточнение административных функций имеет быть оформлено особым соглашением.

3/ Сверх льгот предусмотренных законом о службе в отдаленных местностях, на доцента ДОСМУХАМЕДОВА Х.Д. распространяются все дополнительные льготы, которые будут установлены в последующем Республиканским или Совенным Правительством по отношению к научным работникам, приглашенным в КАЗГОСУНИВЕРСИТЕТ.


НАРОДНЫЙ КОМИССАР ПРОСВЕЩЕНИЯ КССР *Курман* /ДЖАНДОСОВ/

ЗАМ. РЕКТОРА КАЗПЕДВУЗ"а *Досмухамедов* /ДОСМУХАМЕДОВ/

Халепді Ташкенттен Алматыға қызметке шақырган келісім құжат.
16 маусым, 1928 жыл.



Халғандік обласы. Таңкент. 2. қазан, 1928 жыл. Оң жақта шешесімен бас түйістіріп отырған үлкен қызы Рабига, түркеліп тұран үны Эділхан және кішкентайлары Сәуле мен Қарааш



Халепдік Қырымда емделген кезі. 18 шілдде, 1929 жыл.



Халеп КазПИ-дің проректоры. 1929 жыл.

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!



Учетно-войинский билет № 65/26.

(Билет на жительство служить не может).

Принадлежит Дж. Мухамедов
Халип.

Выдан Управл. штаб армии
Казахстанской области

Халелдің әскери есептегі
билеті.

Біздің пікірімізше, Орал облыстық съезінің күн тәртібіде басқалардікінен айтарлықтай ерекшеленіп тұр. Онда көлемі де, деңгейі де, маңызы да әр түрлі бір-бірімен байланысты үш мәселелер тобы — жалпымемлекеттік, ұлттық, және аймақтық (жалпыресейлік, қазақтық, немесе қазақстандық, және оралдық) мәселелер тобы жеке-жеке жүйеленген. Мұның үстіне съезде талқыланған мәселелер оған қатынасушыларға сол кезеңің сан қылыш оқиғаларын бағалауға ғана мүмкіндік беріп қоймаған, мәселелер саны 23-ке жеткен, бұл сан басқа съездердің күн тәртібіндегіден әлдеқайда көп.

Орал съезінің екінші күні аграрлық мәселелерді талқылауға арналды. Бұл мәселедегі ерекшелік сол — оралдықтар аграрлық мәселені тубегейлі шешуді құрылтай жиналышының үлесіне қалдырыды. Съезд делегаттары жер иемдену көлемі еңбек нормасына сай болу қажет деп шешіп, бұл мәселеде өздерінің Ресейдің халықтық-социалистік партиясының бағытына жақын тұратындықтарын анық, білдірді. Съезд делегаттары мемлекеттің жаңа жерлерді алу құқығына қол сұқпайтынын мәлімдегеніне қарамастан, облысқа сырттан көшіп келуге және қазақтардың пайдалануындағы жерлерді алуға тыйым салуды қолдайтындықтарын мәлімдеді.

Дінге байланысты съезд қабылдаған шешім торғайлықтардың көзқарасын қайталап, облыстың діни басқармасын орынборлық муфтиятқа бағындыруды жақтады.

Съезд делегаттары өз жұмыстарының үшінші күні Халел және Жаһаншаш Досмұхамедұлдарының облыстың қазақ аудандарын басқаруды қайта құру жөніндегі баяндамасы мен солар дайындаған аса маңызды „Орал облысының далалық бөлігін басқарудың Уақытша ережелерін“ әр бап бойынша талқылауға жұмсады. Айтылмыш ереженің 100-бабында іс жүзінде ауылды, болысты, уезді және облысты басқаруға тиісті өкімет пен атқару органдары жүйесін құрудың және оны іске қосудың нақтылы нұсқаулары анықталған болатын. Жаңа өкімет өзінің мәні жөнінен азаматтық болуға тиіс еді, ескі мемлекеттік аппарат түтел қиратылуға жатты. Жергілікті өкімет пен басқару органдарының барлық салаларының құрылымы мен міндеттерін осыншама жан-жақты анықтау осы мәселелерді теориялық түргыдан да, практикалық жағынан да шешуге қабілетті зиялы күштердің Орал облысында жеткілікті болғандығын көрсетті. Бұл, біріншіден.

Екіншіден, осы Уақытша Ережелерді даярлау қазак, автономиясына деген құлышыныстың бір көрінісі еді. Бұл пікірді „Ереженің“ тоғыз баптан тұратын — "Милиция құру" деп аталған төртінші бөлімі растай түседі. Осы бөлімде ауыл, поселке, болыс милициясының негізгі міндеттері анықталып, уездік милиция бастығының қызмет атқару тәртібі белгіленген, сонымен бірге милиция органдары мен басқа өкімет құрылымдары арасындағы қарым-қатынас жолдары айқындалған. Басқа сөзben айтқанда, 1917 жылғы көктемде (Орал облыстық қазак съезі шешімдері арқылы) Жаһаншаш және Халел Досмұхамедұлдары мен облыстық қазак комитетінің басқа мүшелері 1918—1919 жылдары мемлекеттік-саяси құрылым ретінде өмір сүрген Ойыл уалаятының қызмет жүйесінің негізін қалады.

Мәжілістің әңгіме болып отырған үшінші күні делегаттар бүкілрессейлік мұсылмандарап съезі туралы мәселені қарап, оған қатысу үшін Мәскеуге үш саяси қайраткерді: Жаһаншаш Досмұхамедұлын, Халел Досмұхамедұлын, Фабдолла Әлібековты, мұталім Сұбхановты және алты молданы жіберу жөнінде шешім қабылдады. Облысқа кеңінен танымал үш бірдей саяси тұлғаның (Жаһаншаш және Халел Досмұхамедұлдары мен Фабдолла Әлібековтың) бүкілрессейлік мұсылмандарап съезінде делегат болып сайлануы олардың жалпырессейлік саяси қызметке араласуға шындал қол созғандығын көрсетті. Бұл жолда Жаһаншаш Досмұхамедұлы айтарлықтай табыстарға жетті: ол бірінші бүкілрессейлік мұсылмандарап съезінде оның атқару комитетіне мүше болып сайланса, бүкілрессейлік демократиялық мәжілісте Ресей Республикасының Уақытша кеңесінің (предпарламент) құрамына енді.

Соңғы, төртінші күні Орал съезі облыстағы оқу-ағарту, мәденет және шаруашылық-қарожат мәселелерін қарады. Егер Торғай съезінің шешімдерінде жалпыға бірдей бастауыш білім алуға қол жеткізу міндеттері қойылса, Орал съезінің қарарында облыс орталығында орта мектеп ашу және кәсіби мамандардың қатынасуымен халық ағарту ісін реформалау мәселелерін талқылау үшін мұгалімдер құрылтайын шақыру қажеттілігі көрсетілді.

Орал съезінің делегаттары торғайлықтардың жалпықазак съезін шақыру туралы идеясын қолдады және өздерінің бүкілрессейлік мұсылмандарап съезіне сайлаган өкілдеріне басқа облыстардан келген делегаттармен осы мәселе бойынша келіссөздер жүргізіп, ортақ пікірге келуді тапсырды.

Сонымен, Орал облыстық қазақ съезі 1917 жылғы көктем айларында өткен басқа облыстық және уездік қазақ съездері сияқты Қазақстанның батыс өнірі халқының қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі оқиға болды. Қазақ қауымы зиялышарының Халел Досмұхамедұлы сияқты ондаған, жүздеген өкілдері осы съездерді шақырып, олардың жұмысына белсене араласулары арқылы белгілі дәрежеде саяси күрес тәжірибесінің мектебінен өтті.

Жалпы алғанда осы съездер шешімдері Уақытша үкіметтің сыртқы және ішкі саясатын қолдағанына қарамастан, оларда бүкілхалықтық ұлттық мұддеге сайкеletтін талаптар да аз болған жоқ. Ол талап-тілектер, атап айтқанда, ең алдымен жер-су (аграрлық), ұлттық тенденция, ұлттық мемлекет, дін, оқу-ағарту мәселелеріне тікелей қатысты болды.

Алайда қазақтың ұлттық-демократиялық интелигенциясы өздерінің одактастары санайтын және елдегі үкімет билігінің тізгінін іс жүзінде қолдарында ұстап отырған кадеттер мен эсерлер халықтың мұн-мұқтажын орындау түрмәк, оларды тыңдауға да ықылассыз болды. Мәселен, Уақытша үкіметтің Орал облысындағы комиссары Орал казачествоның өкілі, кадет Визянов „Уральские областные ведомости“ газетінде (1917 жылғы, 15 сәуір) жарияланған „Үндеуінде“ ауыл тұрғындарының патша өкіметі кезінде ол тартып алған жерлерін өзіне қайтарып алмақ, болған кез келген әрекеті жергілікті өкімет тарапынан қарсылыққа кездеседі деп ашық мәлімдеді. „Ал казактардың қолына көшкен жерлер, атап айтқанда, өзендер мен көлдер, орман-тогайлар т. б.“ мәңгі-бақи солардың қолында қалатындығына Уақытша үкімет кепілдік береді,— деді кадет Т. Визянов өз „Үндеуінде“ одан әрі. Мұндай мәлімдемелер жас саясаткер Халел Досмұхамедұлын Уақытша үкіметтің ұлт саясатына сын көзben қарайтын етті.

1917 жылғы мамырдың 1-11 күндері Мәскеу қаласында болған бүкілресейлік мұсылмандар съезінің делегаты Халел Досмұхамедұлы саяси күрес пен қызметтің тағы да бір мектебінен өтіп, мұсылмандардың пен саясатың арақатынасы жөнінен біраз „сабак“ алды. Бүкілресейлік мұсылмандар съезі империяны мекендеген мұсылман халықтарына ортақ көптеген проблемаларды қарастырды. Оған жиналған 600-ге жуық делегат маңызды мәселелердің мынадай үлкен тобын талқылады:

мұсылмандарға үндеу; мұсылмандардың орталық органы туралы; Ресейдің мемлекеттік құрылышы; аграрлық мәселе; әйел және жұмысшы мәселелері; құрылтай жиналышы сайлауына дайындық; әскери мәселе; діни мәселе; оқу-ағарту; жергілікті басқару, соғысқа көзқарас; Ресейлік мұсылмандардың Орталық бюросы туралы. Съезде 8 секция жұмыс істеп, оларда барлық мәселелер қарастырылды. Съезд делегаттары елді мекендереген 30 миллион мұсылман атынан Ресейдің ұлттық-федеративтік негіздегі демократиялық республика болуын қалайтындықтарын білдірді. Бұл мәселеде бүкілресейлік мұсылмандар съезі облыстық қазақ съездерімен салыстырғанда солшылдау әрі батылдау айқындаған үстады. Съезд делегаттарының айтарлықтай бөлігі Ресей мұсылмандары қозғалысының көрнекті қайраткері Ахмет Қалиқов ұсынған: „1. Ресей орталықтандырылмаған (нецентрализованная), демократиялық парламенттік республика болуға тиіс. 2. Ресей мұсылмандарының мәдени-ұлттық автономиясы ашық-құқықтық институт ретінде конституция арқылы кепілденуі қажет”— деген қарарды жақтады. Дауысқа салғанда бұл ұсыныс өтпей қалды (271 делегат қолдады, 490 адам қарсы дауыс берді). Алайда Ахмет Қалиқовтың „Соғысқа көзқарас“ деген мәселе бойынша ұсынған съезд қарапының жобасын делегаттар бірауыздан қолдады. Оның ұсынысы бойынша съезд соғысты империалистік саясаттың құралы ретінде айыпта, мұсылмандардың „европалық империализмнің құрбандығы“ болып отыргандығын баса көрсетті.

Аграрлық және дін мәселелері бойынша мұсылмандар съезі қабылдаған шешімдерде Қазақстандағы қалыптасқан жағдайға көп көңіл бөлінді.

Эсерлер партиясының мүшесі Шәкір Мұхамедьяровтың (Петроград) баяндарасы бойынша съезд аграрлық мәселені түпкілікті шешуді Құрылтай жиналышының үлесіне қалдырыды, сонымен қатар съезд делегаттары жерге жеке меншікті жоюды жақтады. Бұл шешім съездің қазақ делегаттарын (ең алдымен Халел және Жаһаншах Досмұхамедұлдарын, Габдолла Әлібековті т. б.) қанағаттандырмады. Олар облыстық қазақ съездері қабылдаған жергілікті халықтың өз елінде жерге өздері ие болулары жөніндегі қарапарларын қолдайтындығын баса көрсетті (Революция и национальный вопрос, М., 1930. Том 3, 294, 300, 304-беттер).

Мұсылмандар съезі облыстық қазақ съездерінің дін мәселесі туралы қабылдаған шешімдерін жақтады.

Мұсылмандардың бүкілресейлік съезі Құрылтай жиналысына сайлау барысында мұсылмандардың ұлттық ұйымдарына бірлескен әрекет тактикасын анықтау жөнінде ұсыныстар жасады. Ол ұсыныстар негізіне мұсылмандардың демократиялық, одағының құру және солшыл орталықтық (левоцентристская) Ресейлік партиялармен келісү идеялары алынды.

Съезд мұсылмандық, Кеңес құрды, ол өзінің құрамынан атқару комитетін сыйлады. Атқару комитетіне мүше болғандардың қатарында қазақтардан Жаһаншаш Досмұхамедұлы, Уәлихан Танашев, Жақып Ақбайұлы және Қөлбай Тоғысов болды.

1917 жылдың жазына қарай қазақтың либеральдық-демократиялық қозғалысы жетекшілерінің Ұақытша үкіметке деген сенімі азайды. Өйткені Ұақытша үкімет Қазақстанда түбірлі әлеуметтік-саяси мәселелер бойынша іс жүзінде құлатылған патша өкіметінің саясатын жүргізумен болды. Өзінің мәні жөнінен империалистік билеу мен басқару органы болған Ұақытша үкімет нағыз демократиялық түрғыдан ұлттық, және аграрлық мәселелерді шешу тұрмақ, оған талпыныс та жасамапты. Басқа езілген халықтар сияқты, қазақ халқының өзін-өзі билеу, Қазақстанның өз алдына ұлттық-территориялық, автономия болуы жөніндегі мәселені мемлекеттік дәреже деңгейіне көтереді деген үмітін Ұақытша үкімет аяқасты етті. Осыдан кейін Ұақытша үкіметтегі шешуші айқындаға ие болып отырған кадеттерге деген Э. Бекейхановтың және оның жақын серіктерінің көзқарасы күрт өзгерді. Мұны Э. Бекейханов кейінірек „Қазақ“ газетінің 1917 жылғы 23 желтоқсандағы 256-санында жарияланған „Мен кадет партиясынан неге шықтым?“ деген ашық хатында жан-жақты негіздеді. Осы сұраққа ("кадет партиясынан неге шықтым?" деген сұраққа) жауабында Э. Бекейханов негізгі үш мәселеге қырмандастың назарын аударған: „Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұрдаша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыйрылып, жалаңаш шыға келеді.

Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз алаш ұранды жүрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық.

Француз, орыс һәм өзге жүрттың тарихынан көрінеді: мolla хұкіметтен ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқасты болады. Жалование алған моллалар хұкіметке жетекшіл болып, еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыз ісін

көркейтетін болсақ, хұкімет ісінен бөліп қойған оң болады. Оны орысша „отделение церкви от государства“ дейді. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды.

Осы үш жол айрылғаны биыл ашыққа шықты. Мұны мен июльдегі (1917 жылғы шілде — авт.) жалпы қазақ съезіне айтқан едім” (Әлихан Бекейханов. Шығармалар. Алматы, 1994, 268—269-беттер).

Басқа сөзбен айтқанда, Әлихан Бекейханов өзінің кадет партиясынан ат құйрығын үзуін қазақ, қауымы үшін өмірлік маңызды үш мәселе жөнінен — аграрлық, ұлттық-мемлекеттік құрылымынан және дін мәселесі бойынша келіспегендіктен деп түсіндіреді. Осы басты мәселелер мен олармен тығыз байланысты басқа да күрделі проблемаларды талқылау үшін бүкілқазақтық съезд шақыруды дұрыс деп тапқанын ашық мәлімдейді. Бұл оның көзқарас эволюциясының либеральдық-демократиялықтан ұлттық-демократиялыққа қарай өзгергенін көрсетті. Осының нәтижесінде Әлихан Бекейхановтың кадет партиясынан іргесін аулақ, салып, енді қазақ автономиясын құруға мұрындық, болуга тиісті ұлттық-саяси партия үйымдастыруға бел шеше кірісіү үлкен саясаткерге тән батыл қадам болды. Әлихан Бекейхановтың бұл мақсатын жүзеге асыруда оған сенімді қолдау көрсеткен қазақ зиялышарының белгілі шоғырының қатарынан Халел Досмұхамедұлы да табылды.

Бірінші Жалпықазақ съезі 1917 жылғы 21—26 шілдеде Орынбор қаласында өтті. Оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария облыстары мен Бекей ордасынан, сонымен қатар Ферғана облысының қазақтар мекендеген аудандарынан өкілдер қатынасты. Съезге қатынасушылар саны аса көп болмағанына қарамастан (20-дан аса адам), оның күн тәртібіне сол кездегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатынасы бар аса маңызды 14 мәселе енгізілді. Бұл мәселелердің басым көпшілігі 1917 жылғы сәуір-мамыр айларында болған облыстық қазақ съездерінде алдын ала талқыланған-ды және олардың ең маңыздылары жалпықазақтық құрылтайға ұсынылған еді. Олар мыналар: 1. Мемлекет билеу түрі. 2. Қазақ облыстарында автономия. 3. Жер мәселесі. 4. Халық милициясы. 5. Земство. 6. Оқу мәселесі. 7. Қазақ тұрмысына лайық айрықша сот құру. 8. Дін мәселесі. 9. Әйел мәселесі. 10. Учредительное собрание сайлауына даярлану һәм қазақ облыстарынан депутаттар. 11. Бүкіл Ресей мұсылмандары-

ның кеңесі (Шорай ислам). 12. Қазақ саяси партиясы. 13. Жетису облысының оқиғасы. 14. Киев шаһарында болатын бүкіл Ресей федералистерінің съезіне ھәм Петроградта болатын оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберу" ("Қазақ" газеті, 1917 ж., 24 маусым).

Басынан аяғына дейін Халел Досмұхамедұлының төрағалығымен, Ахмет Байтұрсынұлының, Әлмұхамед Көтібарұлының, Міржақып Дулатұлының және Асылбек Сейітовтың хатшылығымен өткен Бірінші Жалпықазақ съезі делегаттары осы 14 мәселенің ішінде өздерінің басты назарын ұлттық автономия, жер, құрылтай съезіне дайындық, және қазақтың саяси партиясын құру проблемаларына аударды.

Съезд қарсанында „Қазақ“ газетінде болашақ автономия туралы әр түрлі пікірлер мен ұсыныстар айтылған мақалалар тізбегі жарияланды. Оларда автономияның негізіне нені алу керек: территорияны ма әлде мәдени ерекшеліктерді ме? Қазақ мемлекеті әлде Федеративтік Ресейдің бір автономиялық бөлігі болғаны жөн бе? Қазақтар өз бетімен тәуелсіз ел бола ала ма әлде тәуелсіздікке басқа халықтармен одақтасқан жағдайда жете ме?— деген сұрақтар қойылды, бірақ оларға бір мағыналы, үзілді-кесілді жауап берілмеді.

Съезде А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы „автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру“ идеясын ұсынды, ал Бекейханов „демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей республикасының құрамындағы“ қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы болын қолдады. Архивте сақталған съезд қаулысында „Қазақ облыстары... территориялық-ұлттық автономия алуға тиіс“ делінді. Сонымен, съезд басым көпшілікпен Ә. Бекейхановтың ұсынысын қолдады. „Қазақ“ газетінің 1917 жылғы 31 шілдедегі 238-санында жарияланған съезд жұмысы туралы мақалада бұл қаулы „қазақ облыстары ұлт жігіне қарай областной автономия алуға тиіс“— деген редакцияда берілген.

Съезд делегаттары өздерінің төрағасы Халел Досмұхамедұлының іскер басшылығымен күн тәртібінде жер туралы мәселені аса ұқыптылықпен әрі жан-жақты талқылады. Осы мәселе бойынша съезд 14 тармақтан тұратын шешім қабылдады. Оның бастылары мынаған саяды: „қазақ халқы өзіне еншілі жерге орналасып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін. Қазақ даласында жарамды жер аз болғандықтан қазақ пайдасынан алынып кеткен

мынадай учаскелер қазақтың өзіне тоқтаусыз қайырылсын: дворянский, скотоводческий, торгово-промышленный, курортный, монастырский, переселенец орнықлағандар, отрубтар... Бос учаскелерге жазылу тоқтатылсын... Қазақтан алынған қыстаулар, егер қожалары әлі көшпеген болса, қазақтың өзіне қалсын... Айрықша қазына мүлкіне деген тоғайлықтардағы қазақ шабындығы өзіне қайтарылсын... Жер хақында қазақ өз алдына жер (заңының — авт.) жобасын жасасын" ("Қазақ" газеті, 1917 ж., 31 шілде).

Съезд Құрылтай съезінің болашақ депутаттарына „жер мәселесі туралы басқа саяси партиялармен келісуді“ тапсырды.

Бірінші жалпықазақ, съезі Құрылтай жиналысына сайлау туралы мәссесін талқылап, оның депутаттығына кандидаттыққа барлық облыстардан ұсынылған 81 адамның тізімін бекітті. Олар Қазақстанның барлық облыстары мен Орта Азиядағы (Бұхара, Ферғана және Хиуа) қазақ, қауымдастықтарының өкілдері болды. Депутаттыққа кандидаттар ішінде бірінші қатарда қазақтың ұлттық-демократиялық, қозғалысының көпшілік таныған көсемдері Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, облыстар жетекшілері Әлімхан Ермекұлы, Халел Фаббасұлы, Жақып Ақбайұлы (Семей), Айдархан Тұрлыбаев, Асылбек Сейітов (Ақмола), Міржақып Дулатұлы, Ахмет Бірімжанов, Сейідәзім Қадырбаев (Торғай), Халел Досмұхамедұлы, Жананшаш Досмұхамедұлы (Орал), Мұхамеджан Тынышбайұлы, Ибраһим Жайнақов, Садық Аманжолов (Жетісу), Мұстафа Шоқай, Эзімхан Кенесарин (Сырдария), Қоңырқожа Қожабеков, Фабдалрахман бек Оразаев (Ферғана облысынан), Бақыткерей Құлманұлы, Уәлихан Танашев (Бекей), Алдабек Мангелдин (Самарқанд) т. б. Бұлармен қатар Құрылтай жиналысы депутаттығына кандидаттар болып жалпықазақ съезі бекіткендердің қатарында Ақмола облысынан Сәдуақас (Сәкен) Сейфуллин мен Мағжан Жұмабайұлының, Сырдария облысынан Сұлтанбек Қожанұлы мен Санжар Асфендияровтың, Ферғана облысынан Нәзір Төреқұлұлының, Семей облысынан ғалым, қоғам қайраткері Григорий Николаевич Потанин, Ферғана облысынан Үақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі Вадим Чайкиннің болғандығын айта кету керек. Бұл, біріншіден, Әлихан Бекейханов пен оның жақын серіктері шақырган Жалпықазақ съезі қазақ қауымының әр түрлі саяси көзқарастағы өкілдерін Құрылтай жиналысы депу-

таттығына кандидат етіп бекітуі арқылы осы мәселеде таптық, көзқарасты емес, керісінше, жалпылттық мұратты бірінші кезекте ұстағанын көрсетсе, екіншіден, орыс халқының екі өкілін ұсыну арқылы бұлардың түрғылықты халықтың мұддесін Құрылтай жиналышында қорғайтындығына сенім білдірілген.

Күн тәртібіндегі басқа мәселелер бойынша съезд қабылдаған шешімдерде де қазақ зияллыларының ықпалы сезіліп тұр. Бұл әсіресе дін, оқу-ағарту және әйел мәселелері жөнінде қабылданған съезд қарапларынан айқын көрінеді. Атап айтқаңда, съезд шешімдеріне сәйкес осыған дейін көп жағдайда діндарлардың ықпалында болып келген ескі сот жүйесі ("народный суд") таратылып, олардың орнына „қазақ тұрмысына лайық, айрықша сот құрылуға" тиіс болды; „Міндетті тұрде бастауыш оку енгізу", „бастапқы екі жылда оқу баланың ана тілінде" жүргізілуі, білім алудың тегін болуы талап етілді; „әйелдер саяси құқықта ерлермен тең", „күеуге тиу еркі әйелдің өзінде" болып, „қалың малдың жоғалу" қажеттігі баса көрсетілді; „тұл қатын сүйгеніне тисін, әменгерім деп зорлық қылу болмасын", „жеті атаға келген жерден қазақ, қызы алмасын" — делінді ("Қазақ" газеті, 1917 ж., 31 шілде).

Сонымен қатар съезд қарапларында Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстары мен Закаспий облысын мекендейтін қазақтар үшін жеке муфтият (діни басқарма) құрылу қажеттігі айтылды.

Бірінші Жалпықазақ съезі өзінің күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелердің бірі қазақ саяси партиясын құру мәселесін талқылау барысында іс жүзінде осы партияны үйымдастыруға арналған Құрылтай жиналышына айналды. Съезд қабылдаған қарапда былай делінді: „Қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуды тиіс көріп, бұл партияның жобасын жасауды съезд „Шораи исламға" сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды.

Партия жобасын жасап болған соң өкілдер қазақ областной комитеттерінің қарауына жібереді. Онан кейін Учредительное собраниеге жиналған қазақ депутаттары қарап бекітеді.

Қазақ саяси партиясының жобасы жасалғанша осы съездің қаулылары Учредительное собраниеге баратын қазақ депутаттарына наказ-аманат болады" ("Қазақ" газеті, 1917 ж., 31 шілде). Жаңадан құрылған партия „Алаш" деген атқа ие болды.

Шораи исламға съезд шешімімен Ақмоладан Айдархан Тұрлыбаев, Семейден Әбікей Сәтбаев, Торғайдан Әлжан Байғарин, Оралдан Жаһаншаш Досмұхамедұлы, Бекейден Үәлихан Танашев, Жетісудан Базарбай Мамытов, Сырдариядан Мұстафа Шоқай, Ферғанадан Габдалрахман Оразаев сайланды.

Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты қазақтың ұлттық-демократиялық интелигенциясының көсемдері басқарған „Алаш“ партиясының құрамына әуел бастан-ақ ғылыми-техникалық, педагогтік және шығармашылық зияяларының белгілі өкілдері — Х. Досмұхамедұлы, М. Тынышбайұлы, Ж. Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Ғұмар Қарааш, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Халел Фаббасұлы, Әлімхан Ермекұлы т. б. кірді.

Олардың басым көпшілігі 1917 жылдың жазында қалыптасқан жағдайда социалистік идеологияны, таптық принциптерге негізделген күрес бағдарламасын қабылданған жоқ, өйткені „Алаш“ партиясы қайраткерлерінің пікірінше, сол кездең қазақ қоғамы тұтас алғанда оған дайын емес еді. Соңдықтан да, олар өз күресін жалпыұлттық мұддеге негізделген „қазақ халқын отарлық, езгіден құтқару үшін“ деген ұранның астында жүргізуге бағыт алды. Бұл бағытты жүзеге асырудың басты құралы Бірінші Жалпықазақ съезінде дүниеге келген „Алаш“ партиясы болу керек деп түсінді.

Съездің күн тәртібіндегі 14 мәселе бойынша қабылданған қарарлар тізбегі кейінірек „Қазақ“ газетінің 1917 жылғы 21 қарашада жарияланған „Алаш“ партиясы бағдарламасы жобасында өз бейнесін тапты. Жобаны талдауды кейінге қалдыра турып, „осы үйім әдеттегі, дәстүрлі саяси партия дәрежесіне көтерілді ме?“ — деген сұраққа жауап беру қажет деп ойлаймыз.

Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен саяси партия деңгеннің не екенін, оның тарихи дамудың қай кезеңінде, қандай жағдайда болатынын, оған қандай негізгі ерекшеліктер тән екенін еске түсіре кеткеннің артықтығы жоқ.

Әрине тарихтың даму тәжірибесі көрсеткенідей, саяси партиялардың пайда болуы мен дамуы қоғамның таптарға, әлеуметтік топтарға бөлінуіне тікелей байланысты.

Саяси партия ең алдымен таптың немесе оның белгілі бір бөлігінің мақсат-мұдделерін білдіреді және өз қатарына солардың барынша белсенді өкілдерін біріктіреді. Партия саяси үйім ретінде өзінің әлеуметтік

негізін құрайтын белгілі таптың немесе оның белгілі бір бөлігінің мақсат-мұдделерін жүзеге асыру үшін күреседі. Эрбір қалыптасқан саяси партияның таяудағы және болашақтағы мақсаттарын айқындастырын Бағдарламасы және оның үйымдық құрылымы мен нақтылы іс-қимылын белгілейтін Жарғысы болды.

Капитализм орнап, нығая бастаған жағдайда қоғамдық таптар мен әлеуметтік топтар өкімет үшін қресті өздерінің саяси партиялары арқылы жүргізді. Патшалы Ресейде саяси партиялар XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басында көптеп үйімдасып, өздерінің әлеуметтік тегін құрайтын қоғамдық таптар мен топтардың мақсат-мұдделерін белсенді түрде қорғай бастады.

Ресей империясының орталық аудандарында қоғамның өмірінде осындай өзгерістер орын алған жатқанда оның отарлық аймағы болған қазақ өлкесінде XX ғасырдың бас кезінде шын мәніндегі, дәстүрлі (классикалық, түрдегі) ұлттық саяси партиялардың құрылышы, дамуы үшін қажетті алғы шарттар бар ма еді? Бұл сауалға үзілді-кесілді бір жақты жауап беру қиын. Өйткені XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан Ресей империясының капитализмге дейінгі қатынастар үстем болған аграрлыстарлы шет аймағы болды.

Қазақ өлкесіндегі әлеуметтік-экономикалық, және саяси хал-ахуал таптық, аграрлық, және ұлттық, мәселелердің шиеленісуімен ерекшеленеді. Осы шиеленістен туындастын Қазақстанда орын алған аграрлық, және ұлт-азаттық, қозғалыс отаршылдық, пен феодалдық, езгіге қарсы бағытталды.

XX ғасырдың басынан өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық қозғалыс өз алдына буржуазиялық-демократиялық, мәндеңі мақсат-міндеттерді: ұлттық тен құқық, халықтың мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, көшпелілерді отырықшыландыру т. с. с. қойды. Бұл істің басы-қасында ат төбеліндегі ғана тұңғыш қазақ зиялайлары жүрді. Олардың бір бөлігі бірінші орыс революциясының әсерімен, соңдай-ақ елдің орталық аудандарында және кейір ұлт аймақтарында көптеп құрыла бастаған әр түрлі бағыттағы саяси партиялардың ықпалымен қазақ, қауымының әлеуметтік топтарының мұддесін белгілейтін саяси үйімдар құруға және өлкедегі буржуазиялық-демократиялық сипаттағы қоғамдық қозғалысты басқаруға талпынды. Оның алғашқы көрінісінің бірі, жоғарыда айтылғандай,

1905 жылдың соңында Орал қаласында өткен қазақ интелигенттерінің бес облыс өкілдері съезінде „Қазақ конституциялық демократиялық“ партиясын құру жөніндегі әрекет еді. Мұндай әрекет 1906 жылдың басында Семей қаласында да орын алды. Демек, бірінші орыс революциясы жылдарында Әлихан Бекейхановтың төңірегіне топтасқан қазақ зияллылары өздерінің саяси аренага шыққан алғашқы қадамдарында сол кезде патша өкіметіне оппозицияда болған және оны сынға алғып отырған кадеттер партиясын өздеріне үлгі тұтты. Олар XX ғасырдың басындағы Қазақстанды буржуазиялық қатынастарға бейімдегісі келіп, феодалдық-патриархалдық қатынастар үстем болған қазақ қауымының дамудың буржуазиялық жолына түсіне жол көрсетпек болды.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси оқиғалардың ықпалымен таптық, және оған байланысты идеялық-саяси жіктеліс тұтастай алғанда қоғамдаға емес, саяси қозғалыстар мен партиялардың өз ішінде жүрді. Қазақ интелигенциясының арасындағы осындай жіктелісті тездetten факторлардың бірі тылдың қара жұмысына „бұратана“ халықтардан адам алуға байланысты патшаның 1916 жылғы маусым жарлығына көзқарас мәселесі болса, екіншісі 1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының жеңісі нәтижесінде бүкіл елде орын алған жаңа саяси хал-ахуал еді.

Осындай жағдайда, 1917 жылғы 21—26 шілдеде Орынбор қаласында өткен Бірінші Жалпықазақ съезінде „Алаш“ партиясының құрылуы (дәлірек айтқанда — партияны құрылды деп жариялау), сез жоқ, қазақ халқы өміріндегі елеулі оқиға болды, өйткені ол тұңғыш ұлттық саяси үйім еді. „Алаш“ партиясы халықтың келешек тағдырын анықтауга тікелей қатынасы бар жалпыұлттық мәселелерді саяси күрестің күн тәртібіне қойып, оларды шешу жолында айтартықтай қызмет атқарды. Бұл ең алдымен партияның бағдарламасының жобасын дайындаудан, қазақ ұлттық мемлекетін құру ісіне белсенді түрде кірісуден, қазақ қауымынан Құрылтай жиналысына депутаттар ұсынып, оларды сайлау ісіне қажырлылықпен ат салысадан аса айқын көрінді. Бұл әрекеттердің барлығы 1917 жылдың екінші жартысында жасалды. 1917 жылғы шілде айынан бастап „Алаш“ партиясы сол кездегі мүмкіндіктер аясында саяси күрестеке белсене араласа бастады. Бұл күрестің түпкі мақсаты қазақ халқын отарлық, езгіден құтқару мен буржуазиялық үлгідегі оның мемле-

кеттігіне қол жеткізу. Басқа сөзben айтқанда, „Алаш“ партиясы сан ғасырлар бойы Ресей империясының отары болып келген Қазақстанды тар шеңбердегі таптық тұрғыдан емес, керісінше, жалпыұлттық мақсат-мұдделер негізінде дербес ел етуге үмтүлді. Осы кезге дейін жарық, көрген еңбектерде „Алаштың“ әлеуметтік тегі туралы мәселеге байланысты ортақ тұжырым қалыптасқан. Зерттеушілердің бірі „Алаш“ ұсақ буржуазияшыл партия десе, екіншісі либеральдық-байшылдық пен ұсақ буржуазиялық демократиялық партия деп бағалады, ал үшіншісі „Алашты“ партия деуден гөрі қоғамдық-саяси қозғалыс деп анықтауды жақтайдынын білдірді. „Алаштың“ әлеуметтік тегі туралы пікірдің осылайша әрқылы болуы заңды да, өйткені оның құрамында алғашқы кезде бай, жартылай феодалдық топтардың, „ақсүйектердің“ (төре әулетінің) өкілдерімен қатар қазақ топырағының „әртектілерінің“ (разночинцы), еңбекші шаруалардың өкілдері болды. Олардың басым қөпшілігі, қазақ қауымының қай тобынан шыққанына қарамастан, негізінен қазақтың ұлттық, интеллигенциясының өкілдері еді. „Алаштың“ идеологиясы отарлық-қарсы бағытталған жалпыұлттық идеядан туындағы. Сондықтан да „Алашты“ Қазақстанды капиталистік қатынастарға ыңғайлауга үмтүлған, негізінен ұлттық, интеллигенция өкілдерінен тұратын, идеологиясы отаршылдық-қарсы бағытталған ұлттық-демократиялық саяси үйым деп анықтауға болады.

Бірінші Жалпықазақ съезі өзінің басты назарын Қазақстанның саяси жағдайы мен өлкенің әлеуметтік-экономикалық, даму мәселелеріне аударды және осы проблемаларды Уақытша үкіметтің ішкі және сыртқы саясатымен тығыз байланыста қарастырды. Алайда съезд делегаттары іс жүзінде Ресейде (оның ішінде Қазақстанда да) екінші үкімет рөлін атқарып отырған және күн өткен сайын еңбекшілер арасында өз беделін күшайте бастаған жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Кеңестері жөніндегі мәселені өзінің күн тәртібіне енгізбеді. Бірінші Жалпықазақ съезінің Кеңестерді осылайша елемеуі, олардың келешекте елдегі буржуазиялық өкімет билігіне қарсы тұратын балама өкімет болатынын ескермеуі, дәлірек айтсақ, түсіне алмауы, съезде құрылғандығы туралы жарияланған „Алаш“ партиясының, оның көсемдерінің саяси тәжірибесінің аздығын, оның шын мәніндегі дәстүрлі саяси партия деңгейіне жетпегендігін көрсетті.

Сөз жоқ, Бірінші Жалпықазақ съезінде „Алаш“ партиясы құрылғандығын жариялау оның дәстүрлі ұғымдағы саяси партия болып қалыптасуының алғашқы және аса маңызды қадамы болды. Алайда ол өзінің бірнеше айға ғана созылған қысқа ғұмырында шын мәніндегі саяси партия болып қалыптасып үлгірмеді. Ол құрылған 1917 жылдың шілде айында оның нағыз саяси партияға тән Жарғысы да, Бағдарламасы да болған жоқ. Оның мүшелеріне партиялық билеттер берілгендігі жөнінде де архивте сенімді директор кездеспейді. Осы күнге дейін „Алашқа“ мүше болғандардың саны туралы айтылып және жазылып жүрген мәліметтер тек жорамалдар ғана.

„Алашты“ саяси ұйым ретінде қоғамдық қозғалыс дәрежесінен саяси партияға айналдыру ісі 1917 жылғы шілдеден сол жылдың соңына дейін (Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметі құрылғанға дейін) айтартылғатай қарқынмен жүргізілді. Оның жергілікті комитеттері жекелеген облыстарда 1917 жылғы қазан — қараша айларында құрылғандығы жөнінде құжаттар сақталған. Дей тұрсақ, та, Кеңес өкіметінің орнауына байланысты, ал 1918 жылдың көктемінің соңы — жазының басында азамат соғысының басталуына орай „Алаштың“ партия болып қалыптасуы аяқсыз қалды. Ал азамат соғысы жылдарында „Алаштың“, М. Дулатұлы дәл айтқандай, „Алашорданың көлеңкесінде қалғаны“ тарихи шындық (ҚР ҰҚҚ архиві, 24-іс, 6-том, 19-парақ).

Социалистік идеяларды, оның ішінде большевизмді қабылдамаған „Алаш“ жетекшілері Петербургте қазан төңкерісі жеңіске жетіп, Қазақстанда кеңес өкіметін орнату процесі жүріп жатқан кезде „Қазақ“ газетінің 1917 жылғы қарашаның 21-санында „Алаш“ партиясы бағдарламасының жобасын жариялады. „Мемлекет қалпы“, „Жергілікті бостандық“, „Негізгі құқық“, „Дін ісі“, „Билік және сот“, „Жер мәселесі“, „Ел қорғау“, „Салық“, „Жұмысшылар“, „Фылыми-білім үйрету“ деп тақырыпталған не бары он баптан тұратын, көлемі шағын, мазмұны терең осы Бағдарлама жобасы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық және саяси өмірінің өзекті мәселелерін қамтып, сол кезде өткен Құрылтай жиналысы сайлаудында „Алаш“ партиясының үлкен табысқа жетуін қамтамасыз етті.

Архив қорларында сақталған толық емес мәліметтерге сүйенсек, осы сайлауда „Алаш“ партиясы басқа саяси ұйымдармен салыстырғанда аса ірі жеңіске жеткендігін

көреміз. Сол кездегі баспасөзде әділ жазылғаныңдай, басқа партиялармен салыстырғанда „Алаштың“ сайлау алдындағы Бағдарламасы байыптылығымен және шыншылдығымен, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, және қоғамдық-саяси өмірінің ерекшеліктерін ескеруімен көзге түсті. Мәселен, сол кезде Орынборда шығып тұрган „Южный Урал“ газеті „Алаштың“ сайлау алдындағы Бағдарламасына баға бере келіп, 1917 жылғы 2 желтоқсандағы санында былай деп жазды: „Алаш“ — демократиялық, радикалдық, партия, оның халық, бостандығы партиясынан айырмасы федеративтік демократиялық, республиканы талап етіп, жерге жеке меншіктік болуға қарсы шығып, шіркеуді мемлекеттен бөлуді жақтауында...

Жекелеген облыстар мен уездердегі сайлау қорытындылары төмендегідей нәтижелер берді: Торғай облысы бойынша Қостанай уезінде „Алаш“ — 72 745 дауыс, эсерлер — 51 245, РСДЖП — меньшевиктер — 3465; Ырғыз уезінде „Алаш“ — 55 349, эсерпер — 181, РСДЖП — меньшевиктер — 1516; Ақтөбе уезінде „Алаш“ — 28 202, эсерлер — 12 114, РСДЖП — меньшевиктер — 1736; Торғай уезінде „Алаш“ — 54 978, эсерлер — 210, РСДЖП — меньшевиктер — 41 дауыс алды („Южный Урал“. Оренбург, 1917, 10 науября и 2 декабря; „Народное дело“. Оренбург, 1918, 31 июля; „Яицкая воля“. Уральск, 1917, 10 и 25 декабря). Нәтижесінде Торғай облысы Құрылтай жиналысының депутаттығына бөлінген бес орынның үшеуіне „Алаш“ партиясы, екеуіне эсерлер партиясы ие болады.

Семей облысының Семей уезінде „Алаш“ партиясы үшін 59 331 сайлаушы дауыс берсе, эсерлер — 3375, казактар (казак-орыстар) — 1910, ал қалған 10 партия мен үйым не бары 1300 дауыс алған.

Орал облысының Ілбішін уезінде „Алаш“ 75 544 дауыс, казактар — 19 571, солшыл эсерлер — 1325, эсерлер — 125 дауысқа ие болады. Тек Орал қаласы бойынша ғана казактар 7 248 дауыспен алға шықса, екінші орынды эсерлер (27 37 дауыс) алса, үшінші орынды иемденген „Алаш“ партиясы 976 дауыс алады.

Қазақстанда әр түрлі партиялар мен қоғамдық үйимдар Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау үшін және ол шақырылған жағдайда ел басқарудың түбірлі мәселелерін шешу үшін саяси күрес жүргізіп жатқан кезде большевиктер бүкіл елде, сондай-ақ, Қазақстанда да таптық, идея мен бірпартиялық жүйеге негізделген Кеңес өкіметін орнату үшін жүргізілген шабуылды басқарды.

Енді „Алаш“ партиясы басшылығының шешіміне сәйкес жалпықазақтық, екінші съезд шақыру жөнінде үйымдастыру комитеті құрылды. Оның құрамына Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сагындық Досжанов және Елдес Омарұлы енді. Алда болар съезде қаралатын басты мәселелердің бірі және бірегейі қазақ автономиясы туралы мәселе болды. Ақпан төңкерісінен кейінгі өткен уақытта Ә. Бекейханов пен оның жақын серіктерінің (қатарында Халел Досмұхамедұлы да бар) қазақ автономиясы туралы көзқарасы сапалы өзгеріске үшyрады. Егер ол ақпан төңкерісі жеңісінен кейінгі алғашқы күндерді Қазақстанға жергілікті земствоарға сүйенген мәдени автономия қажет деп санаса, енді 1917 жылдың күзінде ұлттық-территориялық, автономия қажет деп тапты. Мұның негізінде, бір жағынан, Әлихан Бекейхановтың Уақытша үкіметке деген сенімінің азайғандығы жатса, екінші жағынан, оны құлатқан Қазан төңкерісін қабылдамауы мен большевиктердің кеңесітк негізінде Қазақстан автономиясын құрмақ болған жоспарына қарсылық жатты.

Съезд шақыру қарсаңында жоғарыда айтылған Әлихан Бекейханов басқарған бес адамнан тұратын үйымдастыру комитеті „Қазақ“ газеті арқылы 14 және 26 қарашада аса маңызды екі үндеу жариялады. 1917 жылғы 14 қарашада жарық, көрген үндеуде елде кең жайылған анархиядан құтылу үшін желтоқсан айында Орынборда Жалпықазақ съезін шақырып, онда қазақ халқы өзін өзі қорғау үшін „айрықша милиция“ үйымдастыруы қажеттігі айттыса, 26 қарашадағы екінші үндеуде Қазақ автономиясын және оның үкіметі болып табылатын „Ұлт кеңесін“ сайлау мәселесі көтерілді.

„Өзімізді өзіміз қорғау үшін,— делінді „Қазақ“ газетінің 1917 жылғы қарашаның 14-індегі санында жарияланған үндеуде,— бізге жалпықазақ милициясын құру керек... Егер біз өзімізді өзіміз қорғай алмасақ, бүлікшілік зорайып, қыншылыққа айналғанда, қазақ халқы құрбан болады... Алаш баласының басына бір сын күн туды. Өтінеміз, қалайда болса, 5 желтоқсанда Орынборға әр уезден жүртқа қадірлі екі ақсақалдан және әр областной комитеттен екі оқыған кісіден жіберіңіздер“.

Ал „Қазақ“ газетінің 1917 жылғы 26 қарашадағы санында жарияланған үндеуде елде қалыптасқан саяси хал ахуалға мынадай баға берілді: „Ресей іріп-шіріп жатыр, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде, не болары белгісіз, ортасына

ойран түсіп, түп қазығы суырылып, әркім бетіне кетіп, білгенін істеп жатыр. Біреу өлмес қамын қылып жатыр, біреу осы лайсаң бұлғаншілікке кіrmес қамын қылып жатыр. Біз де қазақ-қырғыз болып біргіп қам қылмай отыра алмаймыз. Мұндай лайсаң заманда закон жоқ. Жол жоқ, қорғалайтын пана жоқ. Әркім өзін өзі қорғайды. Әуелі өлмеске, екінші мал-мұлкімізді талауға бермеске, үшінші осы лаңың ішіне кіrmеске қолдан келген күшімізді, ісімізді сарп етуге керек. Данышпандар білімін, азаматтар қайратын ұлты үшін аямай жұмсайтын орын осы".

Зерттеуші Мәмбет Қойгелдиев дұрыс көрсеткеңдей, Әлихан Бекейханов сол кездің өзіндегі Қазақстанның көп ұлтты өлке болғандығы автономия құруда мықтап еске-ретін және байыппен есептесуге тұра келетін фактор екендігін жақсы түсінді. Осыған байланысты өз ойын ол былай түйіндейді: „Қазақ болып автономия боламыз десек, алдымызда шешуі қыын бір жұмбак, бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық, бізбен қатынас; бұл облыстарда мұжық, пен қазақ, қым-қиғаш аралас. Мұжықпен аралас қазақты тастап, ылғи қазақ, болып шығамыз десек, қазақ орыста қалады; қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл қазақ, ата-қонысынан көшпес; көшсе — ақылсыздық, болады; қазақ жерінің ең жақсысы сол мұжықпен аралас отырған жер. Түбінде қазақ ұлты бір автономия бола қалса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт. Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді түрмис халда туысқан автономия болар емес, жерге байланысты автономия болмақ. Ішіміздегі орыс мұны мақұлдайтын көрінеді" ("Ақиқат", Алматы, 1991, № 11, 64-бет).

Сондықтан да 1917 жылғы 8—15 қазанды Том қаласында өткен, басты мәселе ретінде Сібір автономиясын құру проблемасын талқылаған жалпысібірлік съезге Қазақ өлкесінің Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Орал облыстары мен Бекей өңірінен Әлихан Бекейханов басқарған 9 өкіл қатынасты. Қазақ халқының өкілдері Қазақстанның уақытша Сібір автономиясы құрамына енетіндігін мәлімдеді. Съезд бекіткен Экономикалық, Кеңес, негізгі заңды дайындаудың комитет құрамына қазақ өкілдері де енді. Съезд сайлаған Сібір кеңесінің құрамына Қазақстаннан Құрьлтай жиналысының депутаттары Әлихан Бекейханов, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Халел Фаббасұлы, Ережеп Итбайұлы, Сағындық Досжанов енгізілді (Егеменді Қазақстан, 1992, 18 қаңтар).

Орынбор қаласында 1917 жылғы желтоқсанның 5—13 күндері өткен екінші „Жалпықазақ — қырғыз съезіне оны ұйымдастыру комитеті жасаған тәртіп бойынша әр уезден ел сыйлаған екі ақсақалдан, әрбір облыстық қазақ, комитеттерінен келетін екі өкілден тыс 30-ға жуық, адамға арнаулы шақырулар жіберілді. Олардың қатарында Омар Қараш, Қайырша Ахметжанұлы, Фабдолла Ешмұхамбетұлы, Ахмет және Қожахмет Оразайұлдары, Құрманбек Бірімжанұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұстафа Шоқай, Уәлихан Танашев, Халел Досмұхамедұлы, Бақыткерей Құлманұлы, Шәңгереイ Бекейұлы, Есенғұл Маманұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Салық Қарпықұлы т. б. болды. Ұлармен қатар „Ұран“, „Сарыарқа“, „Бірлік туы“, „Тіршілік“ газеттері мен жаңадан ашылған қауымдардан бір-бір өкілден шақырылды. Съезде барлығы 80-ге жуық, делегат бас қосты.

Өз газетінің беттерінде съезд жұмысы жөнінде хабар жариялаған ташкенттік журналист былай деп жазды: „Съезге он облыстан — Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Ферғана, Самарқан, Сырдария, Закаспий және Астрахань губерниясына қарайтын Бекей ордасынан келген 80-ге жуық, делегат қатынасты. Делегаттардың көпшілігі орысша жақсы сөйлемдеді: еуропаша кінген жоғары және орта білімділер де аз емес“ (Свободный Туркестан. Ташкент, 1918, 20 января).

Съездің тәралқасына Бақыткерей Құлманұлы (төраға), қосымша төрағалар болып Әлихан Бекейханов, Халел Досмұхамедұлы, Эзімхан Кенесарин, Омар Қараш, хатшылыққа Дәулетше Құсепқалиев, Міржақып Дулатұлы, Сейідәзім Қадырбаев сыйланды.

Съездің күн тәртібі жоғарыда әңгіме болған „Алаш“ партиясының Бағдарламасы жобасының талаптарынан және елде қалыптасқан қоғамдық-саяси өзгерістерден туыннады. Съездің талқылап, тиісті шешім қабылдаудына 10 мәселе ұсынылды. Олар: Сібір, Түркістан автономиясы және оңтүстік-шығыс одағы туралы; қазақ-қырғыз автономиясы, милиция туралы; ұлт кеңесі; ұлт қазынасы; муфтилік мәселесі; халық соты; ауылдық басқару және азық-түлік жөніндегі мәселелер еді.

Тез қарқынмен өзгеріп отырған жағдайдағы партия тактикасы мәселелері жөнінде және съездің күн тәртібіндегі маңызды проблемалар (автономия, милиция, ұлт кеңесі, т. б.) бойынша Ә. Бекейханов, Х. Фаббасұлы, М.

Шоқай, Ж. Досмұхамедұлы т. б. қайраткерлер баяндама жасап, жарыс сезге белсенді түрде араласты.

Съезд қазақ автономиясы мен милиция туралы Халел Фаббасұлы жасаған баяндаманы тыңдап, осы мәселе бойынша саяси мәні терең қаулы қабылдады. Бұл жөніндег „Сарыарқа“ газетінің 1918 жылғы қаңтардың 25 күнгі санында жарияланған „Жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы“ атты құжатта билай делінді: „Автономия туралы Халелдің баяндамасын тексеріп, қазанның аяғында Уақытша үкімет түскесін, Рұсия мемлекетінде халыққа сенімді және беделді үкіметтің жоқтығын, әкімшілік жоқ болған соң халық арасы бұзылып, пышақтасып кететіндігін, бассыздық, күшейіп, бүкіл мемлекет бүліншілікке үшірап, күннен күнге халықтың күйі нашарлаудың және бұл бүліншілік біздің қазақ-қырғыздың басына да келуі мүмкін деп ойладап, бүкіл қазақ-қырғыз билейтін үкімет керектігін ескеріп, съезд бір ауыздан қаулы қылады:

1. Бекей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы және Әмудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі — халқы қазақ-қырғыз, халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық, жерлі Автономия құруға;

2. Қазақ-қырғыз автономиясы „Алаш“ деп аталсын;

3. Алаш Автономиясының жер үстіндегі тұғі-суы, астындағы кені Алаш мұлкі болсын;

4. Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтың құқықтары теңгеріледі. Алаш Автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемеде санына қарай орын алады...

5. Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлт Кеңесі құрылсын. Мұның аты „Алашорда“ болсын. Алашорданың ағзасы (мүшесі — К. Н.) 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылады. Алашорданың уақытша тұратын орны — Семей қаласы.

Алашорда бүтіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады”.

Алаш Автономиясының „Алашорда“ аталған (Алаштың ордасы немесе үкіметі) Ұлт Кеңесінің құрамына 15 адам сайланды: Үәлихан Танашев (Бекей ордасы), Халел Досмұхамедұлы (Орал облысы), Айдархан Тұрлыбаев (Ақмола облысы), Ахмет Бірімжанов (Торғай облысы), Халел Фаббасұлы (Семей облысы), Садық Аманжолов

(Жетісу облысы), Мұстафа Шоқай (Сырдария облысы). Облыстардан тыс Алашорда құрамына Элихан Бекейханов, Жаһаншаш Досмұхамедұлы, Әлімхан Ермекұлы, Мұхamedжан Тынышбайұлы, Бақыткерей Құлманұлы, Жақып (Якуб) Ақбайұлы, Базарбай Мамытов, Отыншы Әлжанов сайланды. Үкіметтің осы 15 мүшесіне орынбасарлар болып қазақ өлкесінің әр түрлі өңірінен тағы да 15 кісінің кандидатуралары бекітілді.

Алашорданың төрағасы баламалы жағдайда сайланды. Үкімет төрағасына үш қайраткердің — Элихан Бекейхановтың, Бақыткерей Құлманұлының және Айдархан Тұрлыбаевтың кандидатуралары ұсынылды. Жасырын дауыс нәтижесінде Ә. Бекейханов 40 дауыс, А. Тұрлыбаев — 20, Б. Құлманұлы — 19 дауыс алды. Көп дауыс алған Элихан Бекейханов Алаш Автономиясының үкіметі — Алашорданың төрағасы болып сайланды.

Съезд қазақ милициясын құру жоспарын жасап, бекітті. Съезд шешімінде милицияның әр облыстағы саны, оларды оқыту және қажетті заттармен (күйім-кешек, мініс аты, қару жарағы т. б.) қамтамасыз ету тәртібі анықталды. Милицияны құру мақсатын съезд былай деп анықтады: „Осы күнде мемлекет ішінде бассызың, талан-тараж, қырылыс-талас болып жатқанын ескеріп, қыргыз-қазақты мұндай бүліншіліктен қорғау үшін... ешбір тоқтаусыз милиция тұзуге кірісүі тиіс” (“Сарыарқа” газеті, 1918, 25 қаңтар).

Сонымен, съезд „Алаш“ атты қазақ автономиясын құру қажеттігін бір ауыздан қолдады. Алаш Автономиясының бастау көздерінде тұрған, екінші жалпықазақ съезінің делегаты Әлімхан Ермековтің сөзімен айтсақ, „Желтоқсанның 12-і күні, тұс ауа, сағат 3-те дуниеге Алаш Автономиясы келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып шашылып жүрген қыргыз-қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жүрт отанды болды“ (“Сарыарқа”, 1918, 22 қаңтар).

Съезде Алаш Автономиясы ұлттық-территориялық („ұлттық“, „жерлі“) негізде құрылуы сөз жоқ, үлкен қоғамдық-саяси мәнге ие оқиға болды. Ұлттық-территориялық қазақ автономиялық мемлекетін құруда екінші жалпықазақ съезі делегаттары бірауыздылық танытқандарымен, оны (автономияны) ресми түрде жариялау мәселеінде алауыздыққа жол берді. Бұл жағдай мемлекеттік құрылым ретінде жаңадан қалыптаса бастаған автономия үшін қатерлі еді, өйткені автономия ресми түрде

жарияланбайынша, оған қазақ, халқын, өлкені мекендерген басқа халықтарды енгізу, Алашорда үкіметін мойындау қыын болатын еді.

Сондықтан да „Сарыарқа“ газетінің жоғарыда аталған санында (1918 ж., 22 қаңтарда жарияланған Фаббастың (Халел Фаббасов болар — авт.) „Алаш Автономиясы“ атты мақаласында: „Қазақ-қырғыз үкіметі „Алашорда“ Алаш (қазіргі жаңа Семей) қаласына келіп автономиясын жариялағаннан кейін, қазақ-қырғыз балалары бағынған үкіметтіміз осы деп сеніп ант беріп, басқа үкіметті танымай, өз үкіметтінің әмірін екі қылмай орындау керек“ деп баса көрсетті.

Бұқілқазақтық, екінші съезде автономияны жариялау мерзімі туралы қызу айтыс бірнеше күнге созылды. Бұл айтыстың негізінде Қазақ автономиясын жариялауға байланысты өлкені мекендерген орыстардың пікірін анықтау және жариялануға тиісті автономияға Түркістанды мекендерген Оңтүстік қазақтарының қосылу-қосылмау мәселесін нақтылы шешу қажеттілігі жатты.

Съезді шақыруға және оның жұмысына белсенді түрде араласқан Халел Фаббасұлының көрсетуіне қарағанда, онда „автономияны жариялау мерзімі туралы принципті мәселеде біріне-бірі қарама-қарсы екі бағыт қалыптасты. Бір бағытты (ағымды) Элихан Бекейханов басқарды. Оны жақтаушылар съезде өкілдері болмаған Қазақстанды мекендейтін орыстардың еркін білмейінше автономияны жариялауды кідірте тұру қажет деді... Жаһаншаш және Халел Досмұхамедұлдары басқарған екінші бағыт автономияны дереу жариялауды қолдады... Дауыс беруде көпшілік бірінші бағыт жағында болды, бірақ қарсыластар мұнымен келіспеді“ (КР ҰҚҚ-нің архиві, 124-іс, 1-том, 317-парап).

Дегенмен үлттық, халықтық мұddenі жеке бастарының саяси үлпай жинауынан жоғары қойған Элихан Бекейханов басқарған съезд делегаттары мен Жаһаншаш және Халел Досмұхамедұлдары басқарған Орал облысы мен Бекей ордасының өкілдері Алаш Автономиясын жариялау мерзіміне байланысты ортақ, ымыралы келісімге келді. Екі жақтың көзқарастарын жақыннатуға алғашында бүкіл қазақ жерінің Түркістан Автономиясы құрамына енуін жақтаған, ал соңынан бұл пікірінен бас тартқан Мұстафа Шоқай онды рөл атқарды. Съезд қабылдаған ымыралы қаулының негізгі баптары мыналар еді:

„1. Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып алса-алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді...

2. Егер бір айдан кейін Алаш баласы қосылмаса һәм қалған Алашқа автономия иғлан (жария — *авт.*) етілмесе, әркім өз күнін өзі көреді.

3. Егер Түркістан қазағы бір айда бізге қосылса, автономияны қашан иғлан ету ықтияры Алашордаға берілсін" ("Ақиқат", 1993, № 3, 76-бет).

Екінші жалпықазақ съезі Түркістан өлкесін мекендеғен қазақтардың Алаш Автономиясына қосылу немесе қосылмау мәселесін талқылау үшін Сырдария облысы қазақтарының съезін шақыруды қажет деп тапты және оған өз өкілдері ретінде Бақыткерей Құлманұлын, Міржақып Дулатұлын және Тұрағұл Құнанбаевты жіберуге үйғарды. Осы мәселеге байланысты Әлихан Бекейханов пен Мұстафа Шоқай біріккен мәлімдемеге қол қойды. „Қазақ“ газетінің 1917 жылғы 18 желтоқсандағы 255-санында жарияланған осы мәлімдемеде былай делінді:

„Екінші жалпықазақ-қырғыз съезі бүкіл Алаш баласын біріктіріп өз алдына автономия етуге қаулы қылды. Бұл туралы Түркістан қазағымен келісу үшін Алаш ордасы 5-інші ғинуарда Түркістан шаһарында Сырдария облысының съезін шақырады. Съезге облыс басы бір өкіл келсін. Мұстафа (Шоқай — *авт.*) һәм жолдастары бұл съезді 10-ншы ғинуарға шақырған еді. Оны өзгертип, 5-нде болсын делінді. Түркістан қазақтарымен сөйлесуге Алаш ордасы Бақыткерей Құлманұлын, Міржақып Дулатұлын һәм Тұрағұл Құнанбайұлын жібереді. Уақыт шұғыл, мәселе зор болғандықтан шақырылған өкілдер съезге айтылған күннен қалмай келулері керек.

Бұл съезге болыс басы бір кісінің үстіне мына кісілер арналып шақырылды: Байсын ақсақал Көлдейұлы, Исуфбек Басығараұлы, Ибрағим Қасымұлы, Имамберді ақсақал, Сабырқұл Алдабергенов, Мәүленқұл Байзақов, Алдиярбек Рақымқұлов, Эзімхан Кенесарин, Мұхамеджан Тынышибайұлы, Ерғали Қасымұлы. Әлмұхамед Көтібарұлы, Санжар Асфендиаров, Қоңырқожа Қожабеков, Серікбай Ақаев, Ғабдалрахманбек Оразаев, Сейтжапар Байсейіт ұлы, Қожа Ахмет һәм Ахмет Оразай балалары, Садық Өтегенов, Зұлқырнай Сейдалин, Алдабек Мангелдин, Мұстафа Шоқаев, Әуез Досболұлы, Қалжан Қоңыратбайұлы, Тәшім Айпенеұлы.

Алашорда бастығы Әлихан
Бекейхан, Мұстафа Шоқаев". „Қазақ“, 1917, № 255.

Алашорда өкілі ретінде Сырдария қазақтарының съезіне қатынасқан Міржақып Дулатұлы 1929 жылы ОГПУ тергеушісіне берген жауабында атап көрсеткенідей, „екінші жалпықазақ съезінен бірнеше күн бұрын Қоқан қаласында Түркістан халықтары өкілдерінің съезі болып, онда тарихқа Қоқан автономиясы атымен енген мемлекет құрылып, оның үкіметі сайланды. Бұл жөнінде біз екінші жалпықазақ съезі жүріп жатқан кезде білдік. Съездің соңына қарай Мұстафа Шоқаев келді. Ол алғашқы кезде жеке қазақ автономиясын құруға қарсы болып съезд делегаттарын Түркістанмен бірігүте үтітеді. Соңдықтан да Түркістан қазақтарының қазақ автономиясы туралы пікірін білу үшін Сырдария облысы қазақтарының съезін шақыру туралы шешім қабылданды. М. Дулатовтың мәлімдеуінше, Сырдария қазақтары съезінің делегаттарынан бастапқы кезде тек қана Сұлтанбек Қожанов Түркістан қазақтарының Алаш қазақ автономиясына қосылуын жақтады; кейін далалық қазақтар қазақ автономиясына қосылуға ниет білдірген соң, оңтүстіктің зиялдары да осындағы пікірді қолдады (КР ҮҚҚ-нің архиві, 184-іс, 6-том, 19-парақ).

Большевиктер партиясы мен Кеңес өкіметі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін шешудің негізіне таптық жіктелу принциптерін алса, Алаш қөсемдері бұған керісінше ұлттық бірлік саясатын таңдал алды. Соңдықтан да олар қазақ халқын ұлттық тұтастық пен бірлікке шақырумен болды. Элихан Бекейханов Қазақ автономиясы құрыла сала, „Қазақ“ газеті арқылы зиялды қауымға былай деп жар салды: „Россия мемлекеті енді жақын арада үйірге қосылмайды. Бірліктен айрылсақ, мына орысша қаңғып кетеміз. Көш бастаған ақсақал аға, зиялды іні, жергілікті жұрт қызыметін таза атқар! Жалпы жұртқа мұрындық бол!“ (Элихан Бекейханов. Шығармалар, 271-бет). Ал екінші жалпықазақ съезінің қазақтың автономиялы ұлттық-территориялық мемлекетін құру туралы шешімінсаяси баға бере келіп, Э. Бекейханов кейінірек (1919 жылғы 11 ақпанында) былай деп мәлімдеді: „Съездің бұл шешімі қазақтар мекендерінен территорияда анархияны болдырмау, өлкеде большевизмнің дамуына жол бермеу мұдделерінен туындағы... Сол кезде Россияда орын алған жағдайда қазақтардың жарияланған автономиясын жүзеге ассыру мүмкін емес еді. Кезекте бостандықтың жауы — большевизммен курес тұрды“

(Алаш-Орда. Сборник документов, Алматы, 1992, 138-бет).

„Алаш Автономиясы“ атанған ұлттық мемлекетті аяғынан тік түрғызу үшін және тек қана қеңестік негіздегі автономияларды ғана қорғап-қолдауға бейім түрған „бостандықтың жауы — большевизммен күресу үшін“ Алашорда көсемдері „халықтық милиция“ атанған ұлттық әскер құруға және қеңестерге қарсы әр түрлі саяси құштермен одақтасу ісіне үлкен мән берді.

Сондықтан да екінші жалпықазақ съезі милиция жақтарын құру мәселесін жан-жақты талқыладап, оның „Алаш Автономиясына“ кіретін әрбір облыс пен әрбір уездегі санын анықтап, оларды соғыс өнеріне үйрету мен қажетті қару-жарақпен және киім-кешекпен қамтамасыз ету жолдарын айқындады.

Милиция қатарына әскери қызмет атқаруға жарамды 30 бен 35-тің арасындағы ер азаматтар еріктілік негізінде алынатын болды. Бекей, Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарындағы милиционерлердің жалпы саны 13500 болсын делініп, әр облыс бойынша әскер қатарына шақырылатындар саны мына мөлшерде белгіленді: Бекей — 1000, Орал — 2000, Торғай — 3000, Ақмола — 4000, Семей — 1500 және Жетісу облысында — 2000 адам. Милицияны ұйымдастыруға байланысты жұмсалатын шығын 68960000 сом болып анықталды. Бұл қаражат¹ жоғарыда аталған алты облыстың қазақтары есебінен жиналады. Милицияға қажетті қару-жарақ, пен оқ-дәрі „Алашорданың“ ұлттық қорының есебінен алынатын болды. Милиционерлерді әскери тәртіп пен өнерге үйрету үшін офицерлер мен нұсқаушыларды: 100 милиционерге бір офицер, 50 милиционерге бір нұсқаушыны шақыру белгіленді. Қазақ офицерлерін даярлау үшін оқып-үйренгісі келген қазақ жігіттерін Орынбордағы казак юнкерлер училищесіне жіберу қажеттігі съезд шешімдерінде баса көрсетілді. (Алаш-Орда. Сборник документов, 72—73-беттер).

Мұның өзі Алашорда үкіметінің Орынборлық атаман А. Дутов басқарған ақғвардияшылармен жақындастыруна негіз болды. Бірақ Алашорданың Дутовпен жақындастырылған қызылдар жасағы П. Кобозев пен С. Павлов басқарған қызыл гвардия отрядымен бірлесе отырып 1918 жылғы 18 қаңтарда Орынбор қаласын басып алды. Қызылдардан

ыққан Дутовпен бірге алашордашылар да Орынборды тастап кетуге мәжбүр болды. Осыған байланысты біртұтас қазақ, автономиясын құрып ұлгірмеген және барлық қазақ жерлерін оның аясына біркітіре алмаған Алашорда үкіметі бірлігінен айрылып қалды: үкімет мүшелерінің біразы Семей қаласының маңындағы Алаш қаласы атанған (бұрынғы Жаңа Семей) елді мекеніне келіп, өздерін Алашорданың шығыс бөлімі деп жариялады. Үкімет мүшелерінің Жаһаншаш пен Халел Досмұхамедұлдары басқарған екінші бөлігі Орал облысындағы Жымпты қаласына келіп, өздерін Алашорда үкіметінің батыс бөлімі немесе Ойыл уәлаяты деп атады, үкіметтің тағы бір бөлігі Жетісу облысында әрекет етті. Осындай ауыр жағдайда және Қазақстанның барлық облыстарында дерлік кеңес өкіметі бел алып, күшейіп жатқан кезеңде Алашорда Орталық, Кеңес өкіметімен және оның жергілікті органдарымен амалсыздан байланыс жасауға мәжбүр болды. Элихан Бекейханов Мәскеуге Орталық, Кеңес үкіметінің басшысы В. И. Ленинмен және ұлт істері жөніндегі халық, комиссары И. В. Сталинмен кездесу үшін өзінің екі жақын серігін — Халел мен Жаһаншаш Досмұхамедұлдарын жіберді, соңдай-ақ, Ә. Бекейхановтың тікелей тапсырмасымен 1918 жылғы 2 сәуір күні Халел Фаббасұлы Семейден төте сым (телеграф) арқылы В. Ленин және И. Сталинмен Алашорда мен Кеңес өкіметінің арақатынасы жөнінде келіссөздер жүргізді.

Осы келіссөздердің барысында Алашорда жетекшілері В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің талап етуі бойынша „Кеңес өкіметін Ресейдегі барлық автономиялы халықтардың кіндік өкіметі“ деп тануға мәжбүр болды. Алайда осыған қарамастан, олар Алаш Автономиясының тәуелсіздігін белгілі дәрежеде қамтамасыз етуге тиісті біраз талап-тілектерді Орталық, Кеңес өкіметінің алдына қойды. Ол талаптар негізінен мыналар еді: Алаш Автономиясының шеңберінде қазақ, халқының атақонысы болған барлық жерлерді топтастыру; Алашорданың қолында заң шығарушы және билік жүргізуі өкіметтің шоғырлануы; қазақтар арасындағы даулы мәселелерді шешуді халықтың өзі сайлап қойған облыстық және уездік соттарға беру; халықтық милиция атанған Алаш Автономиясының әскерін құру; жергілікті кеңестердің шешімімен тұтқындалған, Алашорданы жақтаушы қазақ комитеттерінің облыстық земство мен т. б. мекемелерге мүше болған қазақ зиялла-

рын босату және келешекте саяси көзқарас тұрғысынан Құғын-сүргінге ұшыратуға тыйым салыну.

Мәскеудегі келіссөздер сәүірдің ортасына дейін жалғасты және олар Алашорда ұсыныстарының көпшілігін Орталық, Кеңес өкіметі мойындағанын көрсетті. Келіссөздердің аяқталуы туралы хабарлай келіп Халел және Жаһаншах Досмұхамедұлдары Семейдегі Халел Фаббасұлына 12 сәуірде жолдаған жеделхатында, кеңес үкіметі Қазақстанның әрбір облыстық, кеңесіне тұтқындалған қазақ, қайраткерлерін босату жөнінде ғана нұсқау бергендігін, ал Алашорда ұсынған өзге шарттарға таяу құндерде жауап беретіндігін және РКФСР-дің ұлт істері жөніндегі комиссариатының құрамында қазақ бөлімі құрылатынын мәлімдеді.

Алашорданың жоғарыдағы ұсыныстары кеңестік, таптық, негіздегі және РКФСР-дің құрамдас бөлігі ретіндегі қазақ автономиясын (сол сияқты татар, башқұрт, Орта Азия халықтарының да) құруды ойластырып қойған Кеңес өкіметі басшыларына ұнаган жоқ. Соңдықтан да Алашорда өз талап-тілектеріне, кейбір жекелеген мәселелер жөнінде болмаса, жалпы алғанда Орталық, Кеңес үкіметі төрағасы В. И. Лениннен қанағаттанарлық жауап ала алмады. Бұған Халел Фаббасұлының мәліметтері дәлел бола алады. „Алашорда“ атынан РКФСР-дің ұлт істері жөніндегі халық, комиссары И. Сталинмен Семейден тұра телеграф сымы арқылы келіссөз жүргізген Халел Фаббасұлы бұл жөнінде 1929 жылғы 10 қарашада ОГПУ-дің тергеушісіне берген жауабында былай деп мәлімдеді: „Келіссөзде мен Кеңес өкіметінің декларациясының (әңгіме 1917 жылғы 2 қарашада кеңес үкіметі жариялаған „Ресей халықтары құқықтарының декларациясы“ туралы болып отыр. Онда жұмысшы-шаруа үкіметінің ұлт саясатының негізгі принциптері ретінде Россия халықтарының тенденсі мен егемендігі, олардың өздерінің мемлекеттік құрылышын өзі шешу құқығы жарияланған болатын — авт.) идеяларына сәйкес қазақ халқының өзін-өзі билеу құқықының кедергіз жүзеге асырылуын талап еттім. Барлығы есімде жоқ, дегенмен де мен 14 тармақтан тұратын талаптар қойдым. Олардың жадымда қалған негізгілері: таратылған қазақ мекемелерін қалпына келтіру, кеңес өкіметі жағдайындағы ұлттық автономияны құру, қазақ халқының тұтқынға алынған қайраткерлерін босату. Сталиннің жауабының мазмұны Алашорда Кеңес өкіметін мойындағанда ғана Қазақстанның Құрылтай съезін шақыруға әрекеттер

жасалады дегенге сайды... Біз Сталинге телеграф арқылы кеңес өкіметін мойындастынымызды мәлімдеп, сол кезде Мәскеуде жүрген Досмұхамедұлдарына (Халел мен Жаһаншах — авт.) Орталық үкімет алдында біздің мұдделерімізді қорғауды тапсырдық... Сталинмен сөйлесіп болғаннан кейін телеграф сымына облыстық, кеңестің (Семей облыстық — авт.) төрағасы Шугаев шақырылды, бірақ олардың не туралы сөйлескенін білмеймін. Осы сөйлесуден кейін облыстық, кеңес бізге деген көзқарасын біршама өзгертуі, тіпті тұтқындағылардың кейбіреулері босатылды" (ҚР ҰҚҚ-нің архиві. 124-іс, 1-том, 317—318-парақтар).

Халел Фаббасұлының мәлімдеуінше, оның Сталинмен телеграф сымы арқылы келіссөзде қойған ұсыныс-талаптары алдын ала Э. Бекейханов, Р. Мәрсеков, Э. Ермекұлы, Б. Сәрсенов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы қатысқан арнайы мәжілісте тұжырымдалған екен.

Халел мен Жаһаншах Досмұхамедұлдарының Мәскеуде Кеңес өкіметі басшыларымен кездесулері мен телеграф сымы арқылы Сталинмен жүргізген келіссөздерінен анық байқалғаны Орталық, Кеңес өкіметінің ынтымақ, ұлттық, тұтастық, негізінде құрылатын қазақ мемлекеттігін мойындастайтындығы және оған көрініше қазақ халқына таптық, жіктелуге негізделген кеңестік түрпаттағы автономия беруге даяр екендігі еді.

Орталық, Кеңес өкіметі Алашорда жетекшілерімен келіссөз жүргізу барысында екіжүзділік танытты. Бұған өзінің атынан Даалық, Қазақ өлкесінің төтенше комиссары болып тағайындалған Э. Жанкелдинге 1918 жылғы ма-мырдың 14 күні Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының таптық негіздегі Қазақ автономиясын құру мақсатымен бүкілқазақстандық кеңестер съезін шақыру міндетін жүктеуі дәлел бола алады (Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане. Летопись событий. Алма-Ата. 1967, 410-бет). Бұл жағдай Қазан төңкерісі қарсаңында В. И. Ленин большевиктер атынан „Ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын" уағыздан келсе, пролетариат диктатурасы орнаған соң бұрынғы айтқаннан бас тартып, енді оны „Еңбекшілердің өзін-өзі билеуі" ұранымен алмастырудың, басқа сөзben айтқанда, ұлттық-мемлекеттік құрылышта таптық принципті бірінші кезекке қоюдың көрінісі болды. Соңдықтан да Орталық Кеңес өкіметі қазақ халқының ұзақ жылдарға созылған ұлт-азаттық, күресінің нәтижесінде дүниеге келген Алаш

Автономиясы мен Алашорда үкіметін мойындағады, сол сияқты Орта Азияның жергілікті халықтарының заңды мемлекеттігі болған, 1917 жылғы 10 желтоқсанда Қоқан қаласында өткен төртінші жалпы мұсылмандық құрылтайда жарияланған Түркістан (Қоқан) автономиясы келесі 1918 жылдың ақпанында қарулы күш жұмсалып талқандалды.

Ал бұған керісінше В. И. Ленин мен И. Сталин 1918 жылғы 22 сәуір күні Түркістан өлкесінде кеңестерінің V съезіне жолдаған жедел хатында съездің кеңестік негіздегі Түркістан автономиясын құрмақ болған жоспарына жан-жакты қолдау көрсетті. 1918 жылғы сәуірдің 30-ында РКСФР-дің құрамындағы Түркістан АКСР-і құрылып, оған Орта Азияның басқа өнірлерімен бірге Қазақстанның байырғы екі оңтүстік облыстары — сол кездегі Жетісу мен Сырдария облыстары кірді. Ал Қазақстанның басқа аймақтары әкімшілік жағынан бытыраңқы болып, РКФСР-дің әр түрлі губерниялық советтерінің құрамында болып келді.

Орталық Кеңес өкіметінің шешімімен Қазақ өлкесіне төтенше комиссар болып тағайындалған Әліби Жанкелдинге басқа жұмыстармен қатар Алашордаға қарсы қресті тікелей үйымдастыру мен Қазақстанның кеңестік негіздегі автономиясын жариялау үшін кеңестердің бүкілқазақстандық, құрылтай съезін шақыру міндеттері қоса тапсырылды. Мұндай жағдайда Халел Досмұхамедұлы Мәскеуден шұғыл турде елге қайтуды жөн деп тапты. Мәскеуден келе жатқан жолда Халел Досмұхамедұлына құдікті адам ретінде қараған Орал кеңесінің өкілдері оны ұстал, Саратов кеңесіне тапсырады.

Саратов кеңесі атқару комитетінің 1918 жылғы 17 сәуірде болған мәжілісінде Х. Досмұхамедұлы Алашорда үкіметінің мүшесі ретінде сөз сейлеп, ресми мәлімдеме жасайды және атқару комитет мүшелерінің сұрақтарына жауап береді. Халекеңнің сондагы сөздерінен жекелеген үзінділер келтірейік:

„Досмұхамедов. Мен жалпықазақ халық жиналысы — Алашорданың мүшесімін. Бүкіл қазақ өлкесі қайта құрылуы керек... Семейге Орталық, кеңес басшылығы орналасуға тиіс. Әзірге мұндай үйым жоқ. Земство бар... Жалпы бізде кеңестерді үйымдастыру қыын. Оларды құратындар жоқтың қасы. Жұмысшылар жоқ деуге болады, солдаттар да жоқтың қасы. Қайталап айтам: бізде земство мекемелері бар, орталықта оларды сақтау қажеттігі айтылды. Ха-

лық, Комиссарлары Кеңесі қазақ істері жөніндегі комиссариат үйымдастырымақшы...

Банквицер жолдас. Сіздердегі кеңестер мен земствоның айырмасы қандай?

Досмұхамедұлы. Бізде әзірге кеңестер жоқ.

Антонов жолдас. Қазақтар әлі де алғашқы қауымдық жағдайында өмір сүруде... Оларда таптық жіктелу нашар... Соңдықтан да олардағы кеңестердің құрамы земствомен бірдей. Таптық жіктелісті күштеп енгізу әзірше ертерек болар... Қазіргі жағдайда қазақ халқының өкілдеріне халықта арнап үндеу жазуын ұсынар едім. Онда кеңес өкіметінің маңызы түсіндіріліп, казактармен ынтымақта болу қажеттігі айтылуы керек...

Досмұхамедұлы. Біз Саратов кеңесі сияқты ірі кеңестің ықпалы мен қорғауына ие болғанды қалар едік. Біз сіздерден қажетті барлық астықты алып тұрсақ дейміз, ал бізде шикізат бар. Қазақтарға арналған үндеу шығару керек. Атқару комитеті оны таратуға көмектесер еді.

Пікір алысудан кейін атқару комитеті (Саратов кеңесінің) қаулы алды: Бүкілқазақтық халық кеңесі — Алашорданың мүшесі Досмұхамедұлының баяндамасын тыңдай келіп, атқару комитет: 1. Баяндамашы арқылы қазақ халқын құттықтайтын және оның Кеңес өкіметін қолдау ниетін құптайды; 2. Қазақ халқымен өте тығыз саяси және экономикалық байланыс орнатылсын; 3. Баяндамашы ұсынған қазақ халқына арналған үндеу „Известия“ газетінің беттерінде жариялануға қабылдансын...

Досмұхамедұлы. Қазақ халқының атынан мен сіздерді, халық өкілдерін құттықтаймын және біз басқалардан көбірек казачествоның жәберін тартқанымызды мәлімдеймін. Бізге жанашырылған қарайтын бір ғана өкімет — Кеңес өкіметі екендігін өз атынан мәлімдеймін. Біз жеке автономия болу үшін көп әрекет жасадық, бізге осы мәселе бойынша Кеңес өкіметі ғана қолдау жасады. Біз мұны ешқашан ұмытпаймыз” (Саратовский совет рабочих депутатов. 1917—1918. Сборник документов. М.-Л., 454—456-беттер).

Алайда Орал облысындағы жағдайдың өрістеуі Халел Досмұхамедұлын Саратов кеңесі мәжілісінде берген уәдесінен бас тартуға мәжбүр етіп, ақ казактармен одақтасуға итермеледі. Орал казачествоны әскери үкіметі облыстық кеңестер съезін үйымдастырушылардың пролетариат диктатурасы тәртібін орнатпақ болған әрекеттерін іске асыртпай, кеңесшіл белсендерін тұтқындағаннан

кейін „Алаш“ партиясының облыстық үйымының жетекшілері Орал облыстық төртінші қазақ съезін шақыруды тездettі. Оның ашылуы Чехословак корпусының Кеңес өкіметіне қарсы бұлігі басталған кезге және Еділ бойына, Сібір өңіріне дейінгі кең алқапта кеңес өкіметі құлатылған уақытқа дәл келді.

Орал өңірі қазақтарының IV облыстық съезі Жымпіты қаласында 1918 жылды 18—21 мамыр аралығында өтті. Съезд ашылу сәтіне 300 делегат келіп үлгірсе, ол жұмыс істеген үш күннің ішінде тағы 150-дей адам қосылды. Съездің күн тәртібіне 20 мәселе енгізілді, оның соңы төртеуі съездің барысында анықталды.

Съезді кіріспе сөзбен ашқан Халел Досмұхамедұлы өзінің Мәскеуде РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесімен, Орал облысымен шекаралас кеңестердің жетекшілерімен келіссөздер жүргізгенін, Орал казачествоны басшылығымен жақындасу әрекеттерін жасағанын айтты. Осы келіссөздерге съезд саяси баға беретіндігін ескере отырып, X. Досмұхамедұлы өзін съезд тәралқасы құрамына сайламауды оның делегаттарынан сұрады. Съезд тәралқасына Жаһаншах Досмұхамедұлы (төраға), Дәулетшах Құсбегіәлиев, Жанғожа Мергенов (төрағаның орынбасарлары), Асанов және Кәрім Жәленұлы (хатшылар) сайланды. Съезд делегаттарының құрамына және оның жұмыс барысына баға бере келіп „Яицкая воля“ газетінің (әскери өкіметтің органы) тілшісі былай деп жазды: „Бұл жерде пролетарий де, буржуй да, дворян мен шаруда, кадет де, эсер де, большевиктер мен эсдектер де жоқ, тек қана рулық қауымдастық өмір салтын сақтаған жалпы халықтық, бір семья бар. Олардың кейде мен-мендікке және жеке басының екінші кезектегі мұддесіне сай айтысқа түсетіндіктері ауыз бірлікке нұқсан келтіріп жатады“ (Яицкая воля. 1918, 27 мамыр).

Съездің күн тәртібіне енген 20 мәселенің негізгілері мыналар: 1. Ресей мен Орал облысындағы ағымдағы жағдайға көзқарас. 2. Земство делегациясының Мәскеуге баруы жөніндегі есебі. 3. Орал облыстық земство басқармасының казачествомен одақтасу саясаты туралы баяндамасы. 4. Жалпы саяси бағытты анықтау. 5. Кіммен және қандай негізде одақ құру керек? 6. Орал облысының қазақ бөлімінде мықты өкімет құру. 7. Земство мекемелерінің билігін кеңейту. 16. Оралдық земство басқармасын қырға көшіру...

Съезд күн тәртібінің мазмұнынан көрініп тұрғанында, онда жалпы мемлекеттік, аймақтық және ұлттық саясаттың көкейкесті мәселелері қамтылған. Сонымен қатар съезд талқылайтын мәселелер қатарында ымыраға келу, ұлттық бірлікті сақтауға байланысты мәселелер болғандығы айқындалып тұр (мәселен, „Кіммен және қандай негізде одақ құру керек?“).

Жалпы саясат мәселелері жөніндегі өз стратегиясы мен тактикасын белгілей келіп, Орал облыстық қазақ съезі өзінің негізгі міндеттерінде бүкілресейлік Құрылтай жиналышы мен келешектегі Ресей Федерациясындағы қазақ автономиясы үшін құрес идеясын алға тартты.

Жаһаншаһ пен Халел Досмұхамедұлдары съезд шешімімен Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметін құрды. Оның құрамына Ілбішін, Орал, Гурьев, Атырау, Ақтөбе, Үргыз уездерінің қазақтар мекендерген аудандары мен Маңғыстау, Ойыл және Бекей уездері кірді. Осы өнірде 1917 жылы жойылған Уақытша үкіметтің облыстық және уездік комиссарларының орнына Ойыл уәлаяты Уақытша үкіметінің билігі жүретін болды. Басқа сөзben айтқанда, бұл әрекет екінші жалпықазақ съезінің ұлттық-территориалық автономия құру жөніндегі шешімінің батыс Қазақстанның айтарлықтай территориясында жүзеге асуының көрінісі еді.

Алайда Орал облыстық IV қазақ съезінің бұл шешіміне Орал казачествоны әскери үкіметі тарағынан да, Самарада 1918 жылғы 8 маусымда құрылған Комуч (Комитет членов Учредительного собрания — Кеңес өкіметі таратып жіберген Бүкілресейлік Құрылтай жиналышының мүшелерінен Самара қаласында құрылған үкімет) үкіметі тарағынан да; сол сияқты орталық Алашорда үкіметі тарағынан да қарсылықтар кездесті (Народное дело, 1918, 31 июля).

Сондықтан да 1918 жылғы қыркүйекте Уфа дирекциясын құру туралы мәжіліске қатынасқан Алаш Автономиясының делегаттары сол айдың 11-күні автономияның жергілікті басқару жүйесі туралы мәселені талқыладап, Алашорданың батыс бөлімшесін құру туралы шешімге қол қойды. Бұл мәжіліске Алашорданың төрағасы Әлихан Бекейханов, мүшелері: Үәлихан Танашев, Халел Досмұхамедұлы, Жаһаншаһ Досмұхамедұлы, Ахмет Бірімжанов, Әлімхан Ермекұлы және Мұхамеджан Тынышбайұлы қатынасты. Мәжілісте қабылданған шешімнің негізгілері мыналар: 1. Алашорда Алаш Автономиясы аумағындағы бірден-бір басқару органы болып табылады... 2. Жергілікті

басқару жергілікті және қалалық, өзін-өзі басқару жүйесі мен Алашорданың комиссарлары арқылы жүзеге асырылады... 4. Облыстық, уездік комиссарларды Алашорда тағайындауды және олар 1917 жылғы Уақытша үкіметтің заңдары анықтаған құқықтармен уақытша пайдалаңады. 5. Құрамына Бекей ордасы, Торғай облысының Ақтөбе және Ыргыз уездері кіретін Алаш Автономиясының батыс аймағын іс жүзінде басқару үшін соғыс жағдайына және қатынас жолдарының нашар дамуына байланысты Алашорданың бөлімшесі құрылады. 6. Алашорданың осы бөлімшесі автономияның көрсетілген бөлігін (яғни Батыс Қазақстанның едәуір аумағын — авт.) Алашордадан түсетін маңызды және принципі нұсқаулар негізінде басқарады... 9. Төтенше жағдайлар болғанда және Алашордамен байланыс үзілгенде бөлімше Алашорданың (Орталық үкіметтің — К. Н.) құқықтарына ие болады" (Алаш-Орда. Сборник документов, 97-бет).

Алашорданың батыс бөлімшесінің төрағасы болып Жаһаншах Досмұхамедұлы тағайындалып, ал Халел Досмұхамедұлы бұл істе оған жан-жақты көмек көрсетті. Алашорданың батыс бөлімшесі құрылуына байланысты Ойыл уәляятіның уақытша үкіметі таратылып, оған осы кезге дейін бағынып келген Батыс Қазақстан жерлері аталған бөлімшениң қарамағына берілді.

Барлық деңгейдегі Алаш басшылығы 1918 жыл бойы ұлттық қарулы күштерді құруға ұлken мән берді. Большевизмге қарсы күресу үшін құрылуға тиісті „Халықтық милиция“ аталған қарулы күштерді жасақтауға көптеген қару-жарак, арнаулы киім-кешек, әскери мамандар қажет еді. Соңдықтан да Алашорда Кеңес өкіметіне қарсы барлық күштермен, ең алдымен казачествомен (Орал, Орынбор, Сібір және Жетісу казачестволарымен) және Сібірдің ерікті армиясының басшылығымен байланыс жасауды 1918 жылғы мамыр айының ортасынан бастады. Қолда бар құжаттарға сүйенсек, бұл байланыстың хронологиялық тізбегі төмендегідей:

Мамыр айының екінші жартысында Ойыл уәляяті үкіметтің арнаулы өкілі Ысқан Топаев Орал казактары әскери үкіметтімен большевизмге қарсы бірлесіп күрес жүргізу мәселелерін талқылау үшін Жымпітің Оралға жіберілді.

Осындай мақсаттармен маусымның тоғызы күні Ойыл уәляятіның уақытша үкіметі Орынбордағы әскери үкімет пен Орынбор казак әскерінің бас штабына арнайы хат

жолдап, Батыс Қазақстанда „халықтық милиция“ жа-сақтарын құру үшін қару-жарак, киім-кешек беруді және жігіттерді әскери өнерге үйрететін 15 офицер және 20 урядник жіберуді өтінді.

1918 жылғы шілденің ортасында Омбы қаласында өткен Сібір казачествоның съезіне Семейде құрылған бірінші қазақ полкінің командирі арнаулы өкіл ретінде жіберілді. Съезд төралқасы оған 15 шілдедегі кешкі мәжілісте сөз берді. „1-полктың командирі капитан Х. Тоқтамышев шеңберге (казачий круг — авт.) өзінің құттықтауын айтты,— деп жазды жергілікті „Сибирская речь“ газеті. — Шешен Семейде большевиктік өкіметтің құлауына тоқтала келіп, осы төңкерісті қазақтардың қолдауына сүйенген офицерлер мен казактардың тобы жасады деді. Қазақтардан Алаш полкі құрылуда, оның жетекшілері мен командалық құрамы орыс офицерлері, Алашорда Уақытша Сібір үкіметін және қазақ мұддесін қорғау үшін өзінің армиясы болғанын қалайды“ (Сибирская речь, 1918, 19 июля).

1918 жылғы 8 қыркүйекте болған Орынбор казак әскерлерінің үшінші төтенше съезінде әскери атаман генерал-майор Дутов Алашорданың Торғай облысындағы өкілі Қадырбаевтың құттықтау жеделхатын оқыды. Онда, атап айтқанда, былай делінді: „Қымбатты қөрші казактарға ыстық сәлем жолдап, барлық істерде табыстарға жетуді шын көңілмен тілеймін. Осы күнге дейін сіздерге материалдық, көмек көрсетіп келген қазақ халқы таяу уақытта казактармен бірге большевиктік бандиттерге қарсы қуреске шығады деп сендіремін“ (Алаш-Орда. Сборник документов, 118-бет).

Алашорданың төрағасы Элихан Бекейханов Ермековпен және Алашорданың әскери бөлімінің бастығы Х. Тоқтамышевпен бірге 1918 жылғы шілде-тамыз айларында Самара және Омбы қалаларында Комучпен және Уақытша Сібір үкіметтерінің әскери мекемелерінің өкілдерімен Алашордаға қарулы күштер құруға көмек көрсету жөнінде келіссөздер жүргізді. Бұл үкіметтер Алашорданың қарулы күштерін жасақтауына қару-жаракпен, киім-кешекпен және инструктор-офицерлермен көмек беруге дайын екендігін білдірді. Алашорданың батыс бөлімшесінің жетекшілері Жаһаншах және Халел Досмұхамедұлдары Самарадағы Комуч үкіметінің есебінен 600 винтовка мен бір пулемет алды және кешкпей ортақ жауға (Кеңес өкіметіне) қарсы бірлесіп қурес жүргізу үшін

2000 адамнан тұратын қазақ жасақтарын құруға уәде берді. Алашорданың Торғай бөлімшесі 300 мылтық пен 20 мың патронға ие болды. Орынбор казак әскерінің атаманы Дутовтың тікелей көмегімен Қостанай және Ырғыз уездерінде екі атты полк жасақтау жүзеге асырылды. 1918 жылғы 12 тамызда Алашорданың әскери бөлімінің бастығы Х. Тоқтамышев Ұақытша Сібір үкіметінің соғыс министрінің атына жазған хатында Семей қаласында құрамында 750 жауынгер мен 38 офицер бар Алаш полкінің құрылғандығын баяндай келіп, Зайсанда қазақ милициясының 200 адамнан, Павлодарда — 150, Қарқаралыда — 250 және Өскеменде — 250 адамнан тұратын әскери құрамалар жасақталғандығын хабарлап, бірақ оларға қажетті қару-жарақ пен киім-кешектің жоқ екендігін, ақша тапшылығы орын алып отырғандығын айтты.

Сонымен бірге Х. Тоқтамышев ақғвардияшылардың көмегімен жасақталған алаштың алғашқы әскери құрамаларының Қызыл Армияға қарсы соғысқа тікелей кіріскендігі туралы жазды (Том облыстық архиві, 72-қор, 1-тізбе, 5-іс, 1-парақ).

Әлихан Бекейхановтың 1919 жылғы 11 ақпанда Колчак үкіметінің ресми делегациясымен жүргізген келіссөздерінде келтірілген мәліметтер бойынша, сол кезде азамат соғысы майдандарында Қызыл Армияға қарсы құреске қатынасқан Алаш қарулы күштерінің саны үш мың жауынгерден сәлғана асқанын көреміз. Осы келіссөздердің барысында Алашорда делегациясының басшысы Э. Бекейханов (делегация құрамында Э. Бекейхановпен бірге А. Тұрлыбаев және У. Танашев болды) Ұақытша Сібір үкіметінің Ишкі Истер министрлігінің өкілі В. Малаховтың: „Милицияны қалай түсінүте болады? — деген сұрағына “Милиция — біздің әскеріміз. Ол қазір іс жүзінде бар: 700 жігітіміз Жетісү майданында, 540 адам Троицк тубінде, 2000 адам Орал облысында соғыс әрекеттеріне қатынасуда”, — деп жауап берді (Алаш-Орда. Сборник документов, 142-бет).

Ә. Бекейханов келтірген осы мәліметке Алашорданың батыс бөлімшесі үйымдастырған әскери құрамаларды қоссақ, Алаш Автономиясының әскерлерінің қатарында бес мыңға жетер-жетпес қана адам болғанын аңғару қын емес. Соңдықтан да нашар қаруланған, соғыс жүргізу тәжірибесі жоқ олар Қазақстандағы азамат соғысының барысына шешуші ықпал жасай алмады.

Ресейдің жаңа билеушілерінің, ең алдымен 1918 жылғы қарашаның 20-сында өзін елдің жаңа жоғарғы билеушісі деп жариялаған Колчактың Алашордаға байланысты ұстаған саясаты (Алашорда үкіметі мен Алаш Автономиясын ресми түрде мойындаамау, танымай жөніндегі) Қазақстанды іс жүзінде Кеңес өкіметіне қарсы жүргізілген белсенді күрестен ығыстырып тастады. Мұның үстің осы саясаттың салдарынан қазақ халқының басым көпшілігі Кеңес өкіметі құлатылған жағдайда өзінің ұлттық мемлекетіне ие болам деген үмітінен, басқа сөзбен айтқанда, осы үмітті жүзеге асыруға бағытталған күрес сти-мулынан айрылды.

Алашорда мен Колчак үкіметі арақатынасы осындай болып жатқанда майдандардағы оқиғалардың арасалмағы қызылдар жағына қарай ауысты. Ақғвардияшылардың ең қуатты қүші — Колчак армиясы қайта құру, резервтерді майдан шебіне жақындату сияқты жұмыстармен айналысып, дер кезінде Орынбор мен Орал казачествоның көмек көрсете алмады. Соның нәтижесінде Қызыл Армия бөлімдері осы екі казак әскерлерінің әкімшілік орталықтарын ақтардан босатып, Орынбор-Ташкент темір жолының өн бойында өз бақылауларын орнатты, Орал казачествоның Орынбор мен Сібірден бөліп тастап, кеңестердің Түркістан мен Жетісуда өз позицияларын қүшетулеріне мүмкіндік туғызды.

Мәскеудегі басшылық, азамат соғысының алғашқы жылының қорытындыларын шығара келіп, Кеңес өкіметін ұлт аймақтарында нығайтудың тиімді жолдарының бірі ұлттық мемлекеттік құрылышты тереңдету қажет деп санады. Бұл бағытта кеңестік негіздегі Татарстанның, Башқұртстанның және Қазақстанның автономиялық мемлекеттігін тез арада құру большевиктердің ұлт саясаты саласындағы маңызды міндеттерінің бірі деп анықталды. Бұл бағыт большевиктер партиясының VIII съезінде (наурыз, 1919 ж.) бекітілді. Большевиктер іс жүзінде ақтардың қолынан инициативаны өз қолдарына алды. Олар Алаштың ақтар қозғалысынан көңілі түнілген және кеңес басшылығымен жалғасуға ұмтылған өкілдерімен РКФСР-дің ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының қазақ бөлімі арқылы байланыс орнатуға кірісті. Ең алдымен мұндай байланысқа „Алашорданың“ белгілі қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы басқарған тобы барды.

1919 жылдың көктемінде Алашорда жетекшілері жағдайының қыындағап, күрделіленіп кетуінің өзіндік себеп-

тері бар еді. Колчак режимі іс жүзінде монархияны көксешілдердің диктатурасы болатын. Ол 1918 жылғы қарашада үкімет басына келісімен Сібір мен солтүстік Қазақстанда Кеңес өкіметін құлатуда көрнекті рөл атқарған эсерлерге қарсы құғын-сүргін үйымдастырыды. Колчакшылар бұрынғы Омбы облысының комиссары П. Дерберді, туземдік істер жөніндегі министр Б. Шатиловты т. б. эсер партиясының жергілікті белсенділерін тұтқындады.

1919 жылы наурызда Семейдегі азаматтық істер жөніндегі қазақ, сотының тәрағасы Жақып Ақбайұлы мен „Сарыарқа“ газетінің редакторы Имам Элімбеков қамауға алынды. Алаш қозғалысының белгілі мүшелері болған бұларға большевизмді жақтаушылар деген жала жабылды. И. Элімбековке сонымен қатар заңсыз қару-жарақ сақтады, жасырын эсерлер үйымымен байланыста болды, үкіметке (Колчак үкіметіне) қарсы листовкалар таратты деген айып тағылды. Осыдан сәл бұрын жергілікті кадеттердің оңшыл тобының органы Семейде шығып тұрған „Свободная речь“ газеті Алашорданың жетекшісі Э. Бекейхановты Колчак үкіметі алдында жаманатты етуге әрекет жасаған болатын: „Біз сұлтан Бекейханов қазақ, өлкесін басқаратын басты өкіл болады еken дегенді естідік... Бекейханов бүкіл қазақ халқының еркін білдірмейді, ол бар болғаны қазақ интелигенциясының жеке бір тобының мұддесін жақттайтын басшы. Соңықтан да Бекейханов мырзаны қазақ халқын басқаратын өкіл етіп тағайындау қойдың тағдырын көкжал қасқырга тапсырумен бірдей болмай ма?“ (Свободная речь. 1919, 27 января).

Алаш пен Алашордаға қарсы бағытталған осы әрекеттердің бәрі Семейде және Семей облысында орын алды. Оның да өз сыры бар еді. Өйткені осы өңірде екінші далалық корпустың штабы мен бөлімшелері, аты шулы атаман Б. Анненковтың жеке армиясының ордасы мен комендатуrasesы орналасқан болатын. Осында жағдайда Алашорда мен оның жетекшілерін жамандау науқанын үйымдастыру ақтар қарулы құштері басшыларының қазақтың ұлттық қозғалысы өкілдерімен ымыраға келіп, жақындасу ниеттерінің жоқ екенінің белгісі еді.

Ә. Бекейхановтың жақын серіктепі Алашқа, оның белгілі қайраткерлері мен баспасөзіне қарсы үйымдастырылған жалақорлық, науқанның мәні мен мақсатын жақсы түсінді. „Сарыарқа“ газетінің редакторы ретінде ұлттық бо-

стандық идеясын насихаттаған Имам Әлімбековтің тұтқындалуымен қатар Петропавл қаласында шығып тұрған қазақ жастарының үні „Жас азамат“ жабылды (Семей облыстық мемлекеттік архиві, 147-қор, 9-тізбе, 2-парап).

Өздерінің саяси-қоғамдық қызметін халыққа қажет еңбек деп түсінген Алаштың жекелеген қайраткерлері мен белсенділері жергілікті және сібірлік өкімет органдарына шағымданып, өздеріне қарсы үйимдастырылған құғын-сүргінді тоқтатуын талап етті және „Алаш“ партиясы мен Алашорда үкіметінің большевизммен ешқашан ымыраға бармайтын саяси күштер екендігін және Кеңес өкіметімен саналы түрде күрес жүргізгендерін мәлімдеді. 1919 жылғы 14 сәуірде Семей облыстық земство басқармасының төрағасы Р. Мәрсеков, оның орынбасары Х. Фаббасов және облыстық земство басқармасының мүшесі Әбікей Сәтбаев Семей облысы басқармасының атына арнайы хат жолдап, онда Имам Әлімбековке Алаш ісіне шын берілген, большевизммен белсенді күресуші де-ген мінездеме беріп, оны тұтқыннан босатуды өтінген (Алаш-Орда. Сборник документов, 154—157-беттер). Осыған мазмұндас хаттар мен қарсылықтар Петропавл, Павлодар, Қарқаралы уездерінің басшыларының аттарына да жолданды. Алаш жетекшілері Колчак үкіметінің жергілікті органдары тұтқындаған, ал 1919 жылғы 7 шілдеде әскери дала соты ату жазасына кескен Жақып Ақбайұлын өлімнен алып қалуға көп күш жұмсады (КР ҮҚҚ-нің архиві, 6610-іс, I-том, 437-парап).

Ақғвардияшыл қозғалыстың басшылығы, ең алдымен оның негізгі күшінің басшысы Колчак тарапынан Алашордаға сенімсіздік білдіру, тіпті кейде оған жау ретінде қарау Алаш көсемдері тарапынан өз одактасымыз деп санаған күштерге байланысты тек қана түңілу сезімін туғызып қойған жоқ, сонымен қатар қазақ халқының өзін-өзі билеу мәселесін шешудің жаңа әдістері мен жолдарын іздеуге оларды мәжбүр етті.

Азамат соғысының қатал тәжірибесі халықтардың өзін-өзі билеу құқығын Кеңес өкіметіне қарсы күрескен ақтар үкіметінің қолынан ала алмайтынына көптеген ұлттық қозғалыстардың жетекшілерінің көзін жеткізді.

Мәселең, 1919 жылдың басында Заки Валиди басқарған башқұрттың атты әскер корпусының бөлімдері Кеңес өкіметі жағына шықты. Заки Валидидің бұл қадамы колчакшылардың директорияны қуып, Ресейдегі ұлттық

үкіметтерді (олардың қатарында Алашорданы да) таратуынан кейін жасалды.

Кейбір деректерге сүйенсек, Заки Валидимен етene жақын таныс болған Алашорда басшысы Әлихан Бекейханов Валидиңде Кеңес өкіметі жағына шығуы туралы хабарды алысымен бұл оқиғаны өзінің жақын серіктерімен талқылады деп жорамалдауға болады. Мұны Алашорданың тәрағалық тобының белсенді мүшесі Сәлімгерей Қаратілеуовтың 1929 жылғы 2 шілдеде ОГПУ тергеушісіне берген жауабындағы деректер растанайды. „Ақтар шегініп жатқан кезде,— дейді С. Қаратілеуов өз жауабында,— Кәрім Тоқтабайұлы келіп Кеңес өкіметі жағына өту мүмкіндігін ойластыруды әңгімеледі. Бұл 1918 жылдың желтоқсанында болған еді. Тұнде мені Байтұрсынұлы өзіне шақырып, Кеңес өкіметі жағына шығу туралы ұсыныс бар екенін айтты және осы қыын істі жүзеге асыру мүмкіндігі туралы менің пікірімді сұрады... Мен кеңес жағына шығу туралы пікірді қолдадым және оны дереу жүзеге асырмақ болдық. Қызылдардың комиссары Жанкелдинге қарсы шықпауға келістік” (ҚР ҰҚҚ-нің архиві, 124-іс, 3-том, 82-парақ).

Мұндай шешімді тездетуге Колчактың Алашорданы тарату және Алаш жасақтарын қызылдарға қарсы соғысқа тікелей қатыстыру жөніндегі бүйрықтары әсер етті.

Қалай дегенде де Алашорда, бір жағынан, ақтардан қол үзбей отырып, екінші жағынан, Кеңес өкіметімен өз байланыстарын қалпына келтіру қамына кіріскеңін байқау қыын емес. Кеңес өкіметімен байланысты жаңдандыру бұл жолы 1918 жылдың көктеміндегідей Халел Досмұхамедұлы белсенді түрде араласқан бүкіл Алашорда атынан емес, оның Ахмет Байтұрсынұлы басқарған Торғайлық тобының атынан жүргізілді. Соңдықтан да Ахмет Байтұрсынұлы алдымен Ә. Жанкелдинмен келіссөздер жүргізіп, одан кейін Мәскеуге барып, келіссөзді Сталинмен жағастырды.

Алайда 1919 жылғы сәуірдің бас кезінде майдандағы жағдай күрт өзгерді. Бұл жолғы өзгеріс ақтарға пайдалы болды. Колчак басқарған әскерлер, ал одан кейін Орал ақ, казактарының бөлімшелері шабуылға шығып, Қызыл армия бөлімдерін ығыстыра отырып, Еділге жақыннады. Ақтар Орынборды қоршап, Ақтөбені басып алды. Осының нәтижесінде Торғай қызылдардың негізгі күштерінен бөлініп қалды. Колчак билігіне қарсы бағытталған Қостанай көтерлісі де сәтсіздікке ұшырады. Торғайдары 4-Алаш полкіне екінің бірін таңдау керек болды; не ол

қызылдармен бірге алыстағы Арас төңізі бағытына жол тартуы немесе ақтарға қайтадан оралып, Қызыл Армия қатарында болғанын амалсыздан жасалған тактикалық тәсіл деп түсіндіруі керек еді. Алашордашылар ақтарға қайтадан оралуды таңдап алды. Бұл таңдау қасіретсіз болған жоқ: Аманкелді Иманов пен оның адамдарының біразы апат болды. Бұл оқиға Алашорда мен Кеңес өкіметінің ымыраға келуін, жақындаусын қындастып жіберді. Алашорданың орталық басшылығы Торғай оқиғаларын большевиктер тез уақытта үмыта қоймайтындығын жақсы түсінді, сондықтан Алашорда Кеңес өкіметімен келіссөздерді жалғастыру бағытында жаңа әрекеттер жасамады. Ал ақтар болса Алашордаға сенімсіздікпен қарауын қоймады. Жаңа әскери бөлімдер құру ісі жүргізілмеді. Алашорданың одақтастары болған ақ, казактар мен Колчак үкіметі бұрыннан бар Алаш жақтарына қару-жарақ беруде де сарапдық көрсетті.

Саяси хал-ахуалдың дамуындағы осындағы өзгерістер Алашорданың атынан келіссөздер жүргізу үшін Мәскеуге барған А. Байтұрсынұлының жағдайын қындастып жіберді. Ол большевиктердің Алашордамен байланыс жасауы, қазақ халқының тағдыры жөнінде келіссөздер жүргізуі қажеттігін дәлелдеуге көп күш жұмсады. А. Байтұрсынұлының табандылығы аяқсыз қалған жоқ. Кеңес өкіметі қазақ халқының ұлттық мемлекеттігін құру ісін басқаратын органды туралы шешімге келді. 1919 жылғы 10 шілде күні В. И. Ленин „Қыргыз (қазақ — авт.) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет туралы“ декретке қол қойды. Осы „Кирревкомның“, яғни Казревкомның мүшелігіне алғашында С. Менделев, А. Байтұрсынұлы, С. Пестковский (төраға) енгізіліп, кейінірек Б. Қаратаев, М. Тұңғашин, В. Лукашев, К. Сидоров, Т. Седельников, Ф. Әлібеков т. б. кіргізілді.

Казревкомның төрағасының орынбасары болып сайланған А. Байтұрсынұлы көп кешікпей „Жизнь национальностей“ газетінде „Революция және қазақтар“ деген мақала жариялады. Онда басқа мәселелермен қатар „Алаш“ партиясы мен Алашорда үкіметі жетекшілерінің саяси көзқарас ерекшеліктерін түсіндіретін тұжырымдар да жасалды. „Мен, осы жолдарды жазушы,— деді өз мақаласында А. Байтұрсынұлы,— патша өкіметі кезінде қазақтың ұлттық саясатын басқарған және патша өкіметіне қарсы күрескен қазақ интеллигенттерінің өкілімін. Патшалық кезеңде қазақтардың қалай өмір

сүргенін біз басқалардан артық білеміз. Қазақтардың күнкөріс жағдайына, оларда таптық жіктелудің жоқтығына және жеке меншік заттарда белгілі меже болмауына байланысты қазақтар арасында олардың өзіне тән социализм мен коммунизмнің орын алуы қазақ халқына әзірше социалистік қоғамға деген мұқтаждықты қажет еттірмей отыр... Алашордашылардың Торғайлық тобының делегаты ретінде... келіссөз жүргізуге келген мен... Ресей халықтары құқығы декларациясына сәйкес қазақ мәселесіне ықыласпен зер салғандықтың күәсі болдым. Колчак билігінен Кеңес өкіметін артығырақ, көруіміз қате еместігін өз жолдастарыма айтып, оларды тыныштан-дырғым келеді" (Жизнь национальностей. 1919, 3 август).

1919 жылғы жаз және күз айларында Ахмет Байтұрсынұлының ұсынысымен Казревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесін талай рет талқылады. Казревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған А. Байтұрсынұлының осы мәселедегі табандылығы Торғайда болған оқиғаларды қайталамауды және Алашорданың батыс бөлігінің түгелдей Кеңестер жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Кеңес өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру ниетінен туындаған еді. Түптеп келгенде Алашорданың батыс бөлігін ақтардың одақтасы болудан Кеңес өкіметі жағына шығару Орал өніріндегі азамат соғысын тезірек аяқтаудың алғы шарттарының бірі еді.

Егер де Торғай облысын Қызыл армия бөлімдері 1919 жылғы қыркүйек-қараша айларында ақтардан тазартқан болса, Орал облысында дәл осы кезде соғыс әрекеттері қарқынды жүргізіледі, тіпті ақ казактар Орал қаласын қайтадан қоршауға алуға әрекеттеніп, олардың кейір бөлімшелері Саратов губерниясының территориясына өтті.

Халел мен Жаһаншах Досмұхамедұлдары тобымен келіссөздер 1919 жылғы көктемде басталған болатын.

1919 жылғы 30 наурыздан 13 желтоқсанға дейін Б. Қаратаевтың тапсырмасымен Досмұхамедұлдарының орда-сына Орал облыстық революциялық комиетінің ұлт істері жөніндегі бөлімі қызметкери Қазмұхамед Мұқанұлы Тәттібаев бірнеше рет барды. Ол Алашорданың батыс бөлігінің жетекшілеріне жақын таныс еді, кезінде патша армиясының офицері және Алашорданың ұлттық бөлімдерінің командирі болған адам. Қ. Тәттібаев Досмұха-

медүлдарына 1919 жылғы 6 сәуір күні Облревкомның хатын және Мәскеуден келген жеделхатты табыс еткенде оған: Қызыл армия шығыс майданда шегініп жатқан жағдайда „Қазақ үкіметі (Батыс Алашорда — авт.) қолайлар жағдайлар туғанға дейін жауап беруді кідрте тұрады“ (ҚР Орталық мемлекеттік архиві (ОМА) 14-қор, 1-тізбе, 61-іс, 14-парақ) делінді. Қ. Тәттібаевтың Досмұхамедұлдарына сол жылғы шілдеде барғаны да белгілі, бұл жолы да оған екішты жауап берілді.

Алашорданың батыс бөлігі үйімдастырыған жасақтарға қару-жарак, киім-кешек жетіспеді, соғыс өнеріне үйрететін нұсқаушылар саны да аз болды. Қызыл армияға қарсы аса ауыр соғыстар жүргізіп жатқан Орал казак әскері Алашорданың батыс бөлігі құрған әскери құрамаларға айтарлықтай көмек көрсете алмады, дәлірек айтсақ, ондай көмек көрсетуге ықыласты да болмады. Соңдықтан да Батыс Алашорда жетекшілері Орынборды, Челябіні қайтадан басып алған соң жағдайлары біршама жақсарған А. Дутовтан көмек сұрауға мәжбүр болды. Генерал-майор А. Дутовқа Батыс Алашорданың өкілетті делегациясы жіберілді. Оның құрамында облыстық қазақ басқармасының мүшесі Тысылаев, әскери істер жөніндегі өкілі П. Саперский болды. П. Саперский „Оренбургский край“ газетінде жарияланған мәлімдемесінде былай деген: „Құрылтай жиналышының платформасын жақтایтын, Алашорда билігін мойындаитын қазақ халқы өзінің бірінші кеzekтегі міндеттін большевизмге қарсы құрес деп біледі... осы мақсатта қазіргі кезде атты және жаяу жасақтар қаруландырылыған. Олар нұсқаушылар мектебінің көмегімен халық әскери деп аталатын қарулы күштердің негізін құрайтын болады.“

Кейбір қазақ бөлімдері Темір майданында ауылдар мен хуторларға жасырынған қызылдарды қарусыздандыруда өздерін іс жүзінде көрсетті.

Осы қақтығыстарға күәгер болған әскери мамандар жігіттердің ерлігі мен әскери қабілетін жақсы бағалады“ (Оренбургский край. 1918, 25 июля).

Батыс Алашорданың әскери бөлімдерінің қатарында екі мыңға дейін жауынгер болғанына қарамастан, олар белсенді соғыс операцияларына қатынастырылмады. Мұндай жағдай олардың нашар қарулануы мен жеткілікті дайындығы болмағандығына ғана байланысты емес еді. Жігіттер қазақ халқын жүздеген жылдар бойы қан қақсатып, езіп-жаншып келген казачество жағында

соғысып, қан төгіскісі келмеді. Соңдықтан да мұнда Алашорданың батыс бөлігінің ордасы орналасқан Жымпityға қазақ жасақтарын Қызыл армияға қарсы майданға аттандыру жөніндегі бүйрық, келгенде ондағы қазақ милициясы қатарындағы жігіттер қолдарына қару алып, ақтар өкіметіне қарсы шықты. Көтеріліс жасаушылар ақғвардияшылардың бірнеше офицерін өлтірді, Алашорданың батыс бөлігінің іс қағаздарын өртеді, қару-жарақ пен оқ-дәрі қоймасын басып алды. Олар жергілікті түрмеде отырғандарды босатып, өздері ауыл-ауылдарына тарап кетті. „Алашорданың батыс бөлігінің басшысы Жаһаншаш Досмұхамедұлы мен жергілікті қазақ милициясының штаб бастығы Студеникин қырға қашып кетті, басқа ресми қызмет иелері жасырынып қалды“ (Алаш-Орда. Сборник документов. 100-101-беттер).

Жымпityда болған оқиғадан кейін Орал казачествоның Алашордаға қезқарасы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Атаман В. Толстов Батыс Алашорданың әскери бөлімінің меңгерушісі, полковник Ерықлинцевті Батыс Алашордаға қарайтын территорияның әскери-әкімшілік басқармасында бастығы етіп тағайындағы. Басқа сөзben айтқанда, генерал В. Толстов Батыс Алашордаға қарайтын аймақтағы әскери құрылымдарды Алашорданың қарауынан алып, өзіне тікелей бағындырды. Полковник Ерықлинцевті тағайындау жөніндегі В. Толстовтың бүйрығы была әделінді: „Оралдың арғы бетінде тәртіп орнатуды, әсіресе астық, шөп және малды тасымалдайтын көлікті реттеп, жиналған малдың қызылдар жағына жөнелтілуіне жол бергізбеу мақсатында Сізді Оралдың арғы бетінде жерлердің әскери-әкімшілік басқармасының бастығы етіп тағайындеймын. Гурьев уезінен басқа соғыс жағдайында деп жарияланған аумақта сізге генерал-губернатордың құқығы беріледі... Жоғарыда айтылған мақсаттарға жету жолында айыптыларды атуға дейін шаралар қолданудан тартынбайыз“ (Алаш-Орда. Сборник документов, 117—118-беттер).

Ақ казактар басшылығының өздерінің одақтастары саналып келген Алашорданы осылайша менсінбей, тіпті оны көзіне де ілмей намысқа тиетін әрекеттерге баруы Алашорда жетекшілерінің көңілдерін су сепкендей басты, енді олар казачествоға салқын қабақ таныта бастады. Батыс Алашорда басшылары қазақтардан шыққан Б. Қаратасев, F. Әлібеков, А. Кенжин, Байқадам Қаралдин сияқты кеңес қызметкерлерімен ғана емес, сонымен

қатар большевиктік партияның Орал губерниялық комитетінің төрағасы В. Лежава-Мюратпен де жиі-жіңі кездесіп, келіссөздер жүргізе бастады. Бұл байланыстар аса құпия жағдайларда едәуір үзілістермен жүрігізді. Жаһаншах және Халел Досмұхамедұлдары Орал бойындағы саяси және әскери жағдайдың тұрақсыздығын, оның аса қысқа мерзімнің ішінде жиі-жіңі күрт өзгерістерге үшырай бергенін өз көздерімен көріп, ой елегінен өткізіп отырды. Шындығында да 1919 жылдың басынан оның күзіне дейін Орал өңірі шым-шытырық оқиғаларға толы болды: 1919 жылғы қаңтар — Қызыл армияның бөлімдері Орал қаласына келіп кіреді, одан соң Ілбішінді алады. В. Толстов өз армиясының жартысына жуығынан айырылады, бірақ сәуірде ақтар қайтадан қүштейіп, Оралды қоршауға алыш, Саратов және Самар губернияларына өтеді, оларға А. Колчак пен А. Деникин әжептәуір әскери көмек көрсетеді, шілдеде — қайтадан өзгеріс. Қызылдар Орал өңіріне В. Чапаев басқарған дивизияны жібереді. Ол Орал қоршауын жояды және Ілбішінді ақтардан босатып, оңтүстік бағытта шабуылын өрістетеді, қыркүйекте ақтар қызылдар тылында батыл да терең рейд жасауы нәтижесінде Ілбішінде В. Чапаев дивизиясын талқандайды. Жаралы дивизия командирі Орал өзеніне батып өледі. Осының нәтижесінде қызылдар деруе шегінеді. Орал қаласын ақтар қайтадан қоршауға алады. Қызылдар үшін осындағы сын сағатта Түркістан майданының командашысы М. Фрунзе тың күштер жіберіп, Оралдың қоршауын бұзады. Осыдан кейін Орал бойында ақтар бір жеңілістен кейін екінші, үшінші жеңілістердің ашы дәмін татады.

Кеңестік әскери, партиялық және мемлекеттік басшылық Орал майданындағы жағдайдың жиі-жіңі өзгеруіне талдау жасай келіп, Алашордамен келісімге келу мәселе сіндегі түсінбеушілікті сөзбүйдәға салмай тиянақты және түпкілікті шешу қажет деген шешімге келеді. 1919 жылғы 27 қазан күні Казревкомның кеңейтілген мәжілісі болып, оған РКП(б) Орталық Комитетінің, Бұқілресейлік Орталық Атқару Комитетінің (БОАК) және РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Түркістан істері жөніндегі комиссиясының (Түріккомиссия), Түркістан майданының революциялық соғыс советінің, Орал губерниялық ревкомының өкілдері қатысады. Оңда Орал губерниясында азамат соғысын аяқтау және батыс өңіріндегі „қазақ халқын біріктіру мен оны кеңес өкіметі жағына шығару“ туралы мәселе талқыланды. Осы мәселе жөнінде А.

Байтұрсынұлының (Казревком төрағасының орынбасары), Г. Бродо (1-Армияның революциялық соғыс советінің мүшесі) және Ш. Элиеваның (Түріккомиссияның мүшесі) пікірлері тыңдалды. Олар өз пікірлерін ұсыныс ретінде ба-яндады:

„Байтұрсынұлы жолдас ұсынды: 1. Қазақ ревкомы өзінің нақтылы іс-әрекеті арқылы Кеңес өкіметі қазақ халқына жалған емес, іс жүзіндегі өзін-өзі билейтін автономия беретіндігіне оның көзін жеткізсін.

2. Барлық қазақтарға, олардың ішінде ақтардың жағында қызылдарға қарсы құресіп жатқан Алашорданың Торғайлық және Оралдық тобына да егер олар Кеңес өкіметі жағына шығатын жағдайда оларға кешірім жасала-тындығы жариялансын”.

Бұл арада айта керек, Ахмет Байтұрсынұлы Казревкомға мүше болып сайланған соң, әсіресе 1919 жылдың екінші жартысынан 1920 жылдың басына дейін, Казревком мәжілістерінде оның ұсынысы бойынша „Алашорда” жетекшілеріне көзқарас туралы және осы қозғалысқа қатынасушыларға кешірім жасау жөніндегі мәселе әлденеше рет талқыланды. Бұл мәселе кездейсоқ, тегіннен-тегін көтерілген жоқ еді. Оның салмақты әлеуметтік және саяси себептері болды. Біріншіден, жаңа қоғам ат тәбеліндей аз қазақ зиялдарының білім мен талантына зәру болды. Әсіресе, олар кең көлемді және терең мағыналы мәдени құрылышты қарқынды жүргізу үшін қызмет етеді. Екіншіден, Алаш қозғалысына қатынасқан қазақтың зиялы қайраткерлеріне мұндай кешірім жасау бейбіт құрылыштың ең басты айқындауши негіздері — ұлттық келісімді, азаматтық түсінушілікті қалыптастырып, нығайтуға қызмет етер еді. Үшіншіден, өздерінің соңына осыған дейін қазақ қауымының белгілі бөлігін ерткен „Алашорда” жетекшілеріне халық, сенімін арттыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

Жолдас Элиева ұсынды: 1. Жалпықазақ стъезін шақыру тездетілсін. 2. Әскери барлаудан тыс азаматтық барлау жүргізілсін және 3. Ақ қазақтармен (ақ, казактар жағындағы қазақтар — авт.) оларды Кеңес өкіметі жағына шығару үшін байланыс жасалсын.

Жолдас Бродо ұсынды: 1. Торғайды казактардан қайтарып алу тездетілсін. 2. Осы жылғы 15 қарашада қазақтар конференциясы шақырылсын”.

Казревкомның кеңейтілген мәжілісі қаулы етті:

1) Қазақ халқын біріктіру және оның мұддеделеріне байланысты мәселелерді талқылау үшін осы жылғы 1 желтоқсаннан қалдырмай қазақ белсенділерінің, олардың кеңестік немесе оған қарсы пікірде болғандығына қарамастан, конференциясы шақырылысын; оған Башқұрт республикасының өкілдері және Түркістан республикасының Жетісу және Сырдария облыстарын мекендейтін қазақтардың белсенді өкілдері қатыстырылысын...

Конференцияны шақыруға байланысты шығын қазынаның есебінен болсын.

2) Азаматтық барлау Казревкоммен және 1-Армияның революциялық соғыс советімен келісілген құрам мен формада жүзеге асырылысын" (Алаш-Орда. Сборник документов, 170—171-беттер).

Қаулының мазмұнынан көрініп тұрғандай, оған А. Байтұрсынұлы жасаған негізгі ұсыныс — алашордашыларға кешірім жасау жөніндегі талап кірмей қалды. Кеңес өкіметі кешірім жасау жөнінде кепілдік бермеген жағдайда алашордашылардың шақырылуы белгіленген жалпықазақ конференциясына қатысуы мүмкін болмайтын еді. Бұл жөнінде Казревкомның 31 қазандағы мәжілісінде Байқадам Қаралдин (ол А. Байтұрсынұлы Кеңес өкіметі жағына шығатындары жөнінде Э. Жанкелдинмен келіссөз жүргізгенде ара кісілікке жүрген болатын) ашық айтты. Ол алашордашыларға Кеңес өкіметі тараپынан „кешірім жасау жөнінде кепілді уәде берілген жағдайға ғана" олардың өкілдерінің конференцияга келуін күтуге болады деп баса көрсетті. Біршама пікір алысадан соң Казревком мынаңдай шешім қабылдайды: „Ақтардың жағында Кеңес өкіметіне қарсы құресіп жатқан барлық қазақтар (олардың ішінде Алашорданың Орталық және Торғайлық топтары да бар) Кеңес өкіметі жағына шыққан жағдайда оларға кешірім жасалуы Түркістан майданынан (майдан басшылығынан — авт.) сұралсын" (Протоколы революционного комитета по управлению казахским краем (1919—1920 гг.). Сборник документов. Алматы, 1993, 32—33-беттер).

Үш күннен кейін, яғни 1919 жылғы 4 қарашада Түркістан майданының революциялық соғыс советі Кеңес өкіметіне қарсы тікелей және жанама түрде құресіп келген барлық қазақтарға тиісті шарттар орындалған жағдайда толық кешірім жасау туралы қаулы қабылдады. „Толық кешірім" мына шарттар орындалғанда жасалатын болды: а) Кеңес өкіметін сөзсіз және толық мойындау ту-

ралы мәлімдеме жасау; ә) ақғвардияшыларға жасалып келген қемектің барлық түрлерін тоқтату және қазақ даласында жасырынып жүрген ақғвардияшыларды Кеңес өкіметіне ұстап беру; б) халықты торап, бейбіт өмірге көшуге кедергі жасап отырған ақғвардияшыларды жоюда Қызыл Армияға қемек көрсетеу (Протоколы, 36-бет).

Сол кезде, қараша айында, Түркістан майданының саяси бөлімі Алашорданың батыс бөлігінің әскери жақтарына арнап „Кеңес өкіметіне сенімсіздік жойылсын!” деген үндеу-листовка таратты. Ол мышадай сөздермен басталды: „Қазақтар!.. Өлкедегі соғыс аяқталып келеді. Сібір мен Орта Азиядағы орыс пен қазақ еңбекші халықтарының ортақ жаулары талқандалды”. Бұдан ары үндеу-листовкада Колчак пен Дутов әскерлері талқандалуымен қатар башқұрттардың әскери бөлімшелері сияқты басқа да әскери құрылымдардың таралығандығы айтылды. Оны былай қойғанда, делінді үндеу-листовкада, башқұрт атты әскері біраздан бері „Қызыл жұлдыздың астында шайқасуда. Ол таяуда Қызыл Петербургты қорғауға қатынасты”. Үндеу-листовкада Кеңес өкіметі жағына шыққан оның бұрынғы қарсыластарының барлығына кешірім жасалатындығы тағы да расталды. „Кешірім туралы қаулы сіздердің әрқайсыңызға белгілі болуға тиіс. Қазақ, халқы оған өз жауабын беруге міндетті. Әрбір ру осы ұсынысты талқыласын және Кеңес өкіметін мойындау жөнінде өзінің анық таадал жауабын берсін” (Пламенные слова. Листовка гражданской войны (1918—1920 гг.). М., 1967, 151—152-беттер).

Біздің пікірімізше, тұлтеп келгенде Қазақстандағы азамат соғысының аяқталуы және алашордашыларға кешірім жасалуы жоғарыда әңгіме болған Казревкомның 1919 жылғы 27 қазандары кеңейтілген мәжілісі қабылданған шешімдерге тікелей байланысты. Онда Казревком төрағасының орынбасары А. Байтұрсынұлының Алашорданың Торғайлық және Оралдық топтары жетекшілеріне кешірім жасау қажеттігі жөнінде мәселе көтергенін білеміз. Мәжіліс сол күні Алашорда жетекшілерінің Ақтөбеде болуға тиісті жалпықазақ конференциясын шақыру туралы шешім алumen шектелді, алайда оларға кешірім шарттары айтылмады. Ал Казревкомның 31 қарашадағы мәжілісі Байқадам Қаралдиннің инициативасымен Түркістан майданының революциялық соғыс советіне алашордашыларға кешірім жасау және оны жүзеге

асыру шарттары жөнінде өтініш білдіру жөнінде қарар қабылдады. Нәтижесінде кешірім жасау жөнінде Түркістан майданы революциялық соғыс советінің қаулысы шыққаны жоғарыда айтылды. Осыған орай төменгі жәйттерді тағы да пысықтай кеткіміз келеді:

1. Кеңес өкіметі басшылығы 1918 жылғы көктемде қазақ халқына мемлекеттікің кеңестік негіздегі автономиядан басқа түрін береміз деген өзінің уәдесінен бас тартты. 2. Азамат соғысының тәжірибесі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесінде кеңестік автономиядан басқа шешімге қол жеткізу мүмкін еместігіне Алашорда жетекшілерінің көзін жеткізді. 3. Соғыс барысында ақтар да, қызылдар да Алашордамен қарым-қатынас мәселесіне тек қана соғыс тағдырын шешуге әсер етуі мүмкін фактор ретінде қарады. 4. 1919 жылдың қысына қарай Алашорданың ақтарға деген сенімі барынша әлсіреді, ал Алашорда жетекшілерінің қазақ халқының белгілі бөлігіне саяси ықпалы айтарлықтай еді. Соңдықтан да олар тең құқықтық негізде Ақтөбедегі жалпықазақ конференциясына шақырылды.

1919 жылдың соңы мен 1920 жылдың басында Ахмет Байтұрсынұлы мен Байқадам Қаралдин Казревкомның мүшелері ретінде (ол кезде А. Байтұрсынұлы Казревком тәрағасының орынбасары, ал Б. Қаралдин Казревкомның хатшысы болған) Алашорданың батыс бөлімінің жетекшілеріне кешірім жасау мәселесін табандылықпен талай рет көтеріп, мұны қазақ халқының ұлттық ымыраға, татуулыққа жетуінің басты шарттарының бірі деп түсіндіруі өзінің оңды нәтижесін берді. 1919 жылғы 10 желтоқсанда Алашорда өз өкілдерін Түркістан майданының қолбасшысы М. Фрунземен келіссөз жүргізу үшін Орынборға жіберді. Бірнеше күнге созылған келіссөз нәтижесінде Алашорда өкілдері ақтармен барлық байланысты үзуге және қолдарындағы барлық қару-жарагын кеңестерге өткізуге келісті. 16 желтоқсанға қарай әрқайсысы 300—400 адамнан тұратын Алаш жасақтары қайтадан құрылып, „қызыл коммунарлар“ отряды болып атады. 1919 жылғы 20 желтоқсанда Алашорданың батыс бөлігінің басшылығы өздерінің әскери жасақтарына Қызыл армия бөлімдерімен бірігіп Орал ақ казак армиясының корпусына соққы беру туралы бүйрек шығарды. 1920 жылғы қаңтарда ақтардың Елек корпусы талқандалды, мұның өзі Орал өңіріндегі азамат соғысын аяқтауға мүмкіндік берді.

„Алаш“ партиясы мен Алашорда үкіметінің белсенді жетекшілері мен мүшелерінің іс жүзінде Кеңес өкіметі жағына шығуы оңайлықпен жүзеге асқан жоқ.

1920 жылдың қаңтарында Ә. Бекейханов пен Семей облыстық Алаш комитетінің үш мүшесін Қызыл армияның 59-дивизиясының ерекше бөлімі тұтқыннады. Алаш белсенділерін тұтқындау фактілері Ақмола облысында да орын алды. Казревком басшылары Ақмола облысының орталығы Омбы қаласындағы Сібір ревкомына Алашорда белсенділерін құдалау мен оларға зорлық-зомбылық жасауды тоқтату жөнінде әлденеше рет хаттар жолдап, өтініштер жасады (Алаш-Орда. Сборник документов, 187—188-беттер).

Батыс Қазақстанда да Алаш қозғалысы мен Кеңес өкіметі органдарында қызмет атқаратындар бірден түсінісіп, үйлесімді жұмыс істеп кеткен жоқ. С. Мендершев басқарған Казревком құрган комиссия Алаш белсенділерінің Кеңес өкіметі жағдайындағы жұмысқа орналасу мәселесін тексерे келіп, „Қызыл“ қазақтар мен Алаш қатарында болған адамдардың қарым-қатынастарының қалыптасуы аса қын деген қорытынды жасады. Комиссия мүшелері Досмұхамедұлдары мен олардың төңірегіндеғілерге құдікпен қарады. Комиссия „Алашорданың батыс бөлігінің Кеңес өкіметі жағына шығуы оның осы өкіметтің идеясын жақтағаннан емес, керінше оның бұрынғы одақтасы болған Орал казачествоның түзелмейтін жағдайға тап болуы мен Орал облысынан қашып кету мүмкіндігі болмағандығынан“ деп санады (ҚР ОМА. 14-кор, 3-тізбе, 24-іс, 2—5-парапттар).

Кеңес өкіметі жағына шыққан немесе шығуға бет бүрган Алашорда жетекшілері туралы осындаі көзқарасты қалыптастыру алашордашыларға жасалған кешірімге қарамастан, оның басшыларына деген сенімсіздіктің үзақ, уақыт сақталуына негіз жасаумен бірдей еді. Ал кейір белгілі кеңес қайраткерлері Алашорда басшыларын келіссөздер жүргізуде өздеріне теңестірмеді, оларды менсінбеді, тіпті өздеріне жау элементтер ретінде қарауларын қоймады.

Онан соң алашордашыларға кешірім жасалғанына қарамастан, олардың жетекшілері саяси тұрғыдан оқшаулануға тиісті болды. Алашорда мен оның басшылығына осындаі көзқарас Казревкомның 1920 жылғы 5 наурызда қабылданған Алашорданың батыс бөлімін тарату туралы қаулысында ерекше анық, көрінді. Онда, атап

айтқанда, былай делінді: „1. Ұлттық Алашорда үкіметінің батыс бөлімінің жауапты жетекшілері қазақ өлкесінде Кеңес өкіметі мықты орныққанша халық бұқарасынан оқшауландырылсын... Кеңес өкіметі жағына шыққан жауапты қызметкерлердің ішінен Мәскеуге және басқа орталық, губернияларға төмендегілер жіберілсін: Жаһаншан Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы, Иса Қашқынбайұлы, Кәрім Жәленұлы, Беркінғали Атшыбеков. 2. Алашордашылардың барлық дүние-мұлкі, оның қазыналығы да, жеке меншіктің де, ревкомның қосымша жарлығы шыққанша есепке алынсын. 3. Алашорда үкіметінің толық таратылуына байланысты мәселелердің нақтылы шешілуі ревкомның алдағы мәжілістерінде қаралсын...“

Қазақ халқының Кеңес өкіметіне іш тартатын бөлігі мен қоныс аударушылардың (орыс селоларының тұргындары — авт.) Алашорданың белсенді қызметкерлеріне өтпендейлікпен қарайтындықтары ескеріле отырып, олар ревком мүшелігіне және басқа да жауапты кеңес қызметіне ұсынылмайтын болсын” (ҚР ОМА. 14-қор, 3-тізбе, 24-іс, 2—5-парақтар).

Казревкомның осы қаулысы өзінің мазмұны мен мәні түрғысынан Кеңес өкіметі мен Алашорданың 1918 жылғы көктемдегі келісімдерінен түбірімен өзгеше болуымен ерекшеленеді. Егер 1918 жылғы келіссөздер нәтижесінде Алашорда мен Кеңес өкіметі Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің кейбір өзекті мәселелері бойынша белгілі дәрежеде ымыраға келген болса, 1919 жылдың соңы мен 1920 жылдың басында Алашорда мен Кеңес өкіметі арасындағы келіссөздер нәтижесінде дүниеге келген Казревкомның 1920 жылғы наурыздың 5-індегі қаулысына сәйкес Алашорда таратылды.

Кеңестік негіздегі, пролетариат диктатуrasesы түріндегі ұлттық, мемлекеттікі қабылдамаған, оған қарсы тұрган, Кеңестік Ресейдегі басқа да ұлттық қоғамдық-саяси қозғалыстар сияқты Алаш қозғалысы, оның 1917—1920 жылдардағы құрамдас бөлігі болған саяси партия ретіндегі „Алаш“ партиясы мен Алаш Автономиясының (қазақ мемлекеттігінің) үкіметі — Алашорда тарих сахнасынан, ал олардың халық таныған көсемдері саяси курес пен қызмет аренасынан осылай құштеп қуылды.

Бұлардың қатарында Халел Досмұхамедұлы да бар еді. Енді ол табиғат берген дарынның арқасында өз халқына оқу-агарту, ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық, салалары арқылы білек сыбана қызмет етуге кірсті.



5-taraу

ЭДЕБИЕТ ТАНУШЫ ҒАЛЫМ, ЭТНОГРАФ-ТАРИХШЫ, ПРОФЕССОР

Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің (ВЦИК) қауалысымен 1919 жылы алашордашыларға кешірім жасалып, олар енді Кеңес өкіметінің жұмысына тартыла бастайды. Осылардың қатарында „Алашорда“ өкіметінің батыс бөлімінің жетекшілерінің бірі — Халел Досмұхамедұлы да бойындағы бар білім-парасаты мен күш-қайратын аяマイ халқына қалтқысыз қызмет етудің үлгісін көрсетті.

Ол 1920 жылы Ташкентке келіп Орта Азия университеті медицина факультетінің ауруханасында ординатор және сонымен бір мезгілде Халық ағарту институтында оқытушы бола жүріп ғылыми-педагогикалық жұмыстармен айналысады, әрі мектептің санитарлық дәрігері міндетін қоса қабат атқарады.

Ташкент шаһары бұл кезде 1918 жылдың 1 мамырынан бастап ресми жарияланған Түркістан Автономиялы Республикасының орталығы болатын. Автономия құрамына Қазақстанның сол тұстағы Сырдария мен Жетісу облыстары түгел енді. Түркістан Республикасының жоғары басшылық орындарында халқымыздың белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері Тұрар Рысқұлов, Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Қожанұлы, Санжар Асфендиаров, тағысын тағы көрнекті өкілдері болды.

1920 жылы Түркістан Автономиялы Республикасының Орталық Атқару Комитетінің жанынан Қазақ (қырғыз) бөлімі ашылып, оның мүшелері Нәзір Төреқұлов, Георгий Сафаров, Сұлтанбек Қожанұлы, Санжар Асфендиаров, хатшылары Халел Досмұхамедұлы мен Махмуд Бұдайұлы сайланады. Тамыз айының 21-де Халық Ағарту Комиссариаты алқасының кеңейтілген мәжілісі өлкенің рухани мәдениетін өркендету мақсатымен Білім Комиссиясын құрып, оның Қазақ-қырғыз бөлімінің төрағасы Иса Тоқтыбайұлы, мүшелері Халел Досмұхамедұлы, Ходжиков, Көшербайұлы құрамында іске кіріседі. Алайда комиссия мardымды дәнeme де бітіре қоймайды. Соңдықтан жауапкершілігі зор жұмысты жандандырып, жолға қою

үшін 1921 жылдың қазан айынан бастап Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының төрағалығына Халел Досмұхамедұлы бекіді.

1920 жылдың 7 желтоқсанында Ташкентте „Ақ жол“ газеті шыға бастады. Газетке кіндік қаладағы кеңес, партия қызметтеріндегі қазақ зиялышарының үлкен шоғыры қалам күшімен өз үлестерін қосты. Халекең де бұл игілікті шаруадан тыс қалмады. Осы орайда мына бір құжат назар аудартады. Түркістан Орталық Атқару Комитетінің жаңындағы Қазақ-қырғыз бөлімінің 1921 жылғы ақпанның 5-індегі мәжілісінде Күлетұлы, Мадалыұлы, Қасымұлы және Х. Досмұхамедұлы өздері атқарып жүрген міндеттерінен босатып, „Ақ жолға“ жіберу жөнінде өтініштерін білдіреді. Осыған байланысты: „Х. Досмұхамедұлын жіберуге келісім берілмесін, ал газеттегі идеялық жұмысқа сұранып отырған өзгелеріне қатысты мәселе осы мәжіліске қатыса алмаған „Ақ жол“ газеті басқармасының жауапты шығарушысы болып табылатын Сұлтанбек Қожанұлының келуіне қарай шешілсін“ (ӨР ОМА, 17-қор, 1-тізбе, 293-іс, 25-парақ)— деген қаулы алынады. Бұл шешімнің астарынан бұрынғы Алашорда басшыларының бірі Халекеңнің саяси көзқарасына әлі де болса сенімсіздіктің сейіле қоймағандығы аңғарылады. Халел Досмұхамедұлы амал жоқ өз міндетіне шындалап кірісуге мәжбүр болады. Нәк осы шақта Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясы Халық Ағарту Комиссариаты жаңынан құрылған Фылыми Кеңестің құзырына өтеді. Білім Комиссиясының басшысы ретінде Халекең бірден қазақ-қырғыз мектептері мен жоғары оқу орындарында оқылатын пәндердің бағдарламаларын жасауға, түрлі саладағы оқулық кітаптар жазуға, фылыми терминологияны қалыптастыру, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, жүйелеу, бастыру жұмыстарына белсенді түрде ат салысады. Оның фылыми-шығармашылық қыры мен ұйымдастырушылық қабілетінің жан-жақты ашылып, көрінген тұсы да осы кезең. Халекең басы-қасында жүріп, тікелей мұрындық болуымен 1921 жылдың өзінде Білім Комиссиясы Ахмет Байтұрсынұлының „Әліппе“, „Баяншы“, „Тіл — құрал“ (I және II бөлімдерін), Міржақып Дулатұлының „Оқулық құралы“, „Есеп құралы“, Иса Тоқтыбайұлының „Жалпы жағырапия“, „Түркістан жағырапиясы“, „Халел Досмұхамедұлының “Табиғат тану“, „Жануарлар“ (I бөлімі) кітаптарын Орта Азия мемлекеттік баспасына тапсырады.

1921 жылдың қоңыр күзі де өтіп, қыс қаһары біліне бастады. Отынның жоқтығы, кеңсе бөлмесінің сұықтығы, жермай мен шамның тапшылығы күн ұясына қона жұмыс жасау мүмкіндігінен айырды. Оны-мұны көшіруге қолғабыс беретін Қазақ-қырғыз институтының студенттері күндіз сабакта, кешке жағдай тағы мәз емес. Материалдық қажетті құрал-жабдықтарға зәрулік Білім Комиссиясының ілгері басқан қадамын кері тартып, қалыпты жұмыс ырғағына нұқсан келтіреді. Ең бастысы, білікті мамандардың жетіспеуі ойға алған қыруар шаруаны дер кезінде жүзеге асыруға кесірін тигізсе, өзге мекемелерден ғылымға бейімі барларды тартуға қаражаттың қаттығы үміт отын онан сайын өшіре түседі. Ал орындалған еңбектердің қаламақысы айлар бойы кешіктіріліп, әбден әуре-сарсаңға салып барып ақшасы өз құнын жолғалтқанда берілуіне келісе қоюшылардың табылуы және екіталай. Мемлекеттік баспаға жіберілген қолжазбалардың ұзақ, жатып қалуы Білім Комиссиясының да, жекелеген қызметкерлердің де ықылас-пейілінің сұнуна, мектеп мұғалімдерінің оку құралдарымен қамтамасыз етілмеуінің салдары барлық кінәні Ғылыми Кеңеске аударуына әкеліп соғады. Міне, осы олқылықтарға қарамастан Халел Досмұхамедұлының жатпай-тұрмай ізденісі мен қам-қарекеті өз жемісін бере бастады. Ол бұл тұйықтан шығудың жолдарын қарастырып, пікір алысу мақсатында атқамінер қазақ-қырғыз зиялларын шақырып, қол ұшын беруді өтінді. Осыдан соң көтепкөмектеп, жақсылардың шарапаты тиіп, Білім Комиссиясының есеп-шотында ақша айналысының тамыры соға бастайды. Халекең әдепкіде Туркістан Республикасын түгелге жуық, қамтыған экономикалық саясаттың шалығынан қысқарып қалған орындарды қайта қалпына келтіріп, Әбубәкір Диваев пен Үәлихан Омарұлын мүшелікке қабылдайды. Ол енді Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының жүйесіне өзгерістер енгізіп, жаңа үй-жайға көшіреді, мекеменің өз канцеляриясын ұйымдастырады. Комиссияның мұнан былай басшылыққа алатын среже жобасын, жақын аралықта атқарылатын жұмыс ауқымының жоспарын анықтап, қазақ-қырғыз тілдерінде жазылатын оку құралдарына ынталандыру сыйлықтарын берудің шарттарын белгілейді. Мұның бәрі айтуга ғана жеңіл болғанымен тынымсыз еңбек пен көп қажыр-қайратты сарп етуді талап етті. Күні-туні дамыл таппаған ізденісі арқасында қындыққа мойымай, шыдам мен

төзімге еркін билеткен Халекең кездескен кедергі атаулыны абыраймен жеңіп шығады.

Осы жылдары Білім Комиссиясы баспаға дайындаған Әбубәкір Диваевтың „Бекет батыр”, „Мырза Едіге”, „Алпамыс”, „Нәрікұлы Шора”, „Шора батыр”, „Қобыланды”, „Тарту” жинағы, Сұлтанбек Қожанұлының „Арифметика” (I бөлім), Жәленұлының „Арифметика” (II бөлім), Халел Досмұхамедұлының „Жануарлар” (II бөлім), „Адамның тән тірлігі”, Табынбайұлының „Педагогика”, „Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі”, „Қызы Жібек”, „Кенесары — Наурызбай”, Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейхановтың „Сұлтан Кенесары тарихына қосымша материал” (орыс тілінде), „Абай өлеңдерінің таңдамалы жинағын” (Алғы сөз, түсініктемелерімен) жеке-жеке кітап қылыш шығарды. Оның сыртында қазақтың халық әндерін нотаға түсіру, мектепте өтілетін пәндердің бағдарламаларын, қазақ тілінде тұнғыш рет жағырапиялық карталар, күнтізбе календарлар шығару, қазақша-орысша, орысша-қазақша екі тілдік сөздіктердің түзілуі, ғылыми конференцияларда баяндама жасау, қысқасы, мәдени-рухани өмірдегі жаңалық біткеннің бәрінен Білім Комиссиясы шет қалмай өзінің үнін қосып отырады.

Кеңес дәүірінде ең алғашқылардың бірі бол ұлы Абай тақырыбына түрен салған да Білім Комиссиясы еді. Бірақ бұл кітаптың діттеген үдеден шыққағандығын „Оқырманға ескертуіде” ашығын айтып: „Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясы Абайдың „ Таңдамалы өлеңдерін ” бастырғанда Абайдың өмірі туралы толық баяндама, Абайдың өлеңдері туралы толық сын бермекші болды. Осы жұмысты мойнына Нәзір Төрекұлұлы алып еді. Тұрлі саяси-әлеуметтік жұмысы көп болғандықтан Нәзір мойнына алған міндетін тез өтей алмай ұзаққа созып, қолы тимеді.

Сондықтан жазғытуры шығатын Абайымыз кешігіңкіреп шықты және де Абайдың өлеңдері туралы сын берілмеді. Абайдың өмірі туралы Кәкітайдың сөзін түзетіп бастық...”, — деп түсінік береді. Задында, адамзаттың Абайын терең түсініп, сол уақыт межесінде данышпан тұлғасын толыққанды түрде оқырман зердесіне жеткізуі мұрат тұтудың өзі — Халел сынды халқының біртуар перзентінің көрегендігін, ұлт мәдениетінің асыл қазынасын тап басып, тани білгендігінің айғағы. Эрине, жоққа жүйрік жетпейді, саяси құрт өзгерістің салдарынан тұралап қалған әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалды сауықтыру, қоғамдық жаңа құрылыштың қалың бүқараға насхаттау,

санасын жаңғырту, мемлекеттің даму жүйесін аяғынан тұрғызу оңай болған жоқ. Осындай тарихи өтпелі дәүірде, өліара шақта халқының рухани жанына шипа болар, бойына қуат берер құдіретті күш — Абай поэзиясы, Абай ғақиясы, Абай ақыл-парасаты, Абай ойшылдығы, Абай данышпандығы өте-мөте қажеттігін Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының сезінуінің өзі шығармашылық дайындығының мықттылығын мензейді. Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының „Баспаға берген қолжазбада „Абаймыздың“ сыртында екінші басылуы делінген еді. Қазанда шыққан „Абайға“ жол беріп, екіншісін үшінші деп түзеттік“ деуінің себебін де жоғарыда айтқан Түркістан Республикасы Орталық Атқару Комитетінің тәрағасы Нәзір Төреқұлұлының жұмыс бастылығынан жүктелген істі дер кезінде бітіріп бере алмауымен байланыстырады. Байыптал қарасақ, мұның екінші жағы — Халекендей жұғысып кетсе айналасына жылуын төгіп, жарығын шашатын гибраты мол жанның өркениет әлеміндегі баспагерлік мәдениеттің әдебінен аттап өтпеуді өзіне де, өзгеге де үлгі-өнеге тұтудан деп ұғынғанымыз абзal. Эйтпесе жинақтың күллі редакциясын басқарған Халел Досмұхамедұлы мен Үәлихан Омарұлының бірлескен „Алғы сөзі“ көкек айының 25-де, яки Қазанда жарық, көрген нұсқасының „Сөз басы“ авторы Бернияз Қүлейұлынан төрт ай бұрын жазылғандығын дәйек етер болсақ, бұл еңбектің баспаға бұрынырақ, әзірленгендігіне шубә келтірмейміз. Халел мен Үәлиханның өз сөздерімен айтсақ „дұрыстаушылардың“, яғни редакторлардың пікірі: „Тексерудегі жұмыстың қыындығын, түзетушілерге түсетін міндеттің ауырлығын, баспа ісінің шабандығын ескеріп және де Қазақстанның Абайды толық, қылыш басуға кірісkenін ойға алып, Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясы Абайды жуық, арада баспаға беруді ойлаған жоқ еді. Абайдың тарамағандығынан Қазақ-қырғыз әдебиетіне, оқушыларға, шәкірттерге, мұғалімдерге келетін кемшіліктерді көрсетіп шашаңдықпен Абайды жұмыстауға Білім Комиссиясына қамши болған Нәзір Төреқұлұлы болды. Баспахана жағынан да тоқталмай тездікпен жөнделіп, басылып шығуына да Нәзір міндетті болды“,— деп билік басындағы азаматтың сіңірген еңбегін әділ бағалайды. Кеңес өкіметінің шаңырақ, көтерген алғашқы жылдарында дүниеге келген Абай шығармаларының зерттеушілердің назарына осы уақытқа дейін ілікпей келе жатқан елеулі ерекшелігі — Қазаннан шыққан нұсқасы тырнақ алды ба-

сылымының емделік ала-құлалығын түзеп, кейір мағынасы құңгірт жекелеген сөздерге ғана түсінік берумен шектелсе, аталған кітапта Абай өлеңдерінің тұңғыш рет ара жігі ажыратылып, хронологиялық жүйемен, текстологиялық саралау-сұрыптаудан өткізіліп, өлең үйқасы мен өлшеміне тоқталып, жат тілдерден енген кірме сөздер мен диалектілердің мән-маңызына ғылыми сипаттама беріліп, қазақша жаңа емлемен терілді. Рухани мәдениеттің қанатын кең жая бастауымен бірге Кеңес өкіметі идеологиялық бақылау орындарының „қырағылығын“ мейлінше күшетті. Әсіресе ұлт тілдеріндегі басылымдарға құдікпен қарап, үтір-нұктесіне дейін шұқшағы қадалып, тырнақ астынан кір іздеуді олардың кәсіби әдетіне айналдырыды. Мұны Абай өлеңдерінің астарына шүйлігіп, күмәнді деген шумақ-шумақ, жыр жолдарының алынып тасталуынан анық байқауға болады. Халел мен Уәлиханның „Өзімізден болмаған себептерден Семей интернатындағы орысша оқыған балалар туралы айтылған өлеңнің де біразы жіберілмеді“ деуіндегі негізгі гәп осында жатыр. Коммунистік партияның „Ұлт араздығын“ туғызады деген желеумен орысқа қатысты сын пікірлерге шек қойып, сақтана, үрейлене қарауының салдары цензураны ұлыорысшылдық індегі қоздырудың көзіне айналдырыды. Рас, Ташкент басылымы ұлы ақын шығармаларының қалың оқырман қауымға тегіс тараптына себі тиген, халқымыздың рухани мәдениетіне қосылған айтулы жаңалық болды. Демек, „Абайдың таңдалмы өлеңдерінің“ көркемдік-сапалық, деңгейі жағынан да кейінгі басылымдарына бірден-бір сүйенетін тірек болуы соңдықтан. „Ақ жолдың“ 1921 жылғы маусымының 19-ындағы 69-санында әмбебап ғалым Телжан Шонанұлының „Абай кітабын бастыру керек“ атты құн тәртібінде тұрған өзекті мәселені көтерген мақаласы жарияланды. Бұл кезеңде Абайды дұрыс танып болмаған, таптық, тегіне қарай ұлы ақынды байшылдық, әдебиеттің өкілі, діншілдікіті көксеген деп сан саққа жүгіртіп, әйтеуір, оны халықтан аулақтатуды қөздейген теріс пікірлер, солақай көзқарастар өрістеді. Абайға майдан ашқан шабуылдың толастамай тұрған шағында Білім Комиссиясының кітап шығаруды ойға алуының өзі тарихи ерлікпен пара-пар деуте әбден лайық. Классик ақынның есімін жалған жаладан арашалап, оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі алатын орнын, бүкілхалықтық мәселелерді көтере білген, өз заманынан озып тұған ірі суреткер, сирек жаратылған ойшылдығын түбегейлі түсіндіріп, құдіреттің жеткізуге Халел Досмұхан

медұлының сінірген еңбегі айрықша, соңдықтан 1922 жылды Ташкенттен шыққан „Абайдың таңдамалы өлеңдері“ жинағының „Абайтану“ ғылымына қосылған құнды үлес екеніне дау жоқ.

Халел Досмұхамедұлының халық-агарту саласындағы қыруар еңбегінің бір парасы — күні бүтінге дейін өз бағасын алмай жүрген, сол кезеңдің аса ділгер сұранысын өтеген, медицина, жаратылыс тану, ана тілі мен әдебиет тану ғылымы саласындағы қазақ тілінде тұңғыш жазылған оқу құралдары мен ғылыми-көпшілік қолды кітаптары. Әсіресе, „Табиғат тану“ (Ташкент, 1922 жыл, 127 бет), „Жануарлар“ (бірінші басылымы 1922 жылы Ташкентте 35000 данамен, екінші рет бірінші бөлімі „Сүйектілер туралы“ Қызылорда — Мәскеу қалаларында 1928 жылы көлемі 228 бет, толықтырған, түзеткен күйінде қайта жарық көрді“, „Адамның тән тірлігі“ (Ташкент, 1923 жыл, екінші басылымы Қызылорда — Мәскеу, 1927, 303 бет, таралымы 5000 дана), „Как бороться с чумой среди населения Киргизского края“ (орыс тілінде, бірінші басылымы 1918 жылы, екінші басылымы Ташкент, 1924), „Оқушылардың саулығын сақтау“ (бірінші басылымы, Ташкент, 1923, екіншісі 1925 жыл. Көлемі 23 бет), „Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заны“ (Ташкент, 1924, 53 бет), „Адамның тән тіршілігі“ (қазақша-орысша жаратылыс тану сөздігі, бірінші басылымы, Қызылорда — Мәскеу, 1927 жыл) сияқты өз саласында ғылыми маңызын әліге дейін жоймаган ізашар төл туындыларын атап өткен жән. Және мұның сыртында Халелдің баспасөз беттерінде, алуан түрлі жинақтарда жарияланған жүздеген мақалалары мен аудармалары, рецензиялары мен редакторлығын, конференция, мәжілістерде жасаған баяндамалары мен ондаған өзі құрастырып, алғы сөз, түсініктерімен бастырған кітаптарын қоссаңыз бір ғана жанның иығына түскен аз жүк емес. Ол осы қыруар ғылыми-шығармашылық жұмысты Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының тәрағасы қызметінде әрі Қазақ педагогикалық институтында үстаздық, ете жүріп, басқа да толып жатқан мемлекеттік-қоғамдық қызметтерімен қатар шынырау құдықтан су тартқандай жазу мекнатына уақыт табуы кім-кімді де қайран қалдырары сөзсіз. Осыдан-ақ Халел Досмұхамедұлының алдына қойған мақсатына бар күш-қайратын сарқа жұмсағанына көз жете түседі. Өйткені Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының негізгі ауыртпалығы Халел, Әбубәкір, Уәлихан үшеуінің мойнына артылды. Бір

жағынан, Білім Комиссиясының материалдық, кедейшілігі қысып, қарапайым қағаз бен қарындаш сияқты құнделікті пайдаланатын құрал-жабдықтың жетіспеуінің өзі аяқтан шалып, етектен тартты. Оның үстіне қарамағындағы қызыметкерлердің әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін көтеруге Халық Ағарту Комиссариаты тарапынан көнілдің аз бөлінуі ғылыми-шығармашылық, зерттеу жұмыстарының қарқынына едәуір кері әсерін тигізді. Эбубекір Диваевтың Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы Мемлекеттік Ғылыми Кеңеске жазған арызында былай дедінген:

„Мен қазір ұзақ жылдар бойы ел арасынан өзім жи-наған орасан көлемді, ғылыми мән-маңызы жағынан өте бағалы тарихи-этнографиялық, материалдарды шұғыл түрде баспаға дайындау үшін сұрыптап, саралап, бір жүйеге түсіріп, әдеби өндегу жұмыстарымен айналысып отырмын. Бірақ менің ғылыми тереңірек бойлап, алаңсыз жұмыс жа-сауыма оңаша бөлменің зәрулігі қинап тұр. Себебі менің отбасыммен тұратын жалғыз бөлмелі пәтерімде жататын тәсектен айналуға орынның жоқтығы, оның үстіне та-мақтануымызға да осы аядай жерде тұра келетіндіктен шығармашылық жұмыспен шұғылдану мүмкіндігімнен мұлдем айырды.

Сондықтағы Түркістан Республикасы Халық Кеңесі Ко-миссариатының осы жылғы 12-ші ақпандығы № 35 қаулысының 6-бабына сәйкес жанымыздығы іргелес бөлмені қосымша бекітіп беруді көптен-көп өтінемін, бұған дейін маған тиесілі болған аталған бөлмеден қуып шығарған еді. Ташкент, наурыздың 11-і 1922 жыл”.

Садовая көшесі, № 2 үй. Э. Диваев.

Мемлекеттік Ғылыми Кеңесте № 48 болып тіркелген бұл арыздың шекесіне мынадай бұрыштама соғылған;

„Ғылыми Кеңес Э. Диваевтың өтінішін қолдайды және өз тарапынан тиісті мекеменің оған ғылыми-шығармашылық жұмысына мүмкіндік туғызуды тапсырады. Диваев жолдас жоғары дәрежелі маман қызыметкер, оның еңбектері өз елімізді былай қойғанда әлемдік маңызы зор” (ӨР ОМА, 34-қор, 1-тізбе, 1188-іс, 107-парақ). Өмірдің қым-қуыт қайшылығы титықтатып, тұрмыс деңгейінің тәмендігі шаршатса да „көппен көрген ұлы той” деп Эбубекір Диваев Білім Комиссиясындағы қызыметінен қол үзбей, адал еңбек етті. Оның Жетісу мен Сырдария облы-старынан жинаған халық, ауыз әдебиетінің үлгілеріне, ұлттық, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге қатысты құнды зерт-

теулерінің ғылыми мән-маңызын бірінші бол Халекең лайықты бағалап, жеке-жеке кітап етіп бастыруға белсенділік танытты. Оның Ғылыми Кеңеске жазған Білім Комиссиясының атқарған жылдық қорытынды есептерінде Әбубекір Диваевтың ғылыми-шығармашылық ізденістеріне қанағаттанғандық сезіммен жылы лебіздер білдіріп отырғанына сол тұстағы өз қолымен толтырған архив қорында сақталған құжаттары айғақ.

Бұл жылдары Халел Досмұхамедұлы ғылымға шын көнілмен ден қойып, шабыттана, жемісті еңбек етті. Кемелің келгсін ғалым, ысылған үйымдастырушыны қанша жерден жоқшылық бунаса да, таршылық қинаса да ерік-жігерін жасыта алмады. Ол болашаққа үлкен сеніммен қарады. Жас үрпаққа тәлім-тәрбие беруді, халқын ағартып мәдениетке сүйреуді, замана көшінен қалмауды өзінің азаматтық борышы санады. Халекең өзі басқарған Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясын құллі ұлттық ғылыми орталыққа, мәдени ошаққа айналдырыды. Ол Ташкент шаһарындағы қазақ-қырғыздың білімпаз өкілдерінің басын қосып, ұлт болашағына бағытталған қасиетті іске жұмылдыра түсті. Білім Комиссиясының жұмысына шамашарқынша өз үлестерін қосқандардың арасында Мағжан Жұмабайұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Жаһаншаш Досмұхамедұлы, Нәзір Төрекұлұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Жұсіпбек Аймауытұлы, Иса Тоқтыбайұлы, Телжан Шонанұлы, Қазмұхамед Құлетұлы, Фазымбек Бірімжанұлы, Санжар Асфендиярұлы, Біләл Сүлейұлы, Кәрім Жәленұлы, Мырзағазы Есполұлы, Қошмұхамед Кеменгерұлы, Қайретдин Болғамбайұлы, Абдолла Байтасұлы, Данияр Үісқақұлы, Ибрагим Бекейханұлы, Іліс Жансүтірұлы, Ишанғали Арабайұлы, Қасым Тыныстанұлы, Дінше Әділұлы, тағы басқалар бар. Шынтуайтына келгенде, Орынбор мен Ташкент қалалары со кездегі қазақтың ұлттық рухани орталықтарына айналды. Барлық саладағы ғылым мен білім жүйесінің тетігін, мәдениеттің ықпалды буынының тізгінін Орынборда Ахмет Байтұрсынұлы, Ташкентте Халел Досмұхамедұлы өз қолдарына берік ұстады. Сахараның шартарабында есіктерін айқара аша бастаған ана тіліндегі мектептердің шәкірттерінің, қаладағы жоғары дәрежелі білім ордаларының студенттерінің тұтынған оқулықтары мен оқу құралдары, қырдағы малшы-жалшы, еңбекшілердің қолынан тұспейтін көркем әдебиеттері осы еki қаладан таралып жатты. Халел мен Ахмет бірінде шыққан еңбекті екіншісі қайтalamас үшін, жалпы жуық,

арада атқарылар жұмыс жоспарларымен өзара танысып, хабардар болып отырды, бұрыннан тонның ішкі бауындағы бірін-бірі жақсы білетін, саналы өмірін халқының бақытты болашағына арнап саяси күресте сыналған жандардың мәдениет майданында да араларындағы байланыстың үзілмегендігі Халелдің Орынборға жолдаған тілдей жедел-хатының мазмұнынан анық, көрінеді.

„Орынбор. Халық Ағарту Комиссариатына

Түркістан Халық Ағарту Комиссариатының Фылыми Кеңесі өкілетті өкіл Жүргенұлы арқылы бірінші, екінші басқыш қазақ, мектептеріне, педагогикалық, училищеге арналған бағдарламалар, ережелер һәм Академиялық Орталықтың қазақ, оқулықтарын шығаруға түзген жұмыс жоспарын беріп жіберуді өтінеді.

Түркістан Мемлекеттік Фылыми Кеңесінің төрағасы Х. Досмұхамедұлы, (ӘР ОМА. Р-34-қор, I-тізбе, 2114-іс, 36-парап).

Халекеңнің Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дұлатұлының оқу құралдарын және Сәбит Дөнентайұлы, Ғұмар Қараш, Мағжан Жұмабайұлы сияқты белгілі қазақ, ақындарының қатарында Ахмет пен Міржақыптың да жыр жинақтарын бастыруды Білім Комиссиясының жоспарына енгізуі олардың өмірде қарым-қатынасының сұймай, пікірлес, сырлас, сыйлас болып өткендейгінің белгісі.

Халел Досмұхамедұлы 1920 жылы ашылған Қазақ халық ағарту институтында ұстаздық, еткені мәлім. Бұл қазақ, қазақ болғаннан бергі тұңғыш жоғары оқу ордасы еді. Ұлт мәдениеті мен ғылымының дамуына институт айрықша серпіліс туғызды. 1920 жылы қыркүйектің 11-і күні институттың ұйымдастыру комитетінің мәжілісі өтті. Мәжіліске төрағалық, етken Емберген Табынбайұлы, мүшелері Халел Досмұхамедұлы мен Ходжиковтың қатысуымен күн тәртібінде бес түрлі мәселе қаралды: 1) институт жанынан лазарет ашу; 2) жұмсалатын қаржыны бекіту; 3) ұстаздар құрамын анықтау; 4) бас есепшінің орынбасарын тағайындау; 5) шеберханаға қолайлы қосалқы үй-жайды шешу. Ұйымдастыру комитетінің қараған мәселелерінің бәріне бірдей тоқталып жатпай-ақ, ең маңызды деген түйінін айтар болсақ: 1) институт жанынан аурусырқауларға арнайы сегіз орынға лайық, лазарет ашуды, оған дәрігер, медбике, үш санитар ұстауды қажет деп тапты; 3) Халық Ағарту Комиссариаты арқылы төмендегідей оқытушы-педагоктарды институтқа қызметке шақыруды үйғарды; Үбырай Қасымұлы, Омар Жанғалинұлы, Уәлихан

Омарұлы, Әзиз Бәйсейітұлы, Бердікен Мергенбайұлы, Таббай Құлқашұлы, Әбду-Расул Мәмбейұлы, Сәтжанұлы, Ғани Мұратбайұлы, Мәдина Қасымқызы, Айша Оразқызы, Николай Проценко, Мартынек, Үмбетбайұлы, Абланұлы, Әбдірахман Мұңайтбасұлы.

Халекеңнің алдын көріп, шәкірті болған лингвист ғалым, академик С. Кеңесбаев былайша әңгімелейді:

„Институт орналасқан ғимараттың екі жақ қабырғасына керілген қызыл матаға ақ бояумен кішігірім баланың үлкеніндегі „ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ҮНІСТЕТІ“ деген араб қарпімен нақышталған сұлу жазу алыстан көзге шалынатыны әлі жадымда. Институтта бізге қазақ тілінен Едес Омарұлы, әдебиеттен Смағұл Сәдуақасұлы, педалогия, анатомия мен физиология пәндерінен Халел Досмұхамедұлы дәріс берді. Педалогия шілдемін Ресейде Блонский Павел Петрович, Выготский Лев Семенович дейтін ғалымдар, ал Қазақстан мен Орта Азияда Халел Досмұхамедұлы негізін салып іргесін қалады. Халекең өте кішіпейіл, үлкенге де кішіге де ізетті, көп сыр шашып үндемейтін, тұйық, адам болатын. Институтта жазатайым ауырған-сырқағандар бола қалса, ол студент пе, оқытушы ма, мейлі, Халекең дереу ем жасап, құлантаза айықтырып жіберетін. Ол кісіні атағанда „доктор“ деген атықтауышты аты-жөніне қосып айту дағдысы зияллыар арасында бұрыннан қалыптасқандықтан, біздер шәкіртері де бұл дәстүрді әрдайым бұзбауға тырысатын едік“.

Білікті ұстаз Халел Досмұхамедұлының үйымдастыруышылық қабілеті мен ғылыми-шығармашылық талантына бек сенім артып, Халық Ағарту Комиссариаты 1926 жылы оны Жоғары педагогикалық институттың проректоры қызметіне тағайындағы. Өкініштісі, үлттық ғылымның ендіеңді ғана қанатын жазып, қаз-қаз басып келе жатқан шағында аяқтанып кетуіне әкімшілік басқарудың бір орталыққа бағындырылмауы едәуір кеселін тигізді. Қазақ халқының негізгі шоғырланған оңтүстік пен Жетісу өлкесі Түркістан Республикасының құрамында оқшау қалып келді. Соңдықтан әкімшілік-аумақты бөліністің тарихи жағынан әділетті шешілмеуі — қазақ халқының саяси-экономикалық, мәдени-рухани даму жүйесінде іркілістер тууына себепші болды. Бұл мәселе қазақ елінің саяси-территориялық тұтастығы реттеліп, астанасы Алматыға әбден орныққаннан соң тузеліп, бір арнаға түсе бастады. Әлбетте, қоғамдық өмірдегі, мемлекеттік деңгейдегі

қай істе болсын Халекең оның бел ортасында жүріп, алдыңғы лектен көрінді.

Халел Досмұхамедұлына 1927 жылы 21 наурызда қазақ мемлекеттік университеттің үйымдастыру жөніндегі Комиссияның тәрағасы міндеті жүктелді. Халекең құрамында үш факультеті бар Қазақ мемлекеттік университеттің үйымдастыру мен білім беру жұмысының толық жоспарын, күллі кіріс-шығыс қаржысының есебін жасады. 1929 жылы қазан айында Ташкенттегі педагогикалық Университеттің негізінде Алматы қаласында Қазақ мемлекеттік Университеттің ашудың мүмкіндігі туды (ол қазіргі Абай атындағы мемлекеттік педагогика Университеті). Халекең халқымыздың қара шаңырағы осы білім ошағын үйымдастыруға белсене араласып, оның тұнғыш проректоры болды. Проректорлық қызметімен бірге ол 1926 жылдан бастап педагогия курсынан студенттерге дәріс оқыды. Осы жылы арнайы комиссияның шешімімен оған педагогия ғылымының доценті атағы берілді. 1929 жылы Халекең педагогия профессоры әрі кафедра меңгерушісі міндетін қоса атқарды. Қазақ мемлекеттік университеттің әкімшілігінің 1930 жылғы № 13 бүйрығында мынадай жолдар жазылған: „Педагогия профессоры Досмұхамедұлы Ленинград қаласында өтетін „Адам миының қам-қарекетін ғылыми зерттеуге“ арналған бүкілодақтық съезд жұмысына қатысуга жолсапарға жіберілсін...” — Басқарма мәжілісінің 14 қаңтардағы хаттамасын Халық Ағарту Комиссариаты ақпанның 16 күні бекіткен. Оның қызмет бабымен сапарда жүруіне байланысты кафедра меңгерушісінің міндеті мен I — II курс студенттеріне педагогия пәнінен сабак өткізу аға ассисент Кеплерге тапсырылады (КР ОМА. 1142-қор, 1-тізбе, 1-іс, 81—82-парапттар). Педагогия ілімін БК(б)П ОК-нің 1936 жылы шілде айының 4-дегі „Халық Ағарту Комиссариатының жүйесіндегі педагогиялық бүрмалаушылықтар туралы“ қаулысы нәсілдікке апарады деп мүлдем жойып жіберді.

Шығармашылық өнермен айналысуга мүмкіндігі туған Ташкентте өткізген өмірінің кезеңінде Халекең педагогикалық ағарту жұмыстарын қазақ тіліндегі төл оқулықтар шығару ісімен шебер үштастыра білді. Қазақ баласы тұнғыш рет ана тілінде оқыған „Табиғат тану“ кітабынын алғы сөзін оқып көрелік: „Бұл кітап қызып шығарып отырғанымыз Тәшкендердегі Қазақ-қырғыз институтының шәкірттеріне оқылған дәрістіктің бір бөлігі. Фылым ретінен кітап жоқ, болған соң, балалардың өтінуі бойынша баспаға

беріліп отыр. Термин табу бек қыын. Сөйткенмен, қолдан келгенше терминдерді нағыз қазақ сөзінен алдық. Қата кеткен терминдер болса, хат арқылы білдірулеріңді өтінеміз. Кітап асығыс жазылған соң, қолымызыда Қазақстан, Түркістан хақында мағлұмат берерлік кітаптар көп болмаған соң, суреттерді өз жерімізден ала алмадық ھем Түркістан, Қазақстан хақында да көнілдегідей мағлұмат бере алмадық.

Табиғат ғылымын тәжірибесіз оқыту — жарты оқыту болады. Тәжірибелерді амал келгенше оңай істелетін қылып айттық; әрбір мектепте табылатын құралдармен тәжірибе қылатын қылып жаздық.

Х. Досмұхамедұлы.
Ташкент, 1921-інші жыл, 15-інші мамыр".

Тырнақ, алды бүл еңбектің көркемдік безендірілуі мен полиграфиялық сапалық деңгейі тәп-тәуір, ең бастысы қауалап ашыла бастаған жаңа жүйелі ұлттық мектептердегі буын-буын шәкірттердің „бұйым, ауа, су, жер, кен, жер жүзінің өзгерілуі”, яки табиғатты, айнала қоршаған ортаны танып, білу туралы ілімнен мол мағлұмат алатын оқу құралы болуымен құнды еді. Зерделі үстаз, ағартушы ғалым жаратылыс тану пәндеріне қатысты оқыту бағдарламаларын да өзі жазған. Оның әдістемесі бойынша мұғалімдердің жаратылыс тану пәндерін түрлі тәжірибелерге сүйене отырып оқытуы шарт. Сондай-ақ ол айнала қоршаған ортадан (аяу, су, жер) бастап, өсімдіктер әлемі, жануарлардың дene түзілісі, мүше қызметтері хақында шәкірттерді тиісті мәліметтермен толық хабардар қылып болған соң ғана адам жайына кіріспі, білім беру ісін сатылап құрделілендіре беруді ұсынады.

„Жануарлар“ (сүйектілер туралы) атты оқу-құралының кіріспесінде Халел Досмұхамедұлы оқу-ағарту саласындағы істеліп жатқан шаралар мен уақыт талабына байланысты кездесетін қындықтар жөнінде баяндай келіп: „Қазақ тілінде шәкірттер оқырлық дәріс кітаптарының жоқтығы бұрыннан мәлім болса да қазақ тілінде тәртіпті оқу жоқ, болған соң, қазақтың саяси істері оңбаған соң көп сезілмейтін еді. Төңкерістен соң саяси іреттер өзгерілді. Елді ағартып, надандықты жоюдың шын жолы — ана тілімен ғылым үйрету, ғылым үйрететін мектептерді көбейту; осы күнде қазақ, халқы осы жолға түсе бастаған сықылды көрінеді. Қазақ ішінен тәртіпті мектептер ашыла

бастады, бұл мектептерде тәртіпті оқулар оқыла бастады. Тәшкендері Қазақ-қыргыз үністеті сықылды ұлы дәрежелі медреселер ашылды, барлық ғылым пәндері қазақ, тілінде оқыла бастады.

Міне, осы кезде дәрістік кітаптардың жоқтығы begіrek сезіле бастады. Қазақ тіліндегі жалғыз-жарым дәрістіктер бастауыш мектептердің екі-үш жылдығына ғана жарайды; онан жоғары кеткен соң, дәрістік кітап жоқ, шәкірттерге сабак тек ауызben ғана айтылып жүр. Шәкірттер бұған місе етпей, бөтен тілдерден қанағаттандыратын кітаптар іздейді. Шәкірттердің көбі орысша, иә бөтен Еуропа халқының тілдерін жақсы білмейді. Сондықтан ноғай, ғұсманлы түрік тілдеріндегі кітаптарды оқида. Бұл тілдерде шәкірттерге дұрыс пайда беретін кітаптар тым аз. Дәрістік кітап жоқтықтан қазақ медреселеріндегі шәкірттер ғылымның суына дұрыс қана алмай, сусаған адамдай сандалып жүр.

Дәрістік кітаптардың жоқтығы үлкен кемшілік және халық ағарту жолындағы зор кедергі, осындағы кемшілікті жойып, кедергіні бұзу — білім бар қазақ зиялымарының міндеті. Алаштың ішіндегі білімділердің мойнындағы борышын атқаратын заман келді. Білімді дегендердің көбі дәрістік кітаптарды не өз бетінен жазуы не бөтен тілдерден аударуы керек" дейді. Шынында, Қазақ-қыргыз Білім Комиссиясының төрағасы Халел Досмұхамедұлының шақыруына белгілі мемлекет hәм қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар Мағжан Жұмабайұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Жүсілбек Аймауытұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Әбубекір Диваев, Мұхтар Әуезов тары басқалардың үн қосып, педагогика, тарих, психология, арифметика, әдебиет танудан оқулықтар жазуы осындағы қажеттіліктен туды.

Жоғарыда аталған оқу құралында Халел Досмұхамедұлы қазақ тілінің ғылыми терминалогиясын қалыптастыру жолындағы батыл ұсыныстары мен тың ойларын ортаға салып, былай дейді: „Қазақ тілінде бұған дейін Ақыметтің „Тіл — құралынан“ басқа ешбір ғылым жайында жазылған кітап болмады. Алдымызда үлгі болмаған соң, ғылым кітабын жазу деген өте қызын болды. Қазақ тілі ғылым жолына шалынбаған, сөздері ғылым ретіне қарай жөндікпеген тіл. Сондықтан қазақ тілін ғылыммен таныстырып, ғылым жолына салатын заман келді. Ғылымды өз тілімізге аударғанда, ең керегі ғылым тіліндегі атауларды (термин) дұрыстап, түсінікті қызып



аудару. Ғылым тіліндегі қолданылған атауларды қазақ, тіліне дұрыстап түсінікті қылып аудару өте қиын жұмыс. Ғылым атауларына келісті ат тағу деген алғашқы уақытта қиын болса да, өте мұқтаж нәрсе". Халел Досмұхамедұлы ғылым тілін жасаудағы өзі үстанған қағидасын білдіре отырып, бұл жұмыстың маңызы зорлығына шәкіртерге жеткілікті дәрежеде түсінік береді. Ғылым атауларын табу — шығармашылық үздіксіз ізденістің, шыныққан зерденің жемісі екендігіне көніл аудартады. Өнер-білімнің шәкірт бойына сіңіп, санасына ұялауы үшін ғылым тілінің жүйелі болуы шарттығын ескертеді. Мұнан әрі ғалым пікіріне және кез жүгіртелік:

„Біздің алған жолымыз мынау болды: ғылым атауларына ең әуелі лайықты сөздерді қазақ-қыргыз тіліндегі сөйленіп жүрген, аталып жүрген сөздерден алуға іздендік. Қолайлы сөз табылмаған қалде ескі ұмытылған түрік сөздерінен, өзбек, ногай, ғұсманлы сықылды ағайын түріктердің сөздерінен ыңғайлы сөздерді ізdedік. Бұл реттен қолайлы сөздер табылмаған қалде қазақ тілінде сөйленіп жүрген сөзден лайықты туынды сөздер шығаруга тырыстық. Жаңадан туынды сөз шығару деген тым қиын нәрсе, жаңа туған сөз — тілді бұзбайтын, жаңалығы көп сезілмейтін, сөз болуы керек. Сондықтан бұл жолды өте сақтықпен қолдану керек. Біз де туынды сөзді шамамыз келгенше аз тудыруға тырыстық, осы реттің бәрінен қолайлы сөз табылмағанда, ғылым атауларына латын тіліндегі сөздерді алдық...

Қолайлы келген жалғыз-жарым араб, парсы иә рус сөздерінен де қашпадық, көбіне мұндай сөздер елдің аузына кірген, ие шет жағалап кіре бастаған сөздер болса керек.

Біздің тәжірибемізде қазақ тіл — бай тіл. Олай-булақ созуға өте ыңғайлы келе беретін тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жүрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз толық.

Ғылым атауларын дұрыстап таба алмай, тілімізді ғылым жолына дұрыстап сала алмай, кей жүрттарша араб пен парсыны, латын мен орысшаны араластырып былжырақтатсақ, бұл тіліміздің жарлылығынан, кемдігінен емес, кітап жазушыларымыздың нашарлығынан, өз тілін әбден білмегендігінен болады" (Халел Досмұхамедұлы. Ташкент, 1921 жыл, 1-інші мизам, „Жануарлар“. 2-басылымы, Қызылорда-Мәскеу, 1928 ж.).



Xaneen kouñahrafah 6yñpim4ap: 1. Kyñcañarbilu. 2. Mep. 3.
Kahahumah 7locmyxameñyñbi cþinerañah kymic cantriabak.




Библиотека
Х. Д. Досмұхамедова.

دوسمۇ قامبىت ئەللىرىنىڭ
كتېبىتىرىنىڭ

№ _____

Экз. _____ Том. _____



Халепдің Воронежге жер аударылған жылы — 1932 жыл (КГБ-нің құжаты).

Халепдің зайыбы Сагира екі ұлымен түскен сурет. 1934 жыл.



Н. К. З.

ОБЛАСТНОЙ ИНСТИТУТ
СОЦИАЛИСТИЧЕСКОГО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
и ГИГИЕНЫ

Ц. Ч. Облздравотделы

171

дня 1933 г.

№ 3

• Воронеж
Батюшниковская 13
Телефон № 6113

УДОСТОВЕРКИИ.

Дамо Профессору ДОСМУХАМЕДОВУ ХАЛЕЛУ
Досмухамедовтынч в том, что он действительно
является Заведующим Сектором ОЗД и П
Института Социалистического Здравоохранения
и Гигиены.




1933

Профессор Халел Досмұхамедұлының жер аударылып айдау-
да жүрген кезіндегі қызмет күәлігі.

Халелдің отбасы: Халелдің оң жағында Сагира, сол жағында үлкен ұл
Әділхан, түрекеліп тұрғандар қыздары Сәуле мен Қараашаш. Отырғандар: сол
жақта кіші ұл Төле, оң жақта Халелдің інісінің баласы Сүйінқара. Воронеж
қаласы.





Халепдің үлкен қызы Рабига, оның оң жағында Ерғазы және Халекеннің тұңғыш немересі Болат. 1936 жыл.

Халепдің зайдыбы Сағира, оның оң жағында баласы Эділхан (Ұлы Отан соғысына қатысқан), сол жағында баласы Төле, түрегеліп тұрган қызы Қарашаш. Алматы, 30 қараша, 1949 жыл.






Халелдің ең соңғы суреті.
Өзі жер аударылған Воро-
неж қаласында 1938 жыл-
дың тамыз айында түскен.




Халелдің зәйібы Сагира-
ның Халел ақталған 1958
жылы түскен суреті.



Отырғандар, солдан оңға қарай: Халекеннің күйсү баласы Ерғазы, Халекеннің зайдыбы Сағира, Халекеннің агасы Хасеннің қызы Дағиға, Хасеннің немересі Қабыл. Түрекпін тұрғандар: Халекеннің қыздары Қараашан пен Рабига және немересі Ания. 2 акпан, 1965 жыл. Алматы қаласы.




Халекенің тұған ауданы Қызылқоғаның орталығы Миялы поселкесінің бүгінгі көрінісі: 1. Халел Досмұхамедұлы атындағы қазақ орта мектебі. 2. Халел Досмұхамедұлы атындағы көшедегі аудандық мұражай. 3. Мұражайдың ішінен бір көрініс. 4. Миялының бүгінгі көшесі.






Х. ФАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ
САРТЫСЫНДАҒЫ САЯСИ ЗАНСЫЗДЫК
САЛДАРЫНАН ҚУРБАН БОЛҒАН
АСТАНА МУЗЕУМЫН НАГАМБЕЛОВ

EXHIBITION OF KAZAKHSTAN
WHICH WAS REPRRESSED DURING
POLITICAL LAWLESSNESS IN THE
SECOND HALF OF THE XIX CENTURY



ДӘУЛЕТБАЙҚЫЛЫ МӘЖИТ /1896-1938/
ДОССМУХАМЕДУЛЫ ХАЛЕЛ /1883-1939/
ДОССУЛЫ ӘБІЛХАЙЫР /1899-1938/
ДУЛАТУЛЫ МІРЖАҚЫП /1885-1935/
ЕРУБАЙҰЛЫ САТТАР /1914-1937/
ЕСЕНБАЙҰЛЫ ХАЛЕЛ /1892-1938/
ЖАНДОССУЛЫ ОРАЗ /1889-1937/


Қазақстан Республикасының Жазушылар Одағы үйінде қойылған ес-
керткіш тақта және сондайық жазудың бір үзігі.



Атырау облысының әкімі Р. Шердебаев Халеп Досмұхамедұлы атындағы Атырау Мемлекеттік
университетінің Ректоры К. Табылдиевен және басқа осы іске мүдделі азаматтармен бас
косып, университеттің көшешегі жайында пікір анысын отыр. 1995 жыл.




Хален Досмухамедұлының өзінен гарыған үрлактарының бір тобы. Ортада отырган аксакан Ханекенің шебере інісі Бимұхан Макшұлы Мәмбетжанов. Алматы, 1995 жыл



БҮЛ ҮЙДЕ
1928 – 1932 ЖЫЛДАРЫ
КӨРНЕКТІ ГАЛЫМ ЖӘНЕ
КОҒАМ КАИРАТКЕРІ
ПРОФЕССОР
ХАЛЕЛ
ДОСМУХАМЕДҰЛЫ
ТҮРГАН

В ЭТОМ ДОМЕ
1928–1932 гг жил
видный ученый и
общественный деятель
профессор
ХАЛЕЛ
ДОСМУХАМЕДОВ

Аламатыдағы Халекен 1928–1932 жылдары тұрган үй. Осы
үйге 1995 жылы 9 қарашада орнатылған мемориал тақта.



Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Алматыда 1994 жылдың үйіндестірылған, Халел
Доссұхамедұлының шыгармашылық мүрасын зерттеу, насиҳаттайтын арнаны топ жұмыс
үстінде.

Асылы, ғалымның көз майын тауысып жазып шыққан оқулықтарының ғылыми құндылығы қай жағынан болса да үлгі тұтарлық. Өйткені ол өзгелерге жалаң еліктеп, дайын нұсқаның көшірмесін жасауға әуестенбеді, қолына қалам алдырыған ғылымның аргы-бергі тарихына, ежелгі отанына зер салып, үзіле зерттеп, мал сойғандай боршалап, жілік-жілікке, мүше-мүшеге бөліп, әрбір ұғымға барабар ана тілінің ішкі мүмкіншілігін сарқа пайдаланып ат беріп, атау тағып, көркемдік-құрылымдық жүйесін үндестіре, ұлттық болмысы мен ерекшелігіне тән етіп түзді. Халекең „Адамның тән тірлігі“ деген кітабының „Сөз басы“ бөлімінде пәннің мақсатын қазақы сөз орамымен қиоюын келтіріп, оқушының қабылдауына лайықтап қарапайым тілмен жеңіл жеткізеді:

„Адамның денесінің қалай түзілгенін тексеріп анықтайтын білімді „анатомия“, не „тән жүйесін тану“ деп атайды. „Анатомия“ деген сөз грек деген халықтың тілінде „сою“ деген сөз... дененің неден, қалай болып жаралғандығын білумен дene тану бітпейді. Денедегі мүшелердің не үшін жаратылғандығын, мүшениң не үшін қызмет қылатынын білу керек. Адамның тірлігі дегеніміз — дененің тірлігі. Дененің тірлігі — мүшелердің тірлігінен құрады. Денедегі мүшелердің жұмысын тексеретін, қимылдарын таныту білімін „тән тірлігін таныту“ не „физиология“ деп атایмыз.

Халел Досмұхамедұлы жазған, буын-буын ұрпақтың көзін ашқан оқулықтар өз кезінде бірнеше мәрте баспа жүзін көрді. Бұл кітаптардың өне бойындағы сәтті қолданыстар мен тың балама сөздерді ұлттық ғылым тілін дамыту жолында қәдемізге жалтақтамай жаратуға әбден болады. Қазақ мектебінің табалдырығынан аттап, тәлімтәрбие алған жас-кәрінің бәріне бірдей құлағына сіңіп, жаттанды болп кеткен „Табиғат тану“ пәнінің атын түңғыш рет ғылыми терминологиямызға енгізген X. Досмұхамедұлы екендігін ұзақ жылдар айтуда тыйым салынып келді. Немесе бір кезде ғалым қолданғандай, қазіргі „зоология“ орнына „жануарлар“, „анатомияны“ „адамның тән тірлігі“ деп алсақ, қандай жарасымды болар еді.

Қазақ халқының рухани мәдениетіне қатысты орталықтың бірі — Ташкент қаласы. Орта Азияның кіндігі санаған бұл қаланың архивтері мен кітапхана қорларында қазақтың көне дәүір, орта ғасыр, онан бергі ғұмыр тарихына байланысты құнды деректер зерттеушісін күтіп жатқаны анық. Оның да өзіндік себептері бар.

Иә, ташкент жиырмасыншы ғасырдың басында, әсіресе Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Орта Азия халықтарымен бірге қазаққа да ортақ астана болғаны белгілі. Ұлттымыздың аяулы ұлдары мен қыздары, зиялы қауымы осы арада еңбек етіп, өмірде де, өнерде де өздерінің ізін қалдырыды. Осылардың арасында жазық мандалы, қою қара мұртты, көзәйнектен үңілген ойға толы қос жанарынан ақыл мен парасаттың үшқынын шашқан, шығыс данааларында келбетті, дүйім халайық „дәрігер“ атаған Халел Досмұхамедұлы да жаңа заманның жаршысы болды.

Халекеңнің өзі толтырған құжаттарының арасынан Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының 1921 жылдың қантарынан 1922 жылдың қазан айына дейінгі Мемлекеттік Фылыми Кеңеске берген жылдық есебі көзге жылы үшырайды. Осы құжаттың мазмұнына көктей шолсақ, Комиссияның негізгі атқарған қызметіне қосымша сан түрлі тапсырмаларды орындал, ғылыми әр алуан деңгейдегі мәжілістерге (оқымыстылар Фалев пен Поливановтардың жасаған ғылыми баяндамалары, өзбек мәдени-агарту қызметкерлерінің съезі, т. т.) қатысып, өндіріске жіберілетін оқу құралдары мен әдебиеттердің қателерін де тексеру міндеті корректорлардың жоқтығынан өздерінің мойындарына түскендігін, халық аузындағы „Бекет батыр“ жырының оқиға желісі бойынша қазақ кинематографиясындағы ізашар туындының сценарийіне Х. Досмұхамедұлының сын ескертпе жазғандығын оқымыз. Елец еткізер осы жолдар қамшы боп, архив қоймасын сарыла ақтарыстырып киносценарий тексті мен ол жөніндегі рецензияны тауып алдық. Қалың буманың арасына тігілген көлемі жеті беттік, 86 бабқа бөлінген шағын „Бекет батыр“ киносценарийінің алдындағы іліктес жалаң парақтың маңдайшасына „Әбубәкір Диваев, Халел Досмұхамедұлы“ деп жазылған. Біздің топшылауымызша, бұл шығарманың авторы Әбубәкір Диваев екендігі күмәнсіз. Олай деуімізге екі түрлі дәйек бар. Біріншіден, Әбубәкір Диваев 1922 жылы „Бекет батыр“ жырын Ташкенттегі Түркістан Республикасының баспасынан жеке кітап қылып бастырыды. Осы еңбек туралы Нәзір Төреқұлұлының редакторлығымен Мәскеуде шығып тұрған „Темір қазық“ журналының 1923 жылғы 1-санында Элихан Бекейхановтың қысқаша пікірі жарияланды. Екіншіден, қазақ топырағында тұңғыш қанат қаққан синкретті өнерге қатысы бар тағы бір шешуші құрамадас бөлігі — музыкалық көркемдігі. Сөз

өрнегін талдап, таңдаудағы талғам оқиғаның ұлттық, boyу, нақыш hәм дәуір, мезгілмен түспа-түс үйлесімді келуі, сонымен бірге кейіпкерлердің сан алуан міnez-құлық, иірімдері, психологиялық қат-қабат таным-түсінігі табиғи үндесіп жатуы шарт. Кинокартинаның басталуындағы автордың музикалық құлақ, күйі, яки әуен ырғағымен көріктеуіне көніл аударалық:

„Тылсым қараңғылықтан баяу ғана шығыс сазына тән дабыл үні құлаққа келіп, экраннан оркестр көрінеді. Жарты шеңбер тәрізді айнала тізбектелген иерихон кернейшілеріне аралас түрған дағыра қағушылар мен зурна тартқан өнерпаздар. Қара барқыт фонында түсірілген“ (ӨР ОМА, 34-қор, 1-тізбе, 1188-іс, 142-парап). Тегінде, театр, кино өнерінде өмірден көшірілген құбылыстың көркемдік, эстетикалық күш-қуатын, сыр-сипатын, сұлулық, әлемін көрермен санаудың сіңіруге, ұғымына ұялатуға музиканың әсер-ықпалы айырықша. Кең-байтақ, қазақ, далаудың жомарт жаратылған табиғаты, ұшы-қиырсыз жері қандай болса, ұлттық, мұрасы да көл-кесір бай, ағыл-тегіл кенен. Сөйті тұра, халықтың төл ән-әуені, құмбірлеген күйі жетпегендегі шығыстың сазын орынсыз тықпалау шынайы шындықпен үйлеспейді. Бұл ерекшелікті жақсы аңғарған Халел Досмұхамедұлы „оркестрге түсіруі қазақы емес“ деп ұсақ-түйек жіберілген жаңсақтықтың тұтас өнер туындысын ақсатарын, дәлдік еленбесе көрерменді сендейре, иландағы алмасын ескертеді.

Этнограф, ауыз әдебиетінің білгірі Әбубәкір Диваевтың шығармашылық қызметінің 25 жылдығына орай 1915 жылы „Қазақ“ газетінің бетінде арнайы мақала жазған Мұстафа Шоқай: „Біздің қазақ, халқын шын көнілімен жақсы көріп, қолынан келген қадірінше қалам өнерімен қызмет қылғандардың алдыңғы қатарында...

Әбубәкір мырзаның қолынан шығып тараған сөздер көп. Мысалы, Ерназар Бекет (Бекет батыр), Шора батыр, Алпамыс батыр... Бұлардан басқа неше түрлі өлеңдер, жаржар, беташар, бала жұбату, құдалық, жайы, біздің кәдімгі аты шулы атқамінерлеріміздің жайы, ертегілер, мақалдар... Қазақтың өзінен басқаларға түсінуге қиын бір аунама сөздері кез келіп қиналтыңқырамаса, Әбубәкір мырзаның тәржімә еткен тілі тым-ақ, жатық. Бұл кісі қазақ халқына ғылым жолымен таныс орыс ғалымдарының бәріне көптен белгілі“, деп ілтипат білдірген еді. Қореген жанның ықыласына бөлөнген, саналы ғұмырын халық мұрасын жиһап, насиҳаттауға сарп еткен Әбубәкір Диваевтың

қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүріне байланысты жансақтыққа жол бере қоюы ақылға қонбайды. Демек, мұнда бір гәп бар!?

Сценарийдің екінші бабындағы көріністе „Киіз үйге лық толған қазақтар. Ортада жыршы, оның оң қапталында қолына домбыра ұстаған сүйемелдеуші отыр“ деген жолдарды Халекен „Жыршы жырды домбырамен өзі орындауы тиіс, оның жанында қобызben сүйемелдеуші және біреудің болғаны абзal“ (ӨР ОМА. 34-қор, 1-тізбе, 1188-іс, 147-парақ), деп түзету енгізгенде дұрыс көреді. Рецензенттің ұсыныстары мен сценарий мәтінін (тексін) салыстыра тексергенде бірсыныра өзгерістер енгізілгені аңғарылады. Бірақ, неге екені белгісіз, біз әңгімелеген сценарийдің жоғарыдағы тұстары бәз қалпында қалдырылыған.

Мұхтар Эуезов 1927 жылы жарық көрген „Әдебиет тарихы“ кітабында „Бекет батыр“ жырының идеялық-көркемдік мәнісіне арнайы тоқталып: „Заманында Исатай істеген ерлікті істеп, қалың елдің қамын ойлап, көптің тілеуіне сүйеніп, өз басын құрбандыққа шалған. Қылышынан қан тамған ұлықты өлтіріп, патша өкіметіне қазақ, елінің жүргегінде жатқан қарсылықты ақырғы рет осындаі үлкен іспен көрсеткен. Сондықтан Бекеттің даңқы қазақ, даласына көп жайылып, жоғарыда айтқандай ертегіге үқсас әңгіме болған. Бекетті тарихи өлеңнің қаһарманына қосатын себеп осы“ деп түйеді. Қазақта көркем фильмге тақырып боларлық бұл тақылеттес сюжеттер көптеп саналады. Алайда сценарий авторының қалауы „Бекет батырға“ түскен.

Халел Досмұхамедұлы өз пікірінде: „Бекет“ кинотеатр экранына шығатын бірінші пьеса, Түркістан өлкесін мекендейтін жергілікті халықтың мәдени өміріндегі елеулі оқиға“ дейді. Ал ұлттық кино өнерінің тарихын зерттеуші мамандар 1939 жылы түсірілген „Аманкелді“ көркем фильмін тұңғыш фильм санап келді. Бұл саладағы алғашқы қадам 1922 жылы жасалғанына „Бекет батыр“ киносценарийі қуә болып отыр. Егер оның картинасы түсірілген болса, Ташкенттің архив қорында пленкасы сақталуға тиіс. Тарихи лента табыла қалса, қазақ кино өнерінің қарлығашыны экрандауға қатысқан шығармашылық топты анықтауға да себі тиер еді.

Қазақ-қырғыз Білім Комиссияның шет аймақтардағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына жер шалғайлығы, жол қатынасының нашарлығы, саяси-әкімшілік әрі мәдени орталық Ташкентпен екі арадағы жүйелі байланыстың

жоқтығы әжептәуір қындық туғызды. Өйткені Түркістан Автономиялы Республикасының құрамына енген Жетісу облысына қазіргі Қыргызстан мен Алматы, Талдықорған облыстары түгел қарады. Бұл өлкені жиі-жиі аралап, мәдени саладағы жаңалықты дер шағында жеткізіп, ғылыми бағыттағы ізденістерін жүзеге асыру көп күш пен қарожат жұмсауды қажет етті. Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясы мен Ғылыми Кеңестің мұндай ауқымды шараларға мүмкіндігі келе бермейтін еді. Соңдықтан Халел Досмұхамедұлы бұл атырапты мекендейтін халықтың этничалық жағынан әртектілігін ескеріп, тарихи-археологиялық және этнографиялық материалдарға өте бай екендігін дәлелдеп, Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының жетісу облысынан бөлімшесін ашудың, оның орталығына Алматы қаласын белгілеуді мемлекеттік Ғылыми Кеңес алдында толғағы жеткен мәселе ретінде көтереді. 1922 жылы 25 желтоқсанда жазылған осы іс қағазында Халекең Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясы Жетісу бөлімшесінің жұмыс ережесі мен жоспарын жасап, төрағалығына Ишанғали Арабайұлын, хатшылығына Халсима Тәсімқызы, мүшелігіне Біләл Сүлейұлын ұсынады. Жаңа жылдың 22-сі күні Халық Ағарту Комиссары Сұлтанбек Қожанұлының қолымен Халел Досмұхамедұлы өтініші қолдау тауып, заң жүзінде бекиді. Осыған орай көкек айының 6-сы күні мемлекеттік Ғылыми Кеңестің кеңейтілген мәжілісінде Халел Досмұхамедұлын Түркістан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің мұрындық болуымен жабдықталған экспедиция құрамында Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының Жетісу бөлімшесін ұйымдастыру жұмыстарымен осы облысқа жолсапарға жіберуге қаулы қабылданды. Оның орнына уақытша төраға міндетін атқару Комиссияның мүшесі Мағжан Жұмабайұлына жүктелді. Әңгіменің ыңғайы келгенде, қазақтың екі ұлы перзентінің жеке бастарының өзара адамгершілік сыйластығына соқпалай өтуге болмайды. Ол үшін ҚР ҰҚҚ-нің архив қорында сақталған тергеу хаттамасының № 78754-ісінің 3-ші томы, 156—158-беттеріндегі ақынның ез сөзінен үзік келтіре кеткен жөн.

„1923 жылы Ташкентке бардым, онда Халық Ағарту Комиссары Қожанұлының қемегімен қазақ, оқу-ағарту институтына оқытушы болып орналастым, әрі қазақтың Ғылыми комиссиясына мүше бол сайландым. 1924 жылы Мәскеуге Әдебиет-көркеменер институтына барып түстім, ол оқуға жолдама жазып жәрдем жасағандар Нәзір

Төрекұлұлы, профессор Евгений Дмитриевич Поливанов болды. Поливанов өзінің досы профессор Ричеге хат жазып берді. Қазақ ғылыми комиссиясының жолдамасы болды. Оқуымның бірінші жылы Түркістаннан стипендия алып тұрдым, былайғы жерде Орталық баспада қызмет істеп жүргендіктен ол стипендияны төлемейтін болды” (Д. Досжанов. „Абақты”, Алматы, 1992, 244-бет). Қолымыздары дерекке сүйенсек, Мағжан Жұмабайұлының бұл айтқандарының еш жалғандыры жоқ. Бірақ жылға толартолmas уақытқа созылған Мағжанның Ташкенттегі ғылыми педагогикалық қызметіне, оның кейін Мәскеудегі Жогары көркем әдебиет институтына оқуға түсүіне Халел Досмұхамедұлының тікелей жәрдемі тиғенін ол бүтіп қалған. Оның себебі де белгілі, бұрынғы Алашорда қозғалысының көрнекті өкілдерінің бірі Халел Досмұхамедұлы есімін ауызға алу — тырнақ астынан кір ізденеген ол кезең үшін Кеңес өкіметіне қарсы оқ атумен пара-пар еді. Соңдықтан ол амалсыздан Халел хақында ләм-мим демейді. Эрине, Мағжанның оқыған зиялды қауымның шоғырланған ортасында қатар жүріп еңбек етуі, олармен қоян-қолтық, арасында шығармашылық ізденісіне илгі бетбұрыс жасағанын жоққа шығаруға болмайды. Алайда табиғи дарынды жаның ақындық, ұстаздық, өнерін ғылыммен ұштастырып, білім нәріне сусаған халқының мейірін қандырып, рухани мұқтажын өтейтін ана тіліндегі төл туындылар жазуға Халел Досмұхамедұлының ықпалы шүбесіз. Халелдің бұрыннан таныс-біліс Мағжанды Қазақ-қыргыз Білім Комиссиясына жұмысқа шақырып, мүше ғып алыу да оған үлкен сенім артқандығының белгісі. Оның ақындық қуатын, сөзбен сурет салатын суреткерлік шеберлігін таныта түскен эпикалық „Батыр Баян“ дастаны, „Түркістан“, тағы басқа бірсызыра өлеңдерінің тууы нақ, осы кезге түспа-тұс келді. Шалқар шабыт иесінің мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған сандаған әңгіме, көсемсөз, аудармалары, Әбубәкір Диваевтің ғылыми-шығармашылық қызметінің қырық жылдығына орай ғалымның ұзақ жылдар бойы көз майын тауысып, жинаған халық ауыз әдебиетінің інжу-маржан нұсқаларын „Тарту“ деген атпен бастыруы да аз ғана уақыт еншісіндегі жемісті ісі. Мағжан Жұмабайұлы кітаптың беташар мақаласында: „Осы 1923 жылы 22 наурызда Ташкентте Қазақ-қыргыз Білім Комиссиясының бастауымен қазақ-қыргыз елі Әбубәкір ақсақалдың қырық жылдық еңбегіне ұлы той (юбилей) жасап, өзінің шын ризалығын білдіріп, Әбубәкір ақсақалға:

"Ұлым..." — деді. Ердің еңбегін ел актады һәм ақтамақ. Ақтағаны — шын көңілмен мақтағаны, елге ер қымбат, елге ердің адал жүргегі қымбат" деп этнограф-ғалымның қазақ мәдениеті мен ғылымына қосқан өлшеусіз үлесін лайықты бағалады. ақының ақынның сыршыл сезімге бөлейтін жауғар жырлары мен „Қазақ көркемсөз өнерінің қисыны”, „Көркемсөз өнерінің хрестоматиясы” атты оқулық кітаптарын Білім Комиссиясының жоспарына енгізген де Халел болатұғын. Жоспарға ілінген Мағжанның таңдаулы өлеңдер жинағы Сұлтанбек Қожанұлының алғы сөзімен 1923 жылы Ташкентте жарық көрді. Осы жылы қазан айында Халел Досмұхамедұлы Мемлекеттік Ғылыми Кеңестің жолдамасымен Мағжан Жұмабайұлын Мәскеуге Жоғары көркем әдебиет институтына оқуға жібереді. Келісім-шарт бойынша Түркістан Халық Ағарту Комиссариатының Мемлекеттік Ғылыми Кеңесі Мағжанға ай сайын 87 сом 50 тиын стипендия төлеп тұруды мойнына алады. Халел Жоғары көркем әдебиет институтын үйімдастырып, жетекшілік еткен белгілі орыс ақыны Валерий Брюсовқа хат жазып, Мағжан туралы „қазақ, ақындарының арасындағы аса дарынды, жарқын тұлға, егер баптауын біліп, өлең сөздің машиғына қанықтырар болса, оның талаңты ашылып, есімі мәшінр дүлдүл болары шүбесіз. Ол біздің болашақ Пушкиніміз” деп жүректен шыққан мінездемесін береді. Сонымен қатар Халел Досмұхамедұлы Валерий Брюсовтан өз құзырындағы оқу ордасына Мағжанды қызметке орналастыруға қол ұшын беріп, қамқорлық жасаудын өтінеді.

Халел Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясы төрағасы бола жүріп, қан тамырындей сан тарау жұмысқа мұрындық болды. „Сана” атты ғылыми көпшілік, әдеби журнал шығарды.

Халел Досмұхамедұлы ғылыми-көпшілік, әдеби альманах шығаруды 1922 жылы-ақ Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының жоспарына кіргізді. Ол бұл мерзімді басылымыды ауыл мектептеріндегі мұғалімдер мен шәкірттерге, өнер-білімге талпынған жалпы оқырман қауымға ғылыми бағдар-бағыт беретін педагогикалық құралға айналдыруды көзdedі. Мемлекеттік Ғылыми Кеңес Халекеңнің дәлелді ұсыныстары мен тілек-хаттарына дең қойып, қаражат белуге уәде берді. Төрағаның оқу-ағарту саласында арнайы баспасөзге деген сұраныстың маңыздылығын дүркін-дүркін талап етуінің нәтижесінде ақыры жоғарыда айтылған „Сана” журналының жарық көруінің сәті туды. Мемлекеттік Ғылыми Кеңестің Түркістан Республикасы

Халық Ағарту Комиссариатының алқасына жазған дәйектемесінде журналдың күллі шығынына жұмсалатын ақшалай қаржының есеп-қисап мөлшері көрсетіледі.

„Қазақ“ тіліндегі „Сана“ журналы. Таралымы — 2000 дана. Көлемі — 8 баспа табақ. Жылына төрт рет шығады.

I. Редакциялануына, шығарылуы мен қаламақысына кететін шығын:

1 баспа табағына	8 б. т.-на	32 б. т.-на
алтын ақшамен құны	алтын ақшамен алтын ақшамен	
1. Қаламақы 50.96	407.68	1630.72
2. Редакциялануына 14.09	112.72	450.88
3. Шығарылуына 2.42	19.36	76.44
Жалпы есебі 67.47	539.76	2158.04

Ескерту: Редакциялануға, шығарылуы мен қаламақыға кететін шығын есебін Журналистер Бюросы Секциясының (19/V—23 ж.) тарифына сәйкес орташа баға мөлшеріне сүйендік.

II. Қағаз бен баспахана ісіне кететін шығын:

1 баспа табағына	8 б. т.-на	32 б. т.-на
алтын ақша құны	алтын ақшамен	алтын ақшамен
...

Ескерту: Типографиялық жұмыстардың баға жөніндегі дәйегіне Түркістан мемлекеттік баспасының анықтамасын негізге алдық. Қажетті жалпы есебі:

жылына — 8316.84 алтын ақшамен

айына — 693.07 алтын ақшамен

Егер типографиялық шығынның және басқа да себептердің нәтижесінде бағаның құбылуын ескеріп, дөңгелектесек:

„Сана“ журналына жылына 8500 алтын ақша жұмсалады” (ӨР ОМА, Р-34-қор, 1-тізбе, 2096-іс, 5—5-бет).

Біз үш-үштен нұкте қойған түстардағы сандық көрсеткіш белгілер түпнұсқада өшіп қалыпты.

Осыдан соң халық Ағарту Комиссариаты өлкеде қалыптасқан экономикалық қызындыққа қарамастан аталған басылымға тиісті мөлшерде қаржылай демеу жасайды. „Сананың“ жекелеген санының сауда орындарында сатылу бағасы шамамен 50 тиыннан айналды. Көпшілік қауымға арналған журнал үшін бұл ең жоғары баға еді. Соңынан Халел Досмұхамедұлы Мемлекеттік Фылыми Кеңестен осы мәселеге көніл бөліп, мерзімді баспасөздің ілкі сандарын жартылай арзандатуға ықпал етуін өтінді.

Шалғай орналасқан аймақтардағы оқырмандардың қолына тегіс жетуін ойлаған редактор каникулға шыққан қазақ педагогикалық институты студенттері арқылы „Сананы“ жер-жерге таратып та отырды.

Журналдың мақсатын оның беташар санында: „Заманымыз мәдениет заманы, мәдениетке Білім жеткізеді. Білім оңайлықпен қолға түспейді. Білім алуға көп еңбек, аса сабыр керек... „Сананы“ шығарғандағы мақсатымыз аз да болса... кемшіліктерді жойып, аңсаған елге, алақтаған мұғалімдерге, жас өспірім шәкірттерге түсінікті сөз беру. Бұл өте ауыр жұмыс, дегенмен де кіріспеске амал жоқ“ („Сана“, № 1, 1923 ж.) деп түйіндейді.

Журнал бетіндеғы ғылымның түрлі саласынан танымдық, хабарлар, шет елдердің мәдениеті мен өнері, үлгілі істері жөнінде қызықты деректер басылып тұрды. Негізінен журналдың үстанған бағыты қазақ, халқының өткен тарихи-мәдени ескерткіштері, әдет-ғұрпы, салт-санасы, киген киімі, тұтынған бүйімдары мен заттары, дүниенің жарагалу, даму заңдылықтары, демографиялық санақ, жан-жануарлар әлемі, көне әдеби жәдігер, ойын-сауық, тамашалары, өткен дәуірдегі ірі тарихи тұлғалардың ғұмыры жолдары, қалдырыған ғибратты сөздері жайында толық мағлұмат беруді мақсат етті.

Бұл басылымды бүтінгі ғылыми-көпшілік, әдеби-көркем һәм қоғамдық-саяси, салалық журналдарымыздың („Зерде“, „Жалын“ сияқты) басы десе де болады. Жоғарыдағы мақалада Халекең өзі де: „Сана“ шындығында журнал емес, бөлек басылып шықпайтын уақ, білім сөздерінің жиынтығы. Оқу кітабын жазу қыын жұмыс, ұзаққа созылатын. Жиі шығарып тұру қолымыздан келмегендіктен білім беретін уақ сөздерді жиып, журнал ретінде шығарып тұруға ойладық“ дейді. Қазақ-қыргыз Білім Комиссиясының ұжымы төрағаның үйімдастыруымен журналды өндіріске дайындауга жұмыла ат салысты. „Сананың“ тұңғыш санында Мұхамеджан Тынышбайұлының „Түрік-монгол тарихы“, Кәрім Жәленұлының „Химия өзгерістері“, Әбубекір Диваевтың „Бұрынғы заманнан қалған заттарды қалай һәм қайдан іздеуге“, Мұхтар Әуезовтың „Қазақстан, Туркістанның жерінің, халқының саны“, Кәрім Құлназарұлының „Қымбат намаз“, Мағжан Жұмабайұлының „Ақан сері“, „Сәрсембайдың жері“, „Жұлдызы — жүзік, айды — алқа ғып берейін“, Халел Досмұхамедұлының „Қазақ-қыргыз Білім Комиссиясынан“, „Ұйқы деген немене?“, „Машинаның күші“,

„Жұлдыздарды қүндіз көруге бола ма?“ „Миллион деген немене?“ „Шәкірттер саулығын сақтау“, тағысын тағы тарихи-этнографиялық, ғылыми танымдық, әдеби-мәдени өмірдегі жаңалықтарға байланысты көсемсөз мақалалар мен зерттеу еңбектер, өлең-жырлар жарық көрді. Қalam қүшімен жәрдем беретін білімпаздардың зәрулігінен журнал бетінде авторлардың бүркеншек аттеп жазып тұруы да үрдіс алды. Мәселен, Халел Досмұхамедұлы „Х. Д.“, „Х“, „Қара бала“, Мағжан Жұмабайұлы „Жажеке“, Мұхтар Әуезов „Қоңыр“, Ишанғали Арабайұлы „Қырғыз“ деген бүркеншек аттар тұтынған. Эрине, басылымның бар жауапкершілік салмағы негізінен бас сараышының иығына тұсті. Баспасөздің көркемдік сапасы, ғылыми тереңдігі, материалдарының алуан тақырыпты қамтуы, әдеби тартымдылығы, полиграфиялық мүмкіндіктің төмендігіне қарамастан ұлттық, бояу-нышандары, емделік бірізділігі, сауаттылығы жағынан Халел Досмұхамедұлының біліктілігі мен талғам деңгейінің биіктігін және бір қырынан айғақтары хақ. Журнал бетінде редактор мырза көптеген мақалалар жазды, ауыз әдебиеті нұсқаларын жариялады. Оның шығармашылық машығынан оқыған жанға ой-өрісінің кеңдігі, білім-парасатының тұңғылық әсерлілігі өз-өзінен аңгарылып тұрады. Қalamгер ғалымдық, ұстаздық, тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесі арқылы жас-кәріні сөзбен баурап, бойына тарап, сана сарайын шамдай жағар сезімге бөлейді. Халекең мақалаларының тақырыбынан бастап оқушысының білуге құштарлығын оятып, есіл-дертін үйіріп әкетеді. Назар аударып көрелік. „Миллион деген немене?“ деп қаралайым ғана сауда қояды. Сосын „миллион“ деген үғымның астарына үңілтеді:

„Көптің миллионды мұнша желеңдетіп жібергені дұрыс емес. Миллион баяғы миллион күйінде қалды, бірақ ақшаның бәсі кеміді. Осы күні қағаз ақшаның қадірі кетті, бұрынғы бір сом ақшаның бәсі осы күнгі әлденеше миллион сомның бәсімен тең болды. Қолы толған миллион деп аталған қағаз болған соң, сағат сайын “миллион” деп естіген соң, адам шатасып, миллионды жеңіл нәрсе деп ойлап кетті. Миллионның не екенін анық ескеру үшін миллионды бәсі өзгергіш ақшамен өлшеу керек емес. Өлшемі өзгермейтін нәрсемен санау керек.

Миллионды түсіну үшін бірнеше үлгі келтірелік. Бір байдың миллион қойы болсын. Бар қойын көгендесін. Соңда көгеннің ұзындығы екі жұз алпыс шақырым болмақшы. Ташкент пен Түркістанның арасы жұз елу шақырым“. Ав-

тор салыстыру әдісімен қоғам өмірінде цифрдың атқарар саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени түрмистағы мән-маңызын әдемі сипаттаған. Ол жазған әрбір мақаланың арқалаған жүгі, айтар жаңалығы бар. Эйтсе де, өкініштісі, маман қаламгерлердің аздығы, мемлекеттік Ғылыми Кеңестің берген ақшасы журналдың техникалық жұмыстарынан артпауы, жәрдем беретін, көмек қылатын кісінің кемдігі „Сананың“ 1924 жылы амалсыз жабылуына себеп болды.

Мәдениет майданының қолбасшысы Халел Досмұхамедұлы 1923 жылы 13 желтоқсанда Ташкенттегі оқыған зиялыштардың басын қосып, мемлекеттік Ғылыми Кеңестің жанынан „Талап“ қауымын құрды. Қауымның мекен-жайы Карл Маркс даңғылы, 41 үй, 35-пәтерге орналасты. Қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымы „Талапқа“ мүше болғандар саны қысқа мерзімде 103-ке жетті, олар кісі басы жылына 120 сом мүшелік жарна төлеп тұрды. Қауымның тәрағасы Халел Досмұхамедұлы, мүшелерінің қатарында шығыстанушы, профессор Александр Эдуардович Шмидт, инженер Мұхамеджан Тынышбайұлы, студенттер Мұхтар Омарханұлы Эуезов, Қасым Тыныстанұлы, этнограф-ғалым Эбубекір Диваев, ақын Мағжан Жұмабайұлы, Кәрім Жәленұлы, Николай Архангельский, Иса Тоқтыбайұлы, тағы басқа азаматтар болды. „Талаптың“ Жетису облысының орталығы Алматы қаласында бөлімшесі жұмыс жасады. Халекең „Талап“ қауымының бағдарламасын 1923 жылы „Сана“ журналының 1-санында жариялады. Онда былай деп жазылған:

„1. Қазақ-қырғыз халқының мәдениеті өркендеуіне қауымның көзделген мақсаттары мыналар:

а) Қазақ-қырғыз халқының әдеби, пән, ғылым атауларын һәм басқа мәселелерді тексеру;

б) Ұлт өнерін (искусствасы) тәппіштеу...

п) Қазақ-қырғыз халқының тарихын һәм салтын тексеріп қарастыру...

т) Қазақ-қырғыз мектептерінде оқыту мәселесін реттеп, жөнгө салу;

ж) Қазақ-қырғыз халқының білім қызметкерлеріне һәм өнер қайраткерлеріне жәрдем көрсету".

Ұлт мәдениетін өркендетуге „Талап“ қауымы өзінің қомақты үлесін қосты. „Талаптың“ білікті мүшелері көпшілік алдында дәріс оқып, баяндамалар жасап, түрлі көрмелер үйимдастырыды, ел арасынан көне мұрагаттарды, кітаптар мен қолжазбаларды, өнердің сан алуан үлгілерін,

ескіліктің тамтықтарын жинап, кітапхана, оқу залын ашты. Қауым көздеңен мақсатын түбегейлі орындаپ, ойлаған үдесінен толық шықпаса да көп іс тындырығанға ұқсайды. ең бастысы, бұл игілікті бастаманың із-түзсіз қалмай, ұлт мәдениетінің дамуына өз кезінде серпіліс тудырығаны қәміл.

Халел Досмұхамедұлы 1923 жылы қыркүйек айынан бастап Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы Мемлекеттік Фылыми Кеңестің төрағасы қызметіне жоғарылатылды. Бұл жылдары Кеңес өкіметі жүргізген идеологиық науқанның бірі — тіл құрылышы саясаты еді. Бұл өкімет Кеңестер Одағына қараған түрік халықтарының тұтынып келген жазу ұлгісін арабтан латын қаріпті әліпбиге көшіруді мемлекеттік маңызды мәселеге айналдырыды. Мамандығы әскери дәрігер, тілге қатысты іргелі ғылыми еңбектер жазған Халел Досмұхамедұлы латыншаны жетік білетіндігін сәтті пайдаланып, қазақ жазу жүйесіне лайықталған алғашқы жобаны жасады. Бір ғажабы Халекен латынды алуға қарсы бола тұра, өзіне жүктелген істі саналы түрде мойнына артты. Өйткені көрерге көзі, айтарға сөзі бар, білімпаз жанның бұл мәселе төңірегінде азды-көпті өз ойын білдіруге, бір жағынан, қызмет орнының да ықпалы болды. Латын әліпбійн шұғыл түрде көшіруге байланысты „орталықтан“ жіберілген нұсқаудың мұлтіксіз орындалуын талап еткен жергілікті әкімшілікке ол қызмет бабының тәртібі бойынша ресми жауап қайырады. „Әзіrbайжанда енгізілген Еуропа (латын) алфавитін жан-жақты талқылай келіп,— дейді Халел Досмұхамедұлы,— Білім Комиссиясы мынаңдай қорытындыға келді: 1) араб әліпбійнің орнына латындықін алу негізінде дұрыс, ал бірақ тез арада, әсіресе әкімшілік әдіспен көшіру мәдениет ісі үшін залалды һәм саяси тұрғыдан да байыпты деп айтуға болмайды; 2) Әзіrbайжанда қабылданған алфавит қазақ тіліне мұлдем қолайсыз, соңдықтан қазақ тіліне икемдеу үшін қайтадан қарап шығуды қажет етеді. Білім Комиссиясы латын әліпбійн қазақ тілінің дыбыс жүйесіне лайықтап қайыра түзуді орынды санайды. Осы қойылған талап үдесінен шығысымен бұл мәселе хақында арнайы “Фылым һәм оқу-ағарту” (“Наука и просвещения”) журналына мақала беріледі. Қазақ әліпбій дәл қазіргі жағдайда орныққандығын және қазақ тілінің дыбыс жүйесіне аз ба әлде көп пе сайма-сай келетіндігін мойындаған абзal. Комиссияның пікірінше, мұнан былайғы кезеңде қазақ әліпбій жетілдіре түсудің шаралары төмендегідей болуға тиіс: 1) араб әріптерін әлі де жетілдіре түсу; 2) 3—4 түрлі

белгімен таңбаланатын араб әрпін алмастырып, бастапқы бір сыңарын ғана алу. Осы күні бұл үлгіні Қазанда дайындау үстінде. Бұл бастаманы біздің қолдағанымыз лазым. 1923 жыл, ақпанның 7-сі, (ӨР ОМА, 34-қор, 1-тізбе, 1188-іс, 24-бет). Халел Досмұхамедұлының әліпбиге қатысты өз көзқарасын ақыл таразысына салып, бүкпесіз әділ жайып салғандығы осыдан-ақ, көрінеді.

Халекең түзген латын қаріпті қазақ әліпбииңің басқа түрік халықтарының үлгіге алған нұсқасынан ерекшелігі күллі еуропа жазуларындағы дыбыстарды таңбалau тәжірибелерін басшылыққа алуы. Қазақ тіліндегі дыбыс жүйесіне тұра келетін 14 әріп таңбасын сол күйінде өзгертулей қабылдап, ана тілінің дыбыстарлу табиғатына сәйкес өңге әріп таңбаларын неміс, мадияр, француз, ағылшын, поляктардың үйлесетін белгілерінен зерделілікпен талғаптаңдап, елең-екшеп пішеді. Қазақ жазуындағы дәйекшени (z) европалықтардың апострофа (') белгісімен алмастырып ұсынады. Бұл жоба 1924 жылы қекек айының 17-і күні Ташкенттегі Шығыстану институтында маман ғалымдардың талқысына түсіп, мақұлданады. Ғалым дыбыстар үйлесуін сақтау, ана тілінің алтын діңгегі, айырықша қасиеті үндестік заңына бағындыру үшін Ахмет Байтұрсынұлы түзген араб әліпбииңің жүйесін бұзбай латынға шебер аударған. Егер дыбыстың әріппен бейнеленген түрпаты, яғни суреті сол дыбыстың мазмұнын аша алатын болса, ондай жағдайда әліпби жүйесі сетінемейді. Эрине әліпби жүйесін ұстап тұрган қагида дыбыс жүйесін әріппен таңбалауға тікелей байланысты. Ахмет Байтұрсынұлы түзген әліпби жүйесі Менделеевтің химиялық элементтер кестесі сияқты біртұтас тілдік заңдылыққа бағынған. Осы әліпбидің ғылыми нәрі мен әрін бір ыдыстан екіншісіне төкпей-шашпай, жұғын тамшысын қалдырмай, мән-маңызымен сарқып аударуда Халел Досмұхамедұлы ғаламат біліктілік танытты.

Мемлекеттік Ғылыми Кеңестің жанынан құрылған Қаріп түзу комиссиясының мүшесі ретінде де Халекең қыруар істің үйтқысы болды. Бұл жұмыс тобының хатшысы Фабдолла Алпарұлы һәм өзбек Білім Комиссиясының төрағасы Мешірік Юнісұлының жетекшілігімен 1923 жылы өткізген кезекті мәжілістерінің бірінде араб қаріпперін өнер құралдарына, әсіресе жазу машинкасына үйлестіруге орай бәйгеге түскен жобаларды саралап, тұтынып жүрген жазба нұсқасына лайық деп танылғанын таңдал алады. Дегенмен аталған жоба негізіне сүйеніп жасалған техника-

лық, құралдардың кемшіліктері тәжірибеде шым-шытырық, қындықтар туғызды. Халық Ағарту Комиссариатының алқасы осы олқылықтардан біржола құтылуды көздең желтоқсанның 20-ы күнгі бас қосуында қолға алған шараны аяғына дейін жеткізуді Мемлекеттік Фылыми Кенеске қайыра жүктейді. Дау-дамайлы пікір тартысының нәтижесінде Халекенің уәжді ұсынысына тоқтап, комиссия Ахмет Байтұрсынұлының дара пішінді қаріптің үзбе жобасына сәл-пәл өзгеріс енгізіп қабылдауды қуаттайды. Білікті ғалымның қисынды байламын Халық Ағарту Комиссариатының алқасы да құтап, өндіріске жібереді. Халел Досмұхамедұлының араб әліпбін шыр-пыр болып қорғауының сырьы, біріншіден, мың жылға жуық қордаланған рухани қазынаның сабактастығы үзіліп, қофамдық сананың тоқырау қаупінен сақтанса, екіншіден, экономикалық бос шығынның тигізетін жайсыздығы елге оңай соқпасын жақсы түсінді. Үшіншіден, өмірдің басқа буынында кенже қалғанмен жазу мәдениетіне келгенде қазақтың шашасына шаң жұқтырмас озықтығына талас жоқ, еді.

Халел Досмұхамедұлы — көп қырлы дарын иесі. Ол — дәрігер, саяси және мемлекет қайраткері, тарихшы, табиғат танушы, ұстаз, ғалым, әдебиетші, ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін жинап, насихаттаушы һәм шебер аудармашы да. Бір ғажабы, 30-жылдардың зұлматы түтел сыпрып әкеткен қазақ зиялышарының (Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Жұсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы, Құдайберген Жұбанұлы т. б.) бәрі шетінен талай ғылымның басын шалған әмбебап жандар екені мәлім. Мұның сырьы — уызынан ауызданған ұлттық, тәлім-тәрбиенің тамырынан ажырамаган дәстүрлі жалғастығында жатса керек. Маңдай алды осындаі азamatтардың қатарында „жеті жүрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл” деген аталы сөзді бойына сіңіріп өскен Халекенің көп тіл билетін — полиглот екенін айтпасқа болмайды. Оның бүл өнері — ана тілінің жекелеген мәселелеріне қағидалы пікірлер айтудына, өзге жүрттың озық үлгілерін терең менгерген білімпаздығы қазақ топырағында өте зәру оқулық, құралдар жазу ісінде зор көмегін тигізді.

Тіл білу — жарты байлық, егер Халекен орыс, неміс, латын, араб, парсы, туыстас түрік халықтарының тілдерінде емін-еркін сөйлеп, түсінісе алса, ол — әрине, кез келгеннің пешенесіне жазбаған бақыттылығы еді.

Халел Досмұхамедұлы — Ахмет Байтұрсынұлы негізін салған қазақ тіл білімі ғылымының мерейін көтерген айтулы өкілі. Фалымның „Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы” (Ташкент, 1924 жыл. 53 бет) деп аталатын еңбегі қазақ тіл білімі ғылымының тарихынан ерекше орын алады. Осы уақытқа дейін оқымыстылар назарынан тыс қалып келе жатқан бұл монографияда автор қазақ тілінің табиғатына сай, ерекше белгісі — үндестік заңын, басқа туысқан түрік тілдерімен салыстыра отырып зерттеген. Olsen жат сөздерді (кірме сөздерді, терминдерді) қолданғанда сингармонизм, яки дыбыс үндестігі заңымен өзгертіп тілімізге лайықтап алудың керектігін ескерtedі. Ал бұл заңдылықты сақтамаса тілдің табиғи құрылымы өзгеріп, осы айырықша қасиетінен айырылып қалатындығын түрік тілдерінің (Стамбул түріктері, қазан татарлары, өзбектер т. б.) мысалы арқылы дәлелдейді.

20-жылдардағы жазу, емле мәселелеріне қатысты айтыс, тартыстың қызыған шағында сарабдал лингвист Елдес Омарұлы Жұсіпбек Аймауытұлының өзге жүрттың ғалымдарының зерттеулеріне еліктеп қазақ тілінің жаратылыс ерекшелігіне деген қисынсыз пікір-пайымына келіспейтіндігін білдіріп былай дейді: „Менімше, қазақ тіліне келгенде, Ушакоп, Томсондардан Байтұрсынұлы Ахмет, Досмұхамедұлы Халелдердің беделі құдайдай, Халел „Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы” деген кітабында: „Он тоғызынышы ғасырдың екінші бөлімінде қазақ елі отырықшы бола бастады да, өзара араласуы кеміді. Көршілес отырған “әдебиеті” бар ногай-сарттардың тілі отырықшы елдің арасына жайыла бастады. Осы ағайындар арқылы бір қатар парсы, араб сөздері өзгермейінше тілімізге кіре бастады” деп, ногай, сарттар мектебінің жазуы қазақ тілін бұза бастағанын айтады. Халел оны Жұсіпбекшілеп айта салмай толық дәлелдермен ыспаттаған. Жұсіпбек қазақ тілін менсініп, қазақ тілін тексерген Ахмет пен Халелдің сөздерін оқыса: қазақ тілі „араб, парсы, татар, сарт миссионерлер әдебиетінің ықпалына жүріп, айдауына көнбеді” демес еді (“Еңбекші қазақ” газеті, 1924, № 213) деп Ахмет пен Халелдің ана тілі ғылымына қосқан субелі үлесін айрықша қастерлейді.

Жазу мәдениетінің сол жазуды тұтынушыларға ортақ, негізгі шартының бірі — белгілі емле заңдылығына бағынған қағидасының болуы тиіс. Бұл ретте Түркістан Республикасындағы аймақтық Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясы 1923 жылдың 23 наурызында № 71 қаулысымен

қазақ емлесінің жаңа ережелерін бекітіп, оның жазу тәжірибесінде басшылыққа алынуы міндеттеледі. Түркістан Республикасында шығатын мерзімді баспасөз беттерінде жариланған бұл ережені зерттеп, түзуге Халел Досмұхамедұлының жетекшілігімен Мағжан Жұмабайұлы, Әбубекір Диваев қатысты. Ана тілінде сауат ашу, білім алу, оқу-ағарту саласында аталған орфографиялық қағида айтарлықтай қызмет етті.

Халекең Ташкентте қырғыз тіл білімінің негізін салған Ишанғали Арабайұлы, отыз бес ұлт пен ұлыстың тілін меңгерсі, дүниежүзіне мәшһүр ғалым Евгений Дмитриевич Поливанов сыңды дарабоздармен қызметтес, пікірлес, шығармашылық өзара байланыста болды. Оның ұйымдастырымен құрылған Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының Жетісу бөлімшесі төрағалығына Ишанғали Арабайұлы ұсынуы да онымен жақын біліс болуының айғағы. Мемлекеттік Фылыми Кеңестің төрағасы Халел Досмұхамедұлына 1924 жылы ақпанның 4-і күні Ишанғали Арабайұлы қырғыз тіліндегі тұңғыш „Әліппе“ оқулығының қолжазбасын тапсырып, басылып шығуна көмектесуін өтінеді. Бұл кітап Халекеңнің қолдауымен көп ұзамай баспадан жарық көрді.

1924 жылы маусымның 12-і күні Орынбордағы Оқу қызметкерлері ұйымының мәдениет үйінде қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш құрылтайы өтті. Түркістан Автономиялы Республикасынан өкіл болып Халел Досмұхамедұлы мен Ишанғали Арабайұлы қатысты. Осы Кеңесте Халекең халық ауыз әдебиетін жинау және оны жарилау, емле, терминология мәселелері бойынша түйінді пікірлер айттып, бірнеше мәрте сөз сөйлейді.

Халел Досмұхамедұлы профессор Е. Д. Поливановпен бірге 1923 жылы орыс тілінде жариланған Әлихан Бекейхановтың „Сұлтан Кенесары Қасымұлының тарихына қосымша“ кітапшасына редактор болды. Бір қаладағы ғұмыр кешкен, білімге кенен қос ғұлама мәдениет пен ғылымға қатысты жиі-жиі сұхбат құрып, ой бөлісіп тұрды. Евгений Дмитриевичтің қаламынан туған „Грамматика казахского языка“, „Казах-найманский говор“, „Казахский язык среди языков мира“ атты зерттеулеріне Халекең сияқты халқымыздың білікті үлдарының игі әсері болғаны шүбесіз. Архив қорында Е. Д. Поливановтың Түркістандағы Мемлекеттік Фылыми Кеңестің төрағасына жазған хаты сақталған, ол алдағы өзінің ғылыми жоспарына материалдық жағынан септесуін өтінеді:

„Председателю ТГУСа тов. Досмухамедову

Закончив работы по составлению „Рус. букваря для шк. кор. населения” (Букварь сдан в ГИздат) и др. пособий для киргизск. и узб. школ по русскому языку (“Второй концентр грамматики” и др.), я принялся за составление алфавита и букваря для дунган. Но моя работа не будет иметь значения без встречи с дунганами на месте и обсуждения ими моего алфавита. Потому из самой суть дела вытекает необходимость моей командировки в Дунгановку (Александровку). Прошу командировать меня на 2 недели (сейчас же могу ехать) и выдать вперед жалование за январь с. г.

Професор Поливанов. 20.01.1924". (ӨР ОМА, № 1—34-қор, 1-тізбе, 2096-іс, 23-парап). Кейінірек осы жолса-пардың нәтижесінде профессор Поливанов екі кітаптан тұратын „Грамматика дунганского языка”, „Говор дунган Джетысуйского района” деген ғылыми еңбектерін жазды.

Мемлекеттік ғылыми Кеңестің қызметі Түркістан өлкесіне ғана емес, мұқым қазақ, даласына білім мен өнердің нұрлы сәулемен шашқан, рухани қасиетті ұға айналды. Ел-жүртты жаппай мәдениетке тартуудың ұтымды жолдарын ізденген іс басындағы төрағаның қазақ тіліндегі ғылыми-көшілік әдебиеттер мен көркем туындыларды на-сихаттауға дауысты зорайтқыш аспаптарды пайдалана отырып, ауыл-ауылда мәнерлеп оқып, қалың бүқара санасына сіңіруді көздеңген әрекеті де қызық-ақ. Сөз асылын айыра-тын, жады таза, құйма құлақ, халқының жан-жүйесін ағартушы-ұстаздың өте нәзік сезінгендігіне осы амал-айла-сының өзі толық айғақ. Бұл әдістің әліпті таяқ деп білмейтіндердің оқу-өнердің құдіретін жүргімен ұтып, білімге үмтүлұына заманында ықпалы құшті болды. Бір ғажабы осы жылдары Халел Досмұхамедұлы мемлекеттік ғылыми Кеңестің төрағасы, Мемлекеттік баспаның ғылыми-редакторлық бөлімін менгеруші, Денсаулық сақтау Халық Комиссариатының Емдеу-санитарлық бөлімінің менгерушісі әрі Алқа мүшесі, Оба дертіне қарсы күрес Орталық Комиссиясының төрағасы қызметтерін қатар атқарды. Ол қай қызметте де жарқырап көрініп, халқының рухани жаны мен тән саулығының шипагері бо-ла білді.

Фалымның қоғамдық, ғылыми-ағарту саласындағы атқарған қыруар жұмысы із-түzsіз кеткен жоқ. Ресей ғылым академиясы Мәскеу бөлімшесінің 1924 жылы 6 қарашада берілген № 867 куәлігінде былай делінген:

„Халел Досмұхамедұлына. Осы жылдың 15—18 қаңтары аралығында Петроградта өткен Ресей Фылым Академиясы Орталық Өлкетану Бюросының Президиумы сізді бірауыздан Ресей Фылым Академиясы Орталық Өлкетану Бюросының мүшесі-корреспонденттігіне сайлағанын хабарлайды.

Бюроның құрметті тәрағасы Павлов..

Табиғат-ана жомарт жаратқан Халел Досмұхамедұлының өзі тұған Тайсойған құмының қойны-қонышына тығылған түрлі-түсті шетсіз-шексіз қазба байлық, кені сықылды тұлабойындағы қадыр-қасиетінің бірегейі — әдебиеттанушылығы. Бұл оның адамтанушылығынан қогамтанушылығына дүниетанымы өсіп-жетілуіне арна болған еректігі. Профессор Халел Досмұхамедұлының әдебиеттану саласындағы ізденістерін үш түрлі бағытта жүргізгенін атап айтқан жөн. Ол, біріншіден, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинауға айырықша ықылас қойды; екіншіден, халық әдебиетін ғылыми саралау, оны зерттеудің теориялық-әдістемелік мәселелеріне зор көніл бөлді; үшіншіден, түрік тілді халықтарға ортақ, көне мұраларды әдеби һәм тілдік жағынан сабактастыра зерттеді.

Халекең Қазақстанның батыс өлкесінің, әсіресе Атырау, Маңғыстау, Орал аймағындағы халық ауыз әдебиетінің інжу-маржандарын теріп, жазып алушмен ертеден-ақ шұғылдана бастаған. Оның да өзіндік себебі жоқ емес. Даны халқымыз „Ұяда не көрсе, үшқанда соны ілесің“ дейді. Қашаннан ата дәстүрдің қаймағы бұзылмаған Ақ Жайық — шалқыған жырдың, төгілген күйдің, толқыған ойдың өлкесі. Құт дарыған осы топырақта дүниеге келген Халел ес білген балаң шағынан Махамбет, Мұрат сынды от ауызды, орақ тілді ақын-жыраулардың сөз кестесімен сусындал, Ығылмандай (Шөрекұлы) жүйріктің өзін көріп, өнеріне тәнті болды, сөз өнерінің киесі өзіне де жүқтеді. Осы орайда Халекеңнің қызы Қарашаш, Бимұхан Мәмбетжанұлы мен Жағыпар Мақашұлы ақсақалдардың айтқан мына бір әңгімесі еске түседі. Ташкент шаһарынан жазғы демалыста Халекең бала-шағасын ертіп жыл сайын тұған еліне келеді. Отарбамен Ақтөбе облысының Темір стансасына жеткен соң, ел жігіттері ат арбамен тосып алады. Халекеңнің сапарынан хабардар ағайын алдын ала сегіз қанат үй тігіп, тайлы-тұяғы қалмай түгел қарсы алады. Әңгіме айтылып, жыр тыңдалады. Ығылман сынды

ақындардың аузынан шыққан сөз сол қалпында қағазға түсіріледі.

Халел Досмұхамедұлы жинаған осы материалдар негізінде өзі алғы сөзі мен түсініктерін жазып, „Мұрат ақын сөздері“ (1924), „Исатай-Махамбет“ (1925) және „Аламан“ (1926) жинақтарын бастырып шығарды. Аталған үш кітап соңғы кездегі Махамбет, Мұрат, Қалнияз тағы басқа көптеген ақындар мұраларын қайта бастыруда бірден-бір сүйенетін сенімді нұсқа болатыны да сондықтан. Халық поэзиясының ақпа-төкпе өкілі Мұрат ақынның қазақтың мұңы мен зарын, Ноғайлы заманынан бері келе жатқан шежіре сырын жырлаған көркем туындыларының әдебиетіміз қорына қосылып, өзінің лайықты орнын алуда „Мұрат ақын“ атты беташар мақаласы мен ақынның ұзак толғауы „Уш қиянды“ өз тарапынан түсінік бере отырып бастырды.

Еділді тартып алғаны —
Етекке қолды салғаны,
Жайықты тартып алғаны —
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны —
Ойындағысы болғаны.
Маңғыстаудың үш тубек
Оны-дағы алғаны.
Үргеніш бенен Бұхарға
Арбасын сүйреп барғаны —
Қоныстың бар ма қалғаны? —

дейтін патша өкіметінің қазақты атақонысынан қуып, нұлы-сұлы жерлерін тартып алған отаршылық саясатын әшкерелейтін ақынның жыр жолдарын Халекең бала шағынан жаттап өсті, тұңғыш рет тасқа бастырып қалың елге таратудың еншісі де өзіне тиді.

Ташкент қаласында шығып тұрған мерзімді қазақ баспасөзі беттерінен ол жинаған халық әдебиетінің үлгілерін көптең ұшыратуға болады. Халел Досмұхамедұлы Халық, Ағарту Комиссариаты жаңындағы Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясын басқара жүріп, өзі шығарып тұрған „Сана“ журналының 1924 жылғы 2—3-сандарында „Аруақпен айттысу“ дейтін сирек мұраны жариялады және оған мынадай түсінік береді: „Қазақ жұрты өліктерін өте сыйлай-

ды. Там салу, ас беру, өліктің аруағына сыйыну секілді ырымдар қазақтың бұрынғы шамандығынан қалған. Моладағы кісіден жауап алады. Іштегі шерін шығарып, мауқын басады. Өлік зарлаушыға жауап береді. Мола басында айтыс болады. Аруақпен айтысу — жоқтаудың бір түрі. Фылым дамыған бүгінгі таңда ел ішінде әлі де болса жұқапасы қалған аруақпен айтысудың бұл — жоқтау түрі фольклорзерттеуці, әдебиеттанушы ғалымдарымыздың на зарынан тыс қалып келді.

Тіл мен әдебиет егіз үғым. Әдебиеттің әдебиет болуы тіліне байланысты. Ғалым өз еңбектерінде осы мәселеге арнайы көніл бөліп отыруды үмітпайды. Ол: „Әдебиет тілі дұрыстап түзелмесе, қара тілдің заңымен журмесе, әдебиет тілі көп бұқараға түсініксіз жат тіл болады, елге сіңбейді; соңдықтан жер жүзіндегі жүрттың көбі әдебиет тілін қара тілге жақын қылып елге түсінікті қылуға тырысады“ десе, енді бірде „Тіл жүрттың жаны... Өз тілін өзі білмеген ел — ел болмайды. Мәдениетке үмттылған жүрттың алдымен тілі өзгермекші, тілі бұзылмақшы. Тілінен айрылған жүрт — жойылған жүрт. Тілімізді бұзбай үстарту шарттарын қарастыру, жүрт әдебиетінен, көркем әдебиеттен үлгілер көрсетіп, өрнекті түрлерімен таныстыру“ керектігін ескерtedі. Бұл ретте ғалымның ғылым тілін жасауға қосқан азды-көпті үлесін айтпай кетуге болмайды. Бір ғана мысал, „аламан жыр“, „аламандық“ деген терминді ауыз әдебиетін жіктеп-саралған ғылыми әдебиеттерден бұрын-соңды біз кездестірген жоқпыз. Халекенің берген анықтамасына құлақ турелік: „Бұрынғы әдебиетпен танысқанда қазақтың бойына біткен мінездің бірнеше түрі орасан адырайып түр. Қазақ арасында болып өткен бірнеше әлеумет қимылдар да көрініп түр. Ел әдебиетімен танысқанда осындаиды бадырайып көрінгеннің бәрі — аламандық. Көптің пайдасын ойлай тұрса да, бүтін жүрттың қамын жей тұрса да, өзінің менмендігін, көп күшін құрбан қыла алмайтын, өз дегенін күшпен орындаітын; өз басын артыққа санап, сөзін сейлеп, соңына ермегендерді, қарсы тұрғандарды түсінбегендігінен, ақылсыздығынан қылды деп билетін, көніліне жақпаса өзі қойған бастығының бүйірігіна, өзі қалаған тәртіптің жолына бас үрмайтын; Отан сезімі, мемлекет сезімі кем, менмендік сезімі өте күшті құлықты — аламандық дейміз“ дейді. Қазақ ауыз әдебиетінде мұндай мыңмен жалғыз алысқан, көсіз батырлықты дәріптеген қаһармандарға мысалдар көп. Олай болса, халық аузында бұрыннан үғымы бар сөзді ғалым

ғылыми терминдік сипат дарытып, тәжірибеде қалыптастырса, оған бүтінгі күні де жатырқамай, батыл түрде кәдеге жарату лазым. Өшкен сөзді тірілтіп, алтынмен пара-пар мұрағат ретінде қабылдайтын кез жетті.

Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайды тұңғыш рет дүниеге танытып, шығармаларын 1909 жылы алғаш кітап етіп бастыруға мұрындық болған Элихан Бекейханов болса, Махамбеттің атойлаған жауынгерлік жырларының хатқа түсіріліп, қалың елге таралуы — Халел Досмұхамедұлының еңбегі. Оның құрастыруымен 1925 жылы Ташкент қаласынан „Исатай-Махамбет“ кітабы жарық көрді. Жинақтың алғы сөзі орнына Халекең көлемді мақала жариялады, онда Исатай, Махамбет бастаған ұлт-азаттық, қозғалысқа кеңірек тоқталды. Фалымның осы зерттеуінде берген бағасы мен ой-байламдары, пікір-тұжырымдары мен деректік мол маглұматтары ғылыми құпидылығын қазірде де жойған жоқ. Автор Қазақстанның батыс бөлігіндегі Кіші жүз қазақтарының XVIII—XIX ғасырлар аралығында Ресей патшалығының бодандығына қарсы тәуелсіздік пен бостандық жолындағы жан қиярлық ерлік күрестерінің басты-бастыларына шолу жасай келіп, Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық, көтерілістің шығуы һәм жеңіліске ұшырауының тарихи себеп-салдарына терең талдау жасайды. Мақалада сонымен бірге қос арысты жарық дүниеге әкелген туған-өскен ортасы, тұқым-зәузаты, елдің саяси-әлеуметтік тыныс-тіршілігі жан-жақты баяндалған.

Ел басына түскен сын сағатта халқының рухын асқақтата көтеріп, қол бастаған Исатай мен Махамбет сыңды хас батырлардың есімдерін ең алғаш рет ардақ тұтып, сөзден ескерткіш орнату, сол арқылы құллі қазақ оқырмандарына таныстыру міндетінің абыройы Халел Досмұхамедұлының мәндайына жазылды. Оның 1924 жылы „Сәуле“ журналының („Қазақ әдебиет-білім құрасымы, № 3, „Ақ жол“ газетінің 416-санына қосымша) бетінде „Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет“ деген шағын мақала мен Махамбет ақынның топтама жырларын жариялауы осының айғары. Рас, 1910 жылы Орынборда Ғұмар Қараашаұлы құрастырған „Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырларынан“ атты жинаққа Махамбеттің бір-екі әйгілі өлеңі енген-ді. Біз Кеңес өкіметі тұсында талай мәрте баспа жүзін көрген осы әдеби мұраларымызды Халел Досмұхамедұлы жариялаган нұсқасымен лингвотекстологиялық жағынан салы-

стырғанымызда кейінгі басылымдарда көптеген өзгешеліктер мен бүрмалаушылықтарға жол берілгенін аңғардық. Мәтіндегі (текстегі) жекелеген сөздер мен сөз тіркестері өзгертиліп, тіпті кейде шумақ-шумақ өлең жолдары мұлдем алынып тасталып отырған. Махамбеттің әйгілі:

„Еділді көріп еңсеген,
Жайықты көріп жемсеген
Таудағы тарлан шұбар біз едік”—

деп басталатын өлеңінің:

„Шабыттымыз келгенде,
Аузызы түкті кәүірдің
Шетінен сүйреп жеп едік”—

деген шумағындағы екінші жолы кейінгі басылымдарының бәрінде „Ерегескен дұшпанды” болып әдейі өзгертилген. Сол сияқты ақынның;

„Әрайна, билер, Әрайна,
Арғымағым жарай ма?
Астыма мінген арғымақ,
Күшіген жұнді шал жебе,
Кәүірге қардай борай ма!”—

деген жыр шумағының соңғы жолындағы „кәүірге” сөзі „жауына” болып басылып келді. Осы орайда Махамбет өлеңдерінің текстологиясы төңірегінде баспасөз бетіндегі пікірталасқа салиқалы төрелік айтқан академик Зейнолла Қабдолотовтың мына жауабы еріксіз еске түседі: „Махамбеттің әр сөзі — құйылған құрыш, қорытылған қорғасын. Оны өндеп-жөндеймін деп жасытпау керек. Махамбет пен Абайға редакция жүрмейді” дейді ол. Иә, бұл салада да ақынның болашақ канондық мәтінін жасауға тірек етер ең сенімді нұсқа Халел Досмұхамедұлы баstryған 1925 жылғы жинақ ауызға оралары сөзсіз. Махамбеттану гылымына қосылған аса бағалы осы кітапта Халекең Ұғылманың „Исатай — Махамбет” дастаны мен жекелеген өлеңдеріне де орын берді. Ол шығармалар да кейінгі басылымдарында жоғарыдағы Махамбет өлеңдерінің кебін киіп келді. Бірер мысалға жүгінелік:

„Қатарда жұртты қарасаң
Күншығыс, Қытай, Арқа, орыс,
Түстігінде қызылбас
Ұлт үшін жүрген намысқа.

Қарауын шеттөн молайтып,
Патшалығын зорайтып
Кеткен жоқ па алысқа?!

Ел үшін туған ер болсаң
Мәдениет қолданып,
Сендер де сонан ұлғі алып,
Алаштың басын бір қосып,
Қатарыңдан қалыспа!!!"—

деген өлең шумақтары немесе

„Шегі бір қытай гірендес
Талқанда қара құрымнан.
Сол талқаннан шәр салып,
Шыңғыстың тағы құрылған.
Түркістаннан қор төгіп,
Атаң бір қазақ мекендей,
Хандары сонда тұрылған"—

деп басталатын 37 жол кейінгі басылымдарда түсіп қалған. „Исатай — Махамбет“ дастанының өзекті идеялық нысанасы да осы өлең жолдарының астарын түсінген оқушыға ап-айқын ашылары хак. „тәржіме қалін ерлердің“ дегендегі „тәржіме қаді“ сөз тіркесі көне нұқсаларда қазіргі „өмірбаян“, „ғұмырнама“ ұғымдарын білдіреді. Ығылман Шөрекұлының 100 жылдық мерейтойына арналып шығарылған „Исатай — Махамбет“ кітабында (Алматы, 1976) „тәржіме қалпын“ деп қате басылған. Ал бұлай бүрмалау, түпнұсқадағы еммелік ерекшеліктерді сақтамау мұраның құнын түсіреді, тарихи құжаттық сипатынан айырады. „Қырағы қөздер“ әсіресе „орыс“ атаулы сөздердің бәрін „патшага“ өзгертіп, түпнұсқаның идеялық-көркемдік ерекшелігіне, өлең құрылышы мен үйқасына көп нұқсан келтірген. Осы тұрғыдан келгенде, профессор Халел Досмұхамедұлы жинап, алғы сөз, түсініктерімен жариялаган бұл еңбектердің ғылыми мән-маңызы өте зор.

Жидашы-ғалым жоғарыда әңгіме болған „Аламан“ (1926) жинағында ел арасынан жазып алынған „Қармыс батыр“, „Байбоз — Жанбоз“, „Балуанияз“, „Даусым саған не болды?“, „Жиембет батырдың ашуы“, „Қалмақтың қарғысы“, „Адай Абыл ақынның сөздерінен қалған бір жүрнақ“ өлең-жырларын топтастырып, тұңғыш рет кітапқа енгізген-ді. Осы жырлардың мысалында автор ілгергі дәуірдегі халқымыздың салтына орай санасының, тұрмысына қарай құлқының тузызған мінезі — аламаңдығын дәлелдейді. Бәлкім, бағзыдан жеткен „берсе қолынан, бер-

месе жолынан" деген қазақтың мақалы, сол замандағы аламандық қасиетінің күесі де болар?

Фалымның фольклор тану саласындағы еңбектерінің арасында оқшау тұратыны — "Қазақ халық әдебиеті" ("Казахская народная литература") атты очеркі. Зерттеушінің Қазақ жоғары педагогика институтының қазақ тілі кабинетінде оқыған баяндамасы 1928 жылы Ташкентте орыс тілінде шыққан „Год работы Казахского высшего педагогического института“ жинағында жарияланды. Халел Досмұхамедұлы Петербургте өткізген студенттік жылдағында атақты физиолог, Нобель сыйлығының лауреаты, академик Иван Петрович Павлов, әйгілі шығыстанушы, академик Василий Васильевич Радлов, Қазақ лингвистика мектебінің негізін салушы, ресей Фылым Академисының мүше-корреспонденті, профессор Бодуэн де Куртенэ сынды марқасқа ғұламалардан алған ғылымның жан-жақты сала-саласынан терең білімін өзінің төлтума еңбектерінде шығармашылықпен дамытты. Ол халық аузындағы аса құнды мәдени мұраларды жинап қана қойған жок, бастыру, жарилау, ғылыми тұрғыдан зерттеу, талдау мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Халел Досмұхамедұлының есімін атауға тыйым салынған заманың өзінде, оның еңбектеріне кейінгі зерттеушілер сүйеніп, үлгіге алып отырды. Мұның өзі ғалымның ой-тұжырымдарының өміршебендігінің айғағы. Салыстырып айтар болсақ, қазақ тіл білімі ғылымы тарихында Ахмет байтұрсынұлының үш кітаптан тұратын „Тіл — құралының“ алатын орны қандай болса, әдебиеттану тарихында Халекенің „Қазақ халық әдебиеті“ еңбегінің де орны дәл сондай екені шұбә келтірмейді. Фалым фольклорды тек жалаң сөз өнері деп танып қоймаған, оның әдет-ғұрып, салт-сана, наным-сеніммен байлағысты, этнографиялық мәліметтерден бөле-жармай қарау керектігін жақсы сезінген. Мұндай таным белгілерін жоғарыда көрсетілген халық ауыз әдебиетінің түрлерін жіктеген зерттеуінен айқын көреміз. Халекен кезінде түстеп, саралаған „ырым“, „дем салу“, „қағу“, „үшкіру“, „бал ашу“, „байтұмар“, „тұс жору“, „құмалақ ашу“, тағы басқа жөн-жосықтардың ұзақ уақыт бойы фольклоршылардың, жидашы-ғалымдардың назарынан тыс қалып келгені белгілі. Бұған 30-жылдардан бастап қоғамдық ғылымдарды жайлайған тұрпайы әлеуметтік танымның, ескілік атаулыға майдан ашқан идеологиялық шабуылдардың ықпалы тиіді. Көне мұрага жаңаша, жанашыр көзбен қарай бастаған қазіргі жағдайда бір кезде саясат-

тың пәрменімен сыртқа тебілген төл жәдігерлерімізді ала-
ламай, тұстастай жинастыру қажеттілігі күн тәртібіне қайта
қойылып отыр. Жетпіс жылға жуық, ғылыми айналымнан
шеттетілген аталмыш іргелі еңбектің әлі де фольклористер
үшін басшылық, қа алатын тұстары баршылық.

Әмбебап ғалымның „Шернияз шешен“ (1925), „Бұхара-
дағы Көгілташ медресесін салу туралы әпсана“ (1927),
„Самарқан қаласындағы Тіллә-Қары мен Ширдор медресе-
лерін салғызған Жалаңтес батыр шежіресі“ (1928) сияқты
зерттеулерінде тарихи аңыздар мен этнографиялық дерек-
тер шендестьре қаралып, халқымыздың көне тарихына
қатысты ізденістерінде өзінше тың жол, соны сүрлеу са-
лынды. Соңғы ғылыми мақаласында ол Самарқанды билеп
тұрган кезінде сәулет өнерінің жаунары Тіллә-Қары мен
Ширдор медреселерін салдырган, Кіші жүздегі әлім-
тәртқара руынан шыққан тарихи тұлға — әмір Жалаңтес
батырдың (Ялантуш-Бахадұр) ерлік істері мен тұқым-зауза-
тынан мол мағлұмат береді. „Диуани лұғат ат-түрк“ атты
мақаласында Халел Досмұхамедұлы түрік халықтарына ор-
тақ, көне ескерткіш, рухани мұраны тұған халқына алғаш
тәнистырумен қатар, ондағы әдеби, тілдік һәм тарихи де-
ректерге назар аударды. Алтынның сыйнығындағы осы
еңбегінде Халекенің шығыс тілдері мен әдебиетін,
мәдениетін терең меңгерген білімпаздығы жедей есіліп
һәм көне жәдігерлерден хабары молдыры кемеріне толған
көл сүйндай шарасынан төгіліп, лықылдан тұратыны өз-
өзінен аңғарылады. Оның „Құтадғу білік“, „Жамиғ ат-тауа-
рих“, „Кодекс Куманикус“, „Китаб ал-инсаб“,
„Саясатнаме“, „Китаб ал-идракы“, „Гүлстан“, тағысын тағы
ескерткіштер туралы сөз етуі осының айғары. Халел
Досмұхамедұлы аталған рухани қазынаның түрік халықтарын
былай қойғанда, күллі шығыс мәдениетіндегі
алатын тарихи орнын, оның ғылыми айналымға түсүі мен
бақ-талайының шынтуайтқа келгенде жанған мерзімін,
баға жетпес құнын тап басып, безбендей білуі һәм зертте-
ушілердің көңіл көзімен зерделеуіне бағдар беруінің өзі —
білікті ғұламаның ой-өріс қарымын, көрегендік шалымын
дәлелдейді. Оқымыстының пайымдауынша: „Бұл уақыға
иағни Махмұд Қашғаридің өзі шахси ислам һәм түрк тарихында
ұлken бір уақыға болуында кәдік жоқ. Махмұд Қашғаридың кітабына келгенде, бұл — кітап туралы әзірге
біз Еуропаның түрк тілі мамандарының пікірін естігендіміз
жоқ. Бір нұсқасы академик Бартольдқа берілген екен,
бірақ Бартольдтың бұл кітап туралы бір нәрсе жазып-жаз-

бағанын білмедік. Қалай болса да біздің мынаны айтуға шамамыз келеді: Түрк қауымының тілі, әдебиет һәм мәдениет тарихы үшін 1889-ыншы жыл Орхон жағаларында Ядринцев тапқан, Томсон, Радлов һәм басқа ғалымдар тарағынан үйреніліп, нәшр етілген, бірақ мәдениет, хан дүниесінің на-зарын өзіне қаратқан, хан ерлерінің пікірін алыстырган (өзгерткен) ескі түрк, Орхон “бітіктастары” қандай аһамиаты болса, Махмұд Қашғари кітабының да аһамиаты сондай. Махмұд Қашғаридың түрк қауымына, өз үлтynына мунасабаты Құлтегін, Білге хандардың мунасабатында һәм түрк руладын, түрк тілін білуі, әсіресе, білімі олардан артық”. Зейіндегі білсек, зерек жанның тесе тексеріп, нық, сеніммен есіле жөнелген кесімді тұжырымы дүние дәңгелегі арада талай мәрте дәңгелеп, санамыз ғарышқа, ойымыз көз ілеспес алысқа самғаса да Халел Досмұха-медұлының байыптау байламынан ғылыми асып түсер қисын көрінбейді. Қайта сергек ғалымның халқына сінірген өлшеусіз еңбегін мансұқ, етіп, атын атаудан безінтек кезеңде, оның рухани мұрасынан амалсыз аттап өтудің ғылымның дамуына қаншалықты зияны тигенін енді сезінсек керек. Оқымыстының сөз ләміне қарағанда, түрік тану ғылымында зерттеушілердің қолынан түспей келе жатқан лұғаттың мән-маңызын, сыр-сипатын жан-жақты талдап жазып шығу жоспары тәмәмдалмай қалғанға үқсайды. Әйтсе-дағы пікірін нақпа-нақ, қысқа да нұсқа таратып айтуға дағыланған ғалымның сөз іні, дәйек қисыны тың ойларға жетелейді. Ол түрік тілінің шығу тегі, түп төркіні һәм көрші елдермен бағзы аралас-құраластығын анықтауға көне мұраның бұлтартпас деректілігі мен құндылығын ашып жазады. „Түріктің өз арасынан шыққан бұл ғалымның мәдени, ижтимаи-тарихи, ихтисадий мағлұматтары истах (термин) дері арасында күнбатыс Ту-киу-түрк хұқіметі бұзылғаннан татарлар дәүіріне дейін тұрған бұл қүнгеше факат ибн Хордадбех, Кудама, Гардизи, Ауфи уа ғайри сияқты араб, парсы жағрафия ғалымдарының ұзын құлақ хабарынша, жазған жарқым жүртү шатақ жазуларына һәм Қытай мағлұматына қарап үйренілген түрктердің ішкі тіршіліктері анық мәлім болды. Түрк ру һәм қабилелерінің түзілісінде түрк тілдерінде та-гарлар дәүірінде һәм онан соң хасыл болған төңкерістер, лұғат һәм ләһіже мына себептер группаларға бөліну туралы бұл қүнге дейін фрадис (гипотеза) болып қана жүрген һәм гүрлі ғалымдар (мәселен, Радлов, Бартольд, Аристов, Корш һәм басқалар) арасында таласты болып жүрген түйіндер


шешілді. Фи ал-жумле (вообще) қазақ-қырғыз, сарт (шагатай), өзбек, түркмен тілдерінің асылдары (нұры) мәлім болды" деуінің астарын қаузап, сабактай түссе талай сырдың қоздарына, жамиғатқа жұмбақ, боп келген саудардаға сындарлы сипат дарытарына күмән жоқ.

Ғалымның қаламынан тұған, бірақ кезінде басылып үлгірмеген „Түрік халықтарындағы және қазақтардағы атау есімдердің шығуы”, „Қазақ оқушысының дене тәрбиесі” һәм „Қазақ ғашықтық өлеңдері” сияқты зерттеулері табыла қалса, ғылыми ортаның ықыласын аударар жаңалық болары сөзсіз.

Халел Досмұхамедұлының шығармашылық қызметінің енді бір легі — редакторлығы мен сын-пікірлері. Ол Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының, Ғылыми Кеңестің төрағасы болған, Мемлекеттік баспаның ғылыми-редакторлық бөлімін басқарған жылдары ана тілінде шығып тұрған барша ғылыми-педагогикалық басылымдарды сарапал, сын-ескертпелерін жазып отырды. Оның „Қызы Жібек” (1923), „Кенесары — Наурызбай” (1923) жыр кітаптарына, сонымен бірге Абайдың „Тандамалы өлеңдерінің” Ташкентте басылған нұсқасына редакторлық етіп, алғы сөздерін жазуы Халекенің білгір әдебиетші екендігін танытады. Ол әсіресе ғылыми сынға ерекше мән берді. Ана тіліндегі „Арифметика”, „Жағырапия”, „Әліппе”, „Оқу бағдарламаларына”, тағы басқа төлтума кітаптарға жазған сын-пікірлері осының күесі. Нәзір Төреқұлұлының „Жат сөздер” атты кітабына жазған пікірінен ғалымның ғылыми негізге сүйеніп, кірме сөздің құлағына қалай ен салудың шарттарын дәлелді түсіндіруі бүтінгі күні де өз мәнін жойған жоқ. Тіл тазалығына ғылыми талғампаздықпен қараған Халекен тілдің табиғи құрылышына, даму жүйесіне өте-мөте көңіл бөліп: „Жат сөздерді өзгертуейінше жүргіземіз деп қазақтың тілін бұзатындар да, “мәдениетке үйретеміз, өнер шашамыз” деп арақ, пен шылым, жүқпалы ауру таратқандар да бір есеп. Арақ, шылым, аурулар адамның денесін бұзса, зорлықпен кіргізілген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады” деп пайымдайды. Және ана тілінде өнер-ғылым шашатын білімпаздарға осы төңіректе көбірек ойлануға кеңес береді. Ол бұл тұрғыда Нәзір Төреқұлұлының: „Басқаның сөзін бұзбай айтам деп тілінді бұрып жүргенде өз тілінен айырылып қаларсың”, — деген ескертпесін шын пейілмен қолдайды. Оның: „Бұл кітап әрбір жазушының, тіл тексерушінің, га-

зет-жорнал шығаруышының, оқытушының қолында болуы керек", — деуінің себебі де соңдықтан.

Қысқасы, халқының тәуелсіздігі мен азаттығы жолында саяси күресте шындалған бірегей тұлғаның қоғам өміріндегі, мәдениет майданындағы қызметтері мен ғылыми-шығармашылық еңбектері өлшеусіз, оның қырысын зерттей тұсу алдағы уақыттың еншісі. Әрине, заман аяғына тұсау салмағанда, әмбебап ғалым, ерекше дарын иесі — профессор Халел Досмұхамедұлының қаламынан әлі талай тамсандырар зерттеулер туар еді.



БАСЫНДАРЫ

6-тaraу

САЯСИ ҚҰҒЫН-СУРГІН: ТАШКЕНТ, ВОРОНЕЖ, АЛМАТЫ — МҚҚ (КГБ) ТУРМЕСІНДЕГІ АЗАПТЫ КҮНДЕР

Жиырмасының жылдардың аяқ шенінде қазақ халқының өмірінде күрт өзгерістер болды. Қазақстандағы бар билікті өз қолына алған Ф. И. Голощекин „Кіші Қазан“ саясатын жүргізіп, ел-жүртты тоз-тоз етіп, зиялышарын құғын-сүргінге ұшыратқан зобалаң басталды. От басының уайымын қойып, ұлтының қасірет-қайғысын ойлаған бірегей азаматтар абақтыға қамалып, ал біреудің үстінен шағым айтқан жылпос арызқойлар мен „жоғарының“ әмірін басын шұлғып, екі етпейтін белсенділердің тасы өрге домалады. Төрт тулік малға толған сахараның бағы тайып, аш-жалаңаш мұңды ғаріппердің көз жасын көл қылған зарлы заман туды. Баспасөз беттерінде күн құрғатпай көңілге салқын, көзге жат: „әшкереленген неміс-жапон жансыздары“, „бет-пердесі ашылған үстем таптың өкілдері“, „қазақтың ата жауы — ұлттың, алашордашылар“... „қателерін мойындал, тиісті жазаларын алды“ деген оғаш хабарлар беріліп жатты. Эрине, алдыңғы лекте халқының ақылман ұлдары нақақ, жалаға ілікті. Солардың арасында мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ғалым Халел Досмұхамедұлы да тұтқынға алынып, қараңғы үйге жабылды. Алматы абақтысында екі жылға жуық созылған, сартап болып, сарыла күткен, дос түгіл дүшпаныңа тілемейтін азапты тергеудің соны Халел Досмұхамедұлы, Жаһаншаш Досмұхамедұлы мен Мұхамеджан Тынышбайұлына Кеңестер Одағының Қылмыстық кодексінің 58/7, 58/10, 58/11 нәм 59-бабының 3-ші тармағына сәйкес іс қозғалды. Сот үкімі Халел Досмұхамедұлын, Жаһаншаш Досмұхамедұлын, Мұхамеджан Тынышбайұлын, Мұхтар Мурзин, Эбдіхамит Ақбайұлын, Сейідәзім Қадыrbайұлын, Жақып Ақбайұлын, Эшім Омарұлын, А. Үмбетбайұлын, А. Мұңайтпасұлын, Қ. Кеменгерұлын, М. Бұралқыұлын, Ж. Құдерұлын, Н. Хожамқұлұлын, Ж. Тілеулинді „жазасын“ бес жыл мерзімге концлагерде өтеуге кесіп, ізінше ол шешім бұзылып, Ре-

сейдің қаратопырақты облыстарына жер аударумен ауыстырылды. Біріккен саяси Бас басқарманың (ОГПУ) қаулысы бойынша үш жылға бас бостандығынан айрылып, „айыбын“ концлагерде өтеуге үкім шығарылған Элімхан Ермекұлы мен Мұхтар Әуезовке де „жеңілдік жасалып“, олардың тұтқында болу мерзімін тергеу камера-сында отырған үақытынан, яғни 1930 жыл қазан айының 8-і күнінен бастап есепке алынуын үйірады. Бұлармен бірге Үәлихан Омарұлы, Біләл Сүлейұлы, Даниял Ыскәқұлы айыптау қорытындысында алдын ала қамалған мерзімі есепке саналяп, темір тордан босатылады. Сөйтіп, қазақтың біртуар перзенттерімен Воронежге жер аударылған Халел Досмұхамедұлы тағдырдың жазғанына амалсыз көнеді. Оның соңынан іле-шала бала-шағасы да келіп жетеді. Қайтадан тұтін түтетіп, бейтаныс қала тірлігіне үйренісуге оларды жағдайдың өзі мойынсұндырады. Әділхан осы қаладағы дәрігерлік институтқа емтихан тапсырып, студент қатарына қабылданады. Ал онан кейінгі Сәуле, Қараашаш, Төле А. С. Пушкин атындағы № 1 орыс мектебіне оқуға орналасады. Тұрмыс құрып Алматыда қалған Рабиғадан өзге отбасы мүшелері бір шаңырақ астында бастарына төнген зауалдан есендіреген естерін жия бастайды.

Халекең өзінің мамандығы бойынша Воронеждегі Дәрігерлер білімін жетілдіру институтында Элеуметтік гигиена және денсаулық сақтаудың үйымдастыру кафедрасының менгерушісі болып қызмет етеді әрі ақ, халатты абзал жандарға шипагерліктің қыр-сырынан дәріс береді. Эйтсе де оның ештеңеге зауқы соқпай, бойын зіл батпан басып, жабысқан кесел әбден мендетеді. Науқастың та-мырын үстап дертін тап басып айыратын білікті емшінің абақтының сыз еденінен етінен өтіп, сүйегіне жеткен, сұық, шалған күндері мен түндері, әпербақан тергеушілерден шеккен аяусыз азабы мен жан шошырлық, тепкісі із-түzsіз кетпеді. Оның үстіне ит қорлықты басынан кешірген ардақты азаматтың бірден тынымсыз жұмысқа араласуы мен тұрмыс деңгейінің тым төмендігі, тосын ауа райының денсаулығына жақпауы өкпе сырқатына шалдығуына, жүйкесін қоздырып, тұла бойы дамыл таппай қышыма ауруына душар етті. Кеңестер Одағының Біріккен саяси бас басқармасының алқасына жолдаған арызында ол өзінің денсаулығына орай ерекше күтімнің керектігін, жыл сайын Қырымға, Кавказға немесе қымызбен емдейтін санаторийлерге бірнеше ай бойы жатып ем қабылдағанда

ғана дөртіне дауа боларын, ал дәл қазір саяси сенімсіз ретінде мұндаи мүмкіндікті пайдаланудан еріксіз айырылып отырганын қынжыла баяндайды. Осындағы төтенше жағдайға байланысты қалған кесімді жаза мерзімінен босатуды не болмаса уақыт межесін қысқартуды өтінеді. Халел Досмұхамедұлы 28 наурыз 1934 жылы жазған осы арызының аяғында тұрақты мекен жайын „Воронеж қаласы, Ветеринарный көшесі, 13-үй“ деп көрсетеді. Арызға қосымша: қалалық тубдиспансер анықтамасы; Воронеж медицина институтының Жүйке ауруы емханасының берген анықтамасы; Воронеж қалалық тубдиспансердің бактериологиялық қорытындысы, қақырық пен қанын тексерген анықтамасы тіркелген (ҚР ҮҚҚ архиві, 06610-іс, 3-том, 200, 210-параптар). Халел Досмұхамедұлының күткен тілегі орындалып, кезекті еңбек демалысы кезінде қалаған санаторийіне барып емделуіне Біріккен саяси Бас басқарманың арнайы рұқсаты беріледі, мұнан соң жыл сайын бала-шагасымен Қырымға барып демалып, денсаулығын күтуіне мүмкіндік туады.

Тұған жерден жырақ, Воронежде өткізген жылдары мейрам күндерін сылтау ғып саналы ғұмырында ажырап көрмеген, тағдырлас Халел, Жаһаншаш, Мұхамеджан дастарқан басында қауышып, өткен-кеткенді еске алып, елжүртқа деген сағыныш сезімдерін бөлісіп, іштегі шемен бол қатқан шерлерін тарқатуды әдеттеріне айналдырады. Осындағы бас қосудың сәті түскенде Жаһаншаш егіздің сынарындағы болған Халелге достықтың белгісіндей күміс саптыаяқ сыйға тартады. Фылымның қай саласынан да терең хабардар дархан жүрек күміс ыдыстың адам денсаулығына тигізер пайдасын, сірә, нәзік үққандықтан әдейі ұсынған болар? Осы ретте халқы қастерлеген Жол қатынасы инженері, білімпаз тарихшы Мұхамеджан Тынышбайұлының қаһары бет қаратпайтын біріккен саяси Бас басқарманың 5-і күні „Екі Дос“ атанған қос Досмұхамедұлы хақында шындықты бұқпантайламай айтқан жауабы еске түседі. Онда ол тайсалмай былай дейді: „В организации особенно выдвигались оба Досмұхамедовых, причем Халел большой теоретик, кабинетный работник, организатор, организаторские способности лучше, чем практические“. Бухарин И. Сталин жөнінде: „Марксті оқып алған Шыңғысхан“ деген екен. Эрине, бұл салыстыруларды сәтті тұған деуге болмас. Дегенмен Сталиннің репрессия машинасының көмейінде жұтылып кеткен бейкүнә зиялдыры-

мызды қазақтан өзге жоқтаушысының да болмағаны ақиқат. Өзі де көп үзамай сол зұлматтың құрбанына айналған Мағжан Жұмабайұлының ауызша жеткен бәдиға эпиграммаларындағы:

Қайда екі дос?
Орал боп-бос...
Қайда олар?
„Алла, хақ“,— деп
„Біз нахақ“,— деп
Жүр бұлар,—

деген жолдары осы кезеңде туған. Элихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сыңды алаштың көсемдері бірі — Мәскеуде, екіншісі — Архангельскіде, үшіншісі — Соловкийде жер аударылып жүріп бір-біріне жазған хаттарында „Екі Достың“ кейінгі тағдырталайынан білетіндерін сұрасады. Ұлы тұлғалардың санаулығана сөз жазуына хақысы бар бір жапырақ қағазда жұмбақтап айтқан тұспалынан сағынышқа толы сыры аңғарылары хақ.

Ұлтының болашақ мұддесі үшін қанын да, жанын да аямаған кәнігі құрескерлердің өмір жолы жас өскін үрпаққа өнеге-ғибрат. Халел Досмұхамедұлы „Қазақ“ газетінің дүниеге келуі, оны үйымдастырыған қайраткерлер һәм олардың ұлтының саяси-қоғамдық ойын қалыптастырудары қызметі туралы өз пікірін қылышынан қан тамған біріккен саяси бас басқарманың жан алғыштары алдында 1931 жылы былай білдіреді: „1913 жылы Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы ұлтық-демократиялық бағытты үағыздайтын „Қазақ“ газетін шығара бастады. Газет өзінің төңірегіне мұғалімдердің айтарлықтай бөлігін, Орынбор мен Уфа қалаларындағы „Хұсания“ мен „Фалия“ медреселерінде оқитын шәкірттерді топтастыра білді... Орта және жоғары білімді қазақ зиялышарының басым көпшілігі „Қазаққа“ ерді. Элихан Бекейханов „Қазақтың“ басты жетекшісі болды, оның бағыт-бағдарын анықтауға ат салысты, бірақ газеттің күнделікті жұмысына араласып тұруына мүмкіндігі болмады. „Қазақ“ газеті бірінші орыс төңкөрісі оятқан қазақ халқының белгілі қауымын үйымдастыратын және оған басшылық жасайтын орталыққа айналды. Газет қазақтың саяси өмірі жөнінен маңызды мақалалар беріп тұрды, көптеген көкейкесті мәселелер бойынша пікірталастар үйымдастырыды және сол кезеңдегі қоғамдық

саяси ойды бір арнаға бағыттаушы болды" (КР ҰҚҚ архиві, 06610-іс, 3-том, 52-парап).

Бұкпесіз ашық, мінезді Қараашап Халелқызы өткен балалық шағын, аяулы әкесін есіне алды:

— Экеммен Воронежде Жаһаншаң Досмұхамедұлы, Әбдіхамит және Жақып Ақбайұлдары, Әшім Омарұлы, Сейідәзім Қадыrbайұлы, Кәрім Тоқтабайұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Жұмақан Құдерұлы, Мұхтар Мурзиндер бірге болды,— деп жағастырады жадында қалған абзал азамат өмірінің соңғы кезеңін жаңғыртып.— Осы қалада оқыған болашақ тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмаханов пен кейін партия қайраткеріне дейін өскен Жақыпбек Жанғозиндер де біздің үйімізге жи келіп тұратын. Әлі күнге шейін көз алдымда: жаз шыға күзге дейін әкем қала сыртынан бауымен үй жалдап алатын. Олардың Дубовка, Сосновка, Сомово деген аттары да санамда қалыпты. Қаладағы қызметіне поезбен қатынайтын ол, кешкі астан соң мені, Сәуле, Төле үшеумізді серуенге орманға алды шығып, ағаштар мен шөптердің түрлерін, құстардың сайраған үндерін тыңдал, аттарын ажыратуды үйрететін. Біз үшеумізді үйге мұғалім жалдап пианино үйреттіретін. Өзі қолы босаса ағам Әділханмен шахмат ойнағанды үннататын. Әкем Бизенің „Кармен“, 1936 жылы Қазақстанның Мәскеудегі онкүндігіне арнап жақадан шыққан „Қызы Жібек“, „Ер Тарғын“ арияларының қазақша күйтабақтарын патефонда ойнатып, бізге тыңдаттыратын...

1938 жылғы шілденің 26-сы күнгі түн менің мәңгі есімде қалды. Түн ауа біз үйдің есігінің тарсылынан шошып ояндық. Есік ашылғанда ішке әскери киім киген екі кісі кіріп келді. Әкеме қолдарындағы қағаздарын көрсетіп, тінту жасай бастады. Ағам Әділхан әкеммен қазақша бірдене дей бастап еді, келген кісінің бірі:— Сіз қазақша сөйлеспеніз,— деді. Мен орысша білмеймін,— деген Әділханның жауабына:— Сіз қалайша білмейсіз, медицина институтында оқымайсыз ба?!— деп түсін суытты әлгі адам. Бәрін біліп отыр екен. НКВД-ның екі кісісі үйдің астаң-кестеңін шығарып, үш-төрт кітап, тағы бірдеңелерді алды. Әкем кетерінде:— Мені енді құтпендер. Алматыға көшіндер,— деді де қараңғы түн құшағына сіңіп кетті.

Өткен іске өкінгенмен пайда жоқ. Иә, күн шықпайын десе де, таң қоймайды. Уақыт — емші деген осы.



7-тапару

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫНЫң ҮРПАҚТАРЫ

Халедің әкесі Досмұхамед Машақұлы 1850 жылы туған. Атырау облысы, Қызылқоға ауданының Тайсойған құмындағы 13-ауыл Досмұхамедтің мекені. Ескіше хат таныған, көзі ашық, көкірегі ояу Досмұхамедтің қатардан қалмайтын, ортадан жоғары дәүлеті болған. Ол балаларының білім алғанын қалап, жиган-тергенін аямады, Халел Санкт-Петербург әскери академиясын бітіретін 1909 жылы 59-ға қарабан жасында ауырып, дүние салды.

Анасы Эйкен бәйбіше үзақ, жасап, балаларының өсіп-өнгенін көріп, немере-шөбере сүйген бақытты жан. Ол 1931 жылы тоқсан үшке келіп, кіші ұлы Құлымжанның қолында қайтыс болды. Шешесі Эйкеннің ескі әңгімені көп билетін шежіре адам болғанын, Тайсойғанға қатысты көп тарихқа сол кісі арқылы қаныққанын Халекең балаларына жиі айтып отырады екен.

Біз білетін деректе Досмұхамед пен Эйкен бір қыз, тәрт ұл сүйген. Эрине, ол кезде сәбидің ерте шетінеуі көп болған, соңдықтан да біз келтіріп отырған дерек дәл болмауы да мүмкін.

Халекеңнің бізге шын аты белгісіз, ал ағайындары Торғай деп атап кеткен әпкесі отызыншы жылдарға дейін Атырау қаласында тұрып, дүние салған. Торғайдан туған Ризуан деген жалғыз ұлының үрпақтары да Атырау облысында болса керек.

Ағасы Хасен ерте үйленген. Оның Дарига, Дина, Әміржан деген балалары болған. Әміржаннан туған бала Қабыл Ақтөбе облысы, ойыл ауданының Құрманов совхозында тұрады. Қабылдың 4 ұл, 9 қызы бар. Халелдің өзіне тете інісі Құлбайыстың екі әйелі болған. Бәйбішесі Жаңылсыннан туған Өміржан деген бала соғыстан оралмады. Екінші әйелі Балықтан 1926 жылы туған Дәмеш деген қыз қазір Атырау облысының Махамбет селосында тұрады.

Құлбайыс орысша хат таныған, жастайынан билікке араласқан. Қазан төңкерісіне дейін болыс болған.

Қара шаныраққа ие болып қалған кенже інісі Құлымжан 1931 жылға дейін Тайсойғанда Халекеңнің Сорқуыс деген жердегі медициналық ордасында тұрды. Халедің сырқат адамдарды қабылдайтын бөлмесін, кітапханасын көзінің қарашығында сақтағанын елдегі қариялар әлі күнге дейін аңыз етіп айтып отырады.

Көрі анасын ақырығы сапарға шығарып салғаннан кейін Құлымжан ата жүргітан қоныс аударып, Орынбор облысының Тұздебе ауданына көшіп барды. Эйелі Зейін екеуі екі қызы, бір ұл өсірген. Үлкені Алтын, екіншісі Зәуре, кенжесі Сүйінқара.

Халеддер Воронежге еріксіз қоныс аударған соң Әділхан арнайы іздең барып, Сүйінқараны алып келіп, мектепте оқытқан. Құлымжаның үрпақтары Орынбор облысындағы аудан орталығы Тұздебеде тұрады.

Халел Санкт-Петербургтегі Әскери-Медицина Академиясының соңғы курстарында оқып жүрген кезінде демалысқа елге келіп, Жымпіты ауданының қазағы Жұмағалидың үлкен қызы Сагираға үйленеді. Рұы — Он екі ата байұлының бір атасы — Тананың қара құнаны. Сагира ауыл мектебінде ескіше хат таныған, ақылды, парасатты адам еді. Тәнір қосқан қосағы Халедің басына түсken қандай қындық болса да бірге бөліскең, рухани ең сенімді тірекіне айналды. Балаларын қатарларының алды етіп тәрбиелеп, өсірген абзал жан.

Сагира апай бес ағайынды. Оның Қаби, Саги, Құрман есімді інілері, Жұмазия және Балзия деген сіңлілері болған. Саги мен Құрман соғыстан оралмады. Сагира апайдың тұған-туыстары қырқыншы жылдары Орынбор облысының Тұздебе ауданына қоныс аударған. Кейінгі үрпақтары қазір де сол Ресей жерінде тұрады.

Халел мен Сагираның жеті баласы болды. Тұңғыштары Үрқия деген сәби ерте шетінеп кетті. Ал 1920 жылы Ташкентте дүниеге келген Әзімжан деген ұл 7—8 жасында ауырып қайтыс болды. Құдайға шүкір, қалған бесеуі ер жетіп, азамат атанаң, үбірлі-шубірлі әuletke айналды. Енді Халекеңнен қалған түяқ, осы бес бала кімдер еді дегенге жеке-жеке тоқтала кетелік.

РАБИФА. Халекең академияны бітірген жылы Тайсойғанда Рабиға дүниеге келді. Ол өткен 1995 жылы 83 жасқа қарабан шағында Алматыда балаларының қолында дүние салды.

Жалпы Халел мен Сагираның қай баласы да сабакқа алғыр болды. Бәрі де жоғары оқу орындарын үздік бітірген.

Соның ішінде Рабиға кейінгі балаларға барлық, жағынан үлгі еді. Ол кішкентайынан өте пысық, алғыр әрі жігерлі болып өсken. Кейін бой жете келе қарасаң көз тоймайтын сымбатты да сұлу қызға айналды. Экесі үлкен қызын елден ерек жақсы көрді, көзінен таса етпейтін, қайда барса да қасынан тастамайтын. Үлкен қызының өзінің алдына қойған мақсатын қалайда орындал шығуға тырысатын қасиетін экесі ылғи да өзге балаларына үлгі етіп, қызын мақтан етіп отыратын.

Рабиға да экесіне қарап бойын да, ойын да түзеді, Халелдің қызы деген атаққа лайық болуга тырысты. Экесіне үқсап дәрігер болуды армандағы. Таşkenttегі САГУ-дің медицина факультетіне (жалпы Халелдің үрпақтарының арасында 11 жоғары білімді дәрігер бар) оқуға түсті. Ол үшінші курста оқып жүргенде экесі Алматыға ауысты. Экесі сүйікті қызын жат жерде жалғыз қалдырығысы келмей, бір жылдан кейін қоймай отырып, оқудан шығарып, Алматыға өз қолына алды. Рабиға Алматыда медициналық арнайы оқу орны болмағаннан кейін КазПИ-дің биология факультетіне оқуға түсті.

Рабиға 1930 жылы ҚазПИ-дің физика факультетінің үздік студенті Ерғазы Әбдірахимовке тұрмысқа шықты. Халел көп студенттің ішінен Семей жақтың осы бір бүйіра шашы дудыраған, жазық маңдай, аққұба, әдемі жігіттің білімге құштарлығын ұнататын.

Әке мен шешеден ерте жетім қалса да, жігері мұқалмай, байларға жалданып еңбек етіп, тым кеш, жігіт болғанда өз бетімен хат танып, Алматыға келіп оқуға түскеніне риза болатын. Өте алғыр, талантты студентіне ұстаз Халел көп үміт артып, жанына жақын тартты. Ұстаз бен шәкірттің арасындағы өзара сыйластық бара-бара үлкен достыққа айналды. Халекең Рабиғага талай-талай белгілі, дәүлетті әулеттердің құда түскеніне қарамай, сүйікті қызын Ерғазыға өз қолымен ақ батасын беріп ұзатты. Жалпы Халелдің күйеу баладан жолы болған адам. Ерғазы әке орнына әке, аға орнына аға болған Халелдің ба-сына қара бұлт үйірлгенде де жанашырларының біріне айналды.

Ол кезде мамандардың, соның ішінде жоғары оқу орнына сабак берстін оқытушылардың жетіспеуі себепті, ОГПУ тергеуде жатқан Халел Досмұхамедұлын қасына күзет қосып, дәріс оқуға жіберетін. Профессорды айдал әкелген екі милиционердің біреуі сыртта қалатын да, екіншісі аудиторияға кіріп, Халелдің әрбір қимылын бағып,

қасында тұратын. Сол бір үрейлі шақта да студент Ерғазы қаймықпай қайынатасымен тілдесіп, аман-саулықты айтып қалатын.

Институт партия үйімі Ерғазыны халық жауының күйеу баласы деп партия қатарынан шығарып жібергенде де ауыртпалықты мойымай көтере білді.

Інститутты үздік бітірген студенттің Алматыдағы ғылыми жұмысқа қалуына мүмкіндігі бар еді, бірақ белгілі себеппен Семейге жолдама берілді.

Ерғазы бар саналы ғұмырын үстаздық жұмысқа арнаған адам. Жас отбасы 1937 жылы Түргенге көшіп келіп, Ерғазы педагогикалық училищеге оқу ісінің менгерушісі болып 3 жыл еңбек етті. Соғыс алдында 1940 жылы Алматыдағы № 12 мектеп-интернатқа оқу ісінің менгерушісі қызметіне ауысты. 1942 жылы соғысқа аттанып, ауыр жараланып елге оралған соң, Оқу министрлігінің мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында директор, Жалаңаштағы, Үлкен Ақсұдағы, Бақанастағы, Ұзынағаштағы орта мектептерде директор болып көп жыл жұмыс істеді. 1957 жылдан құрметті демалысқа шыққанға дейін КазПИ-дің физика пәнінің методика кабинетінің менгерушісі қызметін атқарды. Халел туралы талай әңгіме, көп сыр Ерғазы ағаның көкірегінде кетті.

1931 жылы Ерғазы мен Рәбиганың тұңғыштары Болат дүниеге келді. Болат Ерғазыұлы Әбдірахимов нағашы атасының жолын құып, Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірді. Медицина ғылымдарының кандидаты, доцент. Зайыбы Азат, медицина ғылымдарының докторы, профессор. Болаттың екі қызы бар, үлкені Дариға, медицина ғылымдарының кандидаты, дәрігер, екіншісі Гауһар — тарихши. Болат өткен 1995 жылы ауыр науқастан дүние салды.

1934 жылы Ерғазының отбасына екінші Дина есімді сәби қосылды. Дина Ерғазықызы Әбдірахимова 1957 жылы ҚазМУ-дің филология факультетінің орыс бөлімшесін үздік бітірген соң, аз уақыт мамандығы бойынша жұмыс істеп жүріп, комсомол жұмысына ауысты. Алғыр да іскер жас үйімдастырушылық қабілетімен тым тез көзге тұсті. Кейін жұмыс бабымен Қарағандыға жоғарылатылып, облыстық атқару комитетінің хатшылығына дейінгі үлкен еңбек жолынан өтті.

1978 жылы Қазақстан кәсіподактары орталық кеңесінің хатшысы қызметіне ауысада Дінмұхамед Ах-

метұлы Қонаевтың қабылдауында болғаны Дина Ерғазықызының есінен әлі кетпейді.

Жұмыс барысында әңгімелесіп болған соң Димекең:

— Қалқам, Дина, сенің жиналыстардағы жігерлі сөздерінді естіп, кейбір кездесулерде көргенім болмаса, жақын білмейді екенмін. Өзің қай ауылдың баласысың, әке-шешеңнің аты-жөні кім? — деп сұрады.

— Экем — Ерғазы Әбдірахимов, мамандығы — физик, көп жыл ҚазПИ-де қызмет істеді, — деді Дина.

— Солай ма, сен Ерғазының қызы екенсің ғой, әкең жақсы адам еді.

— Шешем — Рабиға Халелқызы Досмұхамедова деген кісі, — деді Дина сөзін әрі жалғастырып.

— Білем, білем, атаң Халел үлкен ғалым, парасатты жан еді, баласы Әділханмен мына қекбазардың жаңындағы № 14 мектепте бірге оқығанбыз. Кейін дайындық курсында оқығанда бір бөлмеде жаттық, — деп Димекең әңгімені әріден бастап кетті. — Әділхан өте білімді, талантты, қабілетті жігіт болатын. Кейін мен Мәскеуге оқуға кеттім де, қарым-қатынасымыз үзіліп қалды. Әбден ауру мендең, жүдеп қалған екен. Балалық шағымызды айтып біраз әңгімелескеннен кейін, бүйімтайын сұрадым. Ол Қызылордадан Алматыға көшіп келгісі келетінін айтып, пәтер алуга көмектесуімді өтінді. Біз сол бойда мәселені шешіп бердік. Бірақ сол пәтердің қызығын көре алмай, қайтыс болғанын естідім.

Дина Халел атасы туралы әңгіме қозғағысы келіп еді, бұл мәселеге әлі ертерек, уақыты келеді әлі, — деп Димекең әңгімені басқа арнаға салып жіберді.

Дина Ерғазықызы Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру министрі болып қызмет атқарды. Екі рет республика парламентінің депутаттығына сайланды. Қай салада да өзінің адал еңбегімен халық құрметіне бөлениген қадірлі адам.

Қазір Халел Досмұхамедұлы Қорының президенті. Жұбайы Мағрып Әкімбеков тау-кен инженері. Екінші мамандығы экономист, Алматыдағы Халық шаруашылығы институтын бітірген. Көп жылдар мемлекеттік жабдықтау комитетінде жауапты қызметте болды. Ұлдары — Сұлтан тарихшы, ҚазМУ-дың тарих факультетін бітірген. Мәскеудің Әлеуметтану институтының аспирантурасында оқып, аяқтады.

Рабиға апайдың үшінші қызы Римма 1938 жылы дүниеге келді. 1961 жылы Алматы медицина институтын үздік

бітірген соң, жолдамамен Қекшетау облысында бөлімше дәрігері болып еңбек жолын бастады. Кейін Қарағандыға ауысып, қатардағы гинеколог-акушерден қаланың бас гинеколог дәрігеріне дейін өсіп, жемісті еңбек етті. Қазір Қарағанды медицина институтында сабак береді. Жұбайы Марғұлан Қамиев инженер. Техника ғылымдарының кандидаты. Қыздары Ботакөз дәрігер, үлдары Дәурен инженер. Бәрі де Қарағандыда тұрады.

Соғыс аяқталатын жылы Ерғазы мен Рабиғаның отбасына тағы бір бала қосылды. Әке-шешесі оның есімін асыл мұраттарымыз орындалсын деген тілекпен Мұрат деп қояды. Шынында да Мұрат әке-шеше үмітін ақтады. Қара шаңыраққа ие болып қалды. Ата-анасының қартайған шақтарындағы сенімді тірегіне айналды. Екеуін де өз қолынан ақ жуып, арулап жөнелтті. Мамандығы — физика пәнінің мұғалімі. Қазір шағын құрылым мекемесін басқарады. Зайыбы Галя — экономист, екі қызы бар. Үлкені Зәуре — дәрігер, кішісі Әсел — оқушы.

Мұраттан кейін 1947 жылы Элия дүниеге келді. Ол Мәскеудің Менделеев атындағы химия-технология институтын бітірген. Қазір Менделеев атындағы ғылыми-технический қоғамы төрағасының орынбасары. Ұлы Тимур Мәскеудегі авиация институтының соғыс курсында оқыды.

Әбдірахимовтар әuletінің ең кенжесі 1950 жылы дүниеге көлген Әсия. Әсия Ерғазықызы Әбдірахимова Мәскеудің Плеҳанов атындағы халықшаруашылығы институтын бітірді. Жұбайы Ермакан Бегенов экономист. Екі қыздары бар. Үлкені Анар Мәскеудегі мемлекеттік Ордженоникидзе атындағы басқару академиясының студенті, екіншісі Әнел, Бүкілресейлік Герасимов атындағы кинематография институтының экономика факультетін бітірді.

ӘДІЛХАН. Халеддің 1912 жылы дүниеге келген ұлы Әділхан Алматыдағы № 14 орта мектепте оқыған. Дайындық, курсын үздік бітірген. Бірақ отызыншы жылы әкесін тергеуге алуына байланысты Әділхан әрі қарай оқуын жалғастыра алмай, Балықшы одағы деген мекемеде жұмыс істейді. Тек 1932 жылы әкесімен бірге Воронежге жер ауып барған соң ғана медицина институтына оқуға түседі. Бірақ 1937 жылы Кеңес Одағында жаппай қудалау қайтадан басталып, қара тізімге іліккен Әділхан оқудан шығарылады.

Әділхан ұлы Отан соғысы басталысымен өзі сұранып, майданға аттанды. Майданда алғы шепте дәрігер болып жүріп, қатты жараланып, бірнеше ай госпитальде жатады.

Соғыстан ауыр жарақатпен оралған Әділхан Алматы медицина институтына түсіп, 1947 жылы бітіріп шықты. Ол ұзак, жылдар бойы Қызылордадағы алапес ауруын емдейтін ауруханада еңбек етті. Құрметті демалысқа шыққан соң, Алматыға келіп қалай үй алғанын жоғарыда айттық. Тағдыр тауқыметін көп көрген Әділхан 1970 жылы дүние салды. Зайыбы Рашида 1993 жылы қайтыс болды. Жалғыз ұлдары Марат 1952 жылы туған, бизнеспен айналысады. Құдай қосқан қосағы Фалия екеуінің Гүлназ есімді кішкентай қызы бар. Алматыда тұрады.

СӘУЛЕ. Халеддің үшінші баласы Сәуле 1916 жылы туған. Ол 1935 жылы Воронеж қаласында дайындық курсын бітіреді де сондағы Буденний атындағы мемлекеттік университеттің биология факультетіне оқуға түседі. Алайда келесі жылы Сәуле де оқудан шығарылады. Ол 1938 жылы қаңтар айында Воронеждің зооветеринарлық институтын бітірген Тілеужан Әлиев деген жігітке тұрмысқа шығады. Сол жылы наурыз айында Тілеужан Воронеж облысының бір совхозына жұмысқа орналасып, отбасын көшіріп әкетеді. Осы жылғы шілде айында Халекең тұтқындалып, Алматыға жөнелтілген соң Сагира жеңгей соңынан баруға жиналады. Ата-анасының басына ауыр құн туғанда ең алғашқы қамқор қолын созған Тілеужан мен Сәуле еді. Экесінің үсталғанын естіген бойда Сәуле жұбайын ертіп Воронежге келіп, сіздің Қараашаш пен інісі Төлені көшіріп алыш кетті. Жалпы Сәуле Халел балаларының ішіндегі алысты жақын қылатын бауырмалдығымен ерекшеленеді. Ол Қараашаш пен Төленің қатардан қалмай білім алуларына көп еңбек сінірді. Сәуле мен Тілеужан 1939 жылы Орал облысының Жымпіты ауданына көшіп барды. Сол ауданда еңбек етіп жүріп ағайын-туыстарына көмектесіп отырды.

Екеуінің бауырынан сегіз бала өсіп-өрбіді. Алайда Сұлтанбек пен Сапарбек деген ұлдары жас кездерінде сүзекпен ауырып, қайтыс болды.

Ұлкен қыздары Энәпия 1945 жылы туған. Халық шарашылығы институтын бітірген соң, жолдамамен Жезқазған облысына жұмысқа барды. Жұбайы Серік Мыстанов кенші, кейін ауырып қайтыс болды. Екеуінен Айгүл, Алма, Ерболат, Айнур есімді балалары бар.

Екінші қыздары Айман 1946 жылы дүниеге келген. ҚазМУ-дің биология факультетін бітірген соң, Бақанасқа барып, жұмысқа орналасты. Қазір соңда обага қарсы күрестін лабораторияны басқарады.

Қыздарының кішісі — Шолпан 1950 жылы туған. Тілеужан мен Сәуленің балаларының ішіндегі ең зерегі. Мектепті алтын медальмен бітіріп, Алматы мемлекеттік медицина институтына оқуға түсті. Оқуды бітірген соң ол да Бақанасқа, аудандық ауруханаға жолдама алды. Қазір де сонда бас дәрігердің орынбасары болып еңбек етеді. Жоғары категориялық дәрігер.

Ұлдан үлкені Төлеген 1953 жылы дүниеге келген. Ол да Алматы медицина институтын бітірген. Қазір Талдықорған қаласындағы қан құю станциясында еңбек етеді. Оның келіншегі Дина дәрігер, Талдықорған медициналық училищесінде сабак береді. Екеуінен туған үлкен ұлы Даанияр педагогика институтын бітірді. Кішісі Дамир гимназияда оқиды.

Сәуленің екінші ұлы Алтай 1954 жылы туған. Қарағандының кооператив институтын бітірген. Қазір Алматыда тұрады. Үлкен бір фирманды басқарады. Зайыбының аты Гүлнар, екеуінен Энуар, Дарига есімді екі бала бар.

Сәуле мен Тілеужанның кенжелері Мәлік 1956 жылы дүниеге келді. Құрылышы. Сәуле апай осы Мәліктің қолында. Келініңің есімі Шолпан Бұлардан Асқар, Динара, Зәуре деген немерелері бар.

Сәуле апайдың жұбайы Тілеужан Элиев республикаға еңбегі сіңген малдәрігері, 1978 жылы қайтыс болды. Сәуле Халелқызы Досмұхамедованаң биыл 1996 жылы 80 жылдық мерей тойы болмақшы.

ҚАРАШАШ. 1923 жылы Қарааш деген сәби дүниеге келді. Эке-шешесі оны еркелетіп Тайжан деп атап кеткен. Воронежде әкесі тұтқындалғанда Қарааш 15 жасар жас өспірім еді. Мектепті Сәуле мен Тілеужанның үйінен бітірген соң, Қарааш педагогикалық училищеде оқиды. Одан соң Алматыдағы екі жылдық мұғалімдер институтына оқуға түсіп, оны 1943 жылы бітіріп шығады. Бір жыл Орал облысы Жымпіты ауданындағы Бұлдырты орта мектебінде мұғалім болады. Содан соң 1944 жылы КазПИ-ге келіп оқуға түседі. Екі жылдан кейін институтты үздік бітіріп шыққан соң Алматыдағы юристер институтына орыс тілінің оқытушысы болып жұмысқа орналасады. Алайда көп кешікпей, „халық, жауының ағайындарына арамызда орын жоқ“ деген солақай үран қайта көтеріле бастайды. Ақыры институттың бір топ мұғалімі қара тізімге ілініп, жұмыстан шығарылады. Сол тізімнің бас жағында Қарааш Халелқызының аты-жөні де жазулы тұрды.

Онда Қарашаш анасы Сағира және ҚазМУ-дың студенті, інісі Төле үшеуі Жас коммунарлар мен Чайковский атындағы көшелердің қызылысындағы оқытушылар жатақханасының бір бөлмесінде тұратын. Онсыз да жүргегі қан жылап, құса бол жүрген анына мына сұық, хабарды қалай жеткізеге білмейді. Бір жағына шығып алмай, айтпауға бекінеді.

Жағдайын айтып, оқу министрлігіне кіріп еді, ондағылар Қарағандыға немесе Өскеменге барыңыз деп шығарып салғысы келді. Табиғатынан қайсар, жігерлі Қарашаш олар жұмсаған жаққа бара алмаймын деп бірден бас тартты. Қолында анысы бар екенін, өзінің денсаулығының нашарлығын айтып, мәселені төтесінен қойды. Министрліктегілер мына бойжеткеннің қайсарлығына әрі таң қалып, әрі іштей сүйсініп, ертең келіп хабарласуын сұрайды.

Ертеңінде басқарма бастығы Айшанов деген кісі күтіп отыр екен:

— Қарағым, Түркістандағы педагогикалық, училищеге мұғалім керек екен, сонда барсаң қайтеді,— деді.

— Анаммен, ініммен ақылдасайын, түстен кейін жауабын берейін,— деді Қарашаш.

Үйге келіп анына бәрін түсіндіріп айтып еді, ол кісі үкіметтің тұрткісіне әбден бойы үйренген ақылды адам ғой, бәлендей реніш білдірмеді. Қызына жігер беріп:

— Егер Түркістан десе, келіс, айналайын. Баяғыда әкең екеуміз Ташкентте тұрғанда талай барып, Қожа Ахмет Иассауи әзіретке тәу еткенбіз. Халқы да бауырмал, жақсы жер,— деді сарыуайымға салмай, бірден келісіп.

Қасиетті Түркістанда Қарашаш табаны күректей алты жыл еңбек етті. Педагогикалық, училищенің ұжымы еңбекқор, білімді әрі қаракылды қақ жарған әділ, қақ-соқпен шаруасы жоқ, адал, ойындағысын ірікпей айтатын тік мінезді мұғалиманы бірден қабылдап, құрметтеп, сыйлап кетті.

1956 жылы Қарашаш кезекті демалысқа шығып, Алматыға келгенінде қазіргі белгілі ғалым Шора Сарыбаевтың әкесі Шамғалиға жолығып қалады. Шамғали ақсақал Досмұхамедовтермен ежелден аралас-құралас болатын. Ташкентте Халекеңмен сырлас, пікірлес болған адам, өзі ҚазПИ-де мұғалім, көрген жерде ағалық ақылын айтып, қамқор болып жүруші еді.

Көрген бетте амандық-саулық, сұрасқан соң, Шамғали ағай Роза деген қызын ұзатып жатқанын айтып, тойға шақырды.

— Үш күндей той жасаймын, бірінші күні қатар-құрбылары — студенттерге, екінші күні тұған-туыстарға, үшінші күні жазықсыз жапа шегіп, қазір ақталған зиялы қазақтардың Алматыдағы жесірлеріне дастарқан жаямын. Қай күнге келесің? — деді Шамғали ағай.

Қараашаш ойланбастан, үшінші күні жесірлер жиналатын тойға келетінін айтты.

Шамғали ағаның тойының үстінде Қараашаш көп адаммен танысты. Ілиястың зайдыбы Фатима апай, Қашқынов деген азаматтың зайдыбы, Сара Есова және тағы басқа апайлар Қараашашты жылы қабылдап, әкесін, шешесін білетіндерін айтЫП жатты. Тұған-туысқандарын сұрады, Халекеңнің үрпақтарының қайда жүргенін анықтады. Соңында:

— Экенді ақтап алуға жұмыстанып жүрсіңдер ме? — деп сұрады.

— Жоқ, неден бастарымызды білмей жүрміз, — деді Қараашаш.

— Арыздан бастаңдар. Анаң Сағира күйеуінің үкімет алдындағы адал еңбегін, жазықсыз ұсталғанын айтЫП, ақталуына көмектесуін сұрап Бас прокурордың атына арыз жазсын. Сталин өлді, енді қорқатын ештеңе жоқ, — деді Сара апай жігерлене сейлеп. — Мен жақында ақталғым жөнінде қағаз алдым. Енді Оразды ақтау жөнінде арыз жазып жіберіп, жауап күтіп отырмын. Ораз ақталысымен Өскеменде жүрген ұлым Нұрланды шақыртып аламын.

Сара Есованың ақылымен Қараашаш анасы Сағираның атынан бас прокурорға арыз жазып жіберді. Кешікпей „Сіздің арызыңыз Воронежге жіберілді“ деген анықтама қағаз келді. Ал 1958 жылы наурыз айында Сағира апайға Қазақ КСР Жоғарғы Сотынан мынандай мазмұнда анықтама келді:

„Дело по обвинению ДОСМУХАМЕДОВА ХАЛИЯ, 1883 года рождения, казаха, беспартийного, работавшего в должности профессора КазГУ, пересмотрено.

Определением судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 28 февраля 1958 года постановление бывшей тройки ПП ОГПК в Казахстане от 20 апреля 1932 года в отношении Досмухамедова Халия отменено и дело в отношении его производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления.

Досмухамедов Халил — реабилитирован.

И. о. Председателя А. Г. ПУШЕЧНИКОВ“

Сол 1958 жылы ақталған Халел Досмұхамедұлының отбасы Алматыға қайтып оралды. Халекеңнің зейбы Сагираға пәтер беріліп, зейнетақы тағайындалды. Балаларын жұмысқа орналастыруға жолдама берді.


1958 жылы „Здравоохранение Казахстана“ журналының 10-санында тұңғыш рет „Х. Д. Досмухамедов — врач и ученый“ деген А. Мамаевтың мақаласы жарияланды.

Бірақ, бұл қуаныш та ұзаққа барған жоқ, ғалымның есімін атауға, ғылыми еңбектерін жариялауға тыйым салынды. Бір сөзben айтқанда, Жоғарғы Соттың арнаулы қауалысымен ақталған Халел Досмұхамедұлы ұзақ мерзімге қайтадан қара тізімге ілінді.

Қарашаш Халелқызы Алматыға оралған соң соқырлар қоғамының журналында редактордың орынбасары, кейін Фылым Академиясының тіл білімі институтында ғылыми қызметкер болып істеді. Филология ғылымының кандидаты. Қазір зейнеткер, Алматыда тұрады.

ТӨЛЕ. Халел Досмұхамедұлының ең кенжесі Төле 1929 жылы 12 желтоқсан күні Алматыда дүниеге келді. 1955 жылы ҚазМУ-дің биология факультетінің топырақтану бөлімін бітірді. Университеттен кейін Фылым Академиясының топырақ, зерттеу институтына жұмысқа орналасып, өмірінің аяғына дейін бір жерде жұмыс істеді. Ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты, 1985 жылы жүрек ауруынан қайтыс болды. Зейбы Роза мұғалім. Жалғыз ұлдары Азамат медицина институтын бітірді. 1995 жылы кенеттен қайтыс болып кетті.

Халел мен Сагирадан өрбіген үрпақтың өмірбаянының ұзын-ыргасы осындей. Орнында бар оңалар демей ме халқымыз, аяулы Халекеңнің үрпақтары да ұлы бабасының есіміне лайық болуға тырысып өсіп-өніп келеді.



МАЗМУНЫ

Алғы сез	5
1-т а р а у. Тұған жер, балалық шақ, өскен орта (М. Құлкенов)	9
2-т а р а у. Санкт-Петербургтегі студенттік күндер. Қалыптасу кезеңі (А. Мектепов)	21
3-т а р а у. Дәрігерлік қызметі. Ел ішіндегі жүқпалы аурулармен күрес (Б. Хабиженов)	30
4-т а р а у. Саяси көзқарас, халық, азаттығы үшін күрес, Алашорда үкіметі (К. Нұрпейісов)	59
5-т а р а у. Әдебиет танушы ғалым, этнограф-тарихшы, профессор (А. Мектепов)	114
6-т а р а у. Саяси құғын-сүргін: Ташкент, Воронеж, Алматы — МҚК (КГБ) түрмесіндегі азапты күндер (М. Құлкенов, А. Мектепов)	157
7-т а р а у. Халел Досмұхамедұлының үрпақтары (М. Құлкенов)	162